



TASHENEV
UNIVERSITY

**ЖҰМАБЕК
АХМЕТҰЛЫ
ТАШЕНЕВ
АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТИ**

**УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ ЖУМАБЕКА
АХМЕТОВИЧА
ТАШЕНЕВА**

**ZHUMABEK
AKHMETOVICH
TASHENEV UNIVERSITY**

ТӘШЕНЕВ ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК ТАШЕНЕВА

BULLETIN OF TASHENEV

Ғылыми журналы

№2 (2) 2024

Шымкент
2024

ӘОЖ 821.512.133
КБЖ 84 (5қаз)
X64

Бас редактор – Главный редактор – Chief Editor

Байболов К.С. – Ректор

Арзымбетова Ш.Ж. – Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проектор

Байнеева П.Т. – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Битұрсын Ғ.Ш. – Әлеуметтік- мәдени даму жөніндегі проректор

Абенова Л.У. - Ғалым хатшы

Оралбекова А.К. – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры

Хамраева Х.Х. – Өзбекстан мемлекеттік хореография академиясының доценті, филология ғылымдарының докторы

Ботабаева Ж.Н. – IT және шетел тілдері факультетінің деканы

Мырзабек Л.Ә. – Өнер және спорт факультетінің деканы

Мамыт А.А. – Педагогика және жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы

Наурызбекова А.Е. – Экономика және құқық факультетінің деканы

Исмайлова М.Е. – Ғылым орталығының директоры

Жауапты хатшы: Сыдықбай М.Д.

Техникалық редакция: Сыдықбай М.Д.

Журнал 2023 жылдың наурыз айынан бастап --- қаласындағы

ISBN 978-601-06-8389-1

Журналға Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетіне есепке қою туралы **09.11.2023 ж. № KZ26VPY00081526** куәлігі берілген.

Меншік иесі: Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті АҚ

2024 жылдың сәуір айынан бастап шыға бастады. Жылына 4 рет жарық көреді.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Мақалада баяндалған мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.

Редакцияның мекенжайы:

160012, Шымкент қаласы Қонаев к-сі, №21

204-бөлме, тел.: 390438/791, 87026212140

e-mail: nauka_zhtu22@mail.ru

Хабаршы-Вестник-bulletin журналы., 2024

© Әлем баспаханасы, 2024

«ТӘШЕНЕВ ХАБАРШЫСЫ – ВЕСТНИК ТАШЕНЕВА» №2 (2) 2024

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS	3-5
<i>Ғ.Ш. Битұрсын., А.Қ. Исабеков</i> Азаматтардың санасындағы «Адалдық қағидасының» конституциялық құқықпен байланысы	6-11
<i>Амангелді Мамыт Алтыбайұлы</i> Шора батыр жырының тарихқа қатысы	12-20
<i>Танабаев Ғалымжан Өміртайұлы</i> Бейімбет Майлин шығармаларындағы лингвомәдени бірліктер	21-31
<i>Ботабаева Жанна Нуралиевна., Слестухина Ольга Ивановна</i> Художественная литература Ивановна в условиях модернизации высшего образования	32-38
<i>Артықбаева Фазила Ілмарқызы., Абдуалиев Оразбек., Китик Марина Валерьевна</i> Использование SMART-Технологий на занятиях по-английскому языку	39-41
<i>Керимбаев Азамат Есенгельдиевич., Артықбаева Фазила Ілмарқызы., Александр Владимирович Пузырев</i> The USE video technologies in the development of linguocultural competence in teaching foreign languages	42-45
<i>Қалдаяқов Көшербай Қалдаяқович., Әлімбаев Мырзахан Тұймабаевич., Иса Қарлығаш</i> Content and language integrated learning (clil) as the modern approach to the teaching other subjects through a foreign language	46-49
<i>Арысбаева Эльнора Пирмуратовна., Арыстан Гүлжайна Асқарқызы</i> 10 different methods of learning English language	50-54
<i>Қалдаяқов Көшербай Қалдаяқұлы., Айтжанова Сара Егізбаевна., Изтилеуова Ақерке Жақсылыққызы</i> Effective teaching and learning strategies: a scientific approach	55-58
<i>Пернебек Алтынай Асқарқызы., Турлибек Асемей Нурғалиқызы</i> The use of edutainment technology in the teaching phraseological	59-65
<i>Карабаева Лаура Кошкарбаевна</i> Methodology for developing academic articles using appraisal analysis to improve language curriculum design	66-70
<i>Турсынова Гүлдар Исмайловна., Ормаханова Гүлназ Сұйінбаевна</i> Enhancing linguocultural competence in foreign language education	71-74
<i>Назар Диана Бейбітхожақызы., Исламова Мухаббат Михтибаевна</i> Communicative games and roles in foreign language teaching	75-80
<i>Мирзахмедова Жаннат Жаулановна., Ануарбек Асель Абаевна</i> The application of contemporary technology in teaching foreign languages	81-88
<i>Масатбаева Салтанат Мухтаровна., Қожамқұлова Айгерім Сарсенбаевна</i> Влияние стиля взаимодействия в системе педагог-студент на успешность обучения	89-92
<i>Мирзагаликова Сауле Тажибаевна</i> <i>Есжанова Гаухар Досмахамбетовна</i> Teaching a foreign language culture and formation of a «secondary» linguistic personality	93-96
<i>Т.С. Бигара., К.А. Джалилов., Р.Е. Айтқұлова</i> Жануарлардың ас қорыту процесінде микроағзалардың әсер	97-104

<i>Р.Э. Айтқулова., Ш. Юсупов., Т.С. Бизара</i> Топырақты өңдеудің жер жаңғақ өсімдігінің өсіп-өркендеуіне әсері	105-111
<i>А.Қ. Қайнарбаева</i> Музыка сабағындағы ақпараттық технологиялардың маңызы, заманауи музыка сабағы	112-117
<i>Ж.М. Атаева, Г.І. Амандикова</i> Ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектердің психологиялық реабилитациясы	118-121
<i>Жапсар Арайлым., К.Ж. Кәрібай</i> Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды психологиялық ерекшеліктері, педагогикалық және психологиялық қолдау	122-128
<i>Г.И. Амандикова., Б.А. Аяпова</i> Білім алушыларды мұғалімдік қызметке даярлауда белсенді әдістерді қолданудың маңызы	129-132
<i>А.К. Архабаева., Б.А.Аяпова., А.М., Бердахмет</i> Девиантты мінез-құлықты қыз балаларға ұлттық құндылық негізде бағыт-бағдар беру	133-137
<i>Қ.Ш. Алимова</i> Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға психологиялық- педагогикалық қолдау көрсету	138-141
<i>Б.А. Аяпова., Қ.Ш. Алимова</i> Мектепке дейінгі білім берудің маңыздылығы	142-146
<i>Қ. Молдабек., Р.Кенжебекова., В. Сарманова</i> Болашақ педагогтерді инновациялық әрекетке даярлау	147-151
<i>Қ. Молдабек., Р.И. Кенжебаева., А.Н. Бегалы</i> Витагендік оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін оқытудың кейбір жолдары	152-155
<i>А.Н. Тоқтамуратова., Р.И.Кенжебекова., Қ.Молдабек</i> Ойын арқылы оқыту ұғымының мәні мен мазмұны	156-160
<i>О.А. Ирметов., С. Юлдашова</i> Бастауышта оқушылардың білімін өзін-өзі бағалаудың рөлі	161-164
<i>Г.А. Жапбарова., А. Мырзабек</i> Бастуыш мектепте эвристикалық оқыту технологиясын пайдалану тиімділігі	165-168
<i>А.Л. Мырзабекова., Ф. Халниязова</i> Бастауыш сыныптарда құрама есептерді шығарудағы модельдеу	169-172
<i>А.Л. Мырзабекова., А. Үмбетиярова</i> Білім беру мекемесін басқарудың педагогикалық аспектілері	173-176
<i>Ә.М. Тамабай., К. Тангжарикова</i> Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау дағдыларын қалыптастыру	177-180
<i>А.Ж. Сарсекенова., А.Л. Мырзабекова</i> Оқу барысында мәтінді қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыстар	181-184
<i>Г.А. Жапбарова., А.А. Жунисова</i> Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін дамыту ерекшеліктері	185-188
<i>А.К. Архабаева., А. Рсымбетова</i> Рухани жаңғыру идеясы негізінде бастауыш сынып оқушыларын отаншылдыққа тәрбиелеу	189-192
<i>Ә.Т. Нурсеит., А. Орынбасар</i> Бастауыш сынып оқушыларына математикалық модульдеу негізін оқыту әдістемесі	193-196

<i>Г.А. Жапбарова., А. Керімбек</i> Бастауыш сыныптарда көркем шығармаларды оқыту әдістемесі	197-200
<i>О.А. Ирметов., Маржан Оразбекова</i> Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық технологиямен білімін дамыту	201-205
<i>Г. Жапбарова., Г.Қ. Мамасерік</i> Интенсивті оқытудың әдістемелік жүйесінің ерекшеліктері	206-209
<i>Ж.Ж. Темирова., С.Б. Аширбаева., Г.Т. Онгарова</i> Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мәселелерді талдау	210-218
<i>А.Е. Исмайлова., М.Е. Исмайлова</i> Студенттерді кәсіби әлеуметтендіру жолдары	219-223
<i>Ж. Темирова., С.Б. Аширбаева., Г.Т. Онгарова</i> Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік реттеу	224-229
<i>Е.А. Бакиров., Г.Ж. Жасан</i> Цифрлық экономикадағы жасанды нейрондық желілердің даму тенденциялары	230-233
<i>Е.Н. Тұрашев</i> Кибер-алаяқтық істері бойынша алдын-ала тергеудің негізгі кезеңдері мен әдістері	234-238
<i>Х.Н. Зайнидинов., С.Б. Ботаева., У.Е. Кенжебаева</i> Применение интернета и искусственного интеллекта при моделировании логистических систем	239-243
<i>Н.М. Момынқұл., Ф.Қ. Әлайдар</i> Жасанды интеллекттің әлем экологиясына әсері	244-248

**АЗАМАТТАРДЫҢ САНАСЫНДАҒЫ
«АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАСЫНЫҢ» КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
ҚҰҚЫҚПЕН БАЙЛАНЫСЫ**

Ғ.Ш. Битұрсын

Ұлттық Заң академиясының корреспондент мүшесі
әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор
Tashenev University, Шымкент қаласы, Қазақстан
Galimgan_1980@mail.ru

А.Қ. Исабеков

Заң ғылымдарының кандидаты, профессор
Ұлттық Заң академиясының академигі
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан
akil_09@mail.ru

Аңдатпа. Адалдық қағидасы адам баласына Жаратылыс заңымен берілген, өзге тіршілік иелерінен ерекшелейтін, аса құнды адами болмыс болып табылады. "Адам" ұғымын иеленген адамзат баласы өзінің өмір сүріп жатқан мекеніне орай, белгілі бір мемлекеттің азаматы болып танылады. Азамат ретінде сол тұлғаға мемлекет тарапынан және ар-ождан алдында бірнеше міндеттер мен жауапкершіліктер артылады. Міндеттер мен жауапкершіліктерді өз дәрежесінде бұлжытпай орындау үшін әрбір азаматқа конституциялық тең құқықтар беріледі. Ғылыми жұмыста адамның (әрбір азаматтың) заң мен ар-ождан алдындағы адалдығының артықшылықтары қамтылады.

Кілт сөздер: мемлекет, адалдық нормасы, адалдық қағидасы, заң үстемдігі, конституциялық кепілдік, адам мен азамат, қоғамдық орта, талап пен мүмкіндік, құқықтар мен міндеттер.

Аннотация. Принцип честности является сверхценным человеческим существом, наделенным законом творения человека, отличающим его от других существ. Человек, владеющий понятием "человек", признается гражданином определенного государства в силу своего существования. Как гражданин, на это лицо возлагается ряд обязанностей и ответственности со стороны государства и перед совестью. Каждому гражданину предоставляются конституционно равные права для неукоснительного выполнения обязанностей и ответственности в своей степени. Научная работа охватывает преимущества честности человека (каждого гражданина) перед законом и совестью.

Ключевые слова: государство, норма честности, принцип честности, верховенство закона, конституционная гарантия, человек и гражданин, общественная среда, требования и возможности, права и обязанности.

Abstract. The principle of honesty is a very valuable human being, given to the human being by the law of Creation, which distinguishes him from other living beings. The human race, possessing the concept of "man", is recognized as a citizen of a particular state based on the place in which he lives. As a citizen, the same person is assigned several duties and responsibilities on the part of the state and to the conscience. For the strict performance of duties and responsibilities to their degree, every citizen is granted constitutional equal rights. The scientific work covers the advantages of the honesty of a person (every citizen) before the law and conscience.

Key words: the state, the norm of honesty, the principle of honesty, the rule of law, the constitutional guarantee, man and citizen, the public environment, demand and opportunity, rights and obligations.

Кіріспе

Адамдар мен азаматтар арасындағы адалдық қағидасы құқық саласында әсіресе, конституциялық құқықта өте маңызды рөл атқарады. "Ата Заңымыз – Конституция" елдің негізгі заңы ретінде әрбір азаматтың (ҚР азаматтарының, азаматтығы жоқ азаматтардың, шет ел азаматтарының) құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық күшке ие құжат болғандықтан, азаматтардан теңдік тұрғыдағы адалдық нормаларын қатты талап етеді. Конституциялық құқықтағы әділеттілік заңның алдында барлық азаматтардың теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Егер заң адал және әділ болмаған жағдайда, азаматтар өз құқықтарын қорғай алмайды. Конституцияның адалдыққа негізделген нормалары адамның құқықтары мен бостандықтарын әділ әрі шынайы қорғауды қамтамасыз етеді.

Конституцияның басты қағидасы – заң үстемдігі, яғни мемлекет заңдарды қолдану кезінде әділ, тең және адал болуға тиіс. Заң үстемдігі мен адалдық арасындағы өзара байланыс мемлекет пен қоғамның құқықтық жүйесін тұрақты, шынайы және әділ етуге түбегейлі ықпал етеді. Адалдық қағидаларына негізделген құқықтық жүйе әрбір азаматқа өз құқықтарын қорғауға және екінші тараптың конституциялық құқықтарының тапталмауына мүмкіндік береді, сондықтан заңдардың орындалуы барысында гуманизм қағидасының нормалары жіті қадағалануы тиіс. Егер мемлекеттік билік органдары адалдық қағидатына қарсы әрекет етсе, онда заң бұзылуы мүмкін, бұл қоғамдық сенімді жойып, әртүрлі құқық бұзушылыққа әкеледі.

Азаматтардың ар-ождан және заң алдындағы адалдығы олардың өмірлік ұстанымына айналғанда ғана елге жайлы әділетті қоғам орнайды. Адам мен азаматтардың адалдығы, ар-ождан алдындағы тазалығы тұрғысында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ел болашағына арналған келелі басқосуларда тілге тиек етіп келеді. Келелі кеңестің бірі де бірегейі – Ұлттық құрылтай отырысының екінші отырысының тақырыбын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» деп бекіткен болса, үшінші отырысы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты тақырыпта өрбіді. Ел назары ауған Ұлттық Құрылтайдың үшінші басқосуында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы әрбір адамның адал еңбекпен адал табысқа кенелген жағдайда ғана оның ар-ождан алдында, қоғам алдында, өз отбасының және кейінгі өскелең ұрпақтың алдында абыройы асқақ азамат болып қалатынын алға тартқан болатын [1].

Адалдық қағидасының қоғамдық тәртіптің сақталуына әсері қоғамдағы әділеттілік, құқықтық тәртіп, әлеуметтік жауапкершілік пен сенімділік сияқты маңызды факторларды нығайтуға көмектеседі. Қоғамдық қарым-қатынаста азаматтардың бір-бірімен өзара әрекеттесуін реттейтін құқықтық, моральдық және әлеуметтік нормалардың дұрыс және әділ орындалуын қамтамасыз ететін негіз болып табылады.

Адалдық қағидасы қазақ даласындағы хандық дәуірде де аса маңызды мәнге ие болған. Сол кезеңде салтанат құрған Билер кеңесінің шешімі де қара қылдық қақ жарған пәтуаға саяды десек қателеспейміз. Мәселен, ол тұста түрлі тартыстар мен дау-дамайларға қазақ даласының дипломаттары – қоғам қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды дара тұлғалар төрелік етті. Осы үш тұлғаның қара қылды қақ жарған қанатты сөздері бүгінгі таңда еліміздің құқық қорғау органдарының ғимараттарында жазылып тұр. Келтірер болсақ, Төле бидің: «Ақты ақ деп бағала, қараны қара деп қарала», «Өзіңе өзің кәміл бол, халқыңа әділ бол, жауыңа қатал бол, досыңа адал бол»; Қалмақтың ханы Қоңтайшы «Қаз дауысты Қазыбек» деп атаған Қазыбек бидің: «Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман», «Би әлсіз болса дауға алдырады, жігіт әлсіз болса жауға алдырады»; Әйтеке бидің: «Адамның жақсысы тура сөзге тоқтай білгені және өзгелерді тоқтата білгені!» деген қанатты сөздері қоғамда адалдықтың ақ туы іспетті өзгермес қағида болып қалыптасқан[2].

Кіріспе бөлімді түйіндер болсақ, азаматтардың санасындағы адалдық қағидасы қоғамдық тәртіптің сақталуына жан-жақты ықпал етеді. Ол адамдар арасындағы сенімді нығайтып, заңды құрметтеуге, әділдікті қамтамасыз етуге, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға көмектеседі. Қоғамда адалдық орнаған кезде, құқықтық жүйе тиімді жұмыс

істейді, құқық бұзушылықтар азаяды, қоғамдық тәртіп тұрақталады. Адал адамдардың іс-әрекеттері қоғамдағы барлық қатынастарды тәртіпке келтіруге және әділеттілікті нығайтуға ықпал етеді.

Зерттеу әдістері

Жалпы, өмірде адам мен азаматтар бір-бірімен пікірлесу не өзара әрекеттесу барысында «адамның хақы» деген сөз терминін жиі қолданып жатады. Ол термин адам мен азаматтардың түсінігіне өте жақын, себебі, халқымыздың салт-дәстүрінде де діни сенім-нанымында да кездеседі. Қазақ халқындағы: «Кісінің ала жібін аттама» деген тыйым сөздің астарлы мағынасы «ешкімнің қақына кірме, кез-келген адамның құқығының бұзылуына себепкер болма» дегенді білдіреді. Өйткені, адамның хақының арғы жағында оның конституциялық құқығы, ар-намысы және адами қадір-қасиеті тұр. Сондықтан, бүгінгі конституциямызды не байырғы салт-дәстүріміздегі заңдар жинағын алып қарасақ та адам құқығы бәрінен биік тұрады. Өйткені адамға өмірді Жаратылыс заңымен табиғат сыйлайды, ешкімнің ешбір адамның құқығын таптауына, заңсыз жолмен үстемдік етуіне не өмірін қиюына жол берілмейді.

Құқықтық қатынастар азаматтарға белгілі бір құқықтар береді, тиісінше міндеттер де жүктейді. Берілген құқықтар да міндеттер де қоғамның игілігіне, сонымен қатар мемлекеттің мүддесіне қызмет етуі тиіс. Сонда ғана азаматтар (жеке тұлға) мен заңды тұлғалардың жалпыға ортақ заңды құрметтеуі, заң алдындағы және ар (адамгершілік, этикалық категориялар) алдындағы тазалығы, халыққа қалтқысыз адал қызмет көрсетуіне жол ашылады. Әрбір тұлға (азамат, жеке адам, лауазымды тұлға, заңды тұлға өзіне берілген құқықтар мен міндеттерге аса жауапкершілікпен қарап, өзінің туып-өскен еліне, қоғамға, мемлекетінің болашағына жанашырлық танытқан жағдайда ғана сол мемлекет жарқын болашаққа қадам жасап, дамудың алғашқы баспалдағына көтеріледі. Яғни, қай қоғам, қай мемлекет болмасын оның даму болашағы, өсіп-өркендеп өркениетке қол жеткізуі – сол мемлекеттегі адамдардың іс-әрекетімен, ақыл-парасатымен, сондай-ақ заң және ар алдындағы адалдығымен жүзеге асырылады. Осындай қағидалар сақталған және халықтың бойына сіңген мемлекеттер қуатты елге, халқы тұрмысы бай тұрғындарға айналады. Сондықтан өркениетке аяқ басқан елдердің тәжірибесіне сүйенген дұрыс, бірақ солар жүріп өткен жолмен ғана жүру – ол жеткіліксіз. Керісінше, өркениетті мемлекеттердің өмір тәжірибесін саралай отырып, ол мемлекеттер қолданысқа енгізбеген өмір тәжірибелерін тиімді әрі жүйелі қолдана отырып ғана сол мемлекеттердің алдына шығуға болады. Сонда ғана өзге мемлекеттер біздің елімізбен санасып, ортақ пікір алмасуға қызығушылық таныта бастайды. Қайырымды қоғамды қалыптастыратын да қуатты мемлекеттің іргесін қалайтын да адам баласы болғандықтан біздің 1995 жылғы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум негізінде қабылданған Конституциямыздың бірінші бабында адам мен азаматтардың өмірі, құқықтары мен бостандықтарының заңмен қорғалуы назарға айрықша алынған[3].

Ғылыми жұмысымыздың зерттеу бөлімінде теориялық және эмпирикалық, зерттеу әдістері қолданылды. Қоғамдағы адалдық қағидасының көрінісін нақты деректер арқылы зерттеу үшін азаматтардың санасындағы адалдық қағидасына деген көзқарас пен оның құқықтық маңызын анықтауға арналған сауалнамалық сұрақтар арқылы сұхбат жүргізілді. Сауалнамалық сұрақтарға негізделген сұхбат Шымкент қаласындағы мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, жоғары оқу орындарының қабырғасында 2-3 курстарда оқып жүрген білім алушылар арасында ұйымдастырылды. Сұхбатқа 1187 студент қатысты, ал мемлекеттік мекеме қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнамаға 876 қызметкер тартылды. Сауалнамалық сұхбат қорытындысын талдау және нәтижелер бөлімінде талдайтын боламыз.

Сауалнамалық сұхбатта келесі сұрақтар қойылды:

1. Сіз үшін "адалдық қағидасы" нені білдіреді? Бұл ұғымды өз өміріңізбен қалай байланыстырасыз?

2. Сіздің ойыңызша, адалдық қағидасы Конституциялық құқықпен қалай байланысты?

3. Қазіргі қоғамда адалдық қағидасын сақтау деңгейін қалай бағалайсыз?

4. Адалдық қағидасының сақталуына құқықтық нормалар қалай әсер етеді?

5. Қазақстан қоғамында адалдықты нығайту үшін қандай қадамдар жасалуы керек деп ойлайсыз?

6. Біздің елдің заңдарында адалдыққа ерекше назар аудару қажет деп санайсыз ба?

7. Құқық қорғау органдары мен мемлекеттік мекемелерде адалдық қағидасын сақтау қаншалықты маңызды?

8. Халықаралық тәжірибеден қандай мысалдарды Қазақстанға енгізу тиімді болар еді?

9. Адалдыққа қатысты құқық бұзушылықтарды азайту үшін қандай нақты шаралар ұсынар едіңіз?

10. Сізге "адалдыққа байланысты" ерекше әсер қалдырған бір оқиғаны айтып бере аласыз ба?

Осы жоғарыда келтірілген сауалнамалық негізде құрылған сұхбатты жүргізу арқылы азаматтардың санасындағы адалдық қағидасының заң мен ар-ождан алдындағы байланысын анықтауға тырыстық. Өзіміз күткеніміздей, жоғарыда келтірілген ұтымды сұрақтарға жан-жақты жауаптар мен келесідей салмақты ұсыныстар айтылды.

1. Конституциялық және заңнамалық негізді күшейту. Ол үшін: Конституцияда адалдық қағидасын нақты бекіту, Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің маңызды қағидалары ретінде адалдық пен әділеттілікті тікелей атап өту, Адалдықты әлеуметтік келісім мен тұрақтылықтың негізі ретінде жариялау, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң және басқа заңдарда адалдықты сақтауға міндеттейтін нақты нормаларды енгізу, Кәсіби этика кодекстерін барлық салаларда міндетті түрде орындау қажет.

2. Мемлекеттік басқару жүйесін реформалау. Ол үшін: Адалдық стандарттарын енгізу, Мемлекеттік қызметшілер мен құқық қорғау органдары қызметкерлері үшін адалдық стандарттарын анықтау, Адалдық қағидаларын бұзған қызметкерлерге қатысты қатаң жауапкершілік шараларын қолдану, Мемлекеттік сатып алулар мен шешім қабылдау процестерін барынша ашық ету қажет.

3. Құқықтық мәдениетті нығайту. Ол үшін: құқықтық білім беру; мектептер мен университеттерде адалдық қағидасын құқықтық мәдениет тұрғысынан оқытатын арнайы курстар енгізу, қоғам арасында құқықтық сауаттылықты арттыратын насихаттық жұмыстарды тұрақты әрі жүйелі жүргізу.

4. Тәуелсіз бақылау мен қоғамдық қатысуды қамтамасыз ету. Ол үшін: қоғамдық бақылауды күшейту, адалдық қағидасын сақтау бойынша қоғамдық ұйымдар мен тәуелсіз кеңестер құру, Мемлекеттік органдардың шешім қабылдау процесіне азаматтық қоғам өкілдерін тарту, мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың орындалуын ашық түрде жариялап отыру, цифрлық платформаларды қолдана отырып, қоғамдық мониторинг пен есептілікті ұйымдастыру қажет.

5. Адалдық қағидасын халықаралық стандарттармен үйлестіру. Ол үшін: адалдықты қамтамасыз етудегі үздік халықаралық тәжірибелерді зерделеп, тиімді тұстарын енгізу және оларды ұлттық заңнамаға бейімдеу, халықаралық ұйымдармен бірлесіп, адалдық қағидасын нығайтатын жобаларды іске асыру қажет.

6. Адалдық қағидасына қатысты құқықтық жауапкершілікті күшейту. Ол үшін: әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік жүктеу арқылы адалдық қағидаларын бұзу жағдайлары үшін айыппұл, лауазымнан босату немесе қылмыстық жаза қолдану, медиативтік шешімдер енгізу арқылы дауларды шешу барысында адалдық қағидасын басшылыққа алатын тетіктерді дамыту қажет.

Бұл ұсыныстар адалдық қағидасын құқықтық тұрғыдан нығайтып, Қазақстан қоғамындағы сенімділік деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Талдау мен нәтижелер

Қазақ халқында «Адалдық ардың ісі», «Адам айнасы – адал еңбегі» деген даналық сөздер бар. Осы қарапайым ғана халық даналығы конституция талаптары мен қолданыстағы заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің тиым салу нормаларына сондай-ақ, ар-ождан алдындағы ар тазалығына толық жауап бере алады. Қоғамда күнделікті қарым-қатынасқа түсетін азаматтардың санасының бұзылмауына сонымен қатар олардың екінші азаматтың конституциялық құқықтарын таптамауына ықпал ететін негізгі фактор - ол, адам мен азаматтардың бойындағы адами адалдық қасиеті болып табылады. Қылмыстық істер бойынша жаза тағайындау кезінде гуманизм қағидасының ерекше мәнге ие болатындығы соның дәлелі десек болады [4].

Зерттеу әдістері бөліміндегі қорытынды нәтиже көрсетіп отырғандай, сауалнамалық сұхбатқа қатысқан 876 мемлекеттік мекеме қызметкері мен 1187 білім алушылардың жауаптары азаматтардың заң мен ар-ождан алдындағы адалдық қағидалары әртүрлі қылмыстық әрекеттер мен келеңсіз оқиғаларға жол ашатын әрекеттердің алдын алуға сонымен қатар, бұқара халықтың сенімін қалыптастыруға ықпал ететін негізгі тетік (механизм) бола алатындығын көрсете білді. Азаматтардың санасында өз отанына деген адалдық қағидалары болмаған жағдайда, елдің болашағына немқұрайдылықпен қарап, түрлі қылмыстық әрекеттер мен құқықбұзушылықтарға жол ашылуы мүмкін.

Сұхбат нәтижелерінің талдауы. Зерттеу әдістері бөлімінде жазылғандай сұхбат барысында мақаламыздың тақырыбына сәйкес, Сіз үшін «адалдық қағидасы» нені білдіреді?, Қазіргі қоғамда адалдық қағидасын сақтау деңгейін қалай бағалайсыз?, Адалдықты нығайту үшін қандай қадамдар қажет? негізгі үш сұрақты алға тартқан болатынбыз. Нәтижеде, сауалнамалық сұхбатқа қатысқан 876 мемлекеттік мекеме қызметкері мен 1187 білім алушылардың пайыздық өлшемі келесідей болды.

Сұрақ: Сіз үшін «адалдық қағидасы» нені білдіреді?

Жауаптар:

40%: Моральдық құндылық.

30%: Әділеттілік.

20%: Заңды сақтау.

10%: Басқа түсініктер.

Сұрақ: Қазіргі қоғамда адалдық қағидасын сақтау деңгейін қалай бағалайсыз?

Жауаптар:

50%: Төмен деңгейде.

30%: Орташа деңгейде.

20%: Жоғары деңгейде.

Сұрақ: Адалдықты нығайту үшін қандай қадамдар қажет?

Жауаптар:

35%: Білім беру жүйесін реформалау.

30%: Мемлекеттік сатып алу барысында ашықтықты арттыру.

25%: Құқықтық жүйені қатаңдату.

10%: Жеке мысалдар арқылы насихаттау.

Алғашқы сұрақтың аясында «адалдық қағидасы» моральдық құндылық ретінде азаматтардың ішкі жан дүниесінің тазалығына тікелей байланысты екендігі белгілі болды. Сонымен қатар азаматтардың заңды құрметтеуі мен ар-ождан алдындағы биік тұғырын айқындайтын ұлы күш екені мәлім болды.

Қазіргі қоғамда адалдық қағидасын сақтау деңгейін қалай бағалайсыз? деген сұрақ көтерілгенде, тап қазіргі қоғамдағы азаматтардың қарым-қатынасында адалдық қағидасының өте сирек көрініс табатындығы анықталды. Нақтырақ айтқанда,

конституциямызда адалдық ұстаным талап етілгенімен, оның нақты заңнамалық нормалармен реттелген тетіктері қалыптаспағандығы мәлім болды.

Ақырғы сұрақтың жауабы әсіресе білім беру жүйесін жетілдіру мен мемлекеттік сатып алу жүйесінде жариялылық пен ашықтықты барынша қолға алу керектігін көрсетті.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысымыздағы талдау әдістері ғылыми мақаламыздың тақырыбын толық ашып берді деп есептейміз.

Қорытынды

Қорытынды бөлімде, ғылыми зерттеу нәтижелері азаматтардың санасындағы адалдық қағидаларын құрайтын адами қасиеттері түрлі қылмыстық іс-әрекеттер мен келеңсіз оқиғалардың алдын алуға және конституциялық заң нормаларына деген қоғамдағы оң көзқарастың қалыптасуына бірден-бір тетік (механизм) болатын фактор екендігін көрсетті. Қай қоғам болмасын, адалдық қағидасы салтанат құрған жағдайда ғана азаматтардың конституциялық құқықтары заңмен толық қорғалады. Адалдық пен әділдік қоғамда әділеттілік принциптерінің негізі болып табылады, бұл заңдардың дұрыс және біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді.

Егер қоғамда адалдық үстемдік етсе, мемлекеттік органдар мен мекемелер өз қызметінде ашық және әділ болады. Бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, оларды қорғауға және олардың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етуге мол мүмкіндік береді. Адалдық заңнамалық актілердің дұрыс орындалуын, сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылықтарды болдырмауды қамтамасыз етеді[5, 98б.].

Конституциялық құқықтар мен бостандықтар азаматтардың заңды мүдделерін қорғайтын негізгі құрал болып табылғандықтан, адалдық олардың жүзеге асырылуын дұрыс жолмен қамтамасыз етеді. Бұл азаматтардың әділетті сот көмегіне жүгінуге, тиісті білім алуға, денсаулық сақтау және басқа да негізгі құқықтарын тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Адалдық қағидасы орын алған қоғамда, мемлекеттік органдар заңдарды әділ және тең қолданатын болса, азаматтардың құқықтары бұзылмайды және әділдік орнайды.

Адалдық қоғам мүшелері арасындағы сенімді арттырады. Сенімнің болуы – қоғамдық тәртіптің сақталуының маңызды факторларының бірі. Егер азаматтар бір-біріне және мемлекеттің құқықтық жүйесіне адал болса, олар өз құқықтарын заңды түрде қорғайды және кез келген келіспеушіліктерді әділ шешу үшін заңды пайдаланады.

Азаматтар (әрбір жеке тұлға) күнделікті күйбең тіршілікті құрайтын әлеуметтік, қоғамдық қатынастарда өзінің конституциялық құқықтарын толыққанды біліп және оны сезініп, қоғамдық қарым-қатынаста конституциялық заң және ар-ождан алдындағы жауапкершілігі мен азаматтық борышын ұғынғанда ғана кез-келген құқықбұзушылыққа тосқауыл бола алады.

Адалдық қағидасы азаматтарды өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс орындауға, қоғамның дамуына үлес қосуға және әлеуметтік жауапкершілікті сезінуге шақырады. Қоғамдағы адалдықтың орнауы жалпы әл-ауқат пен әлеуметтік үйлесімділікке, жеке тұлғаның дамуына және қоғамның тұрақтылық жағдайында гүлденуіне ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі, 15 наурыз 2024ж.
2. Қазақтың әдет-ғұрып нормаларының материалдары. Алматы. 1996ж.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз, 1995жыл.
4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жазаны тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы.
5. Битұрсын Ғ., Исабеков А., Мадалиева А., Тулегенов Г., Исатаева Г., Канаева А. Жаңа Қазақстан: Әділетті қоғам қалыптастырудың конституциялық-құқықтық әдістемесі. – 2022. Оқулық – 12,75 б.т. ОҚМПУ шағын баспаханасы, Шымкент қ, 2022

«ШОРА БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХҚА ҚАТЫСЫ

Мамыт Амангелді Алтыбайұлы

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
amangeldi_65@bk.ru

Сатқұлова Қарлығаш Молдабекқызы

магистр-оқытушы

Ж.А.Тәшенев атындағы университеті

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы

Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада «Шора батыр» жырының тарихилығы зерделенеді. Қазақ қаһармандық эпостарының тарихқа қатысы туралы әр кездері жарық көрген еңбектердегі пікірлер ғылыми сараптан өткізіліп, ортақ заңдылықтары талданған. Қазан қаласын орыстар жаулап алар кезеңде өмір сүрген Шора Нәрікұлының батырлық жырға негіз болуы, оның тарихпен байланысы ғылыми тұжырымдалады. Иван Грозный туралы орыс жылнамалары мен басқа да тарихшылардың жазба деректерінде князь Чура Нарикович деген есімнің аталуы, сол замандағы нақтылы оқиғаларға сипаттама беруі шынай болған жағдайлардан хабардар етеді. Тарихи Шора Нәрікұлы мен ауыз әдебиетінің көркемдік қазанында қайта сомдалған қаһармандық эпостағы Шора батырдың өзара айырмашылығы жан-жақты талданады.

Батырлық жырдың поэтикалық ерекшелігіне сай тарихи оқиғаның өңі өзгеріп берілуі, нақтылы өлең жолдарынан мысалдар келтірілуі нәтижесінде ғылыми дәлелденген. Қазан қаласын жаулап алғанға дейін өмір сүрген Шора батырдың шаһарды жат жұрттықтардан азат етуі, оның жырақта туылуы тарихи оқиғалармен санаса отырып, халықтың арман-тілегімен астасуы болып табылады. Тарихтағы орны толмас өкінішке өңдеу жасау басқа да фольклорлық шығармаларда кездеседі.

«Шора батыр» эпосының тарихқа қатысы жыр нұсқаларының қолда бар (жарық көргені, қолжазба түрінде сақталғаны) тоғыз нұсқасының мәтіндерін зерттеу арқылы ғылыми түйінделді.

Кілт сөздер: фольклор, халық ауыз әдебиеті, эпос, батырлық жыр, тарихилық, поэтика, сюжет, эпикалық сана

Аннотация. В статье рассматривается историчность эпоса «Шора батыр». Были проведены научные экспертизы и анализ общих закономерностей произведений казахских героических эпосов, имеющих отношение к истории. Научно доказано, что Шора Нарикович, жившая в период завоевания русскими города Казани, изображена в героическом эпосе, его связь с историей. Упоминание князя Чуры Нариковича в русских летописях и письменных источниках других историков об Иване Грозном информирует об обстоятельствах, когда действительно было дано описание конкретных событий того времени. Подробно проанализированы различия между исторической Шорой Нарикович и героическим эпосом, воссозданным в художественном котле устной литературы.

В соответствии с поэтическими особенностями героического эпоса научно доказано, что исторические события меняются, приводятся примеры из конкретных стихотворных строк. Освобождение города Шора-батыром, прожившим до завоевания Казани, его отдаленность является воплощением исторических событий и желаний народа. Переработка невосполнимой печали в истории встречается и в других фольклорных произведениях.

Эпос «Шора батыр» научно обобщен путем изучения текстов девяти имеющихся (изданных, сохраненных в рукописном виде) вариантов, имеющих отношение к истории.

Ключевые слова: фольклор, народная устная литература, эпос, героическая поэзия, историография, поэтика, сюжет, эпическое сознание

Abstract. The article examines the historicity of the epic «Shora batyr». Scientific examinations and analysis of the general laws of the works of Kazakh heroic epics related to history were carried out. It is scientifically proven that Shora Narikovich, who lived during the Russian conquest of the city of Kazan, is depicted in the heroic epic, its connection with history. The mention of Prince Chura Narikovich in Russian chronicles and written sources of other historians about Ivan the Terrible informs about the circumstances when a description of specific events of that time was really given. The differences between the historical Shora Narikovich and the heroic epic recreated in the artistic cauldron of oral literature are analyzed in detail.

In accordance with the poetic features of the heroic epic, it is scientifically proven that historical events are changing, examples are given from specific poetic lines. The liberation of the city by Shora-batyr, who lived before the conquest of Kazan, its remoteness is the embodiment of historical events and the desires of the people. Reworking irreplaceable sadness in history is also found in other folklore works.

The epic «Shora batyr» is scientifically generalized by studying the texts of nine available (published, preserved in manuscript form) variants related to history.

Keywords: folklore, folk oral literature, epic, heroic poetry, historiography, poetics, plot, epic consciousness

Кіріспе

Тарих – өткеннің өнегесі, қиын шақтың сабағы, басқаша айтқанда, «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың тағдыр-талайы. Ұлттық тарихтың әлі ашылмаған ақтандақтары жетерлік. Дәл осы мәселеге байланысты белгілі ғалым Ш.Ыбыраев мынадай тұжырым жасайды: «Қай заманда да халық тарихының ауқымы тарихи құжаттардан, жазба әдебиеттерден, шежіре аңыздардың анағұрлым кең. Ауызша, жазбаша мәліметтер тарихтың толық объективті шындығын бере алмайды. Себебі, олар айтқан не жазған адамның, асып кеткенде тұтас бір топтың түсінігінен, болған оқиғаға деген концепциясынан туындайды. Іс жүзінде қандай деректерді алсақ та, ол тарихтың дәл өзі емес, оның бағаланған, көзқарас сүзгісінен өткізген бейнесі» [1,149]. Тарихта із қалдырған оқиғалардың халық ауыз әдебиеті мұраларында бейнеленуі туралы фольклортанушы С.Қасқабасов былайша ой түйіндейді: «... фольклор халықтың өзінің тарихқа қатысын, көзқарасын танытады, маңызды оқиғалар мен көрнекті тұлғаларға берген халықтың бағасын, қарым-қатынасын көрсетеді» [2,82]. Міне осы тұрғыдан келгенде, батырлық эпостың тарих шежіресіндегі орны айрықша. Қаһармандық жырлардың жанрлық сипатына орай өмірден өткен тұлға да, ауқымды оқиғалар да халық зердесінде қайта қорытылып, жырланады. Сол себептен де, қаһармандық эпос – тарихи оқиғаға қатысты халықтың көзқарасы тұрғысынан сомдалған көркем жиынтық бейнесі, аңсар арманы. Ахмет Байтұрсынұлы атап өткендей: «халықтың жаны, рухы» [3,236].

«...Қазан деген қалада,
Қырық мың үйлі тамада,
Нәрікбай деген бай еді,

Төрт түлікке сай еді» [4, 3] – деген жыр жолдарынан бастау алатын «Шора батыр» эпосы тарихқа ешқандай да қатысы болмаса, кеңестік идеология соңына шам алып түсіп, жариялауға, зерттеуге тыйым салмас еді. Сондықтан да Нәрікұлы Шораның тарихта болғаны анық. Алайда деректерде кездесетін тарихи Шора мен қазақ батырлық эпосында жырланатын Шора батыр бейнесін арнайы зертеу қажет.

«Қызылбастың елінен
Қазан деген ер шықты,
Жөн білмеген шер шықты,
Ноғайлының көп елін
Олжалап шауып шаншыпты,
Бағынбаған адамын

Қырып-жойып таусыпты» [5,28] – деп келетін өлең жолдарының нәтижесінде Қобыланды батырды Қазан деген жауға қарсы аттандыратын халық аңсары қайдан туды дегенге Мұхтар Әуезов пен Сәкен Сейфуллин Қазанның жат қолында қолында қалып, Ноғайлы ордасының үміті оты сөнудің көрінісі деген тұжырым жасайды.

Кезінде С.Сейфуллин мен М.Әуезовтің осы ой-пікіріне қарсы шыққандар да болды. Мәлік Ғабдуллин мен Бейсенбай эпостағы эпикалық жау бейнесінде сомдалған кейіпкер Иранды XIII ғасырда билеген Шыңғыс хан ұрпағының бірі Ғазан болуы керек деп топшыласа, Әуелбек Қоңыратбаев мұны дәлел-дәйектермен теріске шығарып, Сырдың бойында X ғасырда ғұмыр кешкен түрікменнің батыры Қазан дейді. Қажым Жұмалиев болса мұның түп-төркінін біздің жыл санауымызға дейінгі V-VI ғасырларда өмір сүрген сақ батыры Қазануға қатысты аңызға алып барады. Бір қарағанда бұл пікірлер көңілге қонымды көрінгенімен астарынан кеңес заманының құйтыры саясатының желі есіп тұр. Бұл – батырлық жырлардағы орыстың тарихына байланысты деректерден қашу, айналып өту, өңін өзгертіп беру.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланы жазу барысында белгілі фольклортанушы ғалымдардың батырлық эпостың тарихилығын талдаған ой-тұжырымдары басшылыққа алынды. Тақырыпқа негіз етіп алынған мәселені зерделеу мақсатында жинақтау, талдау, салыстыру әдістерінің ұстанымдарын темірқазық еттік.

Ноғайлы эпикалық дәуіріндегі батырлық жырлардағы «Орманбет хан өлген күн, он сан ноғай бүлген күн» деген өлең жолдары ел бірлігінің ыдырауын, осының салдарынан халықтың қатты күйзелгенінен хабар береді. Ал Қазан шаһарының жау қолында қалуы мұнан да қатты соққы болды. Міне осындай қасіретке бетпе-бет келген ел өткенін өкіне аңсап, Қобыланды батырды Қазан деген қала емес, жауға халықтың арманы аттандырады. Түркі халықтарының ауыз әдебиетін жинап, бастырған В.В.Радловтың «Шора батыр» эпосы нұсқасында Қазан қаласын жаулап алған батырдың есімі Мәскеу деп аталады [6,167]. Бұл нұсқадағы кейіпкер Қазандағы оқиғаның ізін ала бере сомдалған болуы керек. Қала жат жұрттықтардың иелігіне бүтіндей өтіп, үмітінен айрылған халық Қазанды жау батырының кейіпінде бейнелеп, бұрынырақ өмір сүрген Қобыланды батырды қарсылас етеді. Батырлық эпостарда тарихтан белгілі оқиғалар халықтың аңсар арманына сай өзгертіліп берілуі, өмірден өткен тұлғалардың да ел мүддесіне сәйкес мінсіз бейнеге айналып сомдалуы – эпикалық туындының көркемдік шарты.

Қобыланды батырды әріден алып келіп, Қазанға қарсы шаптырған халық арманы болса, мына өлең жолдарын:

«Бұл Қазанды құтқарсам

Кәпірлердің қолынан,

Іс бітірдім дер едім» [7, 257], деп жырлатқан да ел аңсары еді. Шора батыр Қазан шаһарын жау қолынан азат етуі тиіс.

Шора Нәрікұлының тарихта нақты болғаны, орыстың Қазан қаласын жаулап алатын тұста ғұмыр кешкені дәлелді айғақтармен куәлендіріледі. Шоқан Уәлихановтың еңбегінде де бұл туралы деректер бар [8,109].

Орыстарды жақтаушылар 1546 жылы Сафа-Гирей бас болған қырымдықтар Қазанға шабуыл жасайды. Сол қырғын шайқаста Шора Нәрікұлы мерт болады. Батырдың Әлікей мен Ислам есімді інілері 1552 жылы шаһарды Иван Грозный жаулап алған соғыста қайтыс болған [9,194].

Бізге мәлім кіші жүздің шежірелерінде Шора батыр – тама руы бұтақтарының бір атасы. Шежіре бойынша Тамадан Қарабура, одан Нәрік, одан Шора деп келеді де мұнан әрі Шорадан Бурахан деп жалғасады [10,109].

Карамазиннің орыс тарихына қатысты белгілі кітабында Шора батырға (князь Чура Нарикович) қатысты деректер бар [11,196].

С. Петербургтен 1791 жылы шыққан «История о Казанском царстве неизвестного сочинителя XVI столетия» – деген кітапта Шора Нәрікұлының өмірінің соңғы сәті баяндалады [12,105-107].

«...Мұнан соң келсең Қазанға,
Аузы түкті кәпірлер,
Көрсетермін жазаңды,
Алдырармын мазанды,
Қан етпей қойман қалаңды,

Жылатармын балаңды» [13,260] – деген өлең жолдары арқылы Қазан шаһарын жаулардан азат етуші Шора батыр мен орыс жазба деректерінде кездесетін Шора Нәрікұлы тіпті бөлек. Бұл туралы кезінде Сәбит Мұқанов осы мәселеге мән беріп: «Тарихи Шора мен әдебиеттегі Шораның сипатталуында айырма бар. Тарихи Шора, Карамзиннің айтуы бойынша, Иван Грозный жағына шығып, Қазанды Россия алуына тілектес болған.

Әдебиетте олай емес, Шора Қазанды қорғап қайрат көрсеткен», – деп жазған. [10,596].

Татарлардың халық ауыз әдебиеті мұраларында Шора батыр – Иван Грозныйдың әскерлерімен шайқасады. Ерекше алып батыр бейнесінде суреттеліп, Грозныйды өлтіреді. [14]. Башқұрт батырлық жырында да Қазан шаһары үшін қайрат көрсеткен Шора суреттеледі [15]. Ноғайлардың халық туындылары қатарында «Шора батыр» жыры кездеседі. Нәрік пен Шора, Әли сынды кейіпкер есімдері біркелі болғанымен, оқиға желісі басқаша өрбиді. Шора батырдың Қырымды тастап кетуі елдің атқамінері Әлібиді өзара ерегісте өлтіруі себеп болады. Нәрік пен Шора күштілердің әділетсіздігінен жапа шегуші, сол жасалған қиянаттар үшін кек қайтарушы бейнесінде беріледі. Нәрікке тиесілі Қарагер тұлпарды Әлі би иемденіп алады. Міне, осы әділетсіз ісі үшін оны Шора өлтіреді. Мұнан әрі Қырымда қалуы қауіпті екенін біліп, Қазан қаласына аттанады. Бұдан кейін Қырымда қалуға қауіптеніп, Қазан шаһарына жол тартады. Басында өзін қорғау үшін қашып шыққан Шора батыр аяқ астынан өзіне мынандай міндеттер алады:

«Төре емеспін, қарамын,
Анадан егіз емес, дарамын.
Нәсілімді сұрасаң,
Нөкіс ұлы тамамын.
Өз атымды сұрасаң,
Нәріктен туған Шорамын.
Қазанды тобыр әскер алды деп,
Суыт жүріп барамын.
Мен барғанша Қазанды,
Тобыр әскер алмаса,
Айдау жолға салмаса,
Қазыналы жұрт Қазанның,
Қаласының ішінде,
Қақпасының түбінде,
Тасқа соққан –
Темір шеге болармын» [16,84].

Осылайша Шораның Қырымнан кету себебі күтпеген жерден өзгеріп, ол Қазанды жау қолынан азат етуші болып шыға келеді. Ноғай халқының эпостық жырларындағы осы эпизод қазақтың батырлық жырларындағы сюжеттік желімен сарындас келеді. Алайда татар тарихи өлеңдеріндегі Шора бытыр бейнесі орыс жылнамаларындағы Шора Нәрікұлына жақын. Ғалым Ф.Урманчиев өзінің «Бәйіттердің пайда болуы мен қалыптасуы туралы» («О происхождении и формировании байтов» Советская тюркология, 1986, №4) атты мақаласы бұл ойымызға дәлел болады.

Қобыланды батырды Қазан деген жау батырына қарсы аттандырған халық арманы Шора Нәрікұлын Қазан қаласында дүниеге келтірмейді. Қазақ қаһармандық жырындағы

сюжеттің байланысы Нәріктің Қазан шаһарынан белгілі бір (әр нұсқаларында түрліше) себептермен өкпелеп, қоныс аударуынан басталуы жайдан жай емес. Себебі Қазан жау қолында қалып қойған. Мұны қаперінде ұстаған жырау батырды ол жерде тудыруға еш хақы жоқ.

«Ыстамбол, Қазан екеуі,
Тірек еді еліме.
Мұсылманның жұртының
Сүйеніш еді беліне.
Бұрынғылар надан-ау:
Қазанды қалай салдырған
Қалың орыс төріне?
Еділдің суы қосылып,

Екі айрылар жеріне» [13,256], – деп келетін өлең өрімдері бұл сөзімізге дәлел. Қазанды жат жұрттықтардан азат етуші батыр енді дүниеге келер болса, Қазан шаһарынан алыста туылуы қажет. Бұл – эпикалық қиялдың тарихи оқиғамен санасуы.

Елдің тірегіне айналған Қазан қаласы жау қолында қалды. Күйзелген халықтың аңсары Шора Нәрікұлын көркемдік қазанында қайта сомдап шығарды. Қазанды жау қолынан азат ететін Шора батыр бейнесі – эпикалық қиялдың жемісі. Бұған:

«Қазанды орыс аралап,
Қол салды елдің беліне,
Жау шапты жұртты жайратып,

Келтірмей елдің күйіне...» [10,256] – деп жырланатын өлең жолдары куә. Сондықтан эпостық жырдағы Нәріктің қартайған шағында Қазаннан Аққалаға көшуі – эпикалық қиялдаудың нақты тарихи уақытты есепке алуы. Мұнан басқа қазақ қаһармандық эпостарында осыған ұқсас сюжеттің болмауы да тегіннен тегін емес.

Нәтижелер мен талқылаулар

Батырлық эпостың тарихилығын халық шығармашылығына ғана тән поэтикалық ерекшеліктен іздемей, болған оқиғалармен салыстырып, хронологиялық дәлдікпен қарастыру оң тәтиже бермейтіні анық.

«Біздің ойымызша, Шораның, оның әкесі Нәріктің Әлі би зорлығына душар болып жер ауып жүрулері сондай (Ноғайлы мырзаларының өзара кикілжіңі) шиеленіскен жағдайлардың көрінісі» [17,92] – деген тұжырым жасайды фольклортанушы ғалым Рахманқұл Бердібай. Шынында да мұндай фактордың болуы айқын. Бұл кезең тарихында Ноғай ордасындағы мырзаларының билікке таласып, өзара қырқысуы белең алғаны ақиқат. Алайда ноғайлы дәуірін өзек еткен өзге эпостық жырлар «Орманбет хан өлген күн, он сан ноғай бүлген күн» деген дерек келтірсе де бұл сарынды (батырдың атамекенінен жырақта туылуы) сюжет байланысына арқау етпейді. «Шора батыр» эпосында Нәріктің қартайған шағында бәйбішесін ертіп Қазаннан қоныс аударуы, енді бір нұсқасында беймәлім себептермен бөтен елде жүруі түркі ұлыстарының бірлігі ыдырауының (Қазаннан айырылудың негізгі факторларының бірі) көрінісі болып табылады. Сондай-ақ жау қолында қалған Қазан қаласын қорғайтын перзент керегін меңзейді. Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, ел үшін маңызы ерекше шаһарды қорғайтын батыр ол жерден жырақта туылуы керек. Бұл эпостың реалды уақытпен санасуы. Өйткені жырау Қазанның жат жұрттықтарда қалып қойғанын қаперіне құйып алған. Міне сол мақсатта Нәрік кемпірімен «жер аударылып» кетеді. Эпикалық қиял – халық арманының жемісі. Алайда тарихи деректерді де аттап өтпейді.

Атамекеніндегі Нәріктің бұрынғы өмірі былайша суреттеледі:

«Өз жерінде жүргенде,
Қазы-қарта, жал жеген,
Шекер менен бал жеген,
Жабайы атқа мінбеген,

Жаман киім кимеген,
Жаманға жолдас болмаған,
Артық туған ер екен». [13,286].
Ал енді бөтен елде халық арманын арқалап жүрген Нәріктің бейнесі:
«Арғымақ үйір сағынар,
Сағынғанда не қылар?
Тауқабалар жиылсам дер,
Үйірімді көрсем дер.
Тұяғы тапыл қағынар,
Ер туғанын сағынар,
Сағынғанда не қылар?
Тұрағым Меке – Мәдина
Мәдинаны еске алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Күдеріден бау тағып,
Күбе тонды кисем дер,
Ауыр қолды ертсем дер,

Дұшпанымды көрсем дер... [13,298] – деп жырланады. Әрине, бұл күйзеліс Нәріктің жеке басының қайғысы емес, халықтың мұңы. Қазан қаласын жау қолынан азат етуді армандаған елдің шерлі аңсары. Осынау ел аңсары Шора батырды тудырды.

Қаһармандық эпостардағы жан-жақты жетілдірілген мінсіз бейне – батыр. Жаугершілік замандағы әлеуметтік мәртебенің ең биігі де батырлық. Өйткені бұл атақ хандық сияқты атадан қалған мирас не болмаса тартысып тартып алатын билік, яки пұл беріп сатып алатын байлық емес. Ел қорғаған ерлікпен келетін, халықтың қалауымен берілетін биік мәртебе, ұрпақтан ұрпаққа жеткен өнеге.

Халықтың фольклорлық санасындағы батыр мен тарихи тұлғаның бір-біріне дәлме-дәл сәйкес келмейтіні белгілі. Бұл жөнінде ғалым Сейіт Қасқабасов мынандай тұжырым жасайды: «Халық жақсы өмірді армандап, алтын дәурен, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман, не болмаса елді қиыншылықтан құтқаратын бір қайраткер туралы утопиялы әңгіме, аңыз шығарады.

Ол әңгіме, аңыздардың басты кейіпкерлері – өмірде болған адамдар болуы мүмкін. Бара-бара мұндай аңыздар эпсана-хикаятқа айналады. Осыдан барып миссияндық роль атқаратын адам, елге ырыс дәулет беретін қоныс жайында эпсана-хикаят қалыптасады. Мұндай эпсана-хикаяттың тарихи аңыздан айырмашылығы оның тек көркемдік дәрежесінде емес. Оның басты ерекшелігі сол тарихи аңызда өткен дәуірдің оқиғасы мен адамы мадақтала жырланады, эпсана-хикаятта өткен тарихтан көрі қиялдан, арманнан туған оқиғалар мен кейіпкерлер дәріптеледі, мұнда заман, адам жер-су, мекен халықтың қалауы бойынша суреттеледі, олар осындай болса екен деген тұрғыда көрсетіледі» [18,157].

Қаһармандық эпос пен аңыздық прозадағы бұл ұқсастық тек сыртқы сипатына ғана ішкі мазмұнына да қатысты. Мұның түп негізі мотивтерді туғызған мезгіл мен кейіпкерлердің бір болуында және олардың ерекше дәрежеде дәріптелуінде жатыр. Алайда эпсанамен салыстырғанда батырлық эпостағы ерліктің бейнеленуі ерекше сипатқа ие. Мұнда қаһарман елі мен жері үшін басын қауіпке тігеді. Жауымен жолбарысша алысып, қиян кескі шайқаста жеңіс туын желбіретеді. «Отқа салса, жанбайтын, суға салса батпайтын» айрықша айбарлы батырды сомдау халық шығармашылығының көркемдік шыңы екені анық. Тарихтан белгілі түрлі соғыстар, соның салдарынан болған ауыртпалықтар батырлық жырлардың көркемдік заңдылықтары аясында қайта өңделеді. Ал қаһармандық эпостарда өткен замандардағы оқиғалардың халық арманына сәйкес тұстары ғана көрініс табады.

Ұлт тарихында азаттық үшін күрескен белгілі оқиғалардың ұзыннан ұзақ тізбегі бар. Еліміздің байлығына көзін тігіп, ру-тайпалар арасындағы қайшылықты сәтгерде сыртқы

жаулар дүркін-дүркін соғыс ашып, халықты орны толмас апаттарға ұшыратып отырғанын бізге жеткен деректерден білеміз. Тарихи зерттеулерде сондай оқиғалардың басты себептері, шайқасқа қатысушылар, оның нәтижелері сарапталса, батырлық эпос мұндай деректерді халықтық көзқарас сүзгісінен өткізіп, көркемдік қазанында қайта қорытып пайдаланады. Тарихи кітаптарда жаулаушылардың аты-жөні, соғыстың жай-жапсары нақты ескертіліп, бұл туралы нақты мағлұмат берілсе, эпостық жырлар үшін жаудың атынан гөрі, заты керек және ойсырай жеңілуі шарт. Сол себептен де эпоста сомдалған қаһармандар шынайы өмірден алынған күннің өзінде, халықтың арман тілегі бойынша қайта өңдеуден өткен көркем бейнесі суреттелетіні белгілі. Эпостағы Шора батырдың бейнесі де сондай кейіпкер.

Тарихи ақиқатқа жүгінер болсақ, орыс патшалығы XVI ғасырдың алғашқы жартысында Қазанды жаулап алу жолында түрлі айла-әдістерге барған. Ресейдің қатар қоныстанған елдерді отарлап алу саясатында қолданған ең оңтайлы тәсілі олардың ішінен беделді деген адамды тауып, әр қилы айламен өздеріне қаратып алу болды. Бұл әдістің қаншалықты оң нәтиже бергендігін, тіпті кейінгі дәуірге дейін жүзеге асырылғанын тарихи деректер куәландырады. Бұрындары татар, ноғай, қазақ тегінен шыққан адамдардың әулеті замандар өткеннен соң орыстанып кеткендігіне дәлелдер жетерлік. Мұның ақиқат екеніне Н.А.Баскаковтың «Түрік негізді орыс тектері» («Русские фамилии тюркского происхождения») атты еңбегі көз жеткізеді.

Иван Грозный мен орыс патшалығының саяси әккілігі керемет болғанын, көрші тұрған елдерді отарлаудағы жүзеге асырылған айла әрекеті туралы кезінде өз тарихшы ғалымдары да ашық жазған. Қазанды өзіне қаратып алу Ресей патшалығы үшін аса қажет болғаны жөнінде орыс тарихшылары еңбектерінде бұл ойымызға нақты дәлелдер көп. (Валишевский К. Иван Грозный. – Изд.С.-Петербург., Соловьев С.М. Сочинения. – Кн. Ш.т. 5-6. М., 1979.). Отарлаушылардың құрық бойламас айлалы саясатын бабаларымыз ертеден-ақ болжап білді. Ежелден келе жатқан: «Орыстан досың болса, жаныңда айбалтаң болсын», - деген сөз тектен текке айтылмаған. Астарында тарих қойнауындағы шындық бар екені анық. Осы оқиғалардың артын ала бере (XV ғасыр) ғұмыр кешкен Асан қайғы жырауда да төмендегі өлең жолдары жайдан-жай кездеспесе керек:

«...Аққу- құстың төресі,
Ен жайлап көлде жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұшпан
Елге жау боп келеді.
Құлдың құсты өлтірсе
Өз басыңа келеді.
Орыс сені өлтірер,
Осыны Асан біледі».

Белгілі әдебиет сыншысы Төлеген Тоқбергенов «Шора батыр» қаһармандық эпосын тарихи дерек ретінде қарастырмай, көркем туынды тұрғысынан талдау керектігін жазады. Осылайша Шора қара халықтың мүддесін қорғаушы, ал бұқараның ниетімен патшалық Ресей пиғылы сай деген сынды пікірді мақаласына өзек еткен. «Тарихшылар (әрине, қандай тарихшылар екендігі белгілі – М.А.) Мәскеуді жақтаушылар қара халық деседі.

Төре емеспін, қарамын,

Нәріктен туған Шорамын – дейтін Шора осы қара халықтан шыққан еді» (Егер тарихқа жүгінсек//Қазақ әдебиеті. 1984, №33), – деп жырдағы Шора бейнесін орыс жылынамаларында көрініс тапқан князь Чура Нариковичке жақындатып «ақтап алмақ» болады. Әрине ұлы орыс идеясының сойылын соғушы компартия дәуірі жүріп тұрған сәтте мейлінше орынды тұжырым. Бұл осындай пікір нәтижесінде Шораны таптық тұрғысынан бағалап, жауырды жаба тоқыса да, эпосты халыққа қайтару мақсатынан туындаған болуы керек. Алайда эпикалық қиял бізге мәлім тарихи шындықтан да тереңде жатқаны айқын. Эпостық жыр халықтың қалауына сай жау қолында кеткен Қазан қаласын азат ету мәселесін

басты идея етіп қояды. Тарихи деректер батырлық жырдың көркемдік заңдылығын негізге алып жырланады деген осы. Халық санасында өшпес із қалдырған қаланың тағдыры халықтың болашақ сенімі мен өткен күндердегі өкінішін астастыра келіп, «Шора батыр» деп аталатын көркем эпостық жырды тудырды.

Қорытынды

Шора батыр эпосындағы ел аңсарының елегінен өткен эпикалық шарттылық – батырдың билікке таласып, пенделік ғұмыр кешкен ортадан алыста туылуы. Сол үшін де Нәрікті көшіруге эпос «мәжбүр» болды. Сөйтіп Қазанды Иван Грозный жаулап алғанға дейін өмірден өткен Шора Нәрікұлы жырда қаланы жаулардан азат етуге «мүмкіндік» алады.

Қаһармандық жыр тарихта жіберілуге тиіс емес қателіктерді біле тұра «түзейді». Ол – Қазанның жау қолында қалуы. Эпостың тарихи оқиғаны аттап өтпей, керісінше онымен санаса отырып, халық арманымен астасуы дегеніміз осы емес пе?!

Мұсылман және христиан елдерінің өзара байланыс, күрес тарихында Қазан қаласының тәуелсіздігі үлкен мәнге ие. Татар, башқұрт, ноғай және олармен тілі, діні бір қазақтар үшін Алтын Орда, Қазан хандығы, Ноғай Ордасы заманында Қазан жауға алдырмайтын қамалдай болған. Сондықтан да бұл шаһардың құлауы аталған халықтар санасында өшпес із қалдырды. «Қобыланды батыр» жырында Тайбұрылды мініп, қырық күншілік жердегі Қазанға бір-ақ күнде жететін қаһарманды сомдап шыққан халық аңсары тарихи Шора Нәрікұлын да эпостың көркемдік көрігінде қайта балқытады. «Шора батыр» жыры қазақтардан басқа татар, ноғай, башқұрт, қырғыз, қарақалпақ халықтарында да кездеседі.

«Шора батыр» жыры осынау тілі, діні бір халықтардың өміріндегі Қазанның алатын орнының ерекше екендігіне дәлел бола алады. Елдің өткеннен қалған өшпес өкініші тамадан шыққан Шора батырды осыншама жұртқа ортақтастырып отыр. Бұл – халықтардың арман арнасы тоғыстырған ортақтастық.

Тарихи шындықты бүркемелеп, жауырды жаба тоқу елдердің өзара ынтымақтастығына үлкен зардабын тигізери даусыз. Қандай ауыр ақиқат болса да ақ-қарасын ашып, болған істі зердеден өткізу биік ғылыми өре мен азаматтықты қажет етеді. Ресей империясының отарлау саясаты құрсағында жетілген Кеңес Одағы дәуірінде орыстан өзге халықтардың тарихын бұрмалап көрсету үрдісі кеңінен өріс алды. Бірақ тарих дөңгелегі ешқашан кері айналмақ емес. Жекелеген адамдарды мәңгірттендіруге болғанымен, халықтық рухты өлтіріп, түбіріне балта шабу мүмкін болмас. Сондықтан жасанды, жалған қисындардан гөрі ел мен елді теңестіретін әділдік артық. Жоғарыда келтірілген деректер Алтын Орда ыдырағаннан кейін Мәскеу патшалығына қарсы тұрған ең тегеурінді күш Қазан хандығы болғандығын, осы мемлекетті бағындырып, басып алу орыс патшаларының кезінде өмірлік мүддесіне айналғанын дәлелдейді. Күні кешеге дейін Шора батыр жырын көзден тасалау сол отарлау саясатының адуынды оқжалман ағысының толастамағанын білдіреді.

Халқымыздың фольклорында Қазанның өзіндік сипат алғанын ескерте келіп: «...батырлардың Қазанға не туысқандарын іздеп, немесе басқа бір зорлықшылардан құтылу үшін баратын болып суреттелуі де бұл қаланың қазақ ұғымына ертеден бері етене жақын болғанын көрсетеді. Қобызда тартылған «Қазан күйі» деген шығарманың тарихын зерттеушілер табылса, мұның да осы тақырыпқа тікелей жанасты екенін дәлелдер ме еді, қайтер еді?...» (Ер Шора жыры жайында. Жұлдыз. 1992) - деп жазады Р.Бердібаев.

Халық сенімінен жауға берілмес қамалдай орын алған Қазанды жат жұрттықтар басып алуы елді күйзелткенімен, ертеңгі үмітін сендіре алмапты. Соның жарқын көрінісінің бірі – «Шора батыр» жыры. Жырдағы көркемдік-идеялық мұраттың нақтылы тарихи оқиғалардан жоғары тұратыны да содан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі: Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – А., 1993.
2. Қасқабасов С. Кітапта: Қазақ фольклорларының тарихилығы. – А., 1990.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. – А., 1989.
4. ҚР ҰҒА қолжазба қоры. П.286, 1 дәптер.
5. Батырлар жыр. – А., I том, 1986.
6. Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., I том, 1945.
7. Батырлар жыры. – А., I том, 1939.
8. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пять томах. – А., том I, 1984.
9. Карамзин Н.М. История государства Российского. – Тула, VIII-IX т., 1990.
10. Мұқанов С. Комментария // Батырлар жыры. – А., I том, 1939.
11. Табылдиев Қ., Қалмұратов А. Кіші жүз рулары. – А., 1994.
12. История о Казанском царстве неизвестного сочинителя XVI столетия. – С.Петербург. АН., 1791.
13. Диваев Ә. Батырлар жыры. – Ташкент, V бөлім, 1922.
14. Татар халық ижады. – Қазан, 1984.
15. Башқұрт халық ижады. – Өфе, 1982.
16. Қарайдар мен Қызылгүл. Ноғай жырлары. – А., 1989.
17. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – А., 1982. 92-бет.
18. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – А., 1984.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР

Танабаев Ғалымжан Өміртайұлы

филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Ж.А.Тәшенев атындағы университет

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы

Шымкент, Қазақстан

tanabaev69@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақтың ұлттық санасы Б.Майлиннің тіл ерекшеліктері арқылы, шығармаларындағы ұлттық-танымдық деңгейдегі лингвомәдени бірліктердің қолданысы негізінде зерттеледі. Осы мақсатқа сәйкес ұлттық құндылықтарға ие негізгі бірліктерді айқындау, жазушының көркем шығармаларындағы рухани сөздердің, мақал-мәтелдердің, теңеулердің т.с.с. құрамындағы бірліктердің лингвомәдени мәнін ашу міндеті белгіленді.

Б.Майлин шығармалары этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық тұрғыда кешенді зерттеу нысаны болған емес. Осыдан барып, Б.Майлин шығармашылығын тілдік тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі айқын.

Көркем шығармада тілдік семантикадан басқа да білім дүниесі бар. Сол білім дүниесі шығармада қалай берілді? Қазақ әдебиетінің классигі Б.Майлиннің көркем шығармаларының оқырманды баурап алуының сыры – риторикалық тәсілдерді, стильдік амалдарды шебер қолдануында ғана емес, оқырманға бейтаныс тілдік емес білімдер жүйесін ашып берумен де байланысты.

Осыған орай Б.Майлин шығармашылығын «тілдік тұлға» теориясы аясында танымдық бағытта зерделеуге ұмтылыс жасалып, ұлттық танымнан ақпарат беретін этнографизмдер, лингвомәдени бірліктер, мақал-мәтелдер мен теңеулер қаралды.

Б.Майлин көркем шығармаларындағы заттық, рухани, мәдениет атауларын білдіретін лингвомәдени бірліктердің жазушы бойындағы ұлттық таным деңгейін көрсетудегі маңызы ерекше екені тұжырымдалады.

Кілт сөздер: антропоэзектік бағыт, тілдік тұлға, лингвомәдени бірліктер, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мәдениет, ұлттық мінез, теңеу.

Аннотация. В статье исследуется казахское национальное сознание через языковые особенности писателя Б.Майлина, на основе использования в его произведениях лингвокультурных единиц национально-познавательного уровня. В соответствии с этой целью была обозначена задача определения основных единиц, обладающих национальными ценностями, раскрытия лингвокультурного значения единиц в художественных произведениях писателя в составе духовных слов, пословиц, сравнений и т.д. До этого времени произведения Б.Майлина не являлись объектом комплексного этнолингвистического, лингвокультурологического изучения. Отсюда очевидна необходимость языкового изучения творчества Б.Майлина.

Помимо языковой семантики, в художественном произведении есть и другие знания. Как был передан этот мир знаний в произведении? Секрет увлечения читателя художественными произведениями классика казахской литературы Б.Майлина связан не только с умелым использованием риторических приемов, стилевых приемов, но и с раскрытием незнакомой читателю системы неязыковых знаний.

В связи с этим была предпринята попытка изучения творчества Б.Майлина в познавательной направленности в рамках теории «языковой личности», рассмотрены этнографизмы, лингвокультурные единицы, пословицы и сравнения, передающие информацию из национального познания. В заключении можно сделать вывод, что лингвокультурные единицы в художественных произведениях Б.Майлина, обозначающие

предметные, духовные, культурные наименования, имеют особое значение в отражении уровня национального познания

Ключевые слова: антропоцентричное направление, языковая личность, лингвокультурные единицы, национальные традиции, национальная культура, национальный характер, сравнение.

Abstract. The article examines the Kazakh national consciousness through the linguistic features of the writer B.Mailin, based on the use of linguistic and cultural units of the national cognitive level in his works. In accordance with this goal, the task of determining the main units possessing national values, revealing the linguistic and cultural significance of units in the writer's works of fiction as part of spiritual words, proverbs, comparisons, etc. was outlined. Until that time, the works of B.Mailin were not the object of a comprehensive ethnolinguistic, linguistic and cultural study. Hence, the need for linguistic study of B.Mailin's work is obvious.

In addition to linguistic semantics, there is other knowledge in a work of fiction. How was this world of knowledge conveyed in the work? The secret of the reader's fascination with the works of fiction by the classic of Kazakh literature B.Mailin is connected not only with the skillful use of rhetorical techniques, stylistic techniques, but also with the disclosure of a system of non-linguistic knowledge unfamiliar to the reader. In this regard, an attempt was made to study B.Mailin's creativity in a cognitive orientation within the framework of the theory of «linguistic personality», ethnographisms, linguistic and cultural units, proverbs and comparisons transmitting information from national knowledge were considered. In conclusion, it can be concluded that the linguistic and cultural units in B.Mailin's works of art, denoting subject, spiritual, and cultural names, are of particular importance in reflecting the level of national knowledge.

Keywords: anthropocentric direction, linguistic personality, linguistic and cultural units, national traditions, national culture.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде антропоэзектік бағыттағы зерттеулерде тілді тектіл жүйесі ауқымында зерттеп қоймай, сонымен бірге тілді басқа да ғылым салаларымен ұштастыра қарастыру көзделіп отыр. Сондай бағыттардың бірі – тіл мен мәдениет байланысын, оның ішінде тіл иесінің алар орнын анықтап, жалпы ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін этнолингвистика, лингвомәдениеттану салалары. Осымен байланысты әдеби тілді дамытушы жеке тілдік тұлғаның тіл ерекшелігін танымдық тұрғыдан зерттеу – тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі. Жеке тілдік тұлғаны екі түрлі қырдан, атап айтқанда, этнолингвистика аясында және лингвомәдениеттану бағытында зерттеу оның терең қырларын ашуға өз септігін тигізеді. Сондықтан да Б.Майлин шығармаларының ішіндегі ұлттық-танымдық бірліктер лингвомәдени сипатта қарастырылды. Б.Майлин сынды көрнекті жазушы, драматургтың шығармаларының ерекшелігін этнолингвистикалық, лингвомәдениет-танымдық өлшемдер арқылы зерделеу тіл мен таным, тіл мен мәдениет сабақтастығын дәйектейтін өзекті мәселелердің санатындағы қажеттіліктен туындап отыр.

Биылғы жылы туғанына 130 жыл толып отырған қазақтың классик жазушысы Б.Майлин шығармалары этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық тұрғыда кешенді зерттеу нысаны болған емес. Осыдан барып, Б.Майлин шығармашылығын тілдік тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі айқын.

Сонымен қатар, антропоцентристік негізде оның шығармаларындағы ұлттық-танымдық, лингвомәдени бірліктердің қолдану деңгейіне ғылыми талдау жасау да зерттеудің өзектілігіне негіз бола алады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеулерде құзыреттілік бағыты, тілдік тұлға ретінде адамның тілдік туындыларды құру мен қабылдауды байланыстыратын қабілеттері мен мінездемелерінің жиынтығы,

шындық болмыстың бейнеленуінің тереңдігі мен дәлдігін сипаттайтын тілдік құзыреттілік, құрылымдық-тілдік күрделілік дәрежесі ұғынылатын бағыт басым.

Бұнда тілдік тұлға субстанциялық, уәждемелік және қатысымдық тәртіп, әлеуметтік-психологиялық рөл сияқты маңызды сипаттамаларды жоғалтады.

Тілдік тұлға категориясының күрделілігі мен көпқырлылығы белгілі бір сипаттамада маманданған зерттеудің бірнеше векторының қалыптасуына апарып соқты. Тілдік тұлға мәселесіне арналған көптеген жұмыстардың ішінде бірқатар негізгі бағытты атап көрсеткен жөн:

- тілдік тұлғаның этно және ұлттық-мәдени доминанттары (В.М. Богуславский, Н.В. Уфимцева, Н.Л. Чулкина т.б.);
- тілдік тұлғаның логико-интеллектуалды сипаттамалары (Г.В.Ейгер, А.А.Залевская, С.В. Лебедева, И.А. Раппопорт т.б.);
- тілдік тұлғаны әлеуметтік лингвистикалық немесе психологиялық подтип ретінде қарастыру (Г.Н.Беспамятова, А.В.Захарова, Т.А.Ивушкина, Л.П. Крысин, М.В. Ляпон и др.);
- тілдік тұлға және «қатысымдық тұлға» ұғымдарының арақатынасын талдау (О.Л.Арискина, Е.А.Дрянгина, Ф.С.Бацевич, Л.П.Клобукова, В.И.Карасик, Е.Ю.Прохоров т.б.)
- тілдік тұлға құрылымын модельдеу (Г.И.Богин, С.Г.Воркачев, Ю.Н.Караулов т.б.).

Мақала жазу барысында сипаттама жасау, лексика-семантикалық талдау, түсіндіру, этнолингвистикалық талдау әдістері қолданылды.

Талдау мен нәтижелер

Лингвомәдени бірліктер немесе ұлттық-танымды білдіретін тілдік бірліктер әртүрлі салалы сөздердің топтарынан көрінеді. Ұлттық салт-дәстүр, жөн-жоралғы, ұлттық көзқарастар, ұлттық болмыс, бір сөзбен айтқанда ұлттық мәдениетті, ұлттық мінезді білдіретін сөз және сөз тіркестері. Бұған кәсіп атаулары, кірме элементтер, тыйым сөздер, туыстық, далалық демократияға қатысты сөздер, рухани ұлттық мәдениет, ұлттық теңеу, баға т.т. категориялары бойында бар сөздер де енеді. Мысалы, лингвомәдени бірліктер – ұлттық өнер: ою, өрнек; ұлттық үй: абылайша үй, қараша үй, отау үй; ұлттық өлшем: құрық бойы, қозыкөш жер, сүт пісірім, бие сауым, бармақтай-бармақтай, шаш етек т.т.

Тіл мен мәдениет, өркениет арасындағы байланыс, жалпы тіл бірліктерінде көрініс тапқан материалдық мәдениет пен сол тілде сөйлейтін халықтың өткен тарихына көз жіберу, соны қарастыру этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық зерттеулерге тән.

Салт-дәстүрлер – рухани мәдениеттің негізгі аспектісі. «Ол – ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттарының бірі... Оның негізгі бір сипаты – оның тұрақтылығы. Ол оңайлықпен өзгере салмайды, тіл арқылы ол ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Сол арқылы ұлт өмірінің желісі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі» [1, 5 б].

Б.Майлиннің көркем шығармаларындағы ұлттық дүниетанымды білдіретін сөздер, этнографизмдер мынадай лингвомәдени бірліктер тобын құрайды:

Ұлттық салт-дәстүр лингвомәдени бірліктері:

Халықтық дәстүрді сақтау – бабадан келе жатқан мұрағат. Оның қасиеті мен ерекшелігін сол дәстүрді пайдалана отырып, сол ғұрыппен сусындап, тыныстап жүрген жұрт жақсы біледі. Әр халықтың өзіне тән атадан келе жатқан тарихи құндылықтары мен дәстүрлері болады.

Ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан әрі жарасты дәстүрлердің бірі – құда түсу. Жігіттің әкесі немесе жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі, яғни бойжеткен қызын өз ұлына қалыңдық етіп беруін сұрайды. Құдалар құрметке лайық сыйлы адам деп саналады. Қыз әкесі келісім берген соң құдалықтың жөн-жоралғыларын жасайды. Оның түрі өте көп. Мысалы, құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр жегізу, тағы басқа

ырымдар мен кәделері, алымдары болады. Құдалықты басқарып барған адам «бас құда» деп аталады. Тұрмыс құратын жігіт пен қалыңдықтың әкелері бір-біріне «бауыздау құда» деп аталады. Құда түсу – қазақтың ең үлкен той-думаны, мәртебелі, жарасты әрі мән-маңызы бар салт-дәстүрлерінің бірі. Онда түрлі ойын сауық, әзіл-қалжындар, балуан күрес, айтыс, өлеңдер айтылады. Екі жақта бір-бірінің артықшылығын байқап, кемшілігін сынап отыратыны бесенеден белгілі [2, 156 б.].

Б.Майлин шығармасында құда күту дәстүрі, оларды қарсы алуда жасалатын ырым-жоралғылар төмендегі мәтін арқылы сипатталады:

– Құдаларға жол беріндер!

– Кәне, кіріндер! – деп, күтіп тұрған жігіттер топтанып, үйге кіріп бара жатқан құдаларды қоршай бергенде, әйелдердің біреуі шелектегі қамырға саусақты сала берем деп еді, құданың бірі оқтай атылып шелекке жабысып, қамырмен әлгі әйелдің өзін «сыйлады». Сол-сол-ақ екен, екі-үш жастау құда додаға түсіп ойпаң-тойпаңы шықты: біреуіне қамыр жабысты, біреуінің басына бір әйелдің жаулығы кигізілді...

– Ау, тимендер!

– Болды ғой, ырымын істедіңдер... (Б.Майлин. Қоңсылар).

Жасынан атастырылған қызы жоқ ұлдың ер жеткен соң оны аяқтандырғысы келген ата-анасы баласы мен туысқандырымен ақылдаса отырып, келін болуға лайықты қыз қарастырады. Ежелгі қалыптасқан дәстүр бойынша ұл баланың 3-10 жасы аралығында қыз айттыра бастайды. Болашақ қалыңдықты таңдауда екеуінің жас айырмашылығы бес немесе одан көп болуы мүмкін. Яғни жас алшақтығына қарамайды, қалыңдықты әкесінің байлығы мен жағдайына байланысты да таңдайды. Алайда, мұны ұлдың әкесі өзінің материалдық жағдайын жөндеу үшін байлықты көксегендігі деп түсінбеу керек, тек екі жақтың тең болуын қалағандықтан қалыптасқан үрдіс.

Жігіт әкесі өзіне терезесі тең деп санаған үйдің қызының басының бостығын білсе, арнайы адам жібереді немесе өзі барады. Қызын көруге келген адамға қыздың шешесі: «Қызды кім айттырмайды, қымызды кім ішпейді, қызымның басы бос» деген ниетін естіген соң ғана айттыру қамы жасалынады. Ежелгі салт бойынша, айттырар алдында жігітке қыздың, қызға жігіттің атын ататқан. Айттыру сөзі осыған байланысты шыққан болса керек. Қызды айттыруға туыстарымен ақылдасқан күйеу жігіт жағы қалыңдық ауылына жөн-жосықты жақсы білетін, сөзге шешен, әзіл-қалжыңға епті жаушы адам аттандырады.

Жазушы шығармасында осыған байланысты келесі тілдік дерек кездеседі: Байбол адам жіберіп айттырғанда су түбіне кететін шығармын-ақ деген еді, бірақ әжесі кесе түсіп, айырып алып қалған секілді (Б.Майлин. Әдет құшағында). Ыбырай қызын ұзатайын деп жатыр деген соң тойына бардық. Айымкүл өзі теңдес қыздардың ішіндегі көрікті, ақылды, салмақтысы еді (Б.Майлин. Айымкүл). Бата оқыр, төркіндеу сияқты ерекше жұмыстар болмаса, әйелдің үйден шығып жүруінің өзі ерсі деп ойлады (Б.Майлин. Раушан – коммунист).

Шілдехана – жаңа туған нәрестенің құрметіне арналған той, шілдеханаға арнайы шақырумен де, шақырусыз да келе береді. Бұл тойда «Балаңыздың бауы берік болсын!» деген құттықтау айтылады. Қонақтар таң атқанша домбыра тартып, өлеңдер айтады, түрлі ойын-сауықтар ұйымдастырады. Жеңгендерді отбасының сый-құрметіне бөлінеді. Шілдехана – баланы жын шайтаннан қорғап, күзетуден болған дәстүр. Сондықтан шілдехананы «Шілде күзет» деп атаған.

Сол күні түнде, сол ауылдағы біреудің қырыққа келген әйелі ұл тауып, шылдақана болды. Қыз-бозбала шылдақанаға жиналды (Б.Майлин. Көктеректің бауырында).

Оқулықтар мен анықтағыш құралдарда көрсетіп отыру арқылы, күнделікті жазу тәжірибесінде, әсіресе баспасөзде біркелкі қолдану арқылы бұрын екі-үш түрлі жазылып келген жүздеген сөздердің бір ғана тұлғада таңбалануы едәуір орнығып қалды. Мысалы, бәйтерек, бәйшешек, диқан, ерегiс, жай, қазiр, қисса, меруерт, мысалы, өйткенi, өйтiп, патша, сiрiңке, шiлдехана сияқты сөздердiң бәйтерек, бәйшешек, дихан, ерегес, жәй, кәзiр,

хисса –қысса– қыса, мерует, үйткені, үйтіп, патса, сіреңке, шілдеқана, шылдақана деген варианттарының жазылуы біршама тежелді. Мұндай фонетикалық-орфографиялық варианттардың дұрысын емле сөздіктерінің көрсетуі бойынша жазу керек [3].

Ең алдымен, қазақтың «киелі ақ бесігінің» халық дүниетанымында маңызы зор. Этнограф ғалымдардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, «Бесік – қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы» болып есептеледі. Жаңа туған баланы бесікке салу – халқымыз үшін елеулі дәстүрлердің бірі. Осындай қуаныш үстінде бесік жыры айтылады. «Бесік» сөзінің мағынасы – жас нәрестеге арналып жасалған ағаш төсек. Э.Севортян бесік сөзінің мағыналарын былай түсіндіреді: 1. колыбель, люлька; 2. младенец; 3. потомство, поколение, род, родство; свойственник. 4. друг, возлюбленные; 5. гроб, могила. Ол сары ұйғыр тіліндегі пел'е-, якут тіліндегі біліә, чуваш тіліндегі пиеле, басқа түркі тілдеріндегі бе:ше-бе:ши тұлғалары М.Қашқари сөздігіндегі «құндақтау», «бесікке таңу» мағынасындағы belemek (<be-le-mek) етістіктеріне сай келетінін айтады.

Ә.Нұрмағамбетов бесік сөзінің шығу тәркінін былай ашады: «Якуттарда бигээ – тербету (бесікті) [ЯРС: 68] немесе билиэ – бесікті тербету, ал сары ұйғырларда пеле – әлдилеу (баланы) [4, 123 б.]. Жоғарыдағы тілдік деректер бізге сөздің алғашқы түбірі етістік би (мағынасы «тербету»), оған түркі тілдеріне тән, бізде қазақ тіліне тән меншікті жұрнақтар қосылуы нәтижесінде зат есім туып, оның мағынасы – жас нәрестеге арналған төсек, тұлғасы бесік болып қалыптасқан. Мұның өзгеріс жолы мына схемадан көрінеді: би>бе+с+ік>бесік» [5, 50 б.]. Профессор Е.Жанпейісов былай дейді: Бесік сөзі якут тілінде бісік түрінде қолданылады. Якут тілінде сондай-ақ «род», «потомство» мағынасында айтылатын біс дейтін де сөз бар көрінеді [6, 477 б.]. Біз бесік сөзі bele ~ bele-mek деген «құндақ, құндақтау» мағыналы көне түркі сөзінен шыққан деп жорамалдаймыз.

Бесікке қатысты келесі мысалдар қолданылған:

Жасқа толған қара көздің жанарында қуаныш сәулесі ойнай бастаған секілденіп, жас әйел бесіктің екінші жағына отырды. Бесікті қоршаған баласы мен келінін көріп, бар тілегі тап сол минутте орындалған секілденіп, кемпірдің иегі кемсең қақты... (Б.Майлин. Бір адам).

Қазақ халқының салт-дәстүрінде әйелдер өзі келін боп түскен әулеттің үлкендерінің атын атамай, оларға лайықты ат қоюға тиісті болғаны белгілі. О баста табумен байланыстырылған «ат тергеу» дәстүрі бейнеленетін дүние суретінің ұлттық сипатын, ұлттық бояу-нақышын білдірумен бірге шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлқын сипаттайтын тілдік амал-тәсілдерге де жатады:

– Сен де жат, еркежан, – деді жеңгей күлімсіреп (Б.Майлин. Азамат Азаматыч).

Тысқа шығып біраз тұрды да:

– Еркежан, – деді.

Үйден 16-17 шамасындағы бұралған әдемі қыз шықты. Үсті-басы малынып тұр.

Келіншек күлімсіреп:

– Суға барайық. Айдарлым да келе жатыр екен, – деді. Қыдырып жүрген бір-екі жігіт арт жағынан келіп келіншекті қытықтап қалды (Б.Майлин. Айт күні).

Қорғамбек Қалампырды бұл жолы шынтақпен қаттырақ итеріп қойды.

– Тентек жігіт деймін, сақтан деймін, эне, көрдің бе, тізесінің астында мылтығы жатыр! Сұмдық-ай, масқара болмасақ игі едік! (Б.Майлин. Ахыран бастығы).

Сырлыбай өлген соң қырық үйлі қарық болдың ішінде Сырлыбайдың аруағын аттаған бенде жоқ: кемпір-шал намаз артынан бата қылғанда «Сырлыкеме тие берсін» дейді; үлкен-кіші сапарға шыққанда Сырлыкекесінің аруағына сиынады. Жас қатындары басын кесіп алса да «сыр» деген сөзді ауыздарына алмай, «сырлы аяқ» дегенді «бояулы аяқ» дейді. Бала таба алмаған қатындарға емші кемпірлер Сырлыкекесінің таспиғын суға шайып береді. (Б.Майлин. Заман).

Жас әйелдер оны «сұлу мұрт» қайнаға дейді...(Б.Майлин. Бір адам).

Қазақ даласында көш жайлауға келген кезде қызығы мол кезең басталады. Жайлау төрт түлік малға оңтайлы өріс болуымен қатар, жұртшылық, ел адамдары үшін де қолайлы әлеуметтік-мәдени кеңістік болған. Өйткені көшпелілер салтына үйлескен бірқанша тіршілікқамы әрекеттері, дәстүр-жоралғылары осы жайлауда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, сыбағаға шақыру, құдаласу, қыз айттыру, атастыру, келін түсіру, ас беру, бие байлау (қымызмұрындық), шашыратқы беру, т.б. Сонымен қатар қой қырку, киіз басу, өрмек тоқу, т.б. жұмыстар атқарылып, қысқа азыққа құрт, ірімшік, қатық, т.б. тағам түрлері дайындалады. Ал жастар арасындағы ақсүйек ойнау, алтыбақан тебу сияқты бірқатар ойын-сауықтар жайлаудың думанын қыздыра түседі.

Соғымның алдын сойып ек, қайным келіп, сыбағасын жеп кетсін деп жатыр жеңген (Б.Майлин. Раушан – коммунист).

Сол жылы қыс Әбдірахманның әкесі шөп іздеп жүріп Айнабайдың үйіне келсе, Айнабайдың қатыны қос қазыны бұзбастан салып етпен сыйлап, ақысыз-пұлсыз бір шана шөп беріп жібереді (Б.Майлин. Шұғаның белгісі).

Ұзамай соғым сойылды. Үй басы қазан-қазан ет асылды. Қыдырыс, түстеніс басталды. Құда түсу, қыз ұзату да болды (Б.Майлин. Қалқоз қорасында).

– Құдай берді ғой, қуанышты құр өткізбейік, алтыбақан тебейік! Түн бойына асыр салып, бүгінгі түнді сауықпен өткізейік! – деді (Б.Майлин. Қанды кек).

– Уа, тойларың құтты болсын!

– Тойларың тойға ұлассын! – деген сөздерді шеттен келгендерден екінің бірі-ақ айтып жатыр.

Ауыл адамдары осы тойды ортадан бірігіп істегеннен бетер:

– Айтсын!... Айтқандарыңыз келсін! – деп, бар жақсылықты өздеріне қарап бейімдей түседі (Б.Майлин. Қоңсылар).

Ауылдың қатындары қолдарында қос сабауы, емпеңдей басып барып ақ үйге кіріп жатыр. Сөйткенше болмады, елді басына көтеріп сабаудың дауысы шыға бастады. Жұрт шайын ішіп болып, шалдар таяғын қолына алып, сабау даусы шыққан үйге қарай тұс-тұстан жинала бастады... (Б.Майлин. Әдет құшағында).

Ескілікті әңгіме аяқталуға айналды. Қой қырқылып болған шамада, шалдар үйді-үйіне ыдырады (Б.Майлин. Әдет құшағында).

Бір жылғысын баламның қайнына қалың малға бердім, келер жылғысын қатынның төркініне азаға салдым, былтырғы бұзауын құдаға сойып берген тоқтының төлеуіне бердім (Б.Майлин. Мұқыл сиыр, қызыл бұзау).

Алақан соқпақ – көбіне бозбала мен жас жігіттер жиылып ойнайтын ұлттық ойын түрі. Ойыншылар шеңбер жасай жайғасады да, өз орталарынан бір адамды «хан» сайлап алады. «Хан» қолына арнайы орамалдан немесе ұзыншалап ұстаған киімді «арқан» етіп алып, ортаға шығады да, отырған ойыншылардың біреуіне келіп алақанын көрсетуін талап етеді. Қыз немесе жігіт өз алақанын көрсетеді. Сол кезде хан олардың алақанынан соғып, «Арқан қайда?» деп сұрағанда, жігіт өзі ұнатқан қызды көрсетеді. «Хан» көрсеткен адамға келіп, алақанын көрсетуін сұрағанда ол адам алақанын көрсетеді. «Хан» оны да алақанынан соғып, жоғарыдағы сұрағын қайталайды. Ол өз кезегінен басқа адамды көрсетеді. Сойтіп ойын ары қарай жалғаса береді. Кей кездері екі қарсылас бірін-бірі көрсете береді де, «хан» олардың біреуі жеңілгенін мойындағанынша, демек қарсыластың біреуі көрсетуін доғарғанға дейін алақанын кезек-кезек ұра береді [7].

Алақан соқпақ ойнап жатыр екен. Бір қыз бен бір жігіт белбеуді шиыршықтап есіп алып, жұртты аралап жүр. Кезек Ділдәға келді.

– Қолыңызды әкеліңіз, – деп белбеу ұстаған жігіт Ділдәға төне қалды.

– Ақырын ұрыңызшы, қолымның терісі сойылатын болды, – деп Ділдә күлімсіреп, жеңінен шығарар-шығармас қылып қолын ұсынды ... (Б.Майлин. Бір адам).

Күнде шомның басында тұратын Қажыбай ақсақал, бүгін үйі қырға шыққандықтан молдасын қасына ертіп, ауылдың қасындағы бір биіктеу жерге шығып отырып: «баяғыда

біздің бала күнімізде ана жерлерде қала жоқ еді, анау көрінген қара қоғаның басында талай асық ойнап едік-ау» деп қысыр кеңеске кірді (Б.Майлин. Болған іс).

Тілімізде әйел атауының концептуалдық өрісіне енетін қыз атауымен байланысты қызбөрі, қызойнақ, қыз айттыру, қыз алып қашу, қыз кәде, қыз ұзату, қыз жасауы, қыз қуу т.б. сияқты ұлттық салт дәстүр мен ғұрып нышандарын бейнелейтін этнографизмдер мен мақал-мәтелдер, фразеологизмдер орасан көп.

«Қызойнақ» – әке-шешелері жоқ кезінде бойжеткен қыздар оңаша қалып, ойын-сауық ұйымдастырады. Оған (жасырын түрінде) жігіттер де қатысады. Бұл мәжіліс құпия және оның ұйымдастырушылары тек қыздар болғандықтан, «қызойнақ» деп аталады. Қазіргі кезде қызойнақ көп ұйымдастырылмайды, ата-ана қыздарының қатысуына қатаң тыйым салған.

Бір күні қызойнаққа барып, таңа ата келе жатса, ұйықтап қалған екем, әжем оятты (Б.Майлин. Шұғаның белгісі).

Келін түсіру, қыз ұзату ғұрыптарымен байланысты жұмыста ұрын бару, бауыздау құдалық, ит ырылдатар, табалдырық аттар, түндік ашар, отқа май құю, оң жақ, жаушы, сәукеле, боғжама, сыңсу, босаға, беташар тәрізді бірсыпыра идиоэтникалық бірліктердің тілдік сараптамасы берілген. Мысалы, ұрын бару дәстүрі де, сөздің өзі де бұл күнде қолданылмайды. Күйеу жігіттің қалыңдығымен алғаш кездесуге баруын «ұрын бару», осыған орай ұйымдастырылған той-думан «ұрын той» деп аталады. Тойдың мақсаты – екі жастың оңаша кездесуіне, еркін сырласып, махаббат жайлы сыр шертуге мүмкіндік туғызу. Жаңа ортаға келгенде қызының басына түсетін іс-әрекеттерді, ұрын барғанда және қыз алуға келгенде, жігіттің де басынан кешіріп, келген құда-құдағилардың да жауапкершіліктерін арттыратын тәлім мен тәрбие деп түсінген жөн. Қайын жұртына келгенде бірінші болып, әдет пен тәртіптің түрлерін күйеу жігіттің басынан кешіруі, ертең қалыңдығы өз шаңырағына келгенде оған түсіністікпен көмек көрсетудің сабағы тәрізді.

Қалыңдығымды ұрын көруге бардым. Қызды алып келді, тырнадай серейген біреу екен (Б.Майлин. Сары май).

Сұтақы кәдесі – қалыңмалдың құрамдас бір бөлігі ретінде күйеудің қалыңдық анасына арнайы беретін сыйлығы. Сұтақы ретінде әр түрлі бағалы заттар, киім-кешектер сыйға тартылады. Сұтақыны құдалар қалыңдықты алуға барғанда арнайы салтанатпен, тойға немесе шығарып салу рәсіміне жиналған ауылдастары, туыстары алдында жұртқа көрсетіп, арнайы атап берген. Бұл кәде шешесінің қызды (қалыңдықты) бағып, тәрбиелегені үшін күйеу тарапынан алғыс білдіру ниетінен бастау алған жоралғы [7].

Мына торы ат сол құрдасыңнан «сүт ақыға» алған аты (Б.Майлин. Раушан – коммунист).

Сонымен бірге салт-дәстүр, түрлі ырымдарға байланысты келесі лингвомәдени бірліктер ұшырасады:

Кәрі шешесі, былтыр алған жамағаты Зейнеп екеуі де бірдей мойындарына бұршақ салып, Ыбрайдың тірлігін құдайдан зар жылап сұрап отыр еді. (Б.Майлин. Көшпелі махаббат)

Ауылдың адамдары жиылған қалпымен келіп Әбдірахманға естіртті. Әбдірахман жыламады, сүп-сүр болып қатты да қалды. Бәріміз де көңіл айтқан болдық (Б.Майлин. Шұғаның белгісі).

– Сонымен барып қайттым. Жастары қызу, неге болса да әзірміз дейді. Бүгін Исабай ауылы «Көк моланың» басына жиналып «тасаттық» берген білем. Тінекең ауылы ертең береміз деп малдарын әзірлесіп жатқан көрінеді (Б.Майлин. Қанды кек).

– Қашан береміз?

– Ертең берейік. Сәрсенбінің сәтіне беріп, құдайдан бір тілеп көрейік, мақұл ма? (Б.Майлин. Қанды кек).

«Сәрсенбіні сәтті» деп қазақтар жоғары бағалайды. Бұл күні бала туса оған міндетті түрде Сәрсенбай, Сәрсенгүл деп ат қояды. Ойын-күлкі, игілікті жақсы істерін (көшу, жолға

шығу т.б.) осы күні бастайды. Тырнақ, шаш алуға болмайды, пейіл бұзылады. Су, түрлі өсімдіктер осы күні пайда болған. Бұл күні отырғызылған өсімдіктер, жемістер, ағаштар тез өседі. Себілген егін бітік болады.

Ұлттық теңеу: «Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымының ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі» [8, 3 б.]. 45

Теңеу, эпитет – затты, нәрсені, құбылысты немесе солардың белгісін, қасиетін, сапасын көрсететін көркемдік ұғым. Халық тілінде тұрақты теңеу (алтын көпір, бұйра толқын, сын сағат, берік байлам, ыстықықыласт. б.) мол ұшырасады. Абай поэзиясында теңеудің көптеген түрлері бар болмысымен, қиысымен қолданылған. Әсіресе, «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңінде аттың сынына байланысты қолданылған теңеу осының жарқын мысалы болып табылады; «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ, бакен қабақ»; «Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті»; «Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс», сол сияқты, терең ой, терең сөз, терең ғылым сияқты теңеулер де Абайдан бастау алған троптар.

Адамның белгілі бір қасиетін, мінез-құлқын, белгісін сипаттау тілдік жүйеде және жазушы мен сөйлеуші қолданысында аталған тілді тұтынушылардың өмір сүру жағдайына, мәдениетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымы, таным-талғамына, күнделікті тұрмыс пен өмір тәжірибесінде бұрыннан қалыптасқан түрлі зат, құбылыстармен байланысты жүзеге асады. Яғни тілден халықтың рухани және материалдық мәдениетінің іздерін байқауға болады.

Б.Майлин шығармаларында да ұлттық дүние суретін танытатын теңеулер жиі кездеседі. Мысалы:

Сұлулыққа, әсемдікке байланысты ұлттық-танымдық бірліктер:

Таныс көз ғой деп Азамат та көзін жоғары көтере түсіп еді: ақ жібек көйлегі желбіреп, қою қара шашты тоқпақтай қылып желкеге түйіп тастап, өткір көзді күлімсіретіп қарай түсіп, Мәриям келе жатыр екен (Б.Майлин. Азамат Азаматыч).

Дауысы күмістей сылдырады... «Дауысы қалай оңды еді!» деп Азамат ынтыға түсті (Б.Майлин. Азамат Азаматыч).

Мәриямның ақ жібек көйлегінде екі жең қалпетімен жоқ. Мәриямның тығыршықтай ақ білегі – масаның жемі (Б.Майлин. Азамат Азаматыч).

Құлпырған көк, қызыл-жасылды қызғалдақтар кілемнің түріндей жайнайды... (Б.Майлин. Әбділдә төре).

Сұлу қыздың өткір көзі қанжардай қадалып, жүрекке таңба салатын сезім секілденді (Б.Майлин. Зейнештің серті).

Аққудың көгілдіріндей осы аппақ (Б.Майлин. Шұғаның белгісі).

Сайлаушының әйелдерді де «шақырт» дегенімен, ауылнай жақын ауылдың әйелдеріне де хабар айтқан екен, көріксіз жайдақ арбаға тиеле мініп, шағаладай болып әйелдер де келе жатыр (Б.Майлин. Әдет құшағында).

Екі беті алмадай, көзі мөп-мөлдір қара, тал шыбықтай бұралған таңдаулы сұлудың өзі еді (Б.Майлин. Болған іс).

II Адамның денесінің салмағына, дене мүшелері қалпына байланысты қолданылатын ұлттық-танымдық бірліктер:

Маржан Әбділдәмен әзілдесіп отырып, бір ретте: «Инеліктей қатырып осы шіркінді қайдан алды?!» дегенді де айтып салған... (Б.Майлин. Әбділдә төре).

Екі-үш жылдан кейін Болат бала дыраудай болып өседі (Б.Майлин. Әлім болыс).

Енді осы көсілген аяқтың иесін көруге құмартып, басыңды көтерсең, үрген қарындай қампиған бір тұлып бет-кезінің шарасына зорға сыйғандай боп көрінеді (Б.Майлин. Бір түн).

Кемиектеу келген тарғыл көлбақа тәрізді кемпіріне қарап күлімсіреді (Б.Майлин. Раушан – коммунист).

Тырнадай сорайған, мұрны имиген, көзі тұздай әйел екен (Б.Майлин. Раушан – коммунист).

Ол қарны кебежедей бір көк атқа мініп ауырлап-ауырлап жіберді (Б.Майлин. Қоңсылар).

Қажының қара тоқалы – жағына пышақ жанығандай арық пішінді адам (Б.Майлин. Қоңсылар).

Қалыңдығымды ұрын көруге бардым. Қызды алып келді, тырнадай серейген біреу екен (Б.Майлин. Сары май).

Қарата үйге арқасын сүйеп, үрген торсықтай болып тырсылдап бәйбіше отыр (Б.Майлин. Сары ала тон).

Жақсылық бала жиырмаға аяқ басып еді: шойын денелі, екі беті торсықтай, жүріс-тұрысы пысық, алпамсадай қара жігіт болып еді (Б.Майлин. Тартыс).

Б.Майлин шығармаларында ұлттық танымды білдіретін келесі теңеулер жиі қолданылады:

Білектей қамшымен күрең жорғаны жамбасқа тартып жібергенде, жорғаның тұяғы жұмсақ топырақты уыстап лақ, тырғандай болды... (Б.Майлин. Сары ала тон).

Шоққа қойылған құманша толған қозыдай бүйірленіп, сақылдап қайнап, шайдың иісін мұрынға кіргізіп барады. (Б.Майлин. Желдібай Жындыбаев).

Ауыл өмірі сынаптай толқыды... (Б.Майлин. Бір адам).

Көк кітаптың ішіндегі баданадай әріптер қазақ елінің қараңғы түкпірінен оқушы тапқанына мәз болып, жымыңдап күліп тұрған секілді... (Б.Майлин. Алғашқы сабақ).

...Аудандық кеңсеге кіріп келсең, жасаған табақтай қатарланған үстелдер, сендей сапырылысқан адам, айнала алмайсың, аяқ алып жүре алмайсың (Б.Майлин. Кеңес ағасы Кәмила).

Сайлауға жиналған адам құрттай қайнайды (Б.Майлин. Әлім болыс).

Қанттың қылдай жазығы жоқ болса да, ақ ісі арамға шығып кететін сияқтанады (Б.Майлин. Әлім болыс).

Мал сауған қатындар, бие ағытқан қыз-келіншек, асыр салған балалармен ауыл іші базардай қайнап жатыр (Б.Майлин. Әбділдә төре).

Байбол келгенде Сақып кірпік шешендей жиырылды (Б.Майлин. Әдет құшағында).

Бірақ неге екені белгісіз, қаламын ыңғайлап ұстаса да, қағазды бүктеп алдына қойса да, шамданшақ аттай кібірткітеп, Нұрлыбайдың қолы бір жөнге жүрмейді (Б.Майлин. Баянсыз бақ).

Нұрлыбай жауар бұлттай тұнжырап біраз отырды да, бірдемеге бел бұғандай болып қаламды құшырланып ұстады (Б.Майлин. Баянсыз бақ).

Іште жатқан шерді тасыған судай ағыттым (Б.Майлин. Аштық құрбаны)

Дастарқанды жерге жайып, астаудай қара табақты ортаға алып, үш-төрт кісінің отырғанын көресің (Б.Майлин. Бір түн).

Теңеу тіркестерін зерттеу – бұл өз ұлтыңның тұрмыс-тіршілігін, оның болмысын, табиғатын танып білу. Теңеу тіркестерінің тілдік болмысын тану ол сол халықтың тарихымен тығыз байланыста зерттеу болып табылады. Сондай-ақ, -дай, -дей, -тай, -тей қосымшалары арқылы жасалған теңеулерге, оларға негіз болып тұрған тіліміздегі әртүрлі атауларға этнотанымдық сипаттама беру арқылы өткен замандағы қазақ халқының тұрмысынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан, шаруашылық дәстүрінен мол мағлұматтар алуға болады. Б.Майлин шығармаларында аталған қосымша арқылы жасалған теңеулердің басым екені талдау барысында анықталды.

Б.Майлин шығармаларында қолданылған мақал-мәтелдердің дені халықтық сипаттағы мақал-мәтелдер болып келеді. Автор оларды негізінен түпнұсқа күйде берген. Ол ұлттық тілдің бай қазынасы – сөздік құрамын мейлінше шебер пайдаланып, әр сөзін, сөйлемін, тұтас мәтінін мәнерлі, өткір шебер тілмен өрнектеген және оларды белгілі бір сильдік мақсатпен ұтымды пайдаланып отырған.

«Елу жылда ел жаңа» деген ата мақалы бекер екен, бұл ел төрт жылдың ішінде жаңарып шығыпты. Ескі көңнен шақырым шамасына жаңа

Ел құлағы елу ғой. Әбділдә туралы жұрт өсекті көбейтуді шығарды.

– Төреліктен шығарып тастапты (Б.Майлин. Әбділдә төре).

– «Көресінді көрмей, көрге кірмейсін» деген осы екен ғой, – деп күрсінді... (Б.Майлин. Өлім болыс).

«Жүрген аяққа жөргем ілігеді» деп, пайданы молырақ істеген жолы миығынан күлетіні де болатын (Б.Майлин. Биғаншаның хаты).

– Әй, итсің-ау, дым білмейсің-ау. «Шашы ұзын, ақылы қысқа» деген осы-ау! – деп, Сұлтан күйіп-пісті де қалды (Б.Майлин. Биғаншаның хаты).

«У жесең руыңмен» деп, көпшіліктен жырылып шығудан қиын не бар, осы Шәкібай ақсақал ауқымына маталғанның бірі боп, болашақты бұлдыр болжап, от басынан шыға алмады... (Б.Майлин. Бір адам).

– Қой, ауылға бару керек: «У ішсең ұлтыңмен» деген, екі талай күн туғанда, әлдеқайда қаңғырып жүруімнің жөні болмас, ертең жүрем, кетем! – деді өзіне (Б.Майлин. Қанды кек).

«Жаман шынын айтам деп, сырын айтып алады» – дегендей, мен сізге айта беріпін-ау... (Б.Майлин. Қанды кек).

«Сынық екеш – сынық та жұғады» деген ғой (Б.Майлин. Бір түн).

«Уә, Бәкен шырағым! «Қатын ерге қарайды, ер жерге қарайды», «Қатын бастаған ел қараң қалады» деген бұрынғының мақалы бар (Б.Майлин. Раушан – коммунист).

Ауыл көршілері Қапанды ұнатпай қарап, «кедейдің кербезінен сақта» деп мысқылдай күлуші еді (Б.Майлин. Әдет құшағында).

«Көсеу ұзын болса, қол күймейді» дегенді білмейсіз бе?! – деді (Б.Майлин. Көшпелі махаббат).

Көпке топырақ шашасың ба, құдайдың салғанына көндікте отырдық (Б.Майлин. Шұғаның белгісі).

«Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» дегендей, сол кездегі ел тұрмысының шеңберіне сыймай, жаратылысы бөлек тұрған адам секілді еді (Б.Майлин. Қоңсылар).

Мұндайда бәпелеп отырған киіз үйдің баспана болуға жарамағаны-ақ жаман. «Ұшарын жел, қонарын сай білген» осы киіз үй... (Б.Майлин. Қоңсылар).

– «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» – деген ғой, мұның дұрыс. Ептеп күн көргенге не жетсін, – деп Жарылқасын онымды қостап қойды... (Б.Майлин. Сахара).

Қарғыс жақсы нәрсе емес, «жүйелі қарғыс жүйесін табар, жүйесіз қарғыс иесін табар» деген үлкендердің нақылы бар (Б.Майлин. Шапайдың хаты).

Шұға не қыла қойсын; таздың ашуын тырнадан алып Базарбайды айдап шығарып жібереді (Б.Майлин. Шұғаның белгісі).

Сонымен қатар Б.Майлин қолданысындағы төмендегі мақалдың қазіргі таңда басқаша қолданылатынын талдау барысында анықтадық.

«Шариғат – ағып жатқан бұлақ, кәриялардың сөздері – жағалап біткен құрақ», деп үлкендер айтқан екен (Б.Майлин. Әбділдә төре).

«Білім – ағып жатқан бұлақ, бұрынғының сөздері – жағалай біткен құрақ» (Қазақ мақал-мәтелдері).

Қара құманның жанына отырып, кесесін жерден алып жатып:

«Екі нар сүйкенсе, ортасында шыбын өледі» боп істікке түйрелетін Нұрбике үйі болмай ма?... (Б.Майлин. Қоңсылар).

Бүгінгі таңда келесі нұсқа қолданылады:

«Екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өледі» (Қазақ мақал-мәтелдері).

Қорытынды

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Қазіргі тіл білімінде кеңінен қанат жая бастаған когнитивті лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану бағыты тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыс мәселелерін жан-жақты зерттейді.

2. Ұлттық қасиеттерді бойына жинақтаған Б.Майлин шығармашылығы, табиғаты оның көркемдік тілі, таным әлемі және қоғамға, тілге деген қозғаушы күшін зерттегенде ғана айқындалады.

3. Б.Майлинді тілдік тұлға ретінде танытатын және тілдік тұлғаның қозғаушы күш екенін айғақтайтын сала – көркем сөзі, повестері мен әңгімелері.

4. Ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттаушы, жақтаушы, дамытушы қоғам қайраткері Б.Майлин – өз кезеңіндегі қоғамдағы өзгерістерді, жаңалықтарды қазақ мәдениетіне ұсынушы мәдени тұлға.

5. Б.Майлин шығармаларының өн бойында қазақ халқының ұлттық мәдени нышандарын бейнелейтін теңеу, эпитет, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, рухани-діни сөздер жиі қолданылған.

6. Б.Майлин шығармаларын лингвомәдени аспектіде зерттеу ұлттың дүниетанымынан, психологиясынан, тарихынан хабардар ететін ұлттық-танымдық лингвомәдени бірліктердің этнолингвистикалық мәнін ашу арқылы жүзеге асады.

7. Б.Майлин көркем шығармаларындағы заттық, рухани, мәдениет атауларын білдіретін лингвомәдени бірліктердің жазушы бойындағы ұлттық таным деңгейін көрсетудегі маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Плужаров О. Культурный компонент в семантической структуре слова кум в русском и сербском языках // Язык и культура. Материалы Международной конф. – Киев, 1997.

2. Слышкин Г.Г. Лингвокультурные концепты и метаконцепты. Волгоград. гос. пед. ун-т. – Волгоград: Перемена, 2004. – 340 с.

3. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Алматы, 2016. – 480 б.

4. Севортян, Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные/ АН СССР. Ин-т языкознания. – М.:Наука,1974. – 768 с.

5. Нұрмағамбетов, Ә. Бес жүз бес сөз: (сөз төркіні) – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.

6. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауезова). – Алматы, 1989

7. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011

8. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 193 б.

9. Плужаров О. Культурный компонент в семантической структуре слова кум в русском и сербском языках // Язык и культура. Материалы Международной конф. – Киев, 1997.

10. Нұрсұлтанқызы Ж. О. Бөкеев шығармаларындағы бейвербал

11. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, 1991. – 272 б.

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ЛИТЕРАТУРА В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Ботабаева Жанна Нуралиевна

кандидат филологических наук, старший преподаватель, декан факультета
«IT и иностранные языки» АО «Университет имени Ж.А. Ташенева», г.Шымкент
botabayeva_janna@mail.ru

Сластухина Ольга Ивановна

кандидат филологических наук, доцент Академии цифровых технологий,
Санкт-Петербург, Россия
slastuhinaoi@adtspb.ru

Аннотация. Статья посвящена анализу роли художественной литературы в контексте модернизации высшего образования. В условиях быстрого развития технологий, глобализации и изменений в образовательных процессах художественная литература продолжает оставаться важным инструментом в формировании личностных и интеллектуальных качеств студентов. Целью работы является исследование воздействия литературы на когнитивное, эмоциональное и моральное развитие обучающихся, а также её роли в процессе формирования критического мышления и социальной ответственности.

В статье рассматриваются актуальные подходы к использованию художественных произведений в рамках учебных дисциплин, связанных с гуманитарными науками, а также возможности интеграции литературы в междисциплинарные программы. Особое внимание уделяется вопросам, как литературные тексты могут способствовать развитию креативности, эмпатии и межкультурного общения, что является важным в условиях модернизации образования. В статье анализируются примеры успешных педагогических практик и программ, где литература используется для формирования навыков активного читателя и критического анализа текста. В заключение подчеркивается, что, несмотря на технологические преобразования, художественная литература остаётся незаменимым элементом образовательного процесса, оказывающим влияние на развитие личности студента и подготовку его к профессиональной деятельности.

Ключевые слова: художественная литература, модернизация, высшее образование, образовательный процесс, культура, междисциплинарный подход, гуманитарные науки, формирование личности, чтение, эстетическое воспитание

Андатпа. Мақала жоғары білімді модернизациялау контексінде көркем әдебиеттің рөлін талдауға арналады. Технологиялардың жедел дамуы, глобализация және білім беру үдерістеріндегі өзгерістер жағдайында көркем әдебиет студенттердің тұлғалық және интеллектуалдық қасиеттерін қалыптастырудағы маңызды құрал болып қала береді. Зерттеу жұмысының мақсаты – әдебиеттің когнитивтік, эмоционалдық және моральдық дамуға әсерін, сондай-ақ оның сын тұрғысынан ойлау мен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру процесіндегі рөлін зерттеу.

Мақала гуманитарлық ғылымдармен байланысты оқу пәндері аясында көркем шығармаларды пайдалану жөніндегі өзекті тәсілдерді және әдебиетті межелік пәндер бағдарламаларына интеграциялау мүмкіндіктерін қарастырады. Әдеби мәтіндердің шығармашылық, эмпатия және мәдениетаралық коммуникацияны дамытуға қалай ықпал ете алатынына ерекше назар аударылады, бұл білім беру модернизациясы жағдайында маңызды болып табылады. Мақалада әдебиет оқырманның белсенді дағдыларын қалыптастыру және мәтінді сын тұрғысынан талдау дағдыларын дамытуға арналған табысты педагогикалық тәжірибелер мен бағдарламалар мысалдары талданады. Қорытындыда технологиялық өзгерістерге қарамастан, көркем әдебиеттің білім беру процесінің ажырамас элементі болып қалатыны және студенттің жеке тұлғасын дамыту мен кәсіби қызметке дайындалуына әсер ететіні атап өтіледі.

Кілт сөздер: көркем әдебиет, жаңғырту, жоғары білім, білім беру процесі, мәдениет, пәнаралық тәсіл, гуманитарлық ғылымдар, тұлға қалыптастыру, оқу, эстетикалық тәрбие.

Abstract. The article is dedicated to the analysis of the role of literary fiction in the context of the modernization of higher education. In the conditions of rapid technological development, globalization, and changes in educational processes, literary fiction remains an important tool in shaping students' personal and intellectual qualities. The purpose of the study is to explore the impact of literature on the cognitive, emotional, and moral development of students, as well as its role in the process of forming critical thinking and social responsibility.

The article discusses current approaches to the use of literary works within academic disciplines related to the humanities, as well as the possibilities for integrating literature into interdisciplinary programs. Special attention is given to how literary texts can foster creativity, empathy, and intercultural communication, which are particularly important in the context of education modernization. The article also analyzes examples of successful pedagogical practices and programs where literature is used to develop skills in active reading and critical text analysis. In conclusion, it is emphasized that, despite technological transformations, literary fiction remains an indispensable element of the educational process, influencing the development of students' personalities and their preparation for professional activity.

Keywords: fiction, modernization, higher education, educational process, culture, interdisciplinary approach, humanities, personality formation, reading, aesthetic education

В настоящее время, когда происходит глобальная модернизация педагогических процессов, современное образование переживает значительные преобразования. В условиях стремительных изменений, обусловленных цифровизацией и внедрением инновационных технологий, особое внимание уделяется поиску оптимальных методов интеграции традиционных дисциплин в новые образовательные практики [1]. Литература, являясь одним из основополагающих компонентов гуманитарного образования, не осталась в стороне от этих изменений.

Традиционно литература выполняет роль не только источника знаний, но и важного инструмента воспитания, формирования мировоззрения, этических и моральных ценностей у обучающихся. Однако в условиях модернизации образования возникает необходимость пересмотра подходов к преподаванию литературных произведений, внедрения новых методов и технологий обучения, которые способствуют более глубокому и критичному восприятию текстов, а также развитию навыков, актуальных в цифровую эпоху.

Важным является поиск способов интеграции литературных произведений в контексте инновационных педагогических методов. В этом процессе можно обратиться к опыту русской литературы XIX века, произведения которой дают богатый материал для обсуждения в рамках модернизации образовательных подходов.

Негізгі азықпен азықтандырылған бірінші кезеңдегі азықтанғанға дейінгі алынған үлгіде инфузориялар саны 392,3±6,12 мың/мл құраса, азықтанғаннан кейінгі бірінші сағатта 289,7±5,5 мың/мл, үшінші сағатта 348,5±5,56 мың/мл, бесінші сағатта 397,9±6,42 мың/мл көрсеткішін береді (6-кесте).

Бұл яғни, бақылау кезеңіндегі көрініс. Одан кейінгі НА-қа кадмий тұзын қосып берген кезеңде (1-кесте) жоғарыдағы көрсеткіштердің айтарлықтай ауытқығандығын көруге болады. Мұнда, азықтанғанға дейін 187,5±6,28 мың/мл, азықтанғаннан кейінгі 1 сағатта 154,8±5,58 мың/мл құрады. Ал, үшінші кезеңде НА-қа кадмиймен бірге цеолит қосып беру инфузориялар санының былайша өрбуіне себеп болды:

1-кесте. Қарын сұйықтығының инфузориялар саны, мың/мл.

Үлгі алу уақыты	Тәжірибе кезеңдері			
	1	2	3	4
Азыққа дейінгі	392,3±6,12	187,5±6,28	210,5±6,28	267,4±6,15
Азықтан кейінгі 1 сағ.	289,7±5,5	154,8±5,51	207,6±5,59	261,9±7,28
3 сағ.	348,5±5,56	161,3±6,19	224,4±5,58	302,1±6,89

5 сағ.	397,9±6, 42	159,4±5,58	238,2± 7,55	295,3±7, 04
--------	----------------	------------	----------------	----------------

Азықтанға дейінгі 210,5±6,28 мың/мл, азықтанғаннан кейінгі 1 сағаттан соң 207,6±5,59 мың/мл, 3 сағаттан соң 224,4±5,58 мың/мл, 5 сағаттан соң 238,2±7,55 мың/мл. Төртінші кезеңдегі инфузориялар саны көбею жағына бағыт алып төмендегідей көрсеткіштер берді. Азықтанға дейінгі 267,4±6,15 мың/мл азықтанғаннан кейінгі 1 сағатта 261,9±7,28 мың/мл, 3 сағатта 302,1±6,89 мың/мл, 5 сағатта 295,3±7,04 мың/мл.

Азыққа кадмий қосылған екінші кезеңдегі инфузориялардың жалпы санының бақылау кезеңінің салыстырғанда 47-54%-ке төмендегенін айқын көруге болады. Мұның өзі кадмий ауыр металының зиянды әсерінің айғағы. Табиғи адсорбент – цеолиттің бұл көрсеткішті елеулі түрде жоғарылатқын-дығы үшінші кезеңде байқалды. Азыққа хром қосып беру тәжірибесіндегі таз қарын сұйықтығындағы инфузориялар санының көрсеткіші 2-кесте бейнеленген.

Үлгі алу уақыты	Тәжірибе кезеңдері			
	1	2	3	4
Азыққа дейінгі	379,1±9, 1	196,7 ±2,5	289,3±7,2	383,2±4,4
Азықтан кейінгі 1 сағ.	297,6±2, 8	167,4 ±3,6	253,2±7,3	364,9±7,9
3 сағ.	339,1±6, 3	180,1 ±2,2	278,6±7,3	385,8±9,6
5 сағ.	397,3±3, 3	202,2 ±2,3	304,6±7,8	423,8±19,4

2-кесте. Қарын сұйықтығының инфузориялар саны, мың/м. Хром

Екінші кезеңдегі инфузориялар санының төмен құлдырауын былай көрсетуге болады: Бақылау кезеңінде азықтанғанға дейінгі көрсеткіш 379,1±9,1 мың/мл болса, ал хром қосылған кезеңде 196,7±2,5 мың/мл төмендеген. Одан әрі, азықтанғаннан кейінгі 1 сағатта тиісінше 297,6±2,8 мың/мл және 167,4±3,6 мың/мл, 3 сағатта 339,1±6,3 мың/мл және 180,1±2,2 мың/мл, 5 сағатта 397,3±3,3 мың/мл және 202,2±2,3 мың/мл. Үшінші кезеңдегі цеолиттің жағымды әсерінен жоғары бағытталған инфузориялар саны, төртінші кезеңде, азықтанғанға дейін 383,2±4,4 мың/мл, азықтанғаннан кейінгі 1 сағаттан соң 364,9±7,9 мың/мл, 3 сағаттан соң 385,8±9,6 мың/мл, 5 сағаттан соң 423,8±19,4 мың/мл көрсеткіштерін құрады.

Қорғасынмен жүргізілген тәжірибе бөлімінің бақылау кезеңінде таз қарын сұйықтығындағы инфузориялар саны қалыпты көрсеткіш берсе, ол азықтанғанға дейін 240,7±13,5 мың/мл, азықтанғаннан кейінгі 1 сағаттан 189,6±7,8 мың/мл; 3 сағатта 203,5±9,1 мың/мл; 5 сағатта 208,2±12,5 мың/мл.

Қорғасын тұзын азыққа қосу кезінде инфузориялар санының азықтанға дейін 187,3±12,4 мың/мл, азықтанғаннан кейінгі уақыттарда тиісінше 164,6±6,5 мың/мл, 171,8±7,2 мың/мл және 170,9±8,9 мың/мл болып төмендегенін көруге болады (3-кесте).

3-кесте. Қарын сұйықтығының инфузориялар саны, мың/м. Қорғасын

НА-қа қорғасынмен қатар цеолит қосу, жануарлардың қарын сұйықтығындағы инфузориялар санын екінші кезеңмен салыстырғанда екі есеге дерлік жоғарылатып, металдың қарапайымдарға деген әсерін төмендеткен. Одан кейінгі, төртінші кезеңдегі көрініс те үшінші кезең көрсеткішімен шамалас.

Рениймен жүргізілген тәжірибенің инфузориялар санының көрсеткіші 4-кестеде бейнеленген.

Үлгі алу уақыты	Тәжірибе кезеңдері			
	1	2	3	4
Азыққа дейінгі	298,4±13,1	241,9±9,7	313,5±14,1	30
Азықтан кейінгі 1 сағ.	235,6±11,7	216,7±7,5	253,9±10,7	24
3 сағ.	259,5±8,6	227,5±8,8	295,7±9,5	26
5 сағ.	295,8±12,5	248,6±10,2	301,5±15,6	27
				4,8±11,4

4-кесте. Қарын сұйықтығының инфузориялар саны, мың/м. Рений

Мұнда, металл қосылған кезеңдегі инфузориялар саны, азықтанғанға дейінгі алынған үлгіде 241,9±9,7 мың/мл, азықтанғаннан кейін 1 сағаттан соң 216,7±7,5 мың/мл, 3 сағаттан соң 227,5±8,8 мың/мл, 5 сағаттан соң 248,6±10,2 мың/мл көрсетіп, бақылау кезеңімен салыстырғанда 9-16%-ке төмендегенін байқатты. Яғни, бұл ренийдің аз болса да кері әсерінің нәтижесі. Үшінші кезеңдегі цеолит қоспасының айқын ықпалын төмендегі көрсеткіштерден байқауға болады: азықтанғанға дейін 313,5±14,1 мың/мл, азықтанғаннан кейін 1 сағаттан соң 253,9±10,7 мың/мл; 3 сағаттан соң 295,7±9,5 мың/мл; 5 сағаттан соң 301,5±15,6 мың/мл. Төртінші кезеңдегі инфузориялар саны бақылау кезеңімен ұқсастық көрсетті.

Азыққа металл тұзын қосып бергендегі, қарын сұйықтығындағы инфузориялар санының шын мәнінде ($P < 0,01$) азыққа қорғасын қосып беру кезеңінде байқадық. Ал, ренийдің инфузориялар санына әсері тек қана азықтанағаннан кейінгі 5 сағатта байқалды ($P < 0,01$).

Табиғи сіңіргіш зат-адсорбент – цеолиттің металл уының зиянды әсерін баяулатып, инфузориялардың көбеюіне тиімді ықпал жасауы тәжірибеміздің төрт бөлімінде де (Cd, Cr, Pb, Re) айын көрініс берді.

Осыдан келіп шығатын тұжырым Pb металдары таз қарындағы инфузориялар санын күрт төмендетіп, ал рений металының улылығы әлсіз әсерімен сипатталады. Металдардың улы әсерін бәсеңдетіп инфузориялар санын көбеюге бағыттауда цеолиттің маңыздылығы орасан зор.

Қарын сұйықтығының орта қышқылдығының көрсеткіші

Азықтың дұрыс қорытылуы үшін керекті факторларының бірі қарын сұйықтығының орта қышқылдығы, яғни сутегі көрсеткіші. Осы негізде тәжірибеміздің кадмиймен жүргізілген бөліміндегі сутегі көрсеткіші 5-кестеде көрсетілген. Мұнда, бақылау кезеңінің азықтанғанға дейінгі көрсеткіші 6,5±0,11, азықтанғаннан кейін 1 сағаттан соң 6,68±0,14, 3 сағаттан соң 6,65±0,12, 5 сағаттан соң 6,56±0,11 деңгейін көрсетті. НА-қа кадмий қосу бақылау кезеңіндегі көрсеткіштерді шын мәнінде сілтілік бағытқа қарай қозғады. Яғни екінші кезеңіндегі қарын сұйықтығының сутегі көрсеткіші мынадай болды: азықтанғанға дейін 7,59±0,14 ($P < 0,001$).

Үшінші кезеңінде қарын сұйықтығының сутегі көрсеткішінің азықтанғанға дейін 6,22±0,13, азықтанғаннан кейінгі уақыттарда тиісінше 6,51±0,10; 6,32±0,09 және 6,43±0,08 болуы, екінші кезеңімен салыстырғанда шын мәнінде қышқылдық бағыт алғанын көрсетеді ($P < 0,001$).

Төртінші кезең көрсеткіштері бақылау кезеңімен бір деңгейде (5-кесте).

Тәжірибе кезеңдері Үлгі алу уақыты	1	2	3	4
Азықтанғанға дейін	6,5±0,1 1	7,59±0,1 4	6,22±0,1 3	6,48±0,1 2
Азықтанғаннан кейін 1 сағат	6,68±0, 14	7,31±0,1 3	6,51±0,1 0	6,61±0,1 8
3 сағат	6,65±0, 12	7,22±0,1 5	6,32±0,0 9	6,57±0,1 7
5 сағат	6,56±0, 11	7,05±0,1 2	6,43±0,0 8	6,52±0,1 5

5-кесте. Таз қарын сұйықтығының сутегі көрсеткіші, рН (кадмий)

НА-қа хром қосу сутегі көрсеткішін сілтілік бағытқа көтеріп, азықтанғанға дейін $6,97 \pm 0,1$, азықтанғаннан бір сағаттан соң $6,55 \pm 0,08$, үш сағаттан соң $6,28 \pm 0,15$, бес сағаттан соң $6,4 \pm 0,1$ көрсеткішін берді. Бақылау кезеңімен салыстырғанда шын мәнінде өзгергенін 6-кестеден көруге болады.

Үшінші кезең көрсеткіштерінің азықтанғанға дейін $6,39 \pm 0,12$, азықтанғаннан көйінгі 1, 3, 5 сағаттарда тиісінше $5,97 \pm 0,09$; $5,76 \pm 0,05$ және $5,71 \pm 0,06$ болуы, екінші кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай ($P < 0,001$) қышқылдылық бағыт алғанын байқаймыз. Тәжірибе соңындағы төртінші кезеңінде орта қышқылдылығы қалыпты деңгейге келді.

Тәжірибе кезеңдері Үлгі алу уақыты	1	2	3	4
Азықтанғанға дейін	6,62± 0,11	6,97± 0,1	6,39±0,1 2	6,43±0,14
Азықтанғаннан кейін 1 сағат	6,14± 0,9	6,55± 0,8	5,97±0,9	6,08±0,18
3 сағат	5,9±0, 07	6,28± 0,15	5,76±0,0 5	5,73±0,11
5 сағат	5,78± 0,15	6,4±0, 1	5,71±8,0 6	5,71±0,09

6-кесте. Таз қарын сұйықтығының сутегі көрсеткіші, рН (хром)

Қорғасынмен жүргізілген тәжірибе бөлімінің бақылау кезеңінде, азықтанғанға дейін $6,5 \pm 0,12$, азықтанғаннан 1 сағаттан соң $6,4 \pm 0,1$, 3 сағаттан соң $6,1 \pm 0,08$, 5 сағаттан соң $5,9 \pm 0,05$ болса, НА-қа қорғасын қосылған кезеңінде айтарлықтай деңгейде ($P < 0,001$) сілтілік бағыт алды. Яғни, азықтанғанға дейін $6,96 \pm 0,6$, азықтанғаннан 1 сағаттан соң $6,91 \pm 0,05$, 3 сағаттан соң $6,88 \pm 0,7$, 5 сағаттан соң $6,87 \pm 0,8$ көрсеткішін берді.

Үшінші кезеңінде НА-қа қорғасынмен бірге цеолит қосу орта қышқылды-ғын бастапқы деңгейге жақындатып, азықтанғанға дейін $6,7 \pm 0,4$, азықтанған-нан кейінгі сағаттарда тиісінше $6,1 \pm 0,1$, $6,1 \pm 0,15$ және $6,02 \pm 0,16$ көрсеткіште-рін құрады. Бұл көрсеткіштердің екінші кезеңмен салыстырғанда шын мәнінде ($P < 0,001$) қышқылдылық бағыт алуын 7-кестеден байқаймыз.

Төртінші кезеңіндегі сутегі көрсеткіші бақылау кезеңіндегі көрсеткіш деңгейінде.

Ал, НА-қа рений қосу, бақылау кезеңіндегі орта қышқылдылығын сәл ғана сілітілік бағытқа қозғалады. Металл әсерінен шын мәнінде өзгеріске түскен ($P < 0,001$) көрсеткіш азықтанғаннан кейінгі үшінші сағатта тіркелді. Жалпы айтқанда, бақылау кезеңінде азықтанғанға дейін $6,0 \pm 0,1$, азықтанғаннан кейін бір сағаттан соң $5,89 \pm 0,15$ деңгейіндегі қарын сұйықтығының сутегі көрсеткіші тіркеліп, екінші кезеңінде олар тиісінше $6,13 \pm 0,8$; $6,23 \pm 0,19$; $6,52 \pm 0,15$ және $6,14 \pm 0,13$ көрсеткіштерін құрады.

Қорытынды

Қарындағы азықтың қорытылуы, ашуы барысында, көмірқышқыл, метан, сутегі, азот және күкіртті сутегіден құралатын газ бөлінетіні белгілі. Тәжірибеміздегі металдардың (Cd, Cr, Pm, Re) таз қарындағы газ түзілу деңгейіне де тигізген әсері айтарлықтай. Мұнда, газ түзілудің шын мәнінде төмендегені байқалды. Бұл, металл уының әсері нәтижесінде азықтың қорытылу деңгейінің төмендеп, ашыту процесіне қатысушы микроорганизмдер қызметінің тежелуінің көрінісі.

Инфузориялар санын азайтуда қорғасынның әсері алдыңғы металдардан төмен тұрса да айтарлықтай. Ал, тәжірибеміздегі төрт металдың ішінен ренийдің таз қарын сұйықтығындағы инфузорияларға деген улы әсері салыстырмалы түрде аз мөлшерде. Бірақ оның өзі инфузориялар санын 16%-ке төмендеткені байқалды.

Жануарларға ауыр металмен бірге цеолит (1 г/кг) беру барлық тәжірибе бөлімдеріндегі (Cd, Cr, Pb, Re) инфузориялар санын жоғарылатып, олардың кебеюіне тиімді ықпал етті. Қорғасын мен рений тәжірибесіндегі үшінші кезең көрсеткіштерінің бақылау кезеңінен асып түсуі соның айғағы.

Цеолиттің қарын сұйықтығындағы ұшпалы май қышқылдарын реттеудегі тиімді ықпалы, барлық тәжірибе бөлімдерінің үшінші кезеңдерінде айқын көрініс берді. Екінші кезеңмен салыстырғанда ҰМҚ мөлшерінің шын мәнінде жоғарылауы, қарындағы азықтың белсенді түрде қорытылып, қарын сұйықтығындағы сутегі көрсеткішінің калыпқа келуінің айнасы.

Металл ионының улы әсерінен жоғарыда айтылған қарын сұйықтығы көрсеткішінің калыпты деңгейден ауытқуы, таз қарын сұйықтығындағы құрғақ зат мөлшерін де тыс қалдырмады. Кадмийдің әсері құрғақ зат мөлшерін бақылау кезеңімен салыстырғанда 29%-ке, қорғасын 27%-ке, хром 15%-ке, рений 9%-ке төмендетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Пивняк Г.И., Тараканов Б.В. Микробиология пищеварения жвачных. –М.: Колос, 2012.
2. Жолтаева С., Бигалиев А., Костюк Т. Содержание некоторых тяжелых металлов в почвах западного Казахстана //Поиск МН и ВО. –Алматы, 2019. -№2. –С.12-18.
3. Кроть М.Ю., Ларионов Г.А. Накопление тяжелых металлов в почве, кормах и организме животных под влиянием осадков сточных вод //Ветеринария. –М., 2017. -№9. – С.42-44.
4. Кроть М.Ю., Гаруни М.Х. Содержание тяжелых металлов в кормах и продукциях птицеводства //Ветеринария. –М., 2019. -№6. –С.46-47.
5. Вязенен Г.Н., Савин В.А., Вязенен Г.А., Таратухин И.Н., Семина М.А., Иванов В.С., Сенин А.А. Тяжелые металлы в продуктах животноводства. //Аграрная наука – Алматы, 2009. -№4. –С.11-12.
6. Трошина Т.Т., Малиновская А.С. Индикаторная роль сообщества инфузории в экосистеме капчагайского водохранилища //Влияние хозяйственности на биоресурсы водоемов Казахстана. –Алматы: Наука, 2018. -220 с.
7. Ташенов К.Т. и др. Влияние цеолита на процесс пищеварения в рубце жвачных животных при свинцовой интоксикации организма //Ядерно-физические методы и их

возможности применения в биологии и агроэкологии: матер. I науч.семинара. – Алматы, 2010. –С.85-5.

8. Челищев Н.В., Володин В.Ф., Крюков В.Л. Ионообменные свойства природных высококремнистых цеолитов. –М.: Наука, 2018. -128 с.

9. Ташенов К.Т., Андроникишвили Е.Г., Абабков М.М. и др. Влияние цеолита на содержание азотистых веществ в желудочно-кишечном тракте //Физиология пищеварения и лактации. – Алматы, 2016. –С.29-36.

ТОПЫРАҚТЫ ӨНДЕУДІҢ ЖЕР ЖАҢҒАҚ ӨСІМДІГІНІҢ ӨСП-ӨРКЕНДЕУІНЕ ӘСЕРІ

Р.Ә. Айтқулова – х.ғ.к., Ш. Юсупов – а.ш.ғ.к., Т. С. Биғара – а.ш.ғ.к.

Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан

Андатпа. Мақалада жер жаңғақ өсімдігіне топырақты өндеудің әсерін зерттеу туралы материалдар қарастырылған. Алынған материалдарда жер жаңғақ тамыр жүйелері гүлдеу дәуірінен бастап топырақты 45 см аударып жұмсарту вариантында жақсы өркендеп, тамырдың құрғақ салмағы бір өсімдік есебіне 12,1 гр немесе гектарына 121 кг құрады, ал топырақты 30 см тереңдікте айдаған вариантында бұл көрсеткіштер жоғарыға сәйкес 7,2 гр және 72 кг құрады. сондайақ гүлдеу кезеңінде бұл көрсеткіш 72,2; 96,7 гр немесе 722; 967 кг, алғашқы жеміс пайда болуы дәуірінде (30VIII) 1-вариантта 29,3 гүл сағағы (гинофор) болса, пісу дәуіріне келіп ол 36,7 дананы құрады, ал бұл нәтиже 2-вариантта 54,5 және 66,0 дана екендігін анықталды. Топырақты 30 см тереңдікте айдағанда жер жаңғақ өсімдігінен гектарынан 157,6 центнер биомасса алынды, ал бұл көрсеткіш топырақты 30 см айдалып 45 см тереңдікте қопсытылғанда 171,2 центнерді құрады. Топырақты өндеу нәтижесінде гектарынан қосымша 12,6 центнерден жем шөп алуға мүмкіндік туылады алынған өнімін есепке алғанда 30 см тереңдікте айдалғанда гектарынан 22,7 ц/га, 45 см-ге дейін қопсытылғанда гектарынан 31,0 центнерден өнім алып, қосымша өнім 8,3 центнерді құрады.

Кілт сөздер: жер жаңғақ, топырақ, гинофор, центнер, ақуыз, ұрықтану, өнім

Аннотация. В статье рассматриваются материалы исследования влияния обработки почвы на растение арахиса. Согласно полученным данным, корневая система арахиса в период цветения лучше развивалась при варианте рыхления почвы на глубину 45 см, достигая сухой массы корней 12,1 г на одно растение или 121 кг на гектар. При обработке почвы на глубину 30 см эти показатели составили, соответственно, 7,2 г и 72 кг. Также в период цветения этот показатель достигал 72,2 и 96,7 г или 722 и 967 кг, соответственно. В период формирования первых плодов (30 августа) в 1-м варианте насчитывалось 29,3 цветоноса (гинофора), а к моменту созревания – 36,7 штук. В 2-м варианте эти показатели составили 54,5 и 66,0 штук соответственно. При обработке почвы на глубину 30 см урожай биомассы арахиса составил 157,6 центнера с гектара, тогда как при рыхлении на глубину 45 см – 171,2 центнера. Обработка почвы позволила получить дополнительно 12,6 центнера корма с гектара. При учете урожая зерна при обработке почвы на глубину 30 см было получено 22,7 ц/га, а при рыхлении до 45 см – 31,0 ц/га, что обеспечило дополнительный урожай в размере 8,3 центнера.

Ключевые слово: арахис, почва, гинофор, центнер, белок, опыление, урожай.

Abstract. The article examines the materials of a study on the effect of soil cultivation on peanut plants. According to the obtained data, the root system of peanuts during the flowering stage developed better in the variant where the soil was loosened to a depth of 45 cm, with the dry root mass reaching 12.1 g per plant or 121 kg per hectare. In the variant where the soil was plowed to a depth of 30 cm, these indicators were 7.2 g and 72 kg, respectively. During the flowering period, these values reached 72.2 and 96.7 g or 722 and 967 kg, respectively. In the stage of the first fruit formation (August 30), there were 29.3 flower stalks (gynophores) in the first variant, which increased to 36.7 by the ripening stage. In the second variant, these values were 54.5 and 66.0, respectively. When the soil was plowed to a depth of 30 cm, the biomass yield of peanuts was 157.6 centners per hectare, while loosening to a depth of 45 cm resulted in 171.2 centners. Soil treatment allowed an additional 12.6 centners of feed per hectare. In terms of grain yield, plowing to a depth of 30 cm produced 22.7 c/ha, while loosening to 45 cm yielded 31.0 c/ha, providing an additional yield of 8.3 centners.

Key words: peanut, soil, gynophore, centner, protein, fertilization, yield.

Республикамыздың егемендік алғаннан кейін және қоғамдық – экономикалық жағдайдың түптеп өзгеруіне байланысты, Қазақстан тұрғындарын түрлі сапалы тамақ өндірісі өнімдерімен қамтамасыз етуге үлкен мүмкіндік ашылды. Алайда ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыру және өзіміздің өнімдермен ішкі базарларды толтыру мәселесі өзекті болып отыруына байланысты, ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрлерін көбейту қажет болып табылуда. Тамақ өнеркәсібінде тіршіліктің негізгі факторы ақуыз болып есептеледі.

Ақуыз – күрделі органикалық қосылыс ретінде барлық ағзалардағы процестерге қатысады. Ол өсімдік түрлеріне қарай тұқымдарда 20-40% дейін болады, мәселен масақты егіндерде ақуыз 8-12%, бұршақ тұқымдастарда 24-26% болады, ал жер жаңғақ (жержаңғақ) құрамында 34%-ке дейін болады. ақуыз құрамында көмірсулар 50%, оттегі 21-23%, азот 15-17%, сутегі 6-7% және кем мөлшерде фосфор, темір марганец, магний кездеседі. Ақуыздың биологиялық бағасы оның құрамындағы аминқышқылдарына байланысты келеді. Сондықтан адам организмі үшін жануарлармен өсімдіктер ақуыз көзі болып есептеледі.

Қазақстанда жалпы алғанда жоғары ақуызды және майлы, соя, фасол, маш, жер жаңғақ т.б. егіндермен кем айналысады. Мырзашөл өңірінде алғашқы жер игерілген жылдары бұл өсімдіктер қомақты аудандарды иеленген. АҚШ мемлекетінде 23 млн. гектар жерге соя егіледі және экспорт жасауда 80% жуығы соя есебінде болады. Қазіргі жағдайда жер иелерінің, фермерлер шаруашылығының пайда болуымен ауыл шаруашылығы өсімдік түрлерін көбейтуге жерден тиімді пайдалануға, жоғары сапалы жануарлар және өсімдіктер өнімдерін алуға мүмкіндік туылды. Сол себепті ауыл шаруашылығында ақуызды өнімдерді көбейтудің бір жолы бұршақ тұқымдастар, соның ішінде жер жаңғақ өсімдігін өсіруді қолға алу өзекті болып отыр.

Жер жаңғақ Орта Азияда ХІХ ғасырдың соңынан мәлім болып, оның егіншілікке ХХ ғасыр басы 30 жылдары енгізіле бастады. 1930-1940 жылдар аралығында Қазақстан, Өзбекістан, Тәжікстан, Қырғызстанда егіншілікке енгізіле бастады[1].

Соғыс жылдарына дейін дүние жүзі бойынша жер жаңғақ егілетін жер көлемі 7 млн. гектарды иеленді. Соның ішінде кеңес өкіметінде 30 мың гектар Орта Азия мемлекеттері жер жаңғақ өнімдері көлемінің 25% -тін құраған жылдарыда болды. Қазіргі уақытта бұл егін Армения, Азербайжан, Краснояр өлкелерінде көбірек көлемде Индияда, АҚШ, Қытайда егіледі.

Жер жаңғақ гүлдеу және буындау дәуірінде жоғары температураны талап етеді. Оның өсіп өркендеуі үшін қолайлы температура 25-28⁰ болып есептеледі.

Жер жаңғақтың құрғақ тұқымын егу үлкен маңызға ие, ол жер жаңғақ тен жоғары өнім алуға келіп соғады мәселен құрғақ тұқым егілгенде жер жаңғақ гектарынан 37 центнер өнім берген болса, 48 сағат жібітіліп егілгенде 34 центнер өнім береді[2,3].

Жер жаңғақ тің ерекшеліктерінің бірі оның ылғалдыққа төзімділігінде. Ол гүлдегенше құрғақшылықты, гүлдеу және түйнектеу дәуіріне келіп ылғалдықты талапты талап етсе, пісу дәуіріне келіп құрғақшылықты қалауы күшейеді.

Жер жаңғақ түрлі типті топырақта өседі бірақ жеңіл механикалық құрамды, органикаға бай топырақта жақсы өседі, бұндай жұмсақ топырақ оның бұршақ түйінінің өркендеуіне топыраққа қадалуына қолайлы жағдай жасайды.

Жер жаңғақ жоғары ұрықтану қабілетіне ие, қолайлы жағдай жасалғанда бір маусымда бір түп өсімдікте екі мыңға дейін гүл беру мүмкіндікке ие [4,5].

Әдебиеттер нәтижелеріне қарағанда жер жаңғақ тұқымы бұршақ тұқымдастар бактерияларымен инокуляция (енгізігенде) үлкен өнім беруін айтып өтеді, сондай-ақ алған нәтижелеріне қарағанда бұршақ тұқымдастар бактериялармен инокуляция (енгізу) тек оның бойының сабағының өсіп өркендеуіне анық емес сондай-ақ топырақта азоттың топтануына үлкен әсерін тигізеді.

Қазақстанда жер жаңғақ егуге 20 апрелден 5 майға дейін Өзбекістан, Тәжікстанда және Қырғызстанда 15 апрелден- 1майға қолайлы уақыт болып есептелінеді. Кузнецов

алған нәтижелерге қарағанда жер жаңғақ азот калийді көбірек қажет етеді, ал фосфорды біршама ғана керек ететіні немесе гектарына 15-центнер өнім бергенде бір гектардан 110 кг азот, 50 кг калий және 16 кг фосфорды алып шығуын көрсетіп береді. Алынған нәтижелерінде арықпен суландырылғанда өсу дәуірінде топырақтың тығыз дамуына алып келеді сондай-ақ құрамында ақуыз және майдың кемуіне алып келеді ақуыз жылдық суландыру нормасы 4000 м³/га болғандығын анықтады[6].

Тәжірибе әдістері. Тәжірибе жұмыстары Келес ауданы Бесқұбыр ауылындағы Келес тұқым-шаруашылығында жүргізілді. Келес тәжірибе шаруашылығы Абай қалашығынан 6 км Оңтүстікте Келес өзені, Батыс жағалауында жайласқан. Сары-ағаш ауданы климаты кіші континенталды. Жазы құрғақ, ыстық және созылыңқы болып келеді. Қысқы дәуірі қысқа болып температура күшті ауытқылап тұрады. Оңтүстік Қазақстан облысы Сары-ағаш ауданы құм және шөлді зонаға кіреді. Сонымен шығыс жағы тау алды қырға ұласып кетеді. Қыс айларында абсолют төмен температура 20⁰ С дейін төмендейді. Жаз айларында шілде және тамызда ауаның көп жылдық максималды температурасы сол айларда 44⁰ С дейін көтеріледі.

Атмосфера және топырағының айлар және көп жылдық орташа температурасы жауын-шашын көрсеткіштері 1 кестеде көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей орташа айлық температура қаңтарда +3,9⁰ С, ал шілде айында +27,5⁰ С құрайды. Салыстырма ауа ылғалдылығы шілде айында 48% дейін төмендейді. Қыс айларының ұзақтығы 102 күн, ал жаз айлары 120 күнге созылады. Көбірек бұлтты күндер қараша- наурыз, жаз айларында жауын әдетте болмайды., жаусада өте кем мөлшерде жауады. Жаз, күзде жауын шашын қыста көктемге қарағанда кем.

Негізгі жауын мөлшері қыста және көктем айларында жауып өтеді. Келес тәжірибе шаруашылығы топырағы типтік (кәдімгі) сұр топырақ және суармалы болып есептеледі.

Кәдімгі сұр топырақ теңіз бетінен 400 ден 600 метрге дейінгі биіктікте тау алды тегістіктерді иеленеді (Панков 1935, Разанов 1951).

С.А Кудрин (1949), М.А Панкова (1935) және А.Н Разанов (1951) тәжірибелеріне сәйкес сұр топырақтың жалпы қасиеттері төмендегідей. Қарашірік қабатының күшсіз болуы, топырақ массасында минералды бөліктердің күшсіз ыдырауы, минералды каллоидтардың өте кем мөлшерде болуы, кальциймен өте тығызды болуы. Ыза сулары 5-6 метрде жатады. Кәдімгі сұр топырақ құрамында қарашірік мөлшері 1,3 -1,8% дейін, жалпы азот мөлшері 0,08-0,15%, кәдімгі сұр топырақ құрамында жалпы фосфор мөлшері 0,15-0,20% дейін жетеді. Жалпы калий мөлшері 1,5-3,0% аралығында болады. Топырақ тереңдеген сайын қоректік заттар мөлшері кемеіп барады. Кәдімгі сұр топырақта жоғары қабатында сортаңқыл кем болады. Кейбір кәдімгі суармалы аудандарда сортаң келеді және қарашірікке тапшы келеді. Кәдімгі сұр топырақтың қарашірікке тапшы болуы оның биологиялық ағзаларға байлығы және түрлілігі. Олар өсімдік қалодықтарын шірітіп одан әрі қарай жай окис түріне дейін алып барады.

Кәдімгі сұр топырақта жалпы азот мөлшері 5-7% дейін органикалық азот болып, олар өлі ағзалар және тірі ағзалар плазмалары белоктарынан пайда болып, жалпы азоттың 93-97% минералды есептеледі.

Минералды азот түрі негізінде нитратты және аммиакты тұздар. Сұр топырақ ерекшеліктері берілген азот тыңайтқышы нитратты түрге дейін өзгеріп барады. Механикалық құрамы бірінғай және жылжымайтын орташа суглинки, оның физикалық құрамы айдалатын қабатында топырақ ылайлы түйіршігі 46% айдалмайтын қабатты 48% құрайды.

Тәжірибе 4 рет қайталанумен бір жазықта жайластырылды, делянка ені 7,2 м ұзындығы 50 м жалпы көлемі 300 м². Есепке алынатын көлемі 180 м² Arachis пиродосса L сорты егілді.

Біз тәжірибе жер жаңғақ өсімдігіне топырақты өңдеудің әсерін зерттеу мақсатында екі вариантта жұмыс алып бардық.

1.Топырақты (бақылау) 30 см тереңдікті айдау

2.Топырақты 45 см тереңдікте айдау

Тәжірибе жүргізілген алқап топырағы кәдімгі сұр топырақ механикалық құрамы орташа. Тәжірибе жүргізуден алдын топырақтан 0-30, 31-50, 51-70, нұсқау алынды. Алынған топырақ топырақ алу жөніндегі көрсетілген нұсқаулар бойынша іске асырылды.

Топырақтың агрохимиялық сипаттамаларына қарағанда топырақтың айдалатын қабатында нитратты азот төмен ауыспалы калий және жылжымалы фосфор бойынша орташа екені анықталды.

Тәжірибеде минералды тыңайтқыштардың төмендегідей түрлері пайдаланылады. Аммиакты силитра (N-34%), қарпайым суперфосфат (P₂O₅ -20%), калий тұзы (K-40%). Азоттың жылдық нормасы- 200 кг, фосфор -140кг, калий -100кг, Тәжірибеге дейінгі алынған топырақ нұсқаларында қарашірік Н.В Тюрин әдістемесімен анықталды. Жалпы азот және фосфор И.М Малцева, Л.П Гриценко, жылжымалы фосфор Б.П Мачигин әдісі жылжымалы калий жалынды фотометр әдісімен анықталды.

Көктем және күз айларында топырақтан минералды, жеңіл гидролизденуші және гидролизденбейтін азот түрлері реттескен екі сатылы гидролиз қышқылы әдісімен топырақта (Шконде, Королева 1975) анықталды. Өсімдіктің өсіп өркендеу дәуірлерінде қоректік заттар мөлшерін анықтау мақсатында топырақтан егістен кейін, бутондау, гүлдеу және пісу дәуірлерінде нұсқау алынды.

Өсімдік нұсқалары арахистің өсіп өркендеу фазаларында алынды. Өсімдіктердің құрғақ салмағын анықтау үшін оларды мүшелерге бөлінді. Көлеңке жерде құрғатылып салмақтары өлшенеді. Өсімдіктің нұсқаларында жалпы азот, фосфор, калий мөлшері анықталды.

Арахистің шаруашылықтағы маңызы

Арахис тұқымының май мөлшері 60%-ке дейін және ақуыздың 34%-ке дейін болуы, оның тамақ өндірісіндегі маңызды өсімдік екенін көрсетеді. Оның майлылығы күжіт, күнбағыс, кендірден жоғары болып, ал ақуыз құрамында алмаспайтын амин қышқылдары (аринин, лизин т.б)

Арахистің тұқымы кондитерлік өндірісінде Конфет, халуа, торт, шаколад, какао дайындауда кең қолданылады, көбірек қоректік май ретінде көбірек пайдаланылады. Оның майының төменірек сапасы маргарин және парфюмерия, консерва дайындауда пайдаланылады. Колориялық жағынан 1 килограмм арахис тұқымы еттен 3 есе, жұмыртақадан 5 есе артық екені анықталды. (Малинкин 1931, Панченко 1949, Лузина 1954, Кузнецов 1975).

Арахистің сабағы топырағы жоғары құнды мол азығы. Протеин мөлшерімен арахис сабаны жоңышқаға жақын болады. арахис күнжарасы ақуыз және майға бай болып жоғарыдағы аталған заттар ретімен 48 және 8%-ке дейін жетеді. Оның күнжарасы майдаланып ұнға қосылғанда, пісірілген өнімнің дәмін кіргізеді.

Арахис өсімдігі қалдықтары құрамында фосфор, калий мол болып топырақты органикалық қоректік заттарға байытады. Оның тыңайтқыш ретінде маңызы үлкен. Тұқым қауашағын целлюлозаға бай болып целлюлоза алуда пайдаланылады.

Арахис бұршақ тұқымдас болғаны үшін ол ауадағы еркін азотты меңгереді, топырақта микроорганизмдердің белсенділігін арттырады.

Жер жаңғақтың биологиялық ерекшелігі. Арахис (жержаңғақ) тік және жайылып өсетін өсімдік. Оның кейінгі механизациялауға қолайлы болып өсіру жағдайларына қарай бойы 70-90 см-ге дейін жетеді. өсімдіктің төменгі жағы шеңберлі жоғарысы 4-5 қатарына жапырағы қос қанатты, сағағы ұзын болады. тамыр жүйесі тік тамыр, 1,5 метрге дейін тереңдейді. Тамырларында азотофиксатор бактериялары есебіне түйнектер пайда болады. оның жемісі қыңды болып 2-6 см ұзындыққа дейін жетеді, қыныда 1-4 –ке дейін тұқым болады.

Арахис жылы сүюші өсімдік оның тұқымы өнуі үшін мақта тәрізді 14-15⁰ С қажет болады.

Арахис гүлденуіне қарай екі типімен сипатталады, ашық (хазмагамды) және жабық (клейтогомды) гүлдеу көпшілік өсімдіктер ашық гүлденеді. Ашық гүлдеушілердің ерекшелігі өсу дәуірі 150-160 күнді құрайды.

Солай етіп қазіргі тамақ өндірісіне талап күшті уақытта арахис өсімдігін өсіру өте ауыл шаруашылығы үшін тиімді есептеледі. Тамақ өндірісімен бірге мал азығы және топырақ құнарлылығын арттыруда арахис үлкен маңызға ие болады.

Жер жаңғақтың биологиялық өсіп өркендеуін есепке алу және топырақтан нұсқау алу КазНИХИ (1992) тәжірибе жүргізу әдістемесі бойынша жүргізілді. Қоректік элементтердің мөлшері топырақ және өсімдік нұсқаларында «арахистің өсірілетін аудандар агрохимиялық, агрофизикалық және микробиологиялық зертеу жұмыстары әдістемесі» (1993) және «Орта Азияда өсімдік және топырақта агрохимиялық анализдері әдістемесі» (1997) пайдаланылды.

Жер жаңғақты жинап теру есебі жұмыстары қолда атқарылды. Олар барлық варианттарда, қайталауларда толық есепке алып барылды. Алынған нәтижелер Е.И Перегудов (1991) әдістемесі мен математикалық өңдеу жұмыстары жасалды. Арахистің технологиялық сапалық сипаттамасы физика, химиялық әдістерімен анықталды.

Алынған нәтижелерге қарап, топырақтан алып шығарылған қоректік заттар мөлшері анықталды.

Жер жаңғақ биологиялық өсіп өркендеуін есепке алу тәжірибе жүргізу әдістемесі бойынша жүргізілді.

Алынған нәтижелер. Жер жаңғақ өсіп-өркендеуін зерттеуде тамыр жүйелері жер үсті бөлігінің зат алмасуды игеру үшін маңызды мүше болып есептеледі. Сонымен бір қатарда тамыр топырақтан су және еріген минерал заттарды тасымалдау жұмысын атқарумен бірге жапырақтың фотосинтез өнімін тасымалдауда үлкен роль атқарады. Тамыр жүйелерін зерттеуде тамырды монолит әдісімен алынды.

Біздің алған нәтижелерге қарағанда жер жаңғақ тамыр жүйелері гүлдеу дәуірінен бастап топырақты 45 см аударып жұмсату вариантында жақсы өркендеп тамырдың құрғақ салмағы бір өсімдік есебіне 12,1 гр немесе гектарына 121 кг құрады, ал топырақты 30 см тереңдікте айдаған вариантында бұл көрсеткіштер жоғарыға сәйкес 7,2 гр және 72 кг құрады.

Кейінгі дәуірлерде бұл тенденция сақталынып қалды. Сондай-ақ жалпы гүлдеу және жеміс пайда болу дәуірлерінде бұл көрсеткіштер 2-ші вариантында жоғарыдағы варианттарға сәйкес 72,2; 96,7 гр немесе 722; 967 кг құраса, 1-ші вариантында 32,2; 56,7; немесе 455,0; 567,0 кг құрады. Алынған нәтижелерге қарағанда жер жаңғақ өсімдігінің гүлдеу дәуірінен бастап күшті өсуі және терңдеуі белсенді дәрежеде болады. өз ретінде тамырдың күшті өркендеуі өсімдіктің жер үсті бөлігінің көлемі ұлғаюы жапырқтануының күшеюі, тағы да басқада факторларға өз әсерін тигізеді.

Бұл тәжірибеде жер жаңғақ жер үсті бөлігінде өсіп өркендеуін анықталды, алынған нәтижелерге қарағанда жер үсті бөлігінің өркендеуінде оның тамыр жүйелерінің өсіп өркендеуіне байланысты екені байқалды.

Тәжірибе барысында гүлдеу, жалпы гүлдеу, жеміс пішінінің пайда болуы және пісу кезеңінде өсімдіктің бойы, жанама бұтақтарының өркендеу динамикасы зерттелді. 25VI өсімдік бойы (1) вариантта 14,6 болса, (2) вариантта 16,7 см-ді құрады. Осы тенденция қалған өсу фазаларында да сақталып қалды, солай етіп жоғарғы варианттарға сәйкес жалпы гүлдеу дәуірінде бойы 38,6 және 42,7; жанама бұтағы 4,0; 4,7; жеміс пайда болу дәуірінде 45,1; 54,7; және 4,9; 5,4; ал пісу дәуірінде 50,9; 56,5; және 5,0; 5,4 дананы құрады. Бақылаулар бойынша жер жаңғақ өсімдігі жер үсті бөлігі гүлдеу, жалпы гүлдеу, жеміс пайда болу дәуірінде белсенді өркендей пісу дәуіріне келгенде баяулап екі варианттың теңдескені анықталды. Бұл оның пісу дәуірінде суды өте талап етпеуінен дерек береді.

Осы алынған нәтижелер өсімдіктің жалпы биомассасымен сәйкес келеді өсімдіктің жалпы биологиялық салмағын анықталғанда барлық өркендеу дәуірлерінде өсімдік мүшелері фенологиялық есептерге сай келіп артып баруы көрсетілді.

Жер жаңғақтың жапырағы, сабағы және қауашағы құрамындағы протеин мөлшері анықталды, алынған нәтижелерге қарағанда өсімдік жапырағында, топырақ өңдеудің әсерінде 12,2% ал жай айдалған вариантта 11,7-ні құраса бұл көрсеткіш жоғарыға сәйкес сабағы және қауашағында 12,2; 37,5, ал бірінші вариантта 5,4; 33,5% құрады.

Жер жаңғақ өсімдігіне тиісті және бір қасиеттің бірі онда гинофордың пайда болуы есептеледі, генифор жабық гүлді және жеміс түйнегін бұршақ пайда болатын жерге дейін тасымалдаушы болып қызмет жасайды. Ол топырақ құрылымы құнарлылығына қарап өзгеріп отырады.

Біздің тәжірибемізде гинофордың пайда болуы август айлары соңына көбірек мөлшерде 2-вариантта күзетілді. Бұл нәтиже заңдылығы вегетация соңына дейін сақталды. Алғашқы жеміс пайда болуы дәуірінде (30VIII) 1-вариантта 29,3 гинофор болса, пісу дәуіріне келіп ол 36,7 дананы құрады, ал бұл нәтиже жоғарыға сәйкес 2-вариантта 54,5 және 66,0 дана екендігін көрсетті. Біз гинофорлар санын есепке алумен бір қатарда олардың топыраққа өсіп жетілгендер санында есепке алдық. Ол нәтиже (1)-вариантта 30 VIII-қа 9,8; 10.X. 2,3 –дан, ал 2-вариантта бұл нәтиже 25,5 және 32,0 дана болғандығы анықталды.

Варианттар	Жалпы жеміс пайда болу дәуірі	Пісу дәуірі басы	Топыраққа қадалмаған гинофорлар саны	
			3 0.VIII	10. X
1	29,3	36,7	9, 8	2,3
2	54,5	66,0	2 5,5	32, 0

Кесте-1. Топырақты өңдеуге байланысты жер жаңғақ те гинофорлар пайда болуы мөлшері (өсімдік дана)

Алынған нәтижелерге қарағанда топырақты жай 30 см тереңдікте айдағанда жер жаңғақ өсімдігін өсіргенде гектарынан 157,6 центнер биомасса алынды, ал бұл көрсеткіш 45 см тереңдікте қопсытылғанда 171,2 центнерді құрады. Топырақты өңдеу нәтижесінде гектарынан қосымша 12,6 центнерден жем шөп алуға мүмкіндік туылады. Жер жаңғақ сабағы өте танымды белокқа бай мал азағы есептеледі.

Жер жаңғақ жеміс түйнектерін есепке алғанымызда топырақты 30 см тереңдікте айдалғанда гектарынан 22,7 центнерден өнім алған болсаң, топырақты айдаудан кейін 45 см-ге дейін қопсытылғанда гектарынан 31,0 центнерден өнім алып, қосымша өнім 8,3 центнерді құрады.

Тәжірибеде жер жаңғақ өсімдігінің бір қайталауында өсімдік қалыңдығы саны кем болғандығы үшін есептен шығарып тасталды. Жер жаңғақ өнімділігі 3-қайталайдан есепке алынды.

Қорытынды. Алынған нәтижелерге қарағанда жер жаңғақ тамыр жүйелері гүлдеу дәуірінен бастап топырақты 45 см аударып жұмсату вариантында жақсы өркендеп тамырдың құрғақ салмағы бір өсімдік есебіне 12,1 гр немесе гектарына 121 кг құрады, ал топырақты 30 см тереңдікте айдаған вариантында бұл көрсеткіштер жоғарыға сәйкес 7,2 гр және 72 кг құрады. сондайақ гүлдеу кезеңінде бұл көрсеткіш 72,2; 96,7 гр немесе 722; 967 кг, алғашқы жеміс пайда болуы дәуірінде (30VIII) 1-вариантта 29,3 гүл сағағы (гинофор) болса, пісу дәуіріне келіп ол 36,7 дананы құрады, ал бұл нәтиже 2-вариантта 54,5 және 66,0 дана екендігін анықталды. Жер жаңғақ тің жапырағы, сабағы және қауашағы құрамындағы

протеин мөлшері өсімдік жапырағында, топырақ өңдеудің әсерінде 12,2 % ал жай айдалған вариантта 11,7 % бұл көрсеткіш жоғарыға сәйкес сабағы және қауашағында 12,2; 37,5, ал бірінші вариантта 5,4; 33,5% құрады.

Топырақты 30 см тереңдікте айдағанда жер жаңғақ өсімдігінен гектарынан 157,6 центнер биомасса алынды, ал бұл көрсеткіш топырақты 30 см айдалып 45 см тереңдікте қопсытылғанда 171,2 центнерді құрады. Топырақты өңдеу нәтижесінде гектарынан қосымша 12,6 центнерден жем шөп алуға мүмкіндік туылады алынған өнімін есепке алғанда 30 см тереңдікте айдалғанда гектарынан 22,7 ц\га, 45 см-ге дейін қопсытылғанда гектарынан 31,0 центнерден өнім алып, қосымша өнім 8,3 центнерді құрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Панченко В. Л. Возделывание земляного ореха (жер жаңғақ) в Узбекистане. Ташкент, МПП. 2012.16 с.
2. Рубин Б.А. Курс физиологии растений. М.Высшая школа. 2001.672 с.
3. Сказкин Ф.Д., Успенская М.В. Оценка влияния орошения на масличные культуры. Физиологическая оценка влияния орошения на различные сорта жер жаңғақ а. Труды по прикладной ботанике, генетике и селекции. Сер.Ш. Л.-М.,2007, №12, С.171-183.
4. Станков Н.З., Ладонина Т.П., Измерение сосущей силы корней // Вестник с/х наук,2009, №8.
5. Смирнова Е.С., Биология цветения и плодообразования жержаңғақ а/ Труды ин-та растениеводства по прикладной ботанике, генетике и селекции. Т.29. вып.3. Л.,2022. с.99-111.
6. Сулейманов С.М. Мощность пахотного слоя и ростовая активность жержаңғақ а в хлопковом севообороте // Хлопководство,2014, №3-4,С.15-17.

МУЗЫКА САБАҒЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ, ЗАМАНАУИ МУЗЫКА САБАҒЫ

Қайнарбаева А.Қ. – магистр, аға оқытушы, «Ж.А.Тәшенев атындағы университет»
АҚ, Шымкент, Қазақстан e-mail: kainar.aigul@mail.ru

Андатпа: Қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың білім беру саласында қолданылуы өзекті мәселе болып табылады. Әсіресе, музыка сабағында ақпараттық технологиялардың ролі ерекше маңызды, өйткені олар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, музыкаға деген қызығушылықтарын арттырады. Ақпараттық технологиялар оқу үдерісін қызықты әрі тиімді етеді, мұғалімдерге әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл мақалада музыка сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы, оның тиімділігі мен оқушылардың білімін дамытуға әсері қарастырылған. Сонымен қатар, мақалада ақпараттық технологиялардың музыка пәнінің оқу процесіне енгізілуі туралы ғылыми деректер мен практикалық ұсыныстар ұсынылады.

Кілт сөздер: Ақпараттық технологиялар, музыка сабағы, шығармашылық қабілеттер, мультимедиа, интерактивті әдістер, қашықтықтан оқыту, музыкалық білім беру.

Аннотация. Применение информационных технологий в сфере образования в современном мире является актуальной проблемой. Особенно важна роль информационных технологий на уроках музыки, так как они развивают творческие способности учащихся и повышают их интерес к музыке. Информационные технологии делают учебный процесс более интересным и эффективным, позволяют учителям повышать качество обучения с помощью различных методов и приемов. В данной статье рассматривается значение использования информационных технологий на уроках музыки, ее эффективность и влияние на развитие знаний учащихся. Кроме того, в статье представлены научные данные и практические рекомендации по внедрению информационных технологий в учебный процесс музыкального предмета.

Ключевые слова: информационные технологии, уроки музыки, Творческие способности, мультимедиа, интерактивные методы, дистанционное обучение, музыкальное образование.

Abstract. In modern times, the use of information technologies in the field of education is an urgent problem. Especially important in music lessons is the role of information technologies, as they develop students ' creative abilities and increase their interest in music. Information technologies make the educational process interesting and effective, allow teachers to improve the quality of teaching through the use of various methods and techniques. This article discusses the importance of using information technology in music lessons, its effectiveness and impact on the development of students ' knowledge. In addition, the article presents scientific data and practical recommendations on the implementation of information technologies in the educational process of the subject of music.

Keywords: Information Technology, music lessons, creative abilities, multimedia, interactive methods, distance learning, music education.

Кіріспе

Бұл ғылыми мақалада музыка сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы мен тиімділігі қарастырылады. Ақпараттық технологиялар білім беру саласында кеңінен қолданылып, музыка сабағында да шығармашылық қабілеттерді дамытуға, оқушылардың музыкаға деген қызығушылығын арттыруға зор әсер етеді. Мақалада ақпараттық технологиялардың оқу үдерісін жеңілдетіп, тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Бұл әдіс мұғалімдерге оқыту барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді

қолдануға, сабақтың сапасын арттыруға көмектеседі. Мақалада сонымен қатар ақпараттық технологиялардың музыка пәні бойынша оқушылардың білімін дамытудағы рөлі, оның артықшылықтары мен қолдану жолдары да қарастырылған. Ақпараттық технологиялар білім беру үдерісін интерактивті және қызықты ете отырып, оқушылардың музыкалық білімін тереңдетуге ықпал етеді. Қазіргі заманғы музыка сабағының құрылымы интерактивті болып табылады, оның ішінде музыкалық теория, практикалық дағдыларды меңгеру, шығармашылық тапсырмалар орындау секілді бөлімдер бар. Ақпараттық технологиялар көмегімен оқушыларға виртуалды аспаптарда ойнауды, музыка жазу бағдарламаларын қолдануды үйренуге мүмкіндік беріледі. Мультимедиялық құралдар мен бағдарламалар арқылы оқушылардың музыкалық шығармаларды терең түсінуі мен орындауы жақсарады. Қашықтықтан оқыту жүйесі оқушыларға музыкалық білім алуда үлкен мүмкіндіктер береді. Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Виртуалды аспаптар мен музыка жазу бағдарламалары арқылы оқушылар өз шығармаларын жасауға мүмкіндік алады, бұл олардың музыкалық қабілеттерін жетілдіреді. Мұндай әдістерді қолдану музыка сабағына деген қызығушылықты арттырып, оқушылардың оқу мотивациясын күшейтеді. Ақпараттық технологиялардың маңызды бір артықшылығы - оқушыларға музыкалық білімді өздерінің қарқынымен алу мүмкіндігін беру, бұл шығармашылықты дамытудың тиімді жолы. Мақалада ақпараттық технологиялардың музыка сабағында қолданылуының қиындықтары да атап өтіледі. Бұл қиындықтар техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі, мұғалімдердің осы технологияларды меңгеру деңгейінің әртүрлілігі, және құрал-жабдықтардың жұмысында туындайтын техникалық ақаулардан тұрады. Мұндай қиындықтар оқыту үдерісінің тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін, сондықтан жоғарғы оқу орындақрында қажетті ресурстарды қамтамасыз ету мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажет. Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылар жаңа идеяларды жүзеге асырып, музыкалық шығармашылықты дамыта алады. Бұл технологиялардың музыка сабағында қолданылуы оқушылардың шығармашылық әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Заманауи білім беру үрдісінде ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқарады. Әсіресе музыка пәнінде ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың музыка өнеріне деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл мақалада музыка сабағында ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы, артықшылықтары және қолдану тәсілдері қарастырылады. Қазіргі ақпараттық технологиялар білім беру саласында көптеген оң өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктер ашты. Олардың қолданылуы оқу үдерісін оңтайландыруға, оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Әсіресе, музыка сабағында ақпараттық технологиялардың маңызы зор, себебі бұл пән шығармашылыққа негізделген және визуалды, дыбыстық ақпаратты кеңінен қолдануды талап етеді. Ақпараттық технологияларды пайдалану музыка сабағының тиімділігін арттырып, оқушылардың музыкалық білімін тереңдетуге мүмкіндік береді. Музыка сабағында ақпараттық технологияларды қолдану оқушыларға музыкалық теория мен практиканы жақсы меңгеруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және музыкалық мәдениетті терең түсінуге көмектеседі. Әсіресе, музыка шығармаларын тыңдау, орындау және музыкалық композицияларды жасауда жаңа технологиялар маңызды рөл атқарады. Қазіргі қоғамның білім беру жүйесі бұрынғы дәстүрлі оқыту әдістерін жаңартып, жаңа технологиялар мен инновациялық құралдарды қолдануды талап етеді. Мұның ішінде музыка пәнінің рөлі ерекше. Музыка сабағы тек музыкалық қабілеттерді дамытумен шектелмей, оқушылардың шығармашылық әлеуетін, эстетикалық көзқарасын, эмоциялық интеллектін қалыптастыруға да ықпал етеді. Заманауи музыка сабағында ақпараттық технологияларды қолдану оқу процесінің тиімділігін арттырып, оқушылардың қызығушылығын жоғарылатады. Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесінде қолданылуы – бұл оқушылардың білім алу үдерісін интерактивті және жеделдетіп

ұйымдастырудың негізгі тәсілдерінің бірі. Заманауи музыка сабағының мақсаты – оқушылардың музыкалық білімін тереңдету, шығармашылық қабілеттерін арттыру, және осы бағытта ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану болып табылады.

2. Заманауи музыка сабағының құрылымы

Қазіргі заманғы музыка сабағының құрылымы дәстүрлі форматтардан гөрі әлдеқайда интерактивті және кешенді болып табылады. Заманауи технологияларды қолданып, сабақтарды ұйымдастыру кезінде музыка пәні бойынша оқыту жүйесі жаңа мүмкіндіктерге ие болады. Бұл құрылымның негізгі компоненттері:

1. Теориялық бөлім – музыкалық теорияны түсіндіру, ноталарды оқу, музыка жанрларын және стильдерін зерттеу.

2. Практикалық бөлім – музыкалық аспаптарда ойнауды үйрену, орындаушылық дағдыларын дамыту.

3. Шығармашылық бөлім – шығармашылық тапсырмаларды орындау, музыкалық шығармаларды жасау, ән жазу, композиция құру.

3. Заманауи музыка сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың артықшылықтары

3.1. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттері кеңейеді. Виртуалды аспаптар мен музыка жазу бағдарламалары оқушыларға тек музыкалық шығармаларды тыңдауға ғана емес, өз шығармаларын жасауға да мүмкіндік береді. Олар өздерінің шығармашылық идеяларын жүзеге асырып, жаңа композициялар құра алады.

3.2. Оқу үдерісінің тиімділігін арттыру

Ақпараттық технологиялар оқу үдерісін тиімді етеді. Музыка сабағында мультимедиялық құралдар мен бағдарламаларды қолдану арқылы оқу материалдарын жетік түсіну және оны жақсы игеру мүмкіндігі пайда болады. Қашықтықтан оқыту жүйесі де оқу үдерісінің тиімділігін арттырып, оқушылардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

3.3. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру

Интерактивті әдістер мен мультимедиялық құралдар оқушылардың музыкаға деген қызығушылығын арттырады. Визуалды және дыбыстық ақпаратты біріктіре отырып, оқушылар музыкалық шығармаларды тереңірек түсініп, музыкаға деген сүйіспеншіліктері артады. Ақпараттық технологиялардың көмегімен оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, олар сабаққа белсене қатысады. Заманауи музыка сабағының болашағы ақпараттық технологиялардың дамуына тікелей байланысты. Қазіргі уақытта музыка сабағының құрылымы мен әдіс-тәсілдері үнемі өзгеріп, жаңа технологиялармен толықтырылып отырады. Бұдан бөлек, виртуалды және кеңейтілген шындық (AR/VR) технологиялары музыка сабағында оқушыларға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Бұл технологиялар оқушыларға музыканы жаңа тұрғыдан үйренуге, музыкалық шығармаларды тереңірек түсінуге және орындауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект және робототехника да музыка сабағында үлкен рөл атқара алады. Болашақта бұл технологиялар оқушыларға музыкалық шығармашылықты жаңаша деңгейде дамытуға мүмкіндік береді.

4. Ақпараттық технологиялардың білім берудегі рөлі

Ақпараттық технологиялар білім беру саласына жаңашылдық енгізіп, оқу үдерісін жаңартуға мүмкіндік береді. Оларды қолданудың көптеген артықшылықтары бар, соның ішінде:

1. Жаңа мүмкіндіктердің ашылуы: Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылар әртүрлі мультимедиялық ресурстарды пайдаланып, музыкалық шығармаларды тыңдай алады, видеолар мен анимацияларды көреді, музыкалық аспаптардың дыбыстарын зерттейді.

2. Өртүрлі әдістерді қолдану: Мультимедиялық құралдар мен бағдарламалар оқушылардың музыкалық дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Виртуалды аспаптар мен бағдарламалар оқушыларға шығармашылық үдерісті басқаруға мүмкіндік береді.

3. Жеке оқу үдерісін ұйымдастыру: Ақпараттық технологиялар қашықтықтан оқыту мен өзіндік жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға өздерінің қарқынымен жұмыс істеуге, тапсырмаларды қайталауға және түсініктерін тереңдетуге мүмкіндік береді.

5. Музыка сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдері

Музыка сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың бірнеше маңызды әдіс-тәсілдері бар:

5.1. Мультимедиялық құралдар

Мультимедиялық құралдар – бұл оқушылардың музыкалық шығармаларды тыңдау және талдау қабілеттерін арттыратын маңызды элементтер. Музыка сабағында бейнемазмұндар, анимациялар, графикалық иллюстрациялар арқылы музыкалық шығармалардың құрылымы мен мазмұнын түсіндіруге болады. Мультимедиялық әдіс оқушылардың білімін тереңдетуге мүмкіндік береді, өйткені бұл әдіс арқылы олар тек тыңдаумен ғана шектелмей, музыкалық шығарманың көрнекі бейнесін де көреді. Мультимедиялық құралдар (бейнемазмұн, анимациялар, графиктер) музыка сабағында тақырыпты түсіндіру үшін тиімді қолданылады. Олар оқушылардың назарын тартып, музыка шығармаларын тыңдауды жеңілдетеді. Сонымен қатар, мультимедиялық құралдар музыка теориясын көрсетуге, музыкалық аспаптардың дыбыстарын таныстыруға және шығармаларды визуалды түрде талдауға көмектеседі.

5.2. Виртуалды музыкалық аспаптар

Виртуалды аспаптар, мысалы, виртуалды пианино немесе гитара, оқушыларға аспаптарда ойнауды үйренуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе мектептерде қажетті музыкалық аспаптар болмаған жағдайда маңызды. Виртуалды аспаптар оқушылардың орындаушылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

5.3. Музыка жазу және өңдеу бағдарламалары

GarageBand, Logic Pro, Ableton Live сияқты музыка жазу және өңдеу бағдарламалары оқушыларға өз шығармаларын жазуға және өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалар арқылы оқушылар музыкалық композицияларды жасап, шығармашылық дағдыларын дамыта алады.

5.4. Қашықтықтан оқыту

Қашықтықтан оқыту арқылы оқушылар музыка сабағын онлайн форматта оқып, тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады. Бұл тәсіл оқушыларға музыкалық білімді кез келген уақытта алуға және өз қарқынымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, музыка сабағында қашықтықтан оқыту әдістері оқушылардың мотивациясын арттырып, оқу үдерісін жеңілдетеді.

6. Ақпараттық технологиялардың музыка сабағында шығармашылыққа әсері

Ақпараттық технологиялар музыка сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен ықпал етеді. Өр түрлі музыкалық шығармаларды жазу, дыбыс өңдеу және аранжировка жасау арқылы оқушылар өз идеяларын жүзеге асырады, шығармашылыққа деген қабілеттерін ашады. Виртуалды аспаптар мен бағдарламалар оқушыларға музыкалық шығармашылыққа тәжірибелі түрде қатысуға мүмкіндік береді, бұл олардың музыкалық шеберлігін арттырып, өнерге деген қызығушылықтарын күшейтеді.

7. Музыка сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың қиындықтары

Ақпараттық технологияларды музыка сабағында қолданудың белгілі бір қиыншылықтары да кездеседі:

1. Құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі: Барлық мектептерде қажетті компьютерлер, планшеттер, бағдарламалар мен интернет байланысы болмауы мүмкін. Бұл білім сапасына теріс әсер етуі мүмкін.

2. Мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру деңгейі: Мұғалімдердің ақпараттық технологияларды қолданудағы тәжірибесі мен білімі әр түрлі болуы мүмкін. Бұл оқу процесіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

3. Техникалық мәселелер: Музыкалық бағдарламалар мен құралдардың жұмыс істеуі кезінде туындайтын техникалық ақаулар оқушылардың жұмысын бұзуы мүмкін.

8. Ақпараттық технологияларды қолданудың нәтижелері

1. Креативтілік

Оқушылар жаңа идеяларды виртуалды құралдармен жүзеге асыруды үйренеді.

2. Уақыт үнемдеу

Цифрлық аспаптар мен бағдарламалар арқылы музыкалық білім беру процесі жеңілдейді.

3. Білімге қолжетімділік

Әлемдік музыкалық мұраларға еркін қол жеткізу арқылы оқушылардың көкжиегі кеңейеді.

9. Ақпараттық технологияларды қолданудың қиындықтары

– Оқушылардың барлық жерде құрылғыларға қол жеткізе алмауы.

– Технологияларды пайдаланудағы әдістемелік дағдылардың жетіспеушілігі.

– Мұғалімдерге қосымша дайындық қажет болуы.

Қорытынды

Ақпараттық технологиялардың музыка сабағында қолданылуы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, музыкалық білімді тереңдетуге және оқу үдерісін жеңілдетуге үлкен ықпал етеді. Мультимедиялық құралдар, виртуалды аспаптар, музыка жазу бағдарламалары және қашықтықтан оқыту әдістері музыка сабағында оқушылардың музыкалық дағдыларын арттыруға көмектеседі. Алайда, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін мектептерде қажетті ресурстар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажет. Бұл әдіс оқушылардың музыкалық білімін сапалы түрде кеңейтіп, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Киселева Т.А. (2018). Музыкальное образование в условиях информационных технологий. — М.: Издательство «Просвещение».

2. Иванова, О. В. (2020). Информационные технологии в образовательном процессе. — СПб.: Питер.

3. Гусев, Н. С. (2019). Применение информационных технологий в музыкальном образовании. — М.: Академический проект.

4. Қараев, Ж. А. (2017). Ақпараттық технологияларды білім беру саласында қолдану. — Алматы: «Қазақ университеті» баспасы.

5. Мамыраев, Қ. (2019). Музыка сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдері. — Астана: «Ғылым» баспасы.

6. Бабанский, Ю. К. (2015). Педагогика и технологии: Образование и информационные технологии. — М.: Академия.

7. Тімірбекова, Г. С. (2021). Музыкалық білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану: теория және практика. — Алматы: «Жібек жолы» баспасы.

8. Zhang, S. & Liu, W. (2020). The Role of Information Technology in Music Education: From Theory to Practice. *International Journal of Music Education*, 38(1), 1-12.

9. Dweck, C. S. (2019). *Mindset: The New Psychology of Success*. — New York: Random House.

10. Kim, Y., & Lee, J. (2021). Using Technology to Improve Music Education: A Review of Research. *Journal of Educational Technology & Society*, 24(2), 45-58.
11. Wang, Z. (2022). The Integration of Information Technology in Music Education: Trends and Challenges. *Journal of Music Technology*, 12(4), 256-267.

ЕРЕКШЕ ҚАЗЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАР МЕН ЕРЕСЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РЕАБИЛИТАЦИЯСЫ

Ж.М.Атаева., Г.І. Амандикова

Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қаласы
jadi.8@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада психологиялық реабилитацияның негізгі аспектілері мен әдістері қарастырылып, оның ерекше қажеттіліктері бар адамдарға ықпалы жан-жақты талданады.

Кілт сөздер: психологиялық реабилитация, ерекше қажеттіліктері бар адамдар (ЕАҚ), инклюзия, когнитивтік қабілеттер, өмір сапасын жақсарту.

Аннотация. В этой статье рассматриваются основные аспекты и методы психологической реабилитации и всесторонне анализируется ее влияние на людей с особыми потребностями.

Ключевые слова: психологическая реабилитация, люди с особыми потребностями (ОКР), инклюзия, когнитивные способности, улучшение качества жизни.

Annotation. In this article, the main aspects and methods of psychological rehabilitation are considered and its impact on people with special needs is analyzed in detail.

Keywords: psychological rehabilitation, people with special needs (OCD), inclusion, cognitive abilities, improvement of quality of life

Ерекше қажеттіліктері бар адамдар (ЕҚА) – бұл физикалық, психологиялық немесе интеллектуалдық шектеулері бар жеке тұлғалар. Олардың күнделікті өмірге бейімделуі мен қоғамға толыққанды қосылуы әрдайым оңай емес. Осы мәселелерді шешуде психологиялық реабилитация маңызды рөл атқарады. Ол ЕҚА-ның тұлғалық дамуы мен әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады. Психологиялық реабилитацияның негізгі мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектердің өмір сүру сапасын жақсарту, олардың әлеуметтік ортасына бейімделуіне және жеке потенциалын жүзеге асыруына көмектесу.

Психологиялық реабилитация – бұл ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арнайы ұйымдастырылған психологиялық көмек. Ол адамға өзін толыққанды сезінуге, эмоциялық күйзелісті жеңуге және қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Бұл процестің маңыздылығын келесі аспектілерден байқауға болады:

Эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз ету;

ЕҚА көбінесе депрессия, қорқыныш және өзін-өзі төмен бағалаумен бетпе-бет келеді. Оларға сенім мен өзін-өзі құрметтеу сезімін дамыту үшін эмоционалдық қолдау қажет. Психологтар мен арнайы мамандар бұл кезеңде маңызды рөл атқарады, өйткені олар адамның эмоционалдық жай-күйін жақсартуға бағытталған жеке және топтық жұмыстар жүргізеді.

Когнитивті және функционалдық қабілеттерді жетілдіру;

Балалардың және ересектердің танымдық қабілеттерін дамыту үшін арнайы әдістер қажет. Мысалы, когнитивті жаттығулар, нейропсихологиялық тренингтер, ойын терапиясы сияқты тәсілдер адамның зейінін, есте сақтау қабілетін және шығармашылық ойлауын жақсартуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік бейімделу;

ЕҚА көбінесе әлеуметтік ортаға бейімделуде қиындықтарға тап болады. Олардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту және қоғамның бұл адамдарды қабылдау деңгейін арттыру реабилитацияның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Отбасылық қолдау;

ЕҚА-мен жұмыс тек жеке адамға ғана емес, олардың отбасы мүшелеріне де бағытталуы керек. Отбасының қолдауы мен түсіністігі адамның өзін қауіпсіз сезінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, мамандар ата-аналар мен жақындарға ерекше қажеттіліктері бар адамдармен қарым-қатынас жасаудың тиімді тәсілдерін үйретеді.

Психологиялық реабилитацияның әдістері;

Психологиялық реабилитацияда қолданылатын әдістердің алуан түрлілігі олардың қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Мынау әдістер кеңінен қолданылады:

Арт-терапия;

Бұл әдіс шығармашылық іс-әрекет арқылы адамның эмоциялық және психологиялық жағдайын түзетуге бағытталған. Сурет салу, мүсін жасау, музыка тыңдау немесе жазу арқылы адамдар өз эмоцияларын сыртқа шығарып, ішкі күйзелістерін жеңілдетеді алады.

Жануарлармен терапия;

Иппотерапия (атпен емдеу) және дельфинотерапия сияқты әдістер эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, адам мен табиғат арасындағы байланыс арқылы жағымды әсер береді. Бұл әдіс, әсіресе, ерекше қажеттіліктері бар балалар арасында танымал.

Когнитивті-мінез-құлық терапиясы (КМТ);

КМТ адамның ойлау және мінез-құлық модельдерін өзгертуге бағытталған. Бұл әдіс қорқыныш, депрессия, өзін-өзі төмен бағалау сияқты проблемаларды шешуге көмектеседі.

Психодрама және рөлдік ойындар;

Рөлдік ойындар адамға өз эмоцияларын тануға және басқалардың сезімдерін түсінуге көмектеседі. Бұл әдіс әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған.

Технологиялық реабилитация;

Виртуалды шындық пен арнайы компьютерлік бағдарламалар ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқыту және олардың өмірлік дағдыларын дамыту үшін қолданылады.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектерге психологиялық реабилитацияның нәтижелері

Психологиялық реабилитацияның нәтижесі ретінде мыналар байқалады:

- Эмоционалдық тұрақтылықтың артуы және өмір сапасының жақсаруы;
- Әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының дамуы;
- Өзін-өзі бағалаудың артуы және қоғамда өз орнын табу мүмкіндігі;
- Интеллектуалдық және функционалдық мүмкіндіктердің кеңеюі.

Психологиялық реабилитацияның тиімділігі қоғамның, отбасының және кәсіби мамандардың үйлесімді әрекетіне тікелей байланысты. Инклюзивті білім беру, арнайы тренингтер мен қолдау бағдарламалары бұл процестің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтарын қорғау және олардың қоғамға тең мүмкіндіктермен қосылуын қамтамасыз ету мәселесі көптеген елдердің, соның ішінде Қазақстанның, әлеуметтік саясатындағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Бұл міндеттің орындалуы Біріккен Ұлттар Ұйымының мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясында айқындалған, онда мүгедек жандардың теңдік, еркіндік және қоғам өміріне толыққанды қатысу құқықтары бекітілген. Қазақстан бұл Конвенцияны ратификациялағандықтан, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың әлеуметтік интеграциясына үлкен назар аударуда.

ЕҚА-ның қоғамда толыққанды өмір сүруі үшін психологиялық реабилитацияның маңызды рөлін түсіну және оны сапалы түрде ұйымдастыру қажет. Бұл процесс тек физикалық жағдайды жақсартуға емес, сондай-ақ олардың өзін-өзі қабылдауы мен қоғамдағы мәртебесін көтеруге бағытталған.

Психологиялық реабилитациядағы инновациялық тәсілдер

Заманауи әлемде ерекше қажеттіліктері бар адамдарға психологиялық реабилитация жүргізуде инновациялық әдістерді қолдану маңызды. Төменде олардың кейбірі келтірілген:

1. Виртуалды шындық технологиялары.

Бұл технологиялар ерекше қажеттіліктері бар адамдардың қорқыныштарын жеңуге, жаңа дағдыларды игеруге және когнитивті қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, виртуалды тренажерлер арқылы әлеуметтік ортаға бейімделу, сауда жасау, көлікте жүру сияқты күнделікті өмірлік жағдайлар үйретіледі.

2. Робототехника және нейроинтерфейстер

Заманауи робототехникалық құрылғылар адамдарға жоғалған немесе зақымдалған функцияларды қалпына келтіруге көмектеседі. Ал нейроинтерфейстер арқылы адамның ми белсенділігін бақылап, оған қажетті қолдау көрсетуге болады. Бұл әсіресе, қимыл-қозғалыс шектеулері бар адамдар үшін тиімді.

3. Геймификация

Ойын элементтерін қолдану балалар мен ересектердің мотивациясын арттыруда өте тиімді. Ойындар арнайы когнитивті дағдыларды дамытып, психологиялық стрессті жеңілдетуге көмектеседі.

4. Телемедицина және онлайн-психотерапия

Қашықтан психологиялық қолдау көрсету технологиялары алыс аудандардағы немесе қозғалуы шектелген адамдарға қолжетімді қызмет түрлерін ұсынады. Бұл әдіс пандемия кезінде де ерекше маңызды болды.

Қоғамдағы инклюзия мен мәдениетаралық аспектілер

Психологиялық реабилитация тек жеке тұлғаға ғана емес, бүкіл қоғамға бағытталуы керек. Инклюзияны дамытудың негізгі құралдары:

Инклюзивті білім беру: Ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру мекемелерінде оқуы олардың әлеуметтенуіне көмектеседі.

Қоғамдық сана мен көзқарасты өзгерту: Қоғамдық іс-шаралар, әлеуметтік жарнама және БАҚ арқылы ЕҚА-ға деген оң көзқарасты қалыптастыру.

Мәдени айырмашылықтарды ескеру: Әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы қарым-қатынаста ерекше қажеттіліктерге түсіністікпен қарау маңызды.

Психологиялық реабилитация нәтижелерін бағалау

Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың психологиялық реабилитациясының тиімділігін бағалау үшін нақты критерийлер қажет:

Эмоционалдық жағдайдың жақсаруы: Қорқыныш, стресс және депрессия деңгейінің төмендеуі.

Әлеуметтік интеграция: Қоғамдағы белсенділік пен қарым-қатынас санының артуы.

Функционалдық және когнитивтік қабілеттердің даму деңгейі: Тапсырмаларды орындау қабілетінің жақсаруы.

Өмір сапасының жақсаруы: ЕҚА-ның жалпы қанағаттану деңгейінің өсуі.

Бұл көрсеткіштер реабилитациялық бағдарламаның сапасын анықтауға және оның тиімділігін арттыру үшін қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың психологиялық реабилитациясы олардың толыққанды өмір сүруіне, өзін-өзі дамытуына және қоғамға бейімделуіне ықпал етеді. Бұл процесс тек мамандардың жұмысы емес, сонымен қатар отбасы мен қоғамның бірлескен қолдауын талап етеді. Инклюзивтілік пен түсіністікке негізделген қоғам құру – барлығымыздың ортақ міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л. С. Развитие высших психических функций. — Москва: Педагогика, 1986.
2. Герасимова И. П. Арт-терапия в реабилитации детей с ограниченными возможностями. — Москва: Просвещение, 2017.

3. Сухарев А. В. Психология детей с особыми потребностями. — Санкт-Петербург: Речь, 2015.
4. Карabanова О. А. Психологическая помощь детям с ограниченными возможностями. — Москва: Юрайт, 2019.
5. Всемирная организация здравоохранения. Руководство по реабилитации детей и взрослых с инвалидностью. — Женева: ВОЗ, 2020.
6. Мастрюкова Е. В. Психологическая реабилитация: методология и практика. — Новосибирск: НГУ, 2018.

АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

А.А Жапсар., К.Ж. Кәрібай

магистр, оқытушы, «Ж.А.Тәшенев атындағы университет» АҚ, Шымкент қ.
arai97@list.ru

Андатпа. Бұл мақалада аутистік спектр бұзылысы бар балалардың психикалық ерекшеліктерін толық ашатын боламын. Аутистік спектр бұзылысы жағдайында мінез-құлық бұзылысының салдарынан тек өзіне ғана тән аузыша сөйлеу тілінің бұзылыстары кездеседі, қарым-қатынас барысындағы қиындықтары туралы айтамыз. Мақала барысында аутистік спектр бұзылысы бар балаларға психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау мәселелері қаралады.

Кілт сөздер: инклюзия, аутистік спектр бұзылысы, аффект, мутизм, АВА-терапия, аутоstimуляция, дизонтогенез, эхолалия.

Аннотация. В этой статье я полностью раскрою психические особенности детей с расстройствами аутистического спектра. В случае расстройства аутистического спектра вследствие расстройства поведения встречаются характерные только для него речевые нарушения, речь идет о трудностях в общении. В ходе статьи рассматриваются вопросы психолого-педагогической, социальной поддержки детей с расстройствами аутистического спектра.

Ключевые слова: инклюзия, расстройство аутистического спектра, аффект, мутизм, АВА-терапия, аутоstimуляция, дизонтогенез, эхолалия.

Abstract. In this article, I will fully reveal the mental characteristics of children with autism spectrum disorders. In the case of an autism spectrum disorder due to a behavior disorder, there are speech disorders characteristic only for him, we are talking about difficulties in communication. The article examines the issues of psychological, pedagogical, and social support for children with autism spectrum disorders.

Keywords: inclusion, autism spectrum disorder, affect, autism, AVA therapy, autostimulation, dysontogenesis, echolalia.

«Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас ұштағаны деуге болады. Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек», – деді Президент.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында әлеуметтік өзара іс-әрекет және қарым-қатынас дағдылары бұзылған балалар санының өсу үрдісі байқалады, олардың қатарына аутистік спектрдің бұзылысы бар балалар жатады. Аутизмге шалдыққан баланың өз проблемасын жеңуіне мамандар мен қоғамның барлық өкілінің көмегі ауадай қажет, мұндай баланың қоғамда басқа адамдармен бірге өмір сүруге үйренуіне мүмкіндігі бар. Аутизм – ми дамуының бұзылуынан туындайтын және әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қарым-қатынастың айқын және жан-жақты жетіспеушілігімен, сондай-ақ шектеулі мүдделермен және қайталанатын әрекеттермен сипатталатын ауытқу болып табылады. Бұл терминді 1912 жылы Э. Блейлер адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген. Аутист балалардың есте сақтау қабілеттілігі жоғары болады. Математика және музыка салаларында дарынды, тіпті бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Аутизм белгілері үш жасқа дейін байқала бастайды. «Әлем баршаға ортақ» аутизмді түзетудің екі әдістемесін енгізілген. Біріншісі – классикалық, бұл жағдайда баламен әлеуметтік-коммуникативтік және танымдық, тілдік және күнделікті өмірдің дағдыларын

пысықтайды. Сонымен бірге баламен 4 маман жұмыс істейді: психолог, дефектолог, логопед және педагог. Жұмыстың екінші әдісі – бұл АВА терапия, бұл мінез-құқықтың тілдік және базалық дағдыларын бағалаудан тұрады, осылайша әрбір балаға жеке педагог-ассистент қарастырылған. Барлығы 544 дағды бөлінген, олардың негізінде әрқайсысына жеке бағдарламалар құрайды.

Біздің елімізде аутистік спектр бұзылысы бар балаларға тиімді кешенді қолдау көрсету мәселелері толық көлемде шешілмеген. Бұл тек инклюзивті білім беру туралы ғана емес, сонымен қатар арнайы білім беру туралы да сөз болып отыр, өйткені осы санаттағы балалардың жалпы білім беретін сыныптарда да, инклюзивтік тәжірибені енгізумен қатар арнайы сыныптар, арнайы білім беру ұйымдары жағдайында да білім алу бірдей қиын. Қазіргі таңда педагогикалық ұжым «қолайсыз» баланы білім беру процесінен тыс шығаруға немесе осы баланың оған қатысуын айтарлықтай шектеуге тырысатын жағдай кең таралған. Мұндай мінез-құлық бірінші кезекте білім беру ортасындағы балалардың бейімделу процесінің ерекшеліктеріне қатысты педагогтардың жеткіліксіз хабардар болуымен, оқу-тәрбие процесін, педагогикалық қолдауды қажетті көлемде қамтамасыз етудің жоқтығымен немесе жеткіліксіздігімен түсіндіріледі. Қиындықтан шығу көбінесе мұғалімдерге баланың интеллектуалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін арнайы оқу бағдарламасы бойынша үйде жеке оқытуға ауыстырып жатыр. Себебі, өз үйінің әдеттегі жағдайы оқушыға оқу қабілетін барынша пайдалануға мүмкіндік береді деп қате болжануда. Тәжірибе көрсеткендей, үйде жеке оқыту оң нәтиже бермейді, өйткені аутистік спектр бұзылысы бар баланың әлеуметтік дамуына ықпал етпейді. Мұндай оқушы үшін білімді жинақтау және дағдыларды игеру ғана емес, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау және нақты өмірлік жағдайларда білім мен іскерлікті пайдалану мүмкіндігіне ие болу маңызды. Соның салдарынан, аутистік спектр бұзылысы бар баланы үйде жеке оқыту оның жағдайын одан әрі күрделендіруі мүмкін. Аутистік спектр бұзылысы бар балалар үшін көпвекторлы үлгі барынша оңтайлы болып табылады, онда инклюзивті білім беру жағдайында да, жалпы білім беретін мектептегі арнайы сынып жағдайында және арнайы ұйымда да аутистік көріністердің айқын көрінуіне, баланың даму деңгейіне және ата-аналардың сұраныстарына байланысты сапалы білім алуға әртүрлі мүмкіндіктер бар. Мұндай білім беру бағыты оқушы үшін де, мұғалімдер үшін де барынша ыңғайлы болады, бұл бейімделу кезеңінен өту мүмкіндігін (жарты жылға дейін созылуы мүмкін), жеке топтан кіші және үлкен топқа өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Осы әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – жалпы білім беретін мектепте аутистік спектр бұзылысы бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру ерекшеліктерін болжанып отырған оң нәтижеге бағытталған кешенді жүйе ретінде ашу, атап айтқанда оңтайлы дамуға қол жеткізу, әлеуметтендіру, сапалы білім беру болып табылады.

Аутистік спектрдің ауытқулары бар балаларға психологиялық-педагогикалық сипаттама.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне және құрдастарының ортасында табысты оқуына кедергі келтіретін негізгі мәселелер:

- әлеуметтік-эмоциялық өзара іс-әрекеттердің айқын қиыншылықтары;
- өз қызметін және мінез-құлқын ұйымдастырудағы қиындықтар;
- әртүрлі дәрежедегі мінез-құлық бұзылыстары; психикалық функциялардың айқын көрінген әркелкі даму;
- ерекшелігі, жалпы танымдық қабілеттерінің даму ерекшелігі;
- қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатудағы қиындықтар.

Жоғарыда көрсетілген ерекшеліктер – осы санаттағы балалардың әртүрлілігі оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларында, бейімделген білім беру кеңістігін ұйымдастыруда, оқу кезінде арнайы тәсілдер мен әдістерді қолдануда және аутистік спектр бұзылысы бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің қажеттігін білдіреді. Арнайы психологияда мұндай бұзылыстар бұрмаланған дамудың түрлі

нұсқаларына жатады. Бүгінгі күні бұрмаланған дамудың екі тобын бөліп отыр: 1. көбінесе аффективті-эмоциялық саланың бұрмалануы (О.С. Никольскаяның жіктемесі бойынша ерте балалар аутизмінің 4 тобы). Бұл жіктеу мінез-құлық пен сананы аффективті ұйымдастырудың авторлық моделіне негізделген;

Когнитивтік саланың бұрмалануы (атиптік немесе процессуалды аутизм). Әр нұсқада балада аффективті, танымдық және реттеушілік салалардың дамуы мен мінез-құлқының ерекше болуы көрініс табады. Аутизмі бар балаларға арналған білім беру бағытын таңдау үшін педагогтар мен психологтар жұмысындағы практикалық маңызы зор О.С. Никольскаяның жіктемесіне жүгінеміз. Автор түрлі мінез-құлықтары бар аутистік балалардың төрт тобын бөледі. Аутизмнің сипатына, ауырлығына, баланың бейімделу дәрежесіне және оның әлеуметтену мүмкіндіктеріне байланысты әрбір нұсқа басқасынан ерекшеленеді. Төменде көрсетілген төрт топқа бөлу аутистік спектр бұзылысы бар балаларды оқытуды ұйымдастыруға саралап қарауға мүмкіндік береді

Бірінші топтағы балаларға терең аффектті патология тән. Олар ештеңені көрмейтіндей, естімейтіндей болады, тіпті физикалық ыңғайсыздық әсер етпейді, ештеңеге мән бермейді. Алайда, кейбір жағдайларда күтпеген нәрселерді түсінетіндей болады. Мақсатты шоғырландыру қабілетінің айқын бұзылуы балалардың өзіне өзі қызмет көрсету және коммуникация дағдыларын қиындықпен меңгеруіне әкеледі. Аутизмнің болуымен сипатталады, бірақ олардың көбі басқа да қызықтырған сөзді немесе фразаны қайталай алады, ал кейде үн қатып, тіпті күтпеген жерден болған оқиғаны айтуы мүмкін. Бірақ бұл сөздер қарым-қатынасқа жатпайды және одан әрі белсенді сөздік қорында пайдаланылмайды, көрген немесе естілгеннің көрінісі болып қалады. Өзінің белсенді сөйлеу тілі жоқ болса, олардың сөйлеуін түсіну үлкен мәселе болып қалады. Мысалы, балалар өзіне айтылған ең қарапайым нұсқауларды түсінбеуі мүмкін, бірақ сирек жағдайларда болса да, оларға қатысы жоқ айналасындағылардың әңгімелерінен естіген күрделі ақпараттарды қабылдай алады. Бірінші топтағы балалар сурет салынған карточкалардың көмегімен коммуникация дағдыларын меңгереді, кейбір жағдайларда жазбаша сөйлеуді компьютер клавиатурасының көмегімен меңгереді. Олар сенсомоторлы тапсырмаларды шешу кезінде қосымша бет белгілері, формалар қораптары бар тақтайлармен жұмыс жасауда өздерінің қабілеттерін көрсете алады. Алайда, олар мұндай конструкцияларды мақсатсыз бір іс-әрекет арқылы орындайды және дұрыс аяқтайды. Бұл балалардың ақыл-ойы тұрмыстық құралдармен, телефондармен, компьютерлермен және басқа да техникамен әрекеттестікте көрінеді. Бірінші топтағы балалардағы аутизм дамудың ең нашар болжамына ие, өйткені ол барынша тереңдігімен және күрделілігімен сипатталады. Соның салдарынан балалар тұрақты күтімді қажет етеді. О. С. Никольская жетекші патопсихологиялық синдром ретінде сыртқы ортадан оқшаулануды анықтайды.

Екінші топ. Келесі сатыда аутистік дизонтогенез ауырлығы бойынша балалардың екінші тобы орналасқан. Бұл балалар қоршаған ортамен қарым-қатынасты дамытуда белсендірек болады. Екінші топтағы балаларда өздерінің үйреншікті өмір түрлері қалыптасады, алайда олар қатаң шектелген ережелерін өзгертпеуге тырысады. Балалар қалыпты жағдайда қарым-қатынас жасауда тыныш және ашық болуы мүмкін. Бұл жағдайда олар әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды оңай игереді және оларды болжамды жағдайларда қолданады. Қалыптасқан дағдылары өте берік, бірақ олар қалыптасқан әдеттегі жағдайларға өте қатты байланысты және жаңа өмірлік жағдайларға қиындықпен ауыстырылады. Сөйлеу тілі штамптармен сипатталады. Баланың талаптары мен өтініштері сөздермен және сөз тіркестерімен екінші немесе үшінші жақта айтылады. Бұл сөздер эхололиялар немесе әндер мен мультфильмдерден алынған сөздер негізінде қалыптасады. Сөйлеу тілі стереотипті, коммуникативтік қызметке жатпайды және белгілі бір жағдаймен байланысты болады.

Моторлы және стереотиптік сөйлеу әрекеттері, аутостимуляциялар екінші топтағы балаларда айқын білінеді. Бұл қарапайым стереотиптік әрекеттер, сондай-ақ күрделі математикалық операциялар болуы мүмкін. Кез келген жағдайда, бұл стереотипті түрде бір

әрекеттің қайталана беруі. Баланың стереотиптік іс-әрекеттері оған ішкі күйлерді тұрақтандыру және сырттан келген қауіпті әсерлерден қорғау үшін маңызды. Сәтті түзету жұмысы кезінде мұндай аутостимуляцияға қажеттілік бала үшін маңыздылығын жоғалтуы мүмкін, тиісінше стереотиптік әрекеттер барынша азайтылады. Баланың іс жүзінде іске асырылмайтын мүмкіндіктері бар, олар: бірегей жады, музыкалық есту қабілеті, әртүрлі сипаттағы дарындылық болуы мүмкін. Түзете оқыту жағдайында балалардың бір бөлігі бағдарламаны арнайы ғана емес, сонымен қатар жалпы білім беретін мектептерде де меңгере алады. Алайда, бұл білімді нақты өмірде бала пайдалана алмайтын механикалық білім болуы да мүмкін. Екінші топтағы балаларға тән әлем көрінісінің шектеулілігі, кішігірім өмірлік стереотиптер, қоршаған орта туралы түсініктердің фрагменттілігі оларды білім беру ортасына қосу үдерісін қиындатады. Дегенмен, балалардың мектепке баруға, балалар ұжымында болуға деген ықыласы басым. Нәтижесінде балалардың мінез-құлқы жақсарады, айналадағы адамдарға еліктеп, тұрақты іс-әрекеттері жеңілдей түседі. Әлеуметтік даму мәселелері, қарқынды өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделудегі қиындықтар көп жағдайда білім беру ортасында оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларын жасау кезінде еңсеріледі.

Клиникалық классификация бойынша бірінші және екінші топ балалары Л. Каннер сипаттаған балалар аутизмінің қарапайым түрлеріне жатады.

Үшінші топтың балалары жетістікке жетуге ұмтылады, олар әлеммен белсенді қарым-қатынас жасауға қабілетті, олардың мінез-құлқын мақсатты деп атауға болады. Олардың бірінші және екінші топтағы балалардан айырмашылығы, компенсаторлық қиялдарында, қызығушылықтарының қалыптасуында және аффективті қорғанудың неғұрлым күрделі формаларында. Үшінші топтағы балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейі жоғары. Жетекші патопсихологиялық синдром аффективті патологияға қарсылық білдіру үшін алмастырылу болып табылады.

Үшінші топтағы балалардың әлеуметтік бейімделуі бірінші және екінші топтағы балаларға қарағанда табыстырақ. Балалар инклюзивті білім беру жағдайында мектептің жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқиды. Үнемі үздік бағалар ала алады, бірақ олар қарым-қатынасқа түсу дағдыларын, қоршаған орта туралы білімдерін, қызығушылықтарын, өмірлік құзыреттілік дағдыларын арттыру үшін үнемі арнайы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қажет етеді.

Төртінші топтағы балаларда аутистік белгілер аз болады, аффектілік және сенсорлық салалардағы бұзылыстар да аз білінеді. Негізгі патопсихологиялық синдром ретінде айналадағылармен қарым-қатынастың қиындығы болып табылады. Төртінші топтағы балалардың аутизмінің ерекшелігі болып айналадағылардан қорғану емес, бірінші кезекте қарымқатынас қиындығы, осалдық, әлсіздік, байланысқа түсе алмау мәселелері болып табылады. Балаларда алаңдаушылық, жеңіл сенсорлық ыңғайсыздық байқалады, сәтсіздіктер кезінде және әдеттегі іс-әрекеттің өзгеруі немесе бұзылуы кезінде қорқыныш сезімі пайда болады. Осы топтың балалары әлеммен қарым-қатынасын ересек адам арқылы жанама түрде құруға ұмтылады, олардың ерекшеліктері осыд. Тек төртінші топтың балалары байланысқа түсудегі үлкен қиындықтарға қарамастан, адамдармен қарым-қатынас орнатып, сөйлесуге тырысады.

Балалардың психикалық дамуының тежелуі біркелкі жүреді. Ірі және ұсақ моториканың нашарлығы, іс-қимылдар жасаудың қиындықтары, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгеру, сөйлеу тілінің дамуының тежелуі, баяу болуы, зиятының біркелкі дамымауы, ойын мен қиялдың шектеулілігі – төртінші топтағы балалардың жарқын сипатты белгілері. Олардың жетістіктері бұл жерде бейвербалды аймақта байқалады. Егер төртінші топтағы балалармен түзету жұмыстары дер кезінде басталатын болса, олардың психикалық дамуы мен әлеуметтендірілуі сәтті болады деп болжауға болады. Балаларда парциалды дарындылық және оны жүзеге асыру перспективалары кездеседі. Клиникалық

жіктеулермен салыстырғанда төртінші топтағы балалар функционалдығы жоғары аутизмді бар балалар ретінде бағалана алады.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, аутизмді бар балалар санаты аутистік көріністердің ауырлығы бойынша әртүрлілігімен, қосарланған зият және сөйлеу тілі бұзылыстарының кең ауқымымен сипатталады. Әрине, аутизмді бар балалар білім беру бағытын анықтау кезінде терең сараланған көзқарасты қажет етеді. Ерекше білім беру қажеттілігінің сипатына қарай, аутизмді бар балаларды оқыту – жалпы білім беру бағдарламасы, қысқартылған жалпы білім беру бағдарламасы, инклюзивті білім беру жағдайында қарапайым сыныпта арнайы жеке оқу бағдарламасы бойынша, кешенді психологиялықпедагогикалық қолдау ала отырып (сабақтарда жеке ықпал жасаудан, психолог, дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог мамандары іске асыратын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуіне дейін), сондай-ақ арнайы сыныптар, арнайы мектептер және арнайы мектептер жағдайында, баланың ата-анасының (занды өкілдерінің) таңдауына байланысты арнаулы білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Аутистік спектрдің ауытқулары бар балаларға кешенді психологиялық-медициналықпедагогикалық көмек көрсетуді ұйымдастырудың заманауи тәсілдері

Қазіргі таңда аутизмді түзетудің ең тиімді құралдарының бірі АВА-терапия немесе мінез-құлықты қолданбалы талдау әдісі (Applied behavior analysis) болып табылады. Әрі қарай бұл терминдерді синонимдер ретінде қолданатын боламыз. Мінез-құлықты қолданбалы талдау әдісін АҚШ денсаулық сақтау қызметі мен американдық психологтар қауымдастығы мақұлдап, қабылдаған. Бұл әдіс ғылыми тестілеуден өткен, яғни оның сапасын және тиімділігін растайды. Бұл әдіс келесі артықшылықтарға ие: зейін мен жад қасиеттерін реттейді; коммуникациялық қабілеттілікті дамытады және сөйлеу тілінің дамуына ықпал жасайды; оқу процесін сүйемелдейді және мінез-құлықты қажетті арнаға бағыттайды; әлеуметтендіруге көмектеседі.

АВА-терапия-бұл қарқынды оқыту бағдарламасы, оның бастамасын оқыту әдістері мен мінез-құлық технологиялары құрайды. АВА-терапияның негізі - адам мен қоршаған ортаның өзара байланысын түсіну. АВА терапия ақпаратты меңгеру мен қабылдауда, есте сақтау мен сөйлеуді дамытуда қиындықтар байқалатын балалар мен ересектерді оқыту мен мінезқұлқына байланысты міндеттерді шешу үшін арнайы педагогикада кеңінен қолданылады.

АВА-терапия бірнеше бағыттар мен техникаларды қамтиды, атап айтқанда:

1. Жүйелі қайталауға негізделген кешенді байқау. Оқу бағдарламасын меңгеру үшін өңделетін бөліктерден тұрады. Бұл бағыт тәжірибе мен үнемі қайталаудың ақпаратты игеруге қалай көмектесетінін түсінуге ықпал етеді. Сабақтар бір оқушымен жеке өтеді. Белгілі әрекеттер бекітіледі, мысалы, баланың назарын аудару үшін "Бесті әкел!" және т.б.

2. Кездейсоқ оқыту немесе қарапайым ортадағы бағдарламалар. Бұл бағыт оқыту процесінде қарапайым ортаның маңыздылығын көруге мүмкіндік береді. Баланың қарапайым ортадағы мінез-құлқына назар аударылады. Баланың қоршаған ортадан алған дағдылары күнделікті өмірде кездеседі. Бұл жағдайда маман баланың қызығушылықтарын бақылайды, сол арқылы оқыту бағытын анықтайды. Жағдай мен тақырыпты бала өз бетінше таңдауы тиіс. Сондықтан, баланың таңдауын ескеру қажет.

3. Вербалды бағыт сөйлеу тілін дамытуға көмектеседі. Сабақтар бір оқушымен жеке өткізіледі және анықтамаларды түсінуге негізделеді. Түсініктерді анықтау үшін заттың функционалдық қолданылуын түсіну қажет. Вербалды бағыт кезінде сөздің мәні оның функционалдық қолданылуы арқылы түсіндіріледі. «Бұл не?», әрі қарай «Бұл не үшін қолданылады?» алгоритмі пайдаланылады.

4. Оқу үрдісінде негізгі реакцияларды бақылауға негізделген терапиялық бағыт. Мотивация, ішкі тәртіптің дағдысы, реакция жылдамдығы және негізгі ынталандырулар байқалады. Тәжірибеге табиғи тілдік парадигма әдісі енгізілді. Бұл бағытта сөйлеу белсенділігін ынталандыру үшін мұқият дайындалған орта қолданылады. Тілді белсенді

пайдалану үшін жағдай жасалады. Бұл баланың қызығушылығын арттыратын күнделікті орта болуы мүмкін, сонымен қатар, оқушы үшін бастапқы нүкте болып табылады. АВА-терапия бойынша оқыту бағдарламасы шеңберінде бала әрқашан тәуелді, оның бастамашылдығы мен еркіндігі ересек оқытушыны таңдауымен шектеледі. Әр бала үшін кезең-кезеңмен дамытудың жеке жоспары жасалынды. Бала бір мезгілде өзара байланысты емес бірнеше дағдыларды меңгере алады. Бүгінгі күні АВА-терапия арнайы педагогтар арасында кең танымал және түзету-дамыту процесінде кеңінен қолданылады. АВА-терапия оқытуда базалық дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыста жоғары нәтижелерге ие: балалар қарауды, тыңдауды, сөйлеуді, түсінуді үйренеді. АВА-терапия әлеуметтік қарым-қатынасты құру, бейімдеу және әлеуметтендіру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Педагог-психолог баланың мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, балалармен және ересектермен қарапайым қарымқатынас жасай отырып, коммуникация ортасын қалыптастыруға көмектеседі. Әртүрлі қарапайым ойын мен өзара қарым-қатынас тәсілдері балаларға өзара қарымқатынас ортасын сезінуге және коммуникация кезінде белгілі бір қашықтықты сақтауға көмектеседі. Әдетте, бұл қарымқатынас ересектермен оңайырақ болады

Балалармен және мұғаліммен қарапайым қарым-қатынас бала үшін мүмкін болған жағдайда (қайталанатын жағдайлар кезінде), жалпы балалар ортасында қарым-қатынас дағдыларын және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмысты дамытуға болады. Бұл жұмыс сыныпта топтық жұмыс әдістерін қолдануды көздейді. Көбінесе аутистік спектр бұзылысы бар балаларда құрдастарымен қарапайым қарым-қатынас ересектермен салыстырғанда қиынырақ болады. Қарым-қатынас уақыт өте келе өздігінен жақсармайды және бала үшін ыңғайсыздық пен алаңдаушылық тудыратын жағдай деңгейінде ғана қалады. Сондықтан басқа балалармен осындай қарым- 27 қатынас көлемі жеткілікті мөлшерде болуы тиіс, стереотипті түрдегі сабақ пен қоңырау шеңберінде ұйымдастырылуы керек. Бейімделудің бастапқы кезеңдерінде жанжалды жағдайлардың туындауына және аутистік спектр бұзылысы бар балада жағымсыз эмоционалдық әрекеттердің болуына жол бермеу маңызды. Осы кезеңде баланың өзі туралы және басқалар туралы түсініктерін дамыту

Басқа балалармен және мұғаліммен осындай қарым-қатынас бала үшін мүмкін болғаннан кейін ғана, баланың коммуникативті қабілеттерін біртіндеп кеңейтіп, түрлі ұйымдастырылған мерекелерде, экскурсияларда және т. б. іс-шараларда балалардың өзара қарым-қатынасын ұйымдастыруға көшуге болады .

Бүгінгі күні, республикада тьюторлар бірлігін мектеп штаттарына енгізу мәселесі әлі шешілмеген, сондықтан мектеп өмірін сүйемелдеумен және ұйымдастырумен байланысты көптеген міндеттерді шешу дефектолог-мұғалімдерге, педагог-психологтарға және әлеуметтік педагогтарға жүктеледі. Әлеуметтік педагогтың қызметі. Әлеуметтік педагог мектепте оқитын кез келген баланың құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын негізгі маман. Әлеуметтік-педагогикалық диагностика мәліметтері негізінде әлеуметтік педагог баланың және оның отбасының әлеуметтік қолдау саласындағы қажеттілігін анықтайды, баланың мектепке бейімделуіне көмек көрсету бағыттарын анықтайды. Әлеуметтік педагог мектеп мамандарының тобы үшін "сыртқы" ресурстар туралы барлық ақпаратты жинайды, инклюзия жөніндегі үйлестірушімен бірге психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы серіктес ұйымдармен, сондай-ақ халықты әлеуметтік қорғау қызметімен, қоғамдық ұйымдармен, қосымша білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет жасайды. Әлеуметтік педагог қызметінің маңызды саласы мектеп қоғамдастығына, басқа ата-аналар ортасына бейімделуде аутистік спектр бұзылысы бар баланың ата-аналарына көмек көрсету. Мұндай маман "ата-аналар клубын" құруға, мектеп сайтында инклюзияға арналған бет жасауға, қажетті ақпаратты іздеуге көмектеседі . Аутистік бұзылулары бар баланы әлеуметтік және білімдік бейімдеуге бағытталған мектепті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің барлық мамандарының

қызметі барынша келісілген болуы тиіс. Мамандар қызметінің бағыттары баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасында ұсынылуы және міндетті түрде оның ата-аналарымен келісілуі, мектептің педагогикалық кеңесімен бекітілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген мамандар қызметінің бағыттары мен мазмұны аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік-эмоционалдық және білімдік бейімделуіне бағытталған және әр бала үшін ұзақ уақыт бойы көпфункционалығымен және қажеттілігімен сипатталады.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалар оқитын жалпы білім беретін мектептің негізгі міндеттері – әрбір баланың оң мүмкіндіктері мен әлеуметтік бейімделуін дамыту үшін арнайы жағдайлар жасау, оқу дағдыларын қалыптастыру және осындай оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруі. Белгіленген міндеттерге жету үшін жұмыстың топтық әдісі қажет. Әр түрлі білім беру ұйымдарында бұл топ құрамы бойынша әр түрлі болуы мүмкін, бірақ топтық амалсыз осындай тәжірибені жүзеге асыру мүмкін емес. Мұғалімдердің, тьютордың, әкімшіліктің, сүйемелдеу мамандарының (педагог психологтардың, логопедтердің және т.б.) өзара іс-әрекеті бірден жүзеге асырылмайды және әрдайым топтық бола бермейді, әрбір маман өзінің мамандандырылған міндеттерін шешеді. Алайда, инклюзивті тәжірибені іске асыратын мектептердің жұмыс тәжірибесі баланы білім беру процесіне енгізу бойынша жалпы кешенді міндеттерді қоюсыз, осы бағыттағы мектеп жұмысын табысты деп атауға болмайды. Пәнаралық топ жалпы құндылықты бағдарлармен, білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен жұмыс жасауда бірыңғай философиялық және әдіснамалық көзқараспен, бір-біріне кәсіби және жеке көмек көрсетумен, мамандардың бала мен оның отбасына жақындаудағы кәсіби ұстанымдары мен білімдерінің өзара толықтыруымен, олардың жұмыстың әр түрлі кезеңдеріндегі тығыз ынтымақтастығымен ерекшеленеді. Пәнаралық топқа бір-біріне мамандар мен мұғалімдер ұсынатын баланың алға басуы, оның даму динамикасы туралы анық ақпарат, жұмыс және сыни жағдайларда іс-қимылдарды үйлестірушілік және нақты ұйымдастыру, барлық мамандар аутистік спектр бұзылысы бар балаларды бейімдеу, оқыту және әлеуметтендіру үшін жағдай жасауға белсенді қатысатын кең кәсіби қоғамдастыққа қатысу қажет. Мұғалімдер аутистік спектр бұзылысы бар баланы, оның отбасын, білім беру үдерісінің басқа да қатысушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандардың пәнаралық тобының толық құқылы және негізгі қатысушылары болып табылады. Бұл ретте барлық мамандардың өзара іс-әрекетінің негізгі нысаны мектеп психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. М.: МГУ, 1972. - 572 с.
2. Мухина В.С. Детская психология. М.: Апрель Пресс, 1999. - 352 с.
3. Беттельхейм Б. Пустая крепость. Детский аутизм и рождение Я / пер. с англ. М: Академический проект: Традиция, 2004. - 784 с.
4. Симашкова Н. В. Расстройства аутистического спектра у детей. М. : Авторская Академия, 2013. 264с.
5. Морозов С. А. Современные подходы к коррекции детского аутизма. Обзор и комментарии. М. : Добрый век, 2010. 102 с.
6. Семенович А.В. Нейропсихологическая коррекция в детском возрасте. Метод замещающего онтогенеза: учеб. пособие. 4-е изд. - М.: Генезис, 2011.-474 с.
7. Гилберг К. Аутизм: медицинские и педагогические аспекты / К. Гилберг, Т. Питерс. – СПб.: ИСПиП, 1998. – 312 с.
8. Никольская, О.С. Аутичный ребенок. Пути помощи / О.С.Никольская, Е.Р.Баенская, М.М.Либлинг. - М., Теревинф, 2007. – 143 с.
9. Лебединский В.В. Нарушения психического развития у детей / В.В. Лебединский. - М.: Наука, 1985. – 240

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ МҰҒАЛІМДІК ҚЫЗМЕТКЕ ДАЯРЛАУДА БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Г.И.Амандикова., Б.А. Аяпова

Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қаласы

Amandikova.l@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада студенттерді оқытушылық қызметке дайындаудың белсенді әдістерін қолданудың маңызы қарастырылған.

Ключевые слова: опыт, информация, технологии, познавательные, колледж.

Кілт сөздер: тәжірибе, ақпарат, технология, танымдық, колледж.

Аннотация. В данной статье рассматривается значение использования активных методов подготовки студентов к преподавательской деятельности.

Ключевые слова: опыт, информация, технологии, познавательные, колледж.

Annotation. This article examines the importance of using active methods of preparing students for teaching.

Keywords: experience, information, technology, cognitive, college.

Дамыған жоғары білім беру жүйелерінің жалпы санының үлесі жаңа оқу ресурстары туралы заңнаманың білім беру жүйесіне әсерін бағалайды. Осындай іс-шараларды іске асырудың арқасында Қазақстанның жоғары кәсіптік білімі жаңа ақпараттық технологияларды, инновациялық әдістерді және Оксфордтағы Наффилд колледжін игере алады. Мектептің жаңа технологиялары білім беру сапасын едәуір арттырып қана қоймай, білім беру қызметтерінің өсу қарқынына да әсер етеді. Осылайша, зерттеу нәтижелерін түсіну үшін байланысты ғылыми-зерттеу институттарының Ақпараттық технологиялар саласындағы білім туралы, Мемлекеттік білім беру мекемелерінің маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыру ұсынылады. Университеттің білім беру процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, оқытудың жаңа әдістері мен түрлерін бекіту процесінде ақпараттық өнімдерге, медиа білім беруді дамытуға ықпал ететін құралдарға негізделген білім беру мекемелерінің қозғалысына бағытталған шаралар кешені қабылданды. Медиа сауаттылықты дамыту және натуралистік мектептің дамуын қолдау процесі бүкіл мектеп жүйесін, соның ішінде бірінші кезекте профессорлықты қамтуы мүмкін [1].

Оқытудың белсенді әдістері – бұл мектептегі оқу материалдарын әзірлеуге негізделген батыл идеялар мен принциптерді қолдануды көздейтін әдіс. Жүйелерді пайдалануды көздемейтін белсенді оқыту әдістері мұғалім жасаған дайын мүмкіндіктерді сипаттайды және оларды қайталайды. Ең алдымен, бұл үлкен жұмыс тәжірибесіне және белсенді когнитивті және физикалық дамуға деген ұмтылысқа қатысты.

Оқытудың белсенді әдістерін қолданыңыз:

– Жарықдиодты шамдар қалыптастыратын физикалық және психикалық белсенділіктің үйлесімі маңызды мәселе болып табылады;

– Танымдық белсенділікті қалыптастыру шарттарымен танысыңыз;

– Дәреженің дәлелдерін (синонимдерін) көрсетіңіз;

– Мидың дамуы нәтижесінде романтикалық сипат пен жағдай жасаңыз;

– Шаблон мәртебесі туралы БАҚ мүшелерінің кеңесін емес, оқу процесін оқытудың жалпы стилін анықтаңыз;

– Қиялды жоғары деңгейде дамытуды талап етеді.

Оқытудың белсенді әдістері – студенттердің өзіне деген сенімділік сезімін қалыптастыруға әсер етеді.

Оқытудың белсенді әдістерін оқу процесінің әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Үлкен практикалық тәжірибемен, есепшотпен және өсу мүмкіндіктерімен, күш пен икемділіктің жоғарылауымен. Патенттік заң сабағын алды, ол қазір белсенді және еңбекке

жарамсыз болып бөлінеді. Танымдық іс-әрекеттің әртүрлі әдістерін қолдана отырып, мұғалім қатысушыларды ми қызметінің белсенділігімен таныстырады.

Оқытудың батыл формалары мен нұсқаларына мыналар жатады: ойын мәртебесі, маңызды ойын, студенттердің қайта қаралған және жаңартылған хабарламасы, сандармен айналдыру, дәрістер, пікірталастар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, нейрондық топтардағы, университеттердегі талқылаулар және т. б.

Оқытудың белсенді әдістері тапсырмаларды орындамау және орындау үшін дағдылар мен дағдыларды пайдалану немесе дамыту туралы хабардарлықты арттыру салаларымен байланысты. Кәсіби дағдылар мен дағдылар негізінде және тәуелсіз кәсіби қызметке байланысты өзін табиғи түрде ұстау. Монополиялық немесе квази-монополиялық компанияларда оқыту олардың жұмыс жағдайларын анықтайды, өйткені оқытудың адаптивті технологиясы көбінесе оқытушылардың оны енгізу сапасына байланысты.

Жақын маңдағы мектептердің құрылымы және оны шешу тәжірибе деңгейінде даму технологиясын меңгеруді талап етеді. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдер жоғары оқу орнымен мектептегі білім берудің жалпы міндеттерін, мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеудің әкімшілік процесіне байланысты тәуекелдерді бағалауды тиімді шеше алады.

Шағын есептің нақты құрылымына сәйкес жүзеге асырылатын кез-келген кәсіпкерлік қызмет дәйекті қайталануларда мақсаттардың түпкілікті жиынтығын құрайды. Деректерді өңдеудің негізгі бағдарламалары, сондай-ақ құрылыс мақсаттары үшін. Өзінің шығармашылық сипатына қарамастан, кәсіптік оқыту қызметі нақты деректерге сәйкес жүргізіледі. Деңгейлік схема бойынша сыныптағы сабақтар психологиялық және педагогикалық білімді сәтті игеруді, оқытудың кең мүмкіндіктерін, әлеуметтік-экономикалық жағдайға сәйкес келетін табиғи мүмкіндіктерді және жалпы ойлау мектебін қамтамасыз етеді деп саналады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы белгілі бір нәтижелерге қол жеткізгеннен кейін Бағдарлама шеңберінде кәсіптік оқытудың тек өзгеруіне ерекше мүмкіндік берді [2].

Қазіргі ғылым шеңберіндегі білім беру процесін, оның құрылымы мен дамуын білу мұғалімнен тек жалпы емес, жаңа кәсіби білімді, дағдыларды талап етеді. Бүкіл ойлау процесі емес, тек директорлар кеңесі жүзеге асыратын білім беру процесінің логикалық бөлігі зерттеу бағдарламасының репродуктивті компонентін қамтымайды, ол жасалған жұмыс туралы есепті тікелей бәсеңдетпейді. Басқаша айтқанда, деректерді берудің жаңа жылдамдығына сәйкес сыныпта оқытудың жаңа технологияларын қолдану үшін жағдай жасау міндеті. Оқытушының оқытудың жаңа технологияларын бағалау процесі оның жалғыз артықшылығының сапасына әсер етеді, яғни оның жалғыз әсерін өзгертеді.

Тәуекелдің максималды дәрежесін барлық оқытушыларды мазалайтын мәселелермен шектеңіз. Сонымен қатар, 1 мини сериалға қатысушылардың білім деңгейін төмендету мүмкіндігін қарастыра отырып, конференция көптеген оқытушылардың оқытушылар құрамының мүмкіндіктерін толық пайдаланатын қоңыраулардың қажеттілігін атап өтті. Күн сайын болатын бай тәжірибелердің тепе-теңдігі, осындай зерттеулерге авторлық құқық және оқудың жаңа мүмкіндіктері сияқты тамаша көрнекі сипаттамалары бар, бұл студенттерді қызықтырады және олардың жеке тәжірибесін жақсартады. Сондықтан әр оқытушы өз жұмыстарында тәжірибені жандандырудың әдістерін, соның ішінде осы университеттің түлектерін өздерінің белсенді шығармашылық жұмыстарын құруға мәжбүр етті. Бірақ бұл жаңа әдіс дәстүрлі шамдарды толығымен ауыстырады деген сөз емес. Олар дәстүрлі студенттерді біріктіреді және сақтайды, студенттердің инвестициялық мүмкіндіктерін арттырады, сонда ғана оқу процесі жүреді.

Алынған сабақтардың авторы, белсенді оқыту, дәстүрліден айырмашылығы, әдептілікке лайықты жоспар жоқ деп айту пайдалы болады. Бұл білім беру сапасын арттырудың, оқу процесін жандандырудың және одан жүйелілік пен үйлесімділікті жоюдың ең жақсы мақсаты. Осыған байланысты, ол әлеуметтік деңгейді, оқытушылардың, мұғалімдердің деңгейін, мазмұнын, сондай-ақ материалдық білімнің орны мен рөлін

пайдалана отырып бастан өткерген әрбір жоғары сынып оқушысының тілегі "оқытудың белсенді әдісін қолдану" тарауының бөлігі ретінде өтті [3].

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау – оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Бағалау – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Қазіргі білімді бағалау жүйесінде мұғалім көптеген қиындықтарға кезігіп жатады:

– «Баға қою» мектеп пен мұғалім тарапынан сыртқы бағалау функциясын атқарады: мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды.

– Оқушының өздігінен оқуын қалыптастыруға мүмкіндік бермейді;

– Оқытуды даралауға қиындық келтіреді. Бұрынғы алған білімімен салыстырғанда әр баланың қаншалықты деңгейге нәтижеге жеткенін айқындау қиын;

– Көбіне «зақым» келтіреді. «Баға қою» мұғалім қолында ғана болғандықтан балаға да, ата-анаға да психологиялық қысым жасалады. Оқушылар білім үшін емес баға үшін оқиды.

– Мұғалімдер тәжірибесінде оқушының жеткен нәтижесі емес жұмыстың көлемі мен формасын бағалау әдетке айналған;

– Бағалау да оқушыларды бір-бірімен салыстыруға екпін жасалатындықтан оқушылардың оқуға ынтасы, белсенділігі жойылады, орта деңгейде оқитын оқушылардың ынтасы мүлдем жойылып, жақсы оқитын оқушылардың жетістікке жетуіне жағдай жасалмайды.

Бес балдық жүйенің қазіргі заманға сай білім жүйесін қанағаттандыра алмауы-оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесін қажет етеді. Сол себептен, оқытуға деген көзқарас өзгергендіктен, оқыту нәтижесін бағалау да жаңа бағытқа ие болуда. Оқушылардың білім нәтижелерін бағалауға байланысты Кембридждік Бағдарлама Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулін ұсынады. Бұл модуль бағалауды екі түрде қарастырады: суммативті (жиынтық) бағалау және және формативті (қалыптастырушы) бағалау. Яғни мұғалімдер оқуды бағалаумен қатар оқытуды бағалауды пайдаланғанда, бағалау оқудағы аса пайдалы құралға айналады. Сонымен қатар білім беру үрдісінде мұғалімдер мен оқушылар үшін қандай мақсатқа жету керектігін білу маңызды, ол мақсатқа жету критерийлерін түсінуді талап етеді. Оқыту нәтижесін бағалау –

бағдарламаның басты идеясы болып табылады. Сондықтан баланың тұлғасын емес, орындаған жұмысын бағалау керек. (С.Т.Щацкий)

Бағалаудың түрлері мен әдістерін ұтымды пайдалану мұғалімге оқытуды даралауға, яғни әр оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Оқушылар алда тұрған мақсаттың мәнін түсініп, оған қол жеткізу үшін не істеу қажет екенін анықтай алған жағдайда ғана олар оқу мақсатына қол жеткізеді. Сондықтан оқу барысында өзін-өзі бағалаудың маңызы зор. Әрбір оқушының сабақта қалай жұмыс жасағанын анықтауда өзі-өзі бағалауға үйретемін. Өзім дәріс беріп жүрген 1-сыныпта өзін-өзі бағалауға жас ерекшеліктеріне сай қолданамын. Бастауыш сынып оқушылары үшін қарапайым және тиімді әдіс – «Бағдаршам» әдісі.

Бағдаршам түстерін пайдаланып, (жақсы, орташа, шамалы түсіндім) оқушылар өздеріне берген бағасын хабарлайды. Мұғалім «жасыл» немесе «сары» түстер бірлесіп бір-біріне проблеманы шешуге көмектесуі үшін оларды жұпқа біріктіре алады. Ал «қызылдар» тобы өздерінің түсінбеушіліктерін жою үшін мұғаліммен топтасады.

«Басбармақ» әдісі.

Тақырыпты меңгеру барысында оқушылардың қаншалықты түсінген, түсінбегенін білу үшін мұғалім қол белгілерін қолданады. Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсіндім және айтып бере аламын. Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін, бірақ сенімсізбін. Басбармақ төмен қарай = Мен әлі түсінбедім. Мұғалім түсінбеген оқушыларға нақтылау сұрағын қояды. «Нені түсінбедің?». Түсінген оқушылардың бірнеше жауабын тыңдатады, оқушы жауаптарының негізінде қайта өзі түсіндіріп жіберуіне болады, содан кейін осы әдіспен қайталап тексеру керек.

Оқушылар баспалдақтың баспаларына оқу материалын қаншалықты меңгергенін белгілейді: төменгі саты-түсінбедім, ортаңғы саты- кішкене көмек пен түзету қажет, жоғарғы саты- жақсы меңгердім, өздігімнен орындай аламын. «Ғажайып сызғыш», «Блоб ағашы», «Температураны өлшеу», «Смайликтер» т.б. әдістер арқылы да оқушы өзін-өзі бағалай алады. Бағалау барысында баланы мақтап, мадақтап, көтермелеп отырудың маңызы зор. Өйткені бала қашанда мақтағанды қалап, сол мақтағанға лайық болуға тырысады.

Мадақтау ықпалы оқушының ұнамды көңіл күйін тудырап, өзіне деген сенімін арттыруға көмектеседі. Бастауыш сынып оқушылары болғандықтан алдымен «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалауды үнемі назарда ұстаймын. Мұндағы мақсатым – өзгені бағалау арқылы өзінде жоқты табу немесе өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін тауып, оны түзетуге бағыттау.

Өзара бағалау оқушыларға кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір-бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін бірі сынауға мүмкіндік береді. Сапалы өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді, нәтижесінде ол оқушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады» Бағалаудың өзіндік қиындықтары да байқалып жатады. Басында балалар өздеріне жоғары баға береді. Ол жағдайда оқушыларға бағаның шын болу керектігін айта отырып, яғни шын баға өзінің қаншалықты түсінгенін көрсететінін айтып өткен жөн. Яғни әр оқушы өзіне сын көзбен қарай бастайды. Өзін өзі бағалау өзін өзі реттеуге жетелейді. Оқушыны төмендегі жолмен өзін өзі бағалауға үйретемін:

- Бұны білемін, ол қолымнан келеді.
- Бұны аздап білемін, әлі үйренуім қажет.
- Бұны мүлде білмеймін, білуім керек.

Оқушы тапсырманы:

- егер білсе, толық орындаса торды бояйды.
- егер шала білсе, әлі үйренуі қажет болса торды жартылай бояйды.
- егер мүлде білмесе, үйренуі қажет болса торды сызып қояды.

Оқушы өзін-өзі бағалағаннан кейін осы әдіспен мұғалім жанына өз бағасын қояды. Бұл – оқушы және мұғалімнің қойған бағалау көрсеткіші. Мен өз іс-тәжірибемде көбінесе оқушыларды өзін-өзі, өзара, топтық өзара бағалау әдістерін жүйелі қолдануды мақсат етемін. Өйткені оқушы өзін-өзі реттей отырып, өз білім деңгейін анықтайды, өз білімін басқалармен салыстыруды үйренеді.

Қазіргі нәтижеге бағытталған білім беру жүйесі білім беру сапасына ерекше мән береді. Өз кезегінде, білім беру сапасын жоғарылату оқушылар жетістіктерін бағалаудың нақты критерийлерін жасауды талап етеді. Бағалаудағы ерекше тәсіл – критерий арқылы бағалау болып табылады. Бұл бағалау барысында оқу үдерісі оқушылар өзін-өзі, өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін, өзінің әрекеттері мен мүмкіндіктерін бағалауға жағдай жасалатындай етіп ұйымдастырылады. Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

– алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;

– анық, айқындылығы;

– бағаның әділдігі;

– өзін-өзі бағалауға мүмкіндіктің берілуі

Критерий арқылы бағалау. Мұғалімдерге:

1. Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;

2. Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;

3. Білім беру сапасын арттыруға;

4. Оқытудың сапасын жақсартуға;

5. Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;

6. Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;

7. Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді

Оқушыларға:

1. Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;

2. Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;

3. Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;

4. Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

Ата-аналарға:

1. Өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;

2. Баланың оқудағы прогресін қадағалауға;

3. Оқу үрдісінде оқушыға қолдау көрсетуге;

4. Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;

5. Баласының мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына мүмкіндік береді.

Критерий арқылы бағалаудың артықшылықтары:

– жеке тұлға емес, оқушының жұмысы бағаланады;

– оқушы жұмысы алдын- ала белгілі критерийлер бойынша бағаланады;

– бағалау критерийлері нақты оқыту мақсаттарын айқындайды, сондықтан оқушыларға баға оқып- зерделенген материал бойынша ғана қойылады.

– өзінің оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін және ата-аналарына осы ақпараттарды жеткізу үшін оқушыға нақты бағалау алгоритімі белгілі;

– оқушының оқуға деген және өзін-өзі бағалауға ынтасы артады.

Бағалау шынайы және барлығына көрінетіндей болуы үшін сабаққа негізделген бағалау критерийлерін құра бастадым. Ол критерий сабақты жақсы меңгергендігі, берілген тапсырмаларды орындауы сияқты меңгеру қажеттіліктеріне негізделеді. Оқушылар критериалерге сүйене отырып өздерін де өзгені де шынайы бағалауға тырысып жатады.

Бағалау арқылы оқытуды жақсарту бір қарағанда қарапайым болып көрінетін бес басты фактордан тұратындығын көрсетті:

1. Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету.
2. Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.
3. Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.
4. Бағалаудың оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен қызығушылығына едәуір ықпал ететіндігін мойындау, бұл өз кезегінде білім алуға түбегейлі түрде ықпал етеді.
5. Оқушылардың өздерін-өздері бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттілігі.

Бағалау жүйесінің негізгі мақсаты-білім сапасын арттыру болып табылады. Қалыптастырушы бағалау технологиясын қолдану педагог пен баланың арасындағы кері байланыс, бұл – оқушының білімге деген ынтасының артуына, білім деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді. Бағалауға деген көзқарасымызды өзгертіп, сабақтарымызға критерий арқылы бағалауды енгізіп біз оқушыларымыздың тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттай аламыз. Менің аз уақыт тәжірибемде сыныптағы білім сапасының өткен тоқсанға қарағанда аз да болса көтерілгендігі. Белгілі ғалым А. Байтұрсынұлы айтқандай «Шеберліктің белгісі-әртүрлі әдісті біліп, сабақта орынды қолдана білу». Бір сабақтың әр кезеңдерінде түрлі әдістерді орнымен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады. Сөз соңында, қорыта айтарым, «Еңбексіз талант -тұл» дегендей уақыт көшінен қалмай, әлемнің дамыған алдыңғы мемлекеттерінің қатарына енуімізге өз үлесімізді қосып, ұрпақ алдындағы борышымызды шығармашылық еңбегімізбен жүзеге асыра беруге өз үлесімізді қосуға ат салысайық дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2012ж, III басылым, бет 60.
3. Сейталиев Қ.Б. Педагогика. Атырау, 2005. – 344 с.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЭВРИСТИКАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Жапбарова Г.А. , Мырзабек А.Л.

Ж.Тәшенев университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан

Андатпа. Бастауыш мектепте эвристикалық оқыту технологиясын қолдану
Кілт сөздер: эвристикалық оқыту, бастауыш сынып, оқыту технологиясы, дидактикалық эвристика.

Аннотация. Использование эвристической технологии обучения в начальной школе

Ключевые слова: эвристическое обучение, начальный класс, технология обучения, дидактическая эвристика.

Abstract. Using heuristic technology of teaching in primary school

Keywords: heuristic training, elementary class, learning technology, didactic heuristics.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»-деп білім беру жүйесін одан ары дамыту көзделген. Бұл міндеттерді шешуде, әрбір орта мектептің бастауыш сатысында білім беруде оқу-тәрбие үрдісін жаңа технологияларға сай ұйымдастыру әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Жеке тұлғаны дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп аталатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етеді. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өзгеше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, сонда білім алушылардың іс-әрекеті жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамсыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Бастауыш мектепте қазіргі жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың тиімділігі оқушылардың білімін арттыруда, іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің иновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді.

Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, педагогикалық технология деген ұғымды түсіну керек.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар иновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Педагогикалық технологияның тиімділігі:

1. Оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;
2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;

3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
4. Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады;
5. Өзін - өзі тексеруге дағдыланады;
6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады;
7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады;

Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Президент жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» – деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс - тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог - зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдердің бірі - сыни тұрғысынан ойлау. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп, шығармашылық жұмыс жасау. Бұл әдістің тиімділігі сабақ барысында оқушылар топтық жұмыс барысында тез шешім қабылдауға, логикалық ойлауға, тақырып аясында өз ойларын дамытуға дағдыланды. Мысалы мен өзімнің тәжірибемнен айтар болсам, 2 сынып әдебиеттік оқу пәнінен Т.Молдағалиевтің «Он алтыншы желтоқсан» тақырыбында өткен сабақ барысында оқушыларым топтық жұмыс жасағанда, аталған технологияның инсерт , болжау, миға шабуыл әдістерін сәтті пайдалана білді.

Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру арқылы оқушының танымдық қабілетін дамыту, саналы деңгейге көтеру. Білімді жеке тұлғаға бағыттау, оқушының өзін-өзі тануы, өзін-өзі тәрбиелеуі, ақыл-ойын дамытуы, яғни жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың

Мен оқытудың үшөлшемдік әдістемелік жүйесі педагогикалық технологиясын өз іс-тәжірибемге енгізуді 3-ші сыныптың Дүниетану пәні бойынша «Модуль» құрудан бастадым. Модуль дегеніміз бұл үлкен, ауқымды тақырып немесе бірнеше параграфтан тұратын тарау. Бұл жоспарлаудың ерекшелігі, әрбір тарау үш қорытынды сабақпен аяқталады.

1. Өзіндік жұмыс
2. Коррекциялық жұмыс
3. Бақылау жұмысы

3 сынып Дүниетану пәнінен интерактивті тақтамен «Майда тау жыныстары» тақырыбын осы технология бойынша өткіздім. Сабақтың I-ші кезеңінде оқушылардың тау жыныстары туралы білімдерін еске түсіріп, проблемалық оқыту әдісін іске асырдым. Аталған технология жағдайында белсенді қызметті оқушы атқарады, оқушыны оқытпайды, ол өзі оқиды. Мұғалім сабақта басқарушылық міндеттер атқарады, оқушыға бағыт-бағдар беріп тұрады. II-ші кезеңінде жаңа білімді меңгеруге дайындық жұмыстарынан соң, оқушыларға мәтінді өздігінен оқып, негізгі ойды дәптерге жазуды тапсырып, мәтінмен жұмысты «Мені түсін» әдісі бойынша ұйымдастырдым. Оқушылар осы кезеңде топтық жұмыс үстінде бірін-бірі жақсы зерттеп, өз-ара адал қызмет етуге ұмтылды, бейімделді, дискуссия барысында тілдері дамыды, нашар оқитын оқушылардың жолдастарының алдында жауапкершілігі арта бастады.

Сонымен қатар бастауыш мектепте ақпараттандыру мәселесін зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, бастауыш мектепте ақпараттандырудың міндеттерін

шешуде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қабылданудың төмендегі бағыттарына сүйену керек.

- 1) оқу процесінде қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану
- 2) бастауыш мектептерде электрондық оқулықтарды оқыту.
- 3) кәсіби - педагогикалық іс-әрекетті қамтамасыз ету.
- 4) оқу –тәрбие процесін басқару

Бастауыш мектепте қазіргі ақпараттық технологиялар төмендегі бағытта қолданыла алады:

- балалар мен педагогтарды зерттеу пәні, соған сәйкес бастауыш мектептегі информатика және ақпараттық мәдениет негіздері пәнінің мазмұны арнаулы компьютерде өз бетімен жұмыс істеуді жетіп меңгертуге құрылуы тиіс.

- мұғалімнің сабақ жоспарын, конспект жазу, көрнекі – әдістемелік құрал дайындау, оқушылардың өткен материалды меңгеруін тексеру.

- шығармашылық елестету, жағдайға байланысты тез шешім қабылдау, қоршаған ортаны тану қабілеттерін дамытып, қалыптастыру үшін бастауыш сынып оқушылары үшін интеллектуалды дамыту туралы,

- ақпаратты алу және құрбыларымен, әріптестерімен Интернет арқылы қарым-қатынас жасау көзі;

2. Сауатты түрде іріктелген компьютерлік программалардағы ойындық және оқу тапсырмаларының вариативтілігі оқушының жұмыс істеріне игі әсерін тигізеді;

3. Компьютерлік программада, электронды оқулықта берілген ойындық, оқу тапсырмалары проблемалық ситуация оқушылардың көңіл-күйіне, ынтасына әсер етумен қатар олардың шығармашылық және интеллектуалдық белсенділігіне кешенді түрде ықпал етеді

4. Оқушылардың жаңа материалды, жаңа техниканы меңгеру деңгейін және олардың жеке қабілеттерін, қабылдау темпін, қызығушылықтарын, ынталарын есепке ала отырып, ұйымдастыру барысында оқытудың жеке әдістері мен формаларын қолдануға мүмкіндік береді. Өйткені қазіргі ақпараттық технологиялар ұжымдық іс-әрекетіне құрылған оқу тәрбие үрдісінде жеке оқыту түрін ұйымдастыруға бағытталған.

Компьютер оқушылардың өздік жұмысын тез және қарқынды түрде ұйымдастыруға көмектеседі. Мәселен, Microsoft Word мәтін редакторында оқушыларға әр түрлі жазбаша тақырыптарды өз бетінше орындауға мүмкіндігін пайдаланып, мәтіннен ең негізгілерін тауып алуға үйренеді және осы жинақталған ақпараттарды пайдалану арқылы, қысқа жинақталған дәрістік жазып шыға алады. Бірақ, бұл жазба жұмыстарын толық компьютерде орындату дегенді білдірмейді, тек баланы ынталандырудың бір түрі ретінде пайдалану дегенді меңзейді.

Мысалы, екінші сыныпта Ана тілінен «Бала Абай» сегізінші тақырыбын электронды оқулықтың көмегімен өте қызықты өткізуге болатынына көзім жетті.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру.

3-тапсырма «Абайдың балалық шағы» деген тақырыпта шағын шығарма жазу. Осындай тапсырмалар желісінде берілген сабағым оқушының өздігінен білім алуына, жүйелі және қисынды атауына ықпал етті.

Ақпараттық технологиялар балалардың шығармашылығын арттыруда да ең қуатты ынталандыру құралы болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының әдеби шығармашылықтарын арттыру мақсатында «Менің алғашқы қол жазбам», «Менің жанұям», «Балалық шақ» т.б. жобаларға қатынасуды ұсынуға болады, балалар мектепке дейінгі өмірі, отбасы туралы әңгіме жазады, әр түрлі жұмбақтар құрастырады.

Сонымен бірге оқушыларға шығармашылық ойын түрлерін құруға тапсырма беруге болады. Оған біршама уақыт беру қажет, себебі оқушы алдына қойған жұмысты шешу үшін жан-жақты ізденеді, отбасымен ақылдасады, әртүрлі әдебиеттерді қарастырады, сыныптастарымен, мұғаліммен ақылдасады.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқытуды қызықты да әсерлі өткізуге ықпалын тигізетін жаңа әдістің бірі-интерактивтік тақтаны қолдану, ол сабақты түрлендіруге көмегін тигізіп, оқытудың барлық кезеңінде тақта сабақты түрлендіруге көмегін тигізеді. Оқушыны ойлау мен сөйлеу дағдыларына төселдіруге интерактивті тақта, оқыту әдісінің бір түрі болып саналады. Мәтінді көре отыра тыңдауды қалыптастыру мәдениетін сөз етсек, ең алдымен, жаңа техникалық құрал – жабдықпен, яғни интерактивті тақтамен жұмыс жүргізу технологиясы алға тартылады. Қазақ тілі сабағында интерактивтік тақтамен жұмыс жүргізу технологиясындағы автономды түрде меңгеріп негіздеуіне мүмкіншілік береді. Интерактивтік тақта арқылы дидактикалық материалдармен қоса неше түрлі дыбыстарды оқушаларға естіруге болады мысалы: құстардың үнін, судың дыбысын т.б.түрлерін жасауға мүмкіндіктер болады.

Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” –деп Б.Момышұлының сөзімен аяқтаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А. Асқарбаев, М. Жазыбаев, С. Рахметова. “Бастауыш оқудың тиімділігін арттыру”: Алматы-1975, 6-47 б ет
2. Бастауыш мектеп методикасы. Алматы.- 1987, 6-12 бет
3. Молдатаева М. Тілді дамыта оқыту: Бастауыш мектеп:- 2000, №3-4-9 бет
4. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Елорда, 2014. – 23-б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚҰРАМА ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДАҒЫ МОДЕЛЬДЕУ

А.Л. Мырзабекова

Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының оқытушысы, магистр, Ж.А.Тәшенев университеті

Халниязова Феруза – ПиК 20к2 тобының білім алушысы

Аңдатпа. Құрама есептерді шығару барысында тиімді тәсілдерді меңгертіп, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру.

Кілт сөздер: жаттығулар, бастауыш сынып, әдістеме

Аннотация. Моделирование при решении комбинированных задач в начальных классах

Ключевые слова: составные задачи, начальный класс, математика, методика преподавания математики.

Abstract. Modeling in solving combined problems in elementary grades

Keywords: composite tasks, elementary grade, mathematics, methods of teaching mathematics.

Әрбір есеп белгілі бір немесе бірнеше дидактикалық мақсаттарға жету үшін берілетіндігі түсінікті. Есеп дидактикалық мақсаты мен мазмұнына байланысты математикалық ұғымдарды қалыптастыруға, символикаларды меңгеруге, дәлелдеуге үйретуге, білім және біліктілікті қалыптастыруға, ойлау қабілеттерін арттыруға т.б. арналуы мүмкін. Оқытушы есеп шығарудың әр түрлі әдістерін (анализ және синтез, байқау арқылы танысу, жинақтау, модель құру, т.б.) жүйелі түрде үйренуі керек. Есеп шығару қандай мақсатқа бағытталса да мұғалімнің басты міндеті оқушылардың есеп шығару тәжірибесін молайту, оларды есеп шығаруға үйрету болуы тиіс. Мұғалім оқушыға шамадан тыс көмектесу керек деген қорытынды шығаруға болмайды. Мұндай жағдайда оқушыға жұмыстың аз үлесі тиеді де, есеп шығару тәжірибесін молайта алмайды. Керсінше, мұғалім көмегі өте аз болса, оқушы есеп шығаруға мүлдем үйрене алмайды.

Мұғалім сұрақ-жауап арқылы ақыл-кеңес бере отырып, оқушыны есеп шығарудың әр қилы сырына үйрете алады. Әр түрлі есептерді оқушыға үйрету үшін сұрақтар мен ақыл кеңестер жалпылама сипатқа ие болу керек.

Есеп не туралы?

Есепте не белгілі?

Есепте тағы не белгілі?

Есеп не сұрап тұр?

Есепті неше амалмен шығарамыз?

Есептегі негізгі сөздер қайсысы?

Қай сызбаны таңдаймыз? Деген сияқты сұрақтармен есепті оқушыға талдату керек. Есеп шығара білу қыры мен сыры мол, үзіліссіз тәжірибе арқылы келетін үлкен өнер екенін есте ұстау қажет. Есеп шығаруға бағыт, бағдар беретін ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасай отырып, озық тәжірибелі мұғалімдердің еңбектеріне сүйене келе, қандай да болмасын есепті шығаруды негізгі төрт кезеңге бөлуге болады: есептердің шарты мен талабын терең түсіну; есепті шығарудың жоспарын құру; жоспарды жүзеге асыру; есепті тиянақтау.

Көрсетілген кезеңдерге байланысты негізгі мәселелер төңірегінде кеңес берелік.

Есепті дұрыс түсініп алмай, оны әрі қарай жалғастыру мүмкін емес. Есеп шығаруға асығудың керегі жоқ. Шығаруға кіріспес бұрын оның мазмұнына талдау жасап не берілгенін, нені іздеу керек екендігін анықтау керек. Бұл тұста ұқыпты сызылған сызба немесе сұлбелердің көмегі зор. Егер есептің берілген немесе ізделінді элементтері

белгіленбеген болса, онда ыңғайлы белгілеулер енгізу керек. Есеп бір жақты анықталмаған ба, соны тексеру қажет. Мүмкіндігінше есеп шартында артық мәселелер, қайшылықтар бар ма, соларды тиянақты түрде анықтау керек.

Есеп шығарудың жоспарын құру шешуші кезең болып табылады. Есеп шығарудың жоспары дұрыс құрылғанда ғана, есеп қатесіз шығарылады. Жоспар құру ұзақ және күрделі болуы мүмкін. Сондықтан, оқушыға есеп шығарудың негізгі «кілтін» ұсынатын идеяларға байланысты сұрақтар мен ақыл кеңестер жүйелі түрде құрылғаны орынды. С. Лысенкованың есептер сызбасын пайдалана отырып, оқушылардың есеппен жұмыстануынды үлкен жәтістікке жетіге болады.

Жоспар жүзеге асырылған соң, онымен тынып қалмай есеп шығару процесін тағы да ой елегінен өткізу керек. Міндетті түрде нәтиже мен шығару жолы тексеріледі. Онымен қоса: «Есепті басқаша жолы бар ма?», «Нәтижені басқаша қалай алуға болады?» т.б. сұрақтарға жауап ізделінеді.

Мәреге дұрыс жету үшін құрылған жоспарды мүлтіксіз жүзеге асыру керек. Ол үшін әрбір жасалған қадам мұқият тексерілуі керек, толық негізделіп отыруы шарт. Неге олай болады? Не себептен? деген сұрақтарға тиянақты дәлел қатар жүргізілуі тиіс.

Мұғалім оқушыларға есеп шығаруды үйрету процесінде есеп шығару үлгілерін, яғни «жеңілден-қиынға» қарй қағидасын ұстау; ауызша және жазбаша есептерді ұштастырып отыру т.б. көрсетуі тиіс. Сонымен қатар есеп шығарудағы ұжымдық және өз беттерімен жұмыс істеу; есеп түрінің қосымшалардың қарастыру т.б. әдістемелік талаптарды естен шығармауы керек.

Бастауыш мектепте қарапайым есептермен бірге құрама есептер де қарастырылады. Мұндай күрделі есептерді шығара отырып оқушылар алған білімдерін басқа жағдайда өзгерте отырып пайдаланып, жетілдіреді, дамытады және кеңейтді.

Құрама есептер «қатынас» ұғымымен танысту барысында, арифметикалық амалдардың мағынасын анықтау, шамалар арасындағы қатынасты түсінуге көмектеседі.

Кейбір құрама есептер әр түрлі сандық қатынас арасындағы белгісіз компонентті табу үшін арифметикалық амалдардың мағынасын аша білуге арналады.

Сонымен қатар кейбір құрама есептер тобының шамалар арасындағы байланыстың бірдей болуына байланысты шығару жолы ұқсас болатындары да бар. Бастауыш мектепте кездесетін осындай есептердің төрт түрін атап айтуға болады:

- 1) төртінші пропорционалды табуға арналған есептер;
- 2) пропорционал бөлуге арналған есептер;
- 3) екі айырма арқылы санды табуға арналған есептер;
- 4) санның белігін және керісінше санды табуға арналған есептер.

Жалпы мәтінді есептерді бастауыш мектепте көбінесе арифметикалық және алгебралық тәсілмен шығарады:

Арифметикалық тәсіл – бұл жағдайда барлық логикалық операциялар нақты сандар арасында арифметикалық амалдарды қолдана алу білімін пайдаланылып негізгі тұжырымға сүйенеді.

Алгебралық тәсіл – мұнда есеп теңдеу құру арқылы шығарылады.

Сонымен қатар бастауыш мектепте мәтінді есептерді шығаруда практикалық тәсіл және сызба арқылы да шығаруға болады.

Бастауыш мектепте оқылатын есептер жай және күрделі болып екіге бөлінеді. Бастауыш сыныпта математиканы оқытудың бағдарламасы бойынша жай есептердің белгілі бір түрлерін біртіндеп енгізу құрастырылған. Себебі есептерді талдап, белгілі мен белгісізді нақтылап, шығару жоспарын құруда сәйкес амалды таңдап алу және негіздеп беру үйретіледі.

Бастауыш сынып оқушыларына есептерді шығаруға үйретудегі ең негізгі мәселе – есепте белгілі мен белгісізді, яғни шарты мен талабын дұрыс ажыратып, талабына сәйкес амалды таңдап алуға үйрету.

Математиканы оқыту әдістемесінде есепті шығару процесін жүзеге асыру іс-әрекетін қарастыратын негізгі бағыттардың бірі есептермен жұмыс істеудегі кезеңділік болып табылады. Д.Пойа, Ю.М.Колягин, Е.И.Лященко, В.И.Крупич және басқалардың пікірі бойынша есепті шығару процесі келесі кезеңдерден тұрады:

1. Есептің мәтінін талдау.
2. Есепті шығарудағы тиісті жоспарын құру және шешудің тәсілдерін іздестіру.
3. Есептің табылған шешуін жүзеге асыру.
4. Табылған шешімді оқып-үйрену (зерттеу).

Құрама есеп, бір есептердің ізделінді шамалары екінші есептердің берілген шамалары болатындай байланыстағы, бірқатар жай есептерден тұрады. Құрама есепті шығару, оны бірнеше жай есептерге жіктеу және ретімен оларды шығару болып табылады. Сонымен, құрама есепті шығару үшін берілген шамалар мен ізделінді шамалар арасындағы бірқатар байланыстарды тағайындау керек, соған сәйкес арифметикалық амалдарды таңдап алуға содан кейін шығаруға болады.

Мысал ретінде мына есепті қарастырамыз:

«Мектепте 8 қыз бала кезекшілікте тұрған, ал балалардың одан 2-уі артық. Мектепте қанша бала кезекші болған?»

Бұл есеп екі жай есептен тұрады:

1. Мектепте 8 қыз бала кезекші болған, ал кезекші болған ұл балалардың одан 2-уі артық. Мектепте қанша ұл бала кезекші болған?
2. Мектепте 8 қыз бала. 10 ұл бала кезекші болған. Мектепте барлығы қанша бала кезекші болған?

Бірінші есепте ізделінді болған сан (ұлдар саны) екінші есепте берілген шама (10 ұл бала) болғанын көріп отырмыз. Бұл есептерді ретімен шығару құрама есепті шығару болып табылады:

$$1) 8 + 2 = 10; 2) 8 + 10 = 18.$$

Құрама есептің шешуін де жай есептің шешуімен салыстырғанда айтарлықтай бір жаңалық пайда болды: мұнда бір емес, бірнеше байланыс тағайындалған, осы байланыстырғанда сәйкес арифметикалық амалдар таңдап алынады. Сондықтан балаларды құрама есеппен таныстыруға, сондай-ақ балаларды құрама есептерді шығару дағдысын қалыптастыру үшін арнайы жұмыс жүргізеді.

Құрама есептермен таныстыруға дайындық жұмысы құрама есептің жай есептен негізгі айырмашылығын оқушылардың түсінуіне көмектесуі тиіс. Оның айырмашылығы мынада: құрама есепті бірден, яғни бір амалмен шығаруға болмайды, оны шығару үшін берілген шамалар мен белгісіз.

Математика сабақтарында есеп шығарғанда көрнекілікті дұрыс пайдалану айқын кеңістік және санды түсініктердің, мазмұнды ұғымдардың қалыптасуына көмектеседі, оқушылардың логикалық ойлау, нақтылы құбылыстарды дараластыру және талдау негізінде, тұжырымдауларға келулеріне көмектеседі. Математика сабақтарында көрнекілік принципін жүзеге асыра отырып, бір жағынан оқушылардың қабылдауына сүйенсе, ал екінші жағынан олардың түсініктеріне (ұғынуына) сүйенеді. Бірінші жағдайда көрнекі құралдар қажет, екінші жағдайда көрнекі құралдарды қолданбауға болады. Мұнда балалардың бұрынғы тәжірибесін, олардың бұрыннан жинақтаған түсініктерін белсенділікпен жұмылдыру қажет болады. Мысалы, балаларды үшбұрышпен таныстыра отырып, мұғалім сондай формалы фигуралардың негізгі белгілерін (3 бұрышы, 3 төбесі, 3 қабырғасы) көрсететін модельдерін пайдаланады. Сонымен бірге мұғалім балалардың қандай нәрселердің формасы үшбұрыш тәріздес екенін естеріне түсіреді. Сөйтіп математиканы оқытуда оқушылардың тікелей қабылдауы мен түсініктері үйлестіріле пайдаланылады.

Математика сабағында көрнекілік принципі дұрыс орындалса онда оқыту процесінде тікелей сезуден обстрактілі ойлауға көшу ережесі орындалады. Тек тікелей сезім

мүшелеріне әсер ететін көрнекілік (зат, модель, чертеж т.с.с) арқылы оқушы дерексіз ойдануды үйренеді, материалды түсініп, қызығып оқиды.

Құрама есеп, бір есептердің ізделінді шамалары екінші есептердің берілген шамалары болатындай байланыстағы бірқатар жай есептерден тұрады. Құрама есепті шығару, оны бірнеше жай есептерге жіктеу және ретімен оларды шығару болып табылады. Сонымен, құрама есепті шығару үшін берілген шамалар мен ізделінді шамалар арасындағы бірқатар байланыстарды анықтау керек, соған сәйкес арифметикалық амалдарды таңдап алуға, содан кейін шығаруға болады.

Мысал ретінде мына есепті қарастырамыз:

"Мектепте 8 қыз бала кезекші болды, ал балалардың одан 2-уі артық. Мектепте қанша бала кезекші болды?"

Бұл есеп екі жай есептен тұрады:

1. Мектепте 8 қыз бала кезекші болған, ал кезекші болған ұл балалардың одан 2-уі артық. Мектепте қанша ұл бала кезекші болған?

2. Мектепте 8 қыз бала, 10 ұл бала кезекші болған. Мектепте барлығы қанша бала кезекші болған?

Бірінші есепте ізделінді болған сан (ұлдар саны) екінші есепте берілген шама (10 ұл бала) болғанын көріп отырмыз. Бұл есептерді ретімен шығару құрама есепті шығару болып табылады:

$$8 + 2 = 10; 2) 8 + 10 = 18.$$

Құрама есептің шешуін де жай есептің шешуімен салыстырғанда айтарлықтай бір жаңалық пайда болды: мұнда бір емес, бірнеше байланыс тағайындалған, осы байланысқа сәйкес арифметикалық амалдар таңдап алынады. Сондықтан балаларды құрама есептермен таныстыру, сондай-ақ құрама есептерді шығару дағдысын қалыптастыру үшін арнайы жұмыс жүргізеді.

Құрама есеп, бір есептердің ізделінді шамалары екінші есептердің берілген шамалары болатындай байланыстағы бірқатар жай есептерден тұрады. Құрама есепті шығару, оны бірнеше жай есептерге жіктеу және ретімен оларды шығару болып табылады. Сонымен, құрама есепті шығару үшін берілген шамалар мен ізделінді шамалар арасындағы бірқатар байланыстарды анықтау керек, соған сәйкес арифметикалық амалдарды таңдап алуға, содан кейін шығаруға болады.

Қорыта айтқанда, құрама есептерді шығару барысында тиімді тәсілдерді меңгертіп, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал жасайды деген қорытындыға тоқталдық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оспанов Т.Қ. және т.б. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. «Фолиант» Астана – 2007.

2. Т.Қ. Оспанов, О.В. Кочеткова, Ж.Қ. Астамбаева. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарға математиканы оқыту әдістемесі. Алматы: Атамұра, 2005.

3. Бантова М.А., Бельтюкова Г.В. Методика преподавания математики в начальных классах - М., 2013 г.

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН БАСҚАРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

А. Л. Мырзабекова

Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының оқытушысы, магистр, Ж.А.Тәшенев университеті
Үмбетиярова Аяжан – ПиК 20к2 тобының білім алушысы

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепті басқарудың басты мәні – оқыту мен тәрбиелеудегі оңтайлы нәтижені алу мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарына педагогтардың мақсатты бағытталған ықпал етуінен тұратыны қарастырылады.

Аннотация. Педагогические аспекты управления начальной школой (педагогический менеджмент)

Ключевые слова: педагогический менеджмент, начальный класс, учебный процесс, педагогическая система.

Abstract. Pedagogical aspects of primary school management (pedagogical management)

Keywords: pedagogical management, primary class, educational process, pedagogical system.

Педагогика ғылымында мектепті басқару – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ол жайлы ғалым-педагог Н.Д.Хмель өзінің зерттеулерінде: «педагогикалық процесті басқару дегеніміз әлеуметтік жүйені басқару» -деп көрсеткен. Қазіргі заман мектебі – күрделі де кіріктірілген жүйе, ол оқушылардың, оларды оқытып, тәрбиелейтін мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің (директоры, оның оқу және тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары), оқу-тәрбиелік және қызмет көрсететін адамдардың іс-әрекетінен, мектеп алдында тұрған жалпы міндеттерді шешуге белгілі бір жағдай жасайтын материалдық базадан тұрады. Сонымен қатар, мектеп дегеніміз – мұғалімдер мен онда қызмет ететін адамдар ұжымы, олар білім беру өзара байланысы бар, ішкі құрылымы және социуммен белгіленетін тұтас әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде қарастыру керек. Ол өзара тығыз байланысты екі жүйеден тұрады: басқарушы және басқарылушы. Бұл қазіргі кез-келген оқу-білім беру мекемесінің алдына өмірдің өзі қойып отырған міндеттерді жүзеге асыру бойынша барлық жұмыстың басты ұйымдастырушысы ретіндегі мектеп директорының тікелей басқару іс-әрекетінде көріну керек. Мектеп басшылығы мен мұғалімдерден тұратын басқару жүйесі жетекші болып келеді. Басқарылушы кіші жүйеге оқушылар мен олардың ұйымдары жатады.

Мектепті басқарудың басты мәні – оқыту мен тәрбиелеудегі оңтайлы нәтижені алу мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарына педагогтардың мақсатты бағытталған ықпал етуінен тұрады.

Адамдар жеке істей алмайтын немесе жекелеп істеу тиімсіз болғанды жұмыла істеу үшін басқару қажеттігі туындайды. В.Г.Афанасьевтің пайымдауынша: “Басқару – қоғамның, оның кез-келген даму сатысындағы, ішкі өзіне тән қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелік табиғатынан, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады”.

Басқарудың қызметтерін тек дидактикалық тұрғыдағы аспектілермен шектеген қате болар еді. Білім беру мектептеріндегі педагогикалық ұжымның жүзеге асыратын тәрбиелік жүйесі де басқаруға келеді. Әсіресе, мектептердегі тәрбиелік жұмыстың тәрбиенің қалыптасқан стереотипінің түбегейлі өзгеруімен, ондаған жылдар бойы қалыптасқан балалардың қоғамдық ұйымдарының (пионерлер, комсомол) жойылуымен, идеялардың түпкілікті ауысуымен қазіргі кезеңіндегі қиыншылықты ескерсек, басқарудың маңызы зор. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі қиыншылық жағдай, білім берудің, қазіргі

тәрбиелік процесті белсендіруді, оның жаңа түрлері мен әдістерін табуды, әсіресе, бұл процесті басқарудың басқа амалдарын табуды өте қатты қажет етеді.

Қазақстан Республикасында беделді азаматты тәрбиелеу мәселесі ерекше мәнге ие болып отыр, яғни бұл процесс педагогикалық басқару практикалық маңызды мәселе болып табылады.

Г.И. Шукинаның пікірі бойынша, басқару – мектеп ішіндегі “психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік” сияқты күрделі процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеу. Алайда басқарудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін жинақтап қорыту тек материалды жинаумен ғана және оны тиісті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан бағаламай, тек баяндаумен ғана шектеледі. Материалдарда, көбінесе, негізгі идеялар мен тәжірибенің талдауы болмайды және оларды қолданудың кеңес-ұсыныстары берілмейді, оны енгізудің шарттары да көрсетілмейді. Ал кейбір жағдайларда, тұтас жұмыс жүйесі емес, керісінше, жекелеген тәсілдер ғана суреттеліп таратылады. Кейде, мектеп басшылары мен білім беру органдары үшін ешқандай тәжірибелік құндылығы жоқ көптеген материалдар жинақталады. М.М. Поташник былай дейді: ”Басқару – мектептің қалыптасуын, тұрақтануын, тиімді қызмет етуін және дамуын қамтамасыз ететін барлық субъектілердің мақсатты іс-әрекеті”. Бұл анықтама маңызды екі нәрсеге назар аудартады: біріншіден, кез-келген басқарудың мақсатты іс-әрекет болып табылатынына; екіншіден, ол басқалардан өзінің міндеттерімен ерекшеленетініне. К.Я. Вазинаның пікірінше: ”Басқару – нақты бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін қалыптасуға жауап беретін жүйенің қызметі”.

Педагогикалық басқару әлеуметтік мақсатта жүзеге асады, ол адамдардың іс-әрекетін басқару мен олардың бірігуіне қатысты. Алайда, ол жалпы әлеуметтік басқарудан өзінің объектілерімен (оқушылар, мектептер, мектептен тыс мекемелер, халыққа білім беру бөлімшелері, т.б.), олардың заңдылықтарымен ерекшеленеді.

Практикалық іс-әрекет ретіндегі педагогикалық басқару – оқушылардың оқуы мен тәрбиесін басқару. Педагогикалық басқару теориясы – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар жүзеге асыратын тәрбие мен оқыту процестерін басқару туралы білімдер.

“Педагогикалық басқару” ұғымы “білім беруді басқару” ұғымынан кең, өйткені ол тәрбие мен оқытуды жүргізетін басқа мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда (жанұя, қоғамдық ұйымдар, мамандықты көтеру жүйесінің мекемелері, т.б.) қызмет етеді. Шындығында, педагогикалық басқарудың кез-келген “адам – адам” жүйесінде орны бар. Бұл жағдайда педагогикалық мақсаттар басқарудың негізгі түріне бағынады – педагогикалық процесс субъекті іс-әрекетін басқару.

Педагогикалық басқарудың білім беру жүйесіндегі басты объектісі – жеткіншек жас ұрпақтар болып табылады. Оларды оқыту мен тәрбиелеуді басқару не тікелей (мұғалімдер, тәрбиешілер арқылы), не жанама – мемлекеттік қоғамдық ұйымдар арқылы жүргізіледі. Басқару субъектісінің қызметтер жиынтығын басшылық дейді.

Білім беру мекемесін басқару іс-әрекетінің басқа мекемелер немесе өнеркәсіп орындарындағы басшылықтың жұмысынан едәуір айырмашылығы бар. К.Д. Ушинский былай деп жазған: “Егер қаржы немесе әкімшілік әлемде олардың идеяларының орындаушыларға ұнайтын-ұнамайтынын ескермей, ұйғарыммен, жарлықпен қызмет етуге болатын болса, қоғамдық тәрбие беру әлемінде ашық айтылып, ашық қабылданған пікірден басқа идеяны жүзеге асырудың басқа амалы жоқ”. М.И. Кондаков: “Мектеп жұмысын басқару өндірістік және қоғамдық өмірдің басқа салаларын басқарудан айтарлықтай ерекше, өйткені мұнда күштерді орналастыру мен үйлестіру, байланыс пен өзара тәуелділік жүйесін жүзеге асырудан басқа, оқу-тәрбие процесінің барлық жақтарына бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық ықпал ету мәселелері басты мәнге ие болады”, – дейді.

Білім беру жүйесінің белгілі бір ретпен жасалған (иерархиялық) құрылымының әрбір элементінде, министрлік болсын, облыстық, аудандық басқарушы ұйым (департаменттер, білім беру бөлімдері) немесе мектептер болсын, бәрінде, тек педагогикалық қана емес,

басқарудың басқа да түрлері кездеседі, мысалы: әкімшілік, шаруашылық, құқықтық. Басқарудың барлық түрлері білім беру жүйесінің шеңберінде бір-бірімен байланысты, олардың бәрі жалпы тәрбиелік және білім беру міндеттерін шешуге бағытталған. О.С. Анисимов: “Білім беруді басқаруды жіктегенде мынаны ескеру керек: басқару – адам іс-әрекетінің ең маңызды түрлерінің бірі. Бұл іс-әрекет қатал шектеу мен бөлуге көнбейді” – деп, дұрыс айтқан.

Егер білім беру жүйесін қарайтын болсақ, педагогикалық басқару мен басқарудың басқа түрлерінің үлес салмағы мен қатынасы әртүрлі екенін байқауға болады. Мысалы, министрлік, облыстық, аудан және қалалық білім беру басқармасы деңгейінде кешенді процесс ретіндегі басқару жүйесінің арнайы құрылымын құруға, ведомстволық мекемелер мен адамдар қызмет-әрекетіне қажетті материалдық, ұйымдастырушылық, кадрлік және басқа да жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған. Мектеп директоры, деңгейінде педагогикалық басқарудағы мұғалімдер практикалық қызмет-әрекеттеріндегі педагогикалық талаптарды тікелей жүзеге асыру ретінде толығырақ көрінеді. Педагогикалық басқаруға қызмет көрсету (мектептің материалдық базасы, құрал-жабдықтар, оқу-техникалық құралдары, т.б.) маңызды, бірақ бағынушылық мәнге ие.

Әдетте, білім беру жүйесіндегі басқару туралы сөз еткенде, көбінесе, иерархиялық тұрғыдан: министрлікті, облыстық, аудан, қалалық білім беру басқармалары бірінші болып аталады. Оқу-тәрбие процесін тікелей басқару мектеп әкімшілігі деңгейінде және мұғалімнің қатысуымен жүзеге асырылатыны жиі ұмытылып қалады. Мектепті басқару теориясы (мектептану) арасында ғылыми іс-әрекет пен практикалық іс-әрекет ретінде объектілері, басқарудың тәсілдері мен нәтижелерінде айырмашылықтар бар.

Мектепті басқару теориясының объектісі – оның барлық құрамды элементтерімен алынған процес болып табылады. Практиканың объектісі – мектептің әртүрлі құрылымдық топтары (ұжым, сынып, жеке субъект).

Практикалық басқару іс-әрекетінің құралдары – басқару әдістері. Басқарудағы ғылыми іс-әрекеттің құралдары – ғылымның нақты бір объектісін зерттеуде қолданылатын жолдар, тәсілдер, амалдар: мектептерді басқару бойынша білім беру мекемелерінің жұмыс тәжірибесін қортындылап талдау, ғылыми болжамдар жасау, оларды эксперименталды тексеру және т.б. Білім беру жүйесіндегі немесе бөлек топтағы практикалық басқару іс-әрекетінің нәтижесі – тәжірибені көбейту, бұған оқу-тәрбие процесінің қортындылары дәлел бола алады. Басқару теориясының нәтижесі – практикалық іс-әрекетте жүзеге асырылатын жаңа білімдер, заңдар, принциптер, ережелер, тұжырымдар.

Мектептегі практикалық басқару іс-әрекетінің бағыттары, құндылығы жағынан бірдей емес. Мектептің негізгі әлеуметтік міндеттеріне сәйкес, ол өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады, осыған байланысты, басқарудың барлық бағыттарының ішінде оқу-тәрбие жүйесін басқару бірінші орында болу керек.

Осылайша, педагогикалық басқару практикалық іс-әрекет ретінде – ол педагогикалық ұжымының тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруы.

Мектеп директоры оқу-тәрбие жұмысы мен сапасы үшін арнайы жауапкершілік атқарады. Оның міндеттеріне кіретіндер:

– кадрларды дұрыс таңдау мен орналастыру, мектептің педагогикалық ұжымына басшылық ету, мұғалімдердің кәсіби, ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық деңгейін көтеруге жағдай жасау, олардың педагогикалық шығармашылығына жол ашу және оқыту мен тәрбиенің озат педагогикалық тәжірибесін енгізу;

– оқу-тәрбие процесінің барысын, оқушылар білімінің сапасы мен жеке тұлға ретінде дамуын, сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен ұйымдастыруын бақылау;

– оқушылардың кәсіби бағыты бойынша тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру және оларға өмірде өз жолын табуға кеңес беру;

– оқушылардың өзін өзі басқару органдарына практикалық көмек көрсету және оның іс-әрекетін белсендіру, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша мұғалімдер мен оқушылардың қоғамдық ұйымдарымен іскерлік ынтымақтастық қатынас жасау;

– Еңбек туралы Заңға, мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысына сәйкес мектеп қызметкерлерінің міндеттерін анықтау мен нақтыландыру;

– ата-аналар қоғамдастығы ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру мен оларға басшылық жасау;

– жергілікті қоғамдық ұйымдар, мекемелер және негізгі кәсіпорындармен іскерлік байланыс орнату;

– мектептегі қажетті санитарлық-гигиеналық тәртіпті орнату, оқушылардың, мұғалімдер мен мектептің қызмет көрсету адамдарының сабақтағы және іс-әрекеттің басқа да түрлері барысындағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік шараларын сақтау;

– мектептің қазіргі заманғы оқу-материалдық базасын нығайту мен дамыту;

– мектеп қызметкерлерін жұмысқа алу мен жұмыстан шығару;

– мектептің педагогикалық кеңесімен келісіп, мұғалімдерді және мектептің басқа да қызметкерлерін мадақтау мен марапаттауға ұсыну.

Сонымен, педагогикалық басқаруды ұйымдастыру – ол мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер жүзеге асыратын педагогикалық жүйені басқару, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

Білімнің бұл саласының міндеттері – педагогикалық басқаруды зерттеу, оның теориялық және практикалық мәселелерін жете зерттеу, оны жетілдірудің ғылыми ұсыныстарын жасау. Сонымен қатар, педагогикалық басқару мектептің барлық жұмысымен қатар басқа жұмыстың түрлерін жоққа шығармайды. Білім беруді басқару теориясы ағарту саласындағы ерекшеліктерді ескере отырып, әлеуметтік басқарудың жалпы заңдылықтарына негізделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. – А: Ғылым, 2002. 9-20 бб.

2. Тілеуова С. Жоғары мектеп педагогикасы. Шымкент. 2004.

3. Айтиева А. Жас мамандардың іскерлік, дағдыларын қалыптастыру//Қазақстан мектебі. 2003. №4, 15-17 бб.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тамабай Әсел Мейрамбекқызы

Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының оқытушысы, магистр, Ж.А.Ташенев университеті
Тангжарикова Кумысай – ПиК 20к2 тобының білім алушысы

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш мектепте өзбетімен жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай – бұл оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік ерекшеліктері қарастырылады. Өйткені бұл жастағы балалардың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестеу, шығармашылық, жұмысқа талпынысы басым болады. Сол себепті де тиімді түрде ұйымдастыра білген мұғалімге оның берерлік маңызы зор.

Кілт сөздер: өзіндік жұмыс, бастауыш сынып, оқу құралы

Аннотация. Формирование у младших школьников навыков выполнения самостоятельной работы

Ключевые слова: самостоятельная работа, начальный класс, учебная деятельность, логическое упражнение.

Abstract. Formation of skills of performing independent work in younger schoolchildren

Keywords: independent work, elementary class, educational activity, logical exercise.

Баланың жалпы психикалық дамуы мектептегі оқу мен оның білімді өздігінен игеруімен тығыз байланысты. Мектептегі баланың оқу әрекеті күрделі, жан-жақты үрдіс, ол баланың барлық әрекетін, рухани күштерін, өздігінен білім алуын қажет етеді. Мектеп жасындағы баланың ақыл-ой еңбегі белсенді әрекет болуға тиісті.

Ол оқушының жалпы психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты болады. Баланың ақыл-ой әрекеті оның қажеттері мен қызығулары, сезімі мен еркі сияқты үрдістермен, іске асады. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың ақыл-ой еңбегін белгілі жүйемен жасауға, оның жалпы мәдениетін өздігінен әрекетін қалыптастырып отыру керек. Ең алдымен мектепке келген баланың алдына қойған мақсат міндеттерін түсінуге баули отырып оқыту, тәрбиелеу қажет. Тәрбие өмір бойы үздіксіз жүретін үрдіс болса, қазақ халқы жетілген, өз бетінше жұмыс атқара алатын тулғаның сипатын «Сегіз қырлы бір сырлы» деген бір ауыз сөзбен түйіндеген.

«Қазақстан – 2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында Қазақстан азаматтарының денсаулығын, білімі мен әл-ауқатын арттыруға, экологиялық ортаны жақсартуға ерекше мән берілген. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесіндегі көкейкесті мәселелердің бірі өз бетімен жұмыс жасау біліктілерін қалыптасыру болып табылады.

Мектеп оқушыларына тәрбие беру тұжырымдамасында: Жеке тұлғаның қалыптасуы үздіксіз күрделі үрдіс: Әрбір оқушыға жеке қарап, оның өзіне тән санасы, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар, оқушыны дамытуды мектеп алдындағы бір міндет болып саналады.

Енді осы мәселені дамыту үшін мектептің алдында оқушылар өз бетінше жұмыс жасап, білімді өздігінен игеру біліктерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Мектептің педагогикалық үрдісіндегі негізгі мәселе – білім беру, өздігінен білімін жетілдіру, өз бетінше жұмысты ұйымдастыру үйрету жолдары болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру, өз бетінше жұмыс жасауға үйретудің жолдарын табу біздің міндетіміз. Жалпы бастауыш кезеңнен бастап оқушыларды ғылыми танымын, логикалық ойлауын, алдында кездескен кедергілерді шеше білуге бағыттауымыз керек. Осыған орай балалардың ғылыми білімді,

дағдыларды, өздігінен білім аруды меңгеруі олардың оқу әрекетінің негізгі мақсаты мен міндеті болып табылады.

Оқушылардың санасында жеткілікті деңгейде білім қоры болмаса, онда оның өздігінен жұмыс істеуі, өз бетімен жұмыс жасау біліктілігінің қалыптасуы мүмкін емес. Сондықтан, бұл тақырыптың негізгі өзектілігі жұмыстың негізгі мақсаты мен міндеттерін анықтайды.

Бастауыш сыныптарда өз бетімен жұмысты ұйымдастыру оның бағдарлама мазмұнына, талапқа сай болуы, түрлі мазмұнда және формада көрініс табуы шығармашылық бағытта жұмыс істеуге бағыттауы, сондай-ақ бағаланып, марапатталуы сияқты мәселелерге жете мән беріледі. Осыған орай өз бетімен жұмыс бастауыштың өзіне тән әдістемесіне сәйкес түрлі формада және мазмұнда көрініс табуда. Өз бетіндік жұмыс-бұл шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін олардың өзбетіндік жұмысынсыз дамыту мүмкін емес.

Бастауыш мектепте өзбетімен жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай – бұл оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік ерекшеліктері. Өйткені бұл жастағы балалардың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестеу, шығармашылық, жұмысқа талпынысы басым болады. Сол себепті де тиімді түрде ұйымдастыра білген мұғалімге оның берерлік маңызы зор.

Өз бетімен жұмыс түрлеріне қатысты материалдарды саралау және өз тәжірибеміздің қорытындысы негізінде біз шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсетін өз бетімен жұмыс түрлеріне төмендегі негізгі үш жұмыс түрлерін жатқыза аламыз. Олар:

1. Логикалық дамытушы ойындар мен берілген тапсырмалар (құрастырмалы ойындар, ребус, сөз жұмбақ, анаграмма) өз бетімен жұмыс түрлері; Өз ойынан еркін тақырыпқа құрастыруға берілген әдеби шығармашылық бағыттағы жұмыстар (өлең құрастыру, әңгіме, шығарма жазу, т.б.).

2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (кері есеп құру, мәтіннің мазмұнын өңдеу, т.б.)

3. Жаңа форматтағы оқытудың әдістері. Яғни, қазіргі таңдағы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламаларының үшінші /базалық / деңгей бағдарламасы оқушының өзбетімен білім алуына бағыттайтынын айта кеткім келеді.

Өзім осы бағдарламаның үшінші базалық деңгейін аяқтадым. Сондықтан осы бағытта жұмыстанып, оқушылардың білімді өзбетімен игеруіне баса назар аударып келемін.

Өзбетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқушыларды алдымен топтық, жұптық, жеке, үштік жұмыс түрлерін жүргіздім. Оқушылардың білімді менің көмегімсіз өзбетімен меңгеруіне баса назар аудардым. Бұл ретте мен тек бағыттаушы, оқушыға жәй бағыт беруші ретінде қалуға тырыстым.

Сабақтарымда оқытудың жаңа әдістерінің ішінде стоп кадр, маршруттық карта, сұрақты ұстап ал, ойлан, жұптас, талқыла/, құпия зат, джокер, айналмалы бекеттер, сократтық семинар, конверт-сұрақ, сұрақтар шеңбері, рөлдік ойын, тыңдап отырған үштік, өкіл, мозаика сияқты әдіс- тәсілдерді сабақтарымда жиі қолданамын. Аталған әдістердің көпшілігі оқушының сыни ойлау жүйесін қалыптастырады, оқушылар өз ойларымен еркін бөліседі. Сөйлеу дағдысы, яғни, топ алдында сөйлеу, пікір алмаса білу сияқты қасиеттері артады. Оқушыларым да оқытудың бұл түріне төселіп, бағыттталып келеді. Бұның бәрі диалогтік оқытудың жемісі деп білемін. Сонымен қатар, сабақтарымда жиі қолданатын әдістерімнің бірі сыни тұрғыдан ойлау әдістері. Жаңа форматтағы оқыту әдістері мен сын тұрғысынан ойлау әдістері бір –бірімен тығыз байланысты. Сыни, шығармашылықпен ойлай алу қабілетін бастауыш сыныптан бастап қалыптастырған дұрыс деп білемін. Сыни ойлай білетін, берілген тапсырманы мұғалімнің көмегімсіз шеше алатын оқушы болашақта өзіне кездескен кедергілерді жеңе алады, өмірлік жолында жолыққан проблемаларды да шеше алатына көз жеткізіп келеміз. Олай дейтін себебім, қазір бүкіл

әлем білімнің қарқанды дамуына көңіл болуде. Халықаралық PISA, TIMES бағдарламалары осының дәлелі. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мәселесіне жете мән беріп осы бағытта жұмыстануға бет бұруымыз керек.

Мұнда басты назар аударатын мәселе – бұл оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана біздер , тіл байлығымол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз. Оқушылардың өзіндік жұмысы – мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша оқушының оқу жұмысының жеке дара және ұжымдық түрі. Өзіндік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан белсенді ойлау, әртүрлі танымдық есептерді шешу талап етіледі. Осының нәтижесінде оқушылар өздігінен бақылауды үйренеді, оларды тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір-біріне деген жолдастық көмек қалыптасады.

Өз бетімен жұмыстың негізгі ерекшелігі – оқушының берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындау. Тапсырманы орындауда жақсы нәтижеге жету үшін, мұғалім оқушының іскерлік дағдысын, бақылау, білу қабілетін, ойлауын есепті шешу жолдарын дұрыс таңдай білуін байқап көреді. Егер тапсырманы орындауда қателер жіберілсе, онда мұғалім сол қателерді оқушылардың өздері жөндеуіне мүмкіндік беріп, оқушының іс-әрекетін дұрыс жолға бағыттағаны жөн.

Оқу – мектеп жасындағы балалардың негізгі таным әрекеті. Баланың жалпы психикалық мектептегі оқу мен өздігінен оқуына тығыз байланысты. Баланың оқу әрекеті күрделі, жан-жақты үрдіс, ол баланың барлық әректін, рухани күштерін керек етеді.

Баланың ақыл ой еңбегі белсенді әрекет болуға тиісті. Ол оқушының жалпы психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты болады.

Баланың ақыл-ой әрекеті, оның қажеттері мен қызығулары, сезім мен ерік сияқты т.б. Оқушының өздігінен оқуы тиісті болуы үшін ақыл-ой еңбегінің дағдыларын қалыптастыру керек. Баланың ақыл ой-еңбегін белгілі бір жүйемен жасауға, оның жалпы мәдениетін арттырып отыруға көңіл аударған жөн. Ең алдымен баланың өз жұмысының мақсат-міндеттерін анықтауға үйрету керек. Ең алдымен баланың өз жұмысын (тапсырмасын) не үшін, қандай мақсатпен жасау керектігін, ол қандай жаңа нәтиже беретінін білсе, онда оқушы әрекетінің саналылығы артады. Оқу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай баланы өз бетімен жұмысын жоспарлай білуге, уақытты дұрыс пайдалануға. Өз әрекетін қадағалауға, бағалауға, қысқаша айтқанда, өзін-өзі басқаруға дағдыландырудың маңызы зор.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуда, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда, өз бетінше жұмыс жасаудың, білімді өз бетімен игерудің маңызды екенінұқтық. Бастауыш сынып оқушылары жаңа жүйелі оқу әдістері арқылы ізденгіш, зерттегіш, шығармашыл, проблемаларды өздігінен шеше алатын, қиын жағдайларда тығырықтан шығу жолдарын таба білетін , функционалды сауатты тұлға ретінде қалыптасалы. Сонымен қатар, өздігінен ана тілді оқу барысында оқу материалының жүйелі түрде менгерту, грамматикалық схеманы шешу, іздену, салыстыру, зерттеу, әртүрлі шығармашылық жұмыстарды өз бетінше жұмыс орындау барысында менгереді. Сонымен өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар мыналар:

- жұмыстың көлемін шамадан айырмай, оның санасын арттыруға көңіл аудару;
- өзіндік жұмысын оқу жұмысының басқа түрлері мен дұрыс ұштастыра білу;
- оқушының дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;
- өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу;
- оқушыларды алған білімдерін іс-жүзінде қолдана білуге дағдыландыру;
- оқушыларды оқу жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарауға, белсенді әрекет жасауға баулу;
- оқушыда өздігінен жұмыс істеу, еңбек ету дағдысына қалыптастыру.

Біздің алдымызда, келешек ұрпақты тәрбиелеуде үлкен де, жауапты міндеттің тұрғаны баршамызға белгілі. Оқыту барысында қол жеткен жетістіктерді айтар болсақ, оқушымен орындалатын әрбір өз бетіндік жұмыс өз нәтижесін беруде. Әрине, бұл мұғалімге де, балаға да өте үлкен жауапкершілікті артады. Мектепте заман талабына сай білім беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бала біздің болашағымыз, білім көзі—бастауышта екенін ескере отырып оқушы білімінің сапалылығын арттыру үшін, өз бетінше жұмысты жолға қоюдың маңызы зор. Әрбір мұғалімнің басты міндеті оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, талантын, шығармашылығын ашуда өз бетінше іздену, талпыну, өз нәтижесін береді. Баланы бастауыштан бастап шығармашылық ойлауға, шешімдер қабылдауға, ізденіп жұмыс орындауға машықтандыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдурахитова Озатгүл. «Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру», // Қазақстан мектебі. № 11-12. 2005 ж. 29-30 бет.
2. .Есеева «Өзіндік жұмыс түрлерінің оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытудағы ролі». // Қазақстан мектебі., 2005, №5, 22-24бет.
3. Т.Қоқымбаева. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру. // Бастауыш мектеп. 2001, №3, 14-16 бет.
4. Бейсембаева Зәмзия. «Өзіндік жұмыс- кәсіби біліктіліктің көзі». // Бастауыш мектеп., 2002, №5, 14 -16бет.

ОҚУ БАРЫСЫНДА МӘТІНДІ ҚАБЫЛДАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

А.Ж. Сарсекенова – аға-оқытушы, **А.Л. Мырзабекова** – оқытушы
Tashenev University, Шымкент қ.
«Педагогика және бастауышты оқыту әдістемесі» кафедрасы

Аңдатпа. Бастауыш мектептегі білім беру процесінің сапасы әр сабақтың, патенттік жүйенің, жеке адамдар мен компаниялардың қаншалықты жақсы ойластырылғанына тікелей байланысты. Орта мектепте оқушылар күш пен төзімділік, өзін-өзі тәрбиелеу және қоғамда тәрбиелеу дағдылары сияқты дайындықтан өтеді. Оқыту-бұл өте күрделі психологиялық процесс. Әдебиетті де, ауызша сөйлеуді де қамтитын ортақ тілді ішкі меңгеру арқылы оқушылардың оқу дағдыларын арттыру.

Кілт сөздер: мәтін, бастауыш сынып, оқу сапасы

Аннотация. Качество образовательного процесса в начальной школе напрямую зависит от того, насколько хорошо продуман каждый урок, патентная система, отдельные лица и компании. В средней школе учащиеся проходят обучение, такое как сила и выносливость, самообразование и навыки социального воспитания. Обучение-очень сложный психологический процесс. Повышение навыков чтения учащихся за счет внутреннего овладения общим языком, включающим как литературу, так и устную речь.

Ключевые слова: текст, начальный класс, качество чтения

Abstract. The quality of the educational process in elementary schools directly depends on how well thought out each lesson, the patent system, individuals and companies are. In secondary school, students receive training such as strength and endurance, self-education, and social parenting skills. Learning is a very complex psychological process. Improving students' reading skills through internal mastery of a common language, including both literature and oral speech.

Keywords: text, elementary grade, reading quality

Кіріспе

Кішкентай балаларда оқу тәжірибесінде жазу, тарихи әдебиет, әріптер салу, кәсібі, ұлттық әдебиет түрі ерекше орын алады. Бұл жерде оқуды, ең алдымен мәтінді және оның контекстін үйрену ерекше орын алатынын атап өткен жөн. Мәтінмен жұмыс істеу кезінде біз ұсынылған ұсыныстарды ескереміз. Еркек пен әйел:

1. Оқушылардың мәтінді түсіндіруіне стресс-тестілеу жүргіземіз.
2. Біз жұмысқа байланысты тақырыптық тапсырманы орындаймыз.
3. Біз жұмысты оқимыз.
4. Біз сіз жасаған жұмыс деңгейін бағалаймыз.
5. Жұмыс жоспарын құру.
6. Мәтін мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыс.

Сондай-ақ, кітап оқудың мақсаттары мен міндеттері – жазуға дайындық деңгейін арттыру, күшті танымалдылықты қамтамасыз ету.

Мектепке келген алғашқы күннен бастап балалар бірнеше елдермен, бірнеше халықтардың өмір салтымен танысты. Сынып жетекшісінің кітаптарын оқудың негізгі мақсаты – оқушылардың бойында көптеген адами қасиеттерді тәрбиелеуге, жеке тұлғаны қалыптастыруға, рухани әлемді тереңдетуге, интеллект пен ұлттық бірлікті дамытуға ықпал ету.

Оқушылардың дұрыс ойлау, жылдам және мәнерлі оқу дағдыларын дамыту және қалыптастыру үшін;

- Клуб мүшелері бірлесіп өнер оқуды ұнататындар үшін;
- Оқушылардың шығарманы, эмоционалды қабылдауды (кейіпкердің көңіл-күйіне жанашырлық, қайғы және т. б.) анықтау үшін соңғы слайдты түсінгеніне көз жеткізіңіз;

– Оқушылардың ана тіліндегі сөздердің мағынасын өзгертуге назар аударыңыз, оларға әріптер мен хат жазуды, хаттар мен сөйлеу үлгілерін үйретіңіз.

Қатысушыларды іріктеу үшін бірлескен көрмеде суретшілердің көркем туындылары ұсынылды:

– Оқушылардың үйлесімді сөйлеуін үйреніңіз және жазыңыз (сөздік ойын, адал және түсінікті, түсінікті мәтін) ;

– Оқушыларға өз пікірлерін білдіруге үйрету.

Жұмысқа орналасу және экономикалық ынтымақтастық үшін балаларға дінді, сондай-ақ бір-біріне бақыт пен өркендеуді, даналықты, рух пен дәстүрді үйретіп, жолдастарына жастар мен ересектердің өршіл жоспарларын көрсетіңіз. Біздің сүйікті Отанымыздың бай, таза және әдемі табиғаты туралы материалдармен танысыңыз, табиғи өнімдердің ұқсастықтары мен әлемдік тұтынуын, сондай-ақ тендесі жоқ сұлулық пен рақымдылықты көре аласыз, елімізді, Отанымызды құрметтей және сүйе аласыз.

– Бағдарламаның ғылыми бағытының негіздерін қарапайым меңгеру;

– Оқу тәжірибесі мен дағдыларын кеңейту, мектепті белсенді қолдау, өз тілін дамыту; нақты юрисдикцияны білу;

– Балаларды Құдайдың жолдарымен, отбасына деген сүйіспеншілікпен, халықтың тыныштығы мен өркендеуімен, халқымыздың бостандық пен бейбітшілік үшін Геро күресін мойындаумен таныстыру (әдеби шығарма, фильм және т. б.);

– Оқушылар мансаптық өсуді, сенімді жұмыс істеу мүмкіндігін түсінеді;

– Бірлескен инвестициялық жұмыс, еңбекқорлық және жақсы жұмыс үшін.

Ерлі-зайыптылардың бастауыш білім беру мектептерінің құрылымын зерттеңіз, интеллект деңгейіне байланысты жағдайлар мен басым таным теориясын, балалардың өсу қарқынын және т.б. зерттеңіз.

Тыңдау дағдыларын дамыту барысында мектеп оқулықтарын оқуды аяқтай отырып, біз есту қабілетін арттырып, жылдам оқу дағдыларын дамыта аламыз.

Сөздерге белгілі бір жауап беретін дамыған инфрақұрылымның арқасында студенттер шағын, егжей-тегжейлі мәтінмен жұмыс істейтін жүйені алады. Аударманы, аударылған мазмұнды зерттеу көңіл-күйді көтереді. Тапсырманы орындау кезінде қызметкер орындайтын жұмыс түрі: 1.Түрлі-түсті оқу тапсырмасы; 2.Реттілік аннотациясы; 3.Таңдалған мәтіннің ауызша бөлігі.

Бастауыш мектепте оқытылатын материал сол бағытта оқытуға бағытталған және балаларға жан-жақты білім беру мақсаттарын көздейді.

Бастауыш мектептегі білім беру тәжірибесінің сапасы күнделікті тәжірибе деңгейіне, қолданылатын әдістерге, жеке адамдар мен ұйымдарға тікелей байланысты.

Орта білім алғаннан кейін студенттер әртүрлі сауаттылық дағдыларын дамытады және мұғалімдердің тәжірибесі мен дайындығын оңай қабылдай алады. Оқыту – бұл өте күрделі психологиялық процесс. Оқушылардың оқу дағдыларын арттыру-бұл әдебиетті де, ауызша сөйлеуді де қамтитын ортақ тілдің ішкі дамуы. Көру, есту және барокко сөйлеу өткірлігін арттыратын оқу процесі тікелей жүзеге асырылады, бұл қарама-қарсы пікірмен тығыз байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған алғашқы сенсорлық іс-шаралар. Балалардың жалпы психикалық дамуы, оқу динамикасы да, оны бағалау да. Балалардың мектеп ғимараттарына қатысуы – бұл барлық балалардың тұлға ретінде дамуын, саяси күш пен өзін-өзі оқытуды қамтамасыз ететін тиімді процесс. Мектеп жасындағы балаларды жұмысқа орналастыру шарттары белсенді түрде өзгертін болады. Бұл қатысушылардың сипаттамаларына және жалпы жұмыс жағдайларына байланысты болады. Балалар жағдайларға және жағдайларға байланысты мүмкіндігінше сыпайы болуға және шиеленісті және дайын ойыншықтармен ойнауға тырысады. Бастауыш сынып оқушыларының жұмысқа орналасу шарттары оларды пайдалану ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек, сонымен қатар компания мәдениетінің оларға әсерін бағалауы керек. Ең алдымен, бұл

оқудан өткен балаларды, бағдарламаның ерекше ерекшеліктерін тәрбиелеуге, қайта тәрбиелеуге, қайта тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Оқыту – бұл бүкіл отбасы, Абхазия халқы, жастар үшін үздіксіз процесс, зерттеу жұмысының мақсаты, ТК 1 "сырлы белгісі" сөзінің жүйелі сипаты.

Шығармаларды көркем оқудың белгілі бір деңгейіне жеткен студенттер Құдайдың, Исаның мінезінің осындай керемет көрінісі туралы біле алатын керемет, бай сценарий жұмысына қосылды. Бұл нәрестені өте сирек етеді. Осылайша, бастауыш мектепте білім беру сапасының өсуі мен дамуы оқушылардың компьютерлік өзін-өзі сәйкестендіруінің нақты көрсеткіші болып табылады. Дамудың қажеттіліктеріне сәйкес келетін, қызықты, жылдам және мәнерлі оқуды ынталандырыңыз.

Кіріс жәшігі:

1. Презентация нысаны, қатысушылар мәтінді қайта қарайды, оның нәтижелерін талқылайды. Бала да оқиды. Содан кейін "ақылды" сөзінің мағынасы зерттеледі. Мұғалім әр сөзді қайта оқиды, балалардың болуымен сипатталатын сөзді үйренеді. Сөзді оқымас бұрын, баланың назарын аударатын мұғалімдер хаттың өзіне назар аударады-ережені растайтын ескерту. Оқушылар дұрыс дыбысты, буындардың айтылу ережелерін көрсетеді, егер олар қате жіберсе, түзетеді.

2. Жеке оқу сұрауларын өңдеу кезінде студенттер мәтіннің барлық сөздерін жаттамайды, олардың ішінен тандалған сөзді немесе сөйлемді елемейді мүмкін. Бұл оқу уақытын үнемдейді, сөздер мен сөз тіркестерінің басталуын дұрыс оқиды, ең бастысы қатысушылар оқығандарын мұқият тыңдайды.

3. Жазу мектебі, зерттеу жарияланғаннан кейін ғана жарияланды және қатені дұрыс оқиды. Осы типтегі жазбаша сөйлеу колледжіне түсу кезінде есімде жоқ. Ол алфавиттің жеке әріптерін де, жазбаша сөйлеуді де ескереді. Мұнда сіз студенттердің көпшілігі кінәсіз деп тапқан ұсыныстарды алдыңыз. Рөлдік оқыту көп уақытты қажет етпеді, 5-10 минут, және көбінесе сабақтың аяқталуы сипатталды. Мұғалім жалпы қабылданған тәжірибе болып табылатын белгілі бір сөздерді айтты, ал оқушылар оларды қайталады. Содан кейін олар мұны өздері ойлап тапты. Алайда, бұл оқушыларға дұрыс мысал келтіре отырып, дұрыс оқуды, жалпы сөздерді айтуды үйретеді. (Сиыр, жылқы, аю, қой, ферма және т. б.)

4. Оқуға дағдыланыңыз, түсіндірме мәтінмен мұғалім тақтаға бірлескен хат жазды. Кейде сурет немесе суреттер сериясы береді: балалар сөздерді 1 жауапқа сәйкес таңдайды. Өлшемге қойылатын талаптар көрсетілмеген. (Менің ойымша) бала сөздің әріптері адамға сәйкес келетін сияқты көрінеді, мүмкіндігінше оларды жылжытады. Жұмыстың бұл түрінде сіз шынымен де жарияланған түпнұсқа шығарманы естисіз.

5. Оқудың артында жүздеген балалар сөйлеуді дамытады, оқушылар инфрақұрылымды құруға белсенді қатысады, өздігінен сөйлеуді, ойлауды және тыңдау дағдыларын басқарады деп елестетіп көріңіз. Оқу дағдыларын дамытуға келетін болсақ, оны тек Tumblr ег орындай алады. Әрине, мәтін құрастыру және сөздерді таңдау арқылы олар балаларда жазу мен мидың дамуының маңыздылығын арттыра алады.

6. Соңғы оқуда студенттер жазбаша қорытынды жасайды немесе олар қалағандай. Дегенмен, 1 LSB-де оқу – бұл оңай тыңдауға болатын күш жаттығулары. Мұғалімдер IGMP бақылауын тез оқып, қабылдай алатындай етіп мүшенің данасын жасау түймесін басуы керек. Кім бірден жасады? "нәсіл" сияқты, ол оңай құрастыруға үйренді.

7. Бастауыш білім беру тақырыбына арналған жұмыс жасаңыз, жұмыста сипатталған жұмыс көлемі. 2,3. білім, әр түрлі медиа мәтіндер[39]. Осы білім беру ойындарының негізгі тақырыптары, "үй шаруашылықтары шайқасына" қатысқан құқықтық және экономикалық іс-шаралар, 4-сыныптағы мәселелер табиғат құпияларына, олардың үй шаруашылығына байланысты адам еңбегіне бағытталған[42]. Дайындық жұмыстарының нәтижесінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ҚМУ іс-қимыл жоспарына келесі талаптарға сәйкес ұйымдастырылған бірқатар ескертулер жүргізілді:

1. Орындалған жұмыс тақырыбы, нақты жұмыс процесі.

2. Мектеп дайындаған есеппен немесе қоғамдастықтың ұсыныстарымен.

3. Әдістемелік жұмысқа деген талап мыналарды қамтиды деп айтуға болады: мақаланың әр бөлігінің мазмұнын бірнеше қатысушылар қарастырады, мұғалімдердің басшылығымен тестілеу және талдау жүргізіледі. Олардың ішіндегі ең сәттілері сипатталған.

4. Есепке сәйкес, жұмыс жолының ежелгі жылдам және қос шығыс деңгейінің тігінен біріктірілген тарихы.

Балалардың алдын ала жұмысының үлесін көбейтіңіз, сіз мәтінді бірнеше бөлімге бөліп, осы тармақтардың әрқайсысы үшін жоспар құра аласыз; мәтінді 2 бөлімге Бөлмей, бөлімдерге Бөлмей, баяндама беріңіз; бөлімдерге бөлінген ережелерді оқыңыз; бөлім жүктелмейді және т.б. балалардың өздері жасаған осындай тапсырма үшін.

Тану бойынша жұмыс барысында оқушылардың жіберген қателіктерін талдау және қызметкерлер, оқытушылар оқушылармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Мұнда олар төменде келтірілген негізгі ерекшеліктерді ескереді.

Нәтижесінде, temperament-тің айтуынша, "кішкентай балаларға оқу қабілетінің әсері осы салалардағы білім деңгейінің ажырамас бөлігі болып табылады". "Білім сапасы, жауапкершілік, сенімділік, түсіну, жеңілдік, стиль – оқытудың тамаша тәсілі. Баланы ұсынылған оқу пәндерімен айналысыңыз, әр сабақта мәтіндерді оқуды үйретіңіз, мұғалімге көбірек көңіл бөліңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Рахметова С. Бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеттерін дамыту (мазмұндама мен шығарманың методикасы) П.ғ.к.дисс.–Алматы: Абай атындағы ҚазПИ, 1969. – 314 б.

1. Әбдікәрім Т. «Әліппе» мен «Ана тілі» оқулықтарында мәтін түзудің ғылыми-әдістемелік негіздері. П.ғ.д.дисс.автореп. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2007. – 48 б.

2. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Оқу әдістемелік шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 87 б.

3. Жапбаров А. Оқушыларға мәтін құрастыру мен шығарма жаздыру әдістемесі. – Шымкент: Р-Дар, 2002. – 182 б.

4. Оқушының оқу дағдыларын дамыта оқытудың педагогикалық негіздері // «Ізденіс» ғылыми журнал, 2007. № 1 – 242-249 б.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУ ТҮРІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жапбарова Г.А., Жунисова А.А.

Ж.Тәшенев университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан

Андатпа. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қызметін дамыту ерекшеліктері

Кілт сөздер: бастауыш сынып, шығармашылық қызмет, жаңа технология, шығармашылық қабілеттер.

Аннотация. Особенности развития творческой деятельности младших школьников

Ключевые слова: начальный класс, творческая деятельность, новая технология, творческие способности.

Abstract. Features of developing creative activities of Primary School students

Keywords: elementary grade, creative activity, new technology, creativity.

Қазақстан Республикасының Білім заңына сәйкес адам ресурстарын даярлау сапасын арттыру және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасы 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының басымдықтары негізінде көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін жаңғырту көзделіп отыр.

Еліміз білім беру жүйесін мемлекеттің даму, өркендеу саясатымен ұштастыра отырып, қайта қарауды жаңартуды мақсат етіп отырғаны белгілі. Білім жүйесін жаңартудың басты мақсаты ұлттық білім үлгісін жасау болып табылады. Ұлттық білім үлгісінің бағыты адамдарды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану. Әрине, бұл халыққа білім беру жүйесінің барлық буындарына, соның ішінде бастауыш буынға зор жауапкершілік жүктейді. Өйткені, білім мен тәрбиенің негізі бастауыш мектепте қаланады.

Қазіргі заманғы педагогикалық ой-тұжырымдарда гуманизм идеялары еркін білім беру, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашылыққа бейім адамның ғана қолынан келеді. Тұлға бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керектігі айқындалып отыр.

Бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғасын қалыптастыру оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынта-жігерін арттыру, жеке дарындылығын дамыту - бүгінгі таңдағы негізгі мәселелердің бірі.

Қазақ баласы табиғатының өзі шығармашылыққа бейім екендігі туралы Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сияқты ұлы педагогтардың пікірлері бар. Мысалы, М.Жұмабаев: "Қазақ баласының атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы, қазақ баласы қиялқұмар болуға тиісті. Яғни ол әдебиет, тарих сықылды қиялды көп керек қылатын ғылымдарға ұмтылуға тиісті" - деп орынды айтқан. Бұл көзқарас психолог-ғалымдардың (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, М.Мұқанов, Т.Тәжібаев т.б.) мидың жүйке саласының құрылымында туысатын нерв қызметінің ерекше түрі, яғни нышанның болатындығын дәлелдеген теориясымен ұштасады.

Қазіргі таңда білім беруді ізгіліктендіру мен байланысты сабақ барысында оқушының шығармашылық әрекетін қамтуға көп көңіл бөліну мақсаты қойылуда. Сабақтың тиімділігін оның дайындығымен байланыстыра отырып, профессор Қ.Аймағамбетова

мұғалімнің шығармашылық дайындығы мен оқушының білім дәрежесі сай келгенде ғана сабақ өз деңгейінде өтеді, - деген құнды тұжырым жасайды.

Профессор С.Р.Рахметова бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуды ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздей отырып, оны сауат ашу, әдебиеттік оқу, грамматика, жазу, байланыстырып сөйлеуде жүзеге асырудың жолдарын қарастырған. Қазақ тілінің әрбір бөлімін тіл дамытудың мақсаты, міндеттері, әдіс- тәсілдері, ерекшеліктері мен олардың әр саласында тіл дамыту жұмысына қойылатын талаптарды нақты айқындап берген. Сондай-ақ зерттеуші-ғалым мәтінді қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыстарды көрсете отырып, мәтіннің мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстарға: а) оқушылардың өздеріне әңгіме айтқызу; мұғалімнің әңгімесі; ұжымдасқан түрде әңгіме айту: экскурсияда байқағандарын пайдалану; суреттерді қарау; сұрақтар қою; т.б. жатқызып, олардың әрқайсысына түсініктеме берген. Мысалы: оқушылардың өздеріне әңгіме айтқызуда кейбір шығармаларды оқуға дайындау барысында балаларға өздерінің басынан кешірген немесе естіп, көріп, оқып білген оқиғалары жөнінде әңгіме айтқызылады. Мұндай әңгіме балалардың ойы мен сезімін қорғауға жәрдем етеді. Сонымен шығарманың мазмұны бойынша жүргізілетін жұмыстардың барлығы да баламен дүниетанымын кеңейтуге, тілін дамытуға септігін тигізеді деп тұжырым жасаған. Біз автордың ұсынған шығармашылық жұмыс түрлеріне қосыла отырып, өлеңді аяқта, айтыс жолдарын құрастыр, оқылған шығармаға ұқсас әңгіме, ертегі құрастыр т.с.с. жұмыс түрлерін ұсыну қажет деп санаймыз.

В.Павленко "Сауат ашу" пәнін оқытуда әліппе кезеңінде әртүрлі деңгейлік тапсырмалардың бағдарлама мазмұнына сәйкес екі деңгейін бөліп көрсеткен. Іздену деңгейі орташа күрделі тапсырмалар, сыныптағы барлық оқушыларға арналған. Шығармашылық деңгей жоғары күрделі тапсырмалар, ол сыныптағы "күшті" өте жақсы оқитындарға арналған. Оқулықта ол арнайы белгімен белгіленген. Тапсырмалар күрделілігі оқушылардың орындаған тапсырмалардың көлемі мен жаттығулардың қиындық деңгейіне байланысты өздігінен орындауымен айқындалған. Шығармашылық деңгейдегі тапсырмаларға тапсырма қиындығы мен бірге оның сипатына, яғни алынған нәтижеге шығармашылық қатынастың болуын жатқызады. Оларға: оқу жаттығуында сөзді тұтас оқу, жазуға өздігінен жаттығу, оқылған шығармаға талдау жасап, оны шығармашылықпен түсіну. Шығармашылық деңгейдегі тапсырмаларды орындауға талпынуда оқушы талдау, жинақтау, кеңейту, жіктеу амалдарын жүзеге асырады. "Әліппедегі" екі деңгейлі тапсырмалар біртіндеп оқушылардың оқу әрекетін меңгеруіне байланысты, шығармашылық тапсырмаларды орындауға деген ынтасын оятып, ойлауын дамытады дей келе оқытудың тәрбиелік қызметін зерделеу арқылы оларды төмендегідей етіп жіктеген. І топ тұлғаның санасын қалыптастырудың әдістері (ұғымдарды қалыптастыру, заңдарды, теорияларды, көзқарастарды, идеалдарды, сенімдерді) оларға сөздік әдістері жатады. ІІ топқа әрекеттерді ұйымдастыру әдістері мен қоғамдық тәртіптің тәжірибесін қалыптастыру, - деп оларға жаттығу әдістері, көркем шығармашылық, ойын әрекеттерін енгізген.

А.Х.Аренованың пайымдауынша, кіші жастағы оқушылардың өзіндік оқу іс- әрекетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау үшін өзіндік оқу іс-әрекеті ұғымының мәнін ашу керектігіне тоқталып, оның мазмұны мен құрылымы анықталған жағдайда ғана мүмкін екеніне көз жеткізеді. Автор кіші жастағы оқушылардың өздігінен оқу іс-әрекетін басқаруда мұғалімдерге педагогикалық технология мен оқушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін тұтас педагогикалық жүйеде қалыптастыру қажеттігін ескерте отырып, оны жүзеге асыру үшін "Кіші мектеп жастағы оқушылардың өзіндік оқу іс-әрекетінің арнаулы бағдарламасын" және "Оқушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін мұғалімнің басқаруы" атты ғылыми-әдістемелік кешен жасап ұсынған. Зерттеу нәтижесінде автор кіші жастағылардың өзіндік оқу іс-әрекетінің құрылымын төмендегідей етіп ұсынады. Өзіндік техникалық қалыптастырушылық өзіндік ойлау өзіндік әрекет оқу

әрекетінің шығармашылық сипаты мақсат қоюшылық оқу моделі өзіндік басқару өзіндік тексеру нәтиже. Оқушылардың осындай әрекеттерінің нәтижесінде оқу міндеттерін әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындауда алдыңғы алған білімге сүйеніп шешуге болатындығына көз жеткізген.

Б.Т.Қабатай оқыту процесіндегі шығармашылық деп, оқушының қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың себеп-салдарын өз көзқарасынша қабылдап, түсіне отырып, қиялы мен белсенді ой еңбегі арқасында бала үшін бұрын болмаған, жаңалық болып табылатын пайдалы іс-әрекетті орындау нәтижесін атайды. Шығармашылық жайлы еңбектерді талдай келе, төмендегідей қорытындыға келдік. Шығармашылық - өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс әрекет түрі болғандықтан, тек адамға ғана тән. Шығармашылықты төмендегідей ерекшеліктерімен сипатталатын адам әрекеті деген қорытынды жасаймыз: - шығармашылықтағы қарама -қайшылықтардың болуы; әлеуметтік немесе жеке адамға деген мәнінің болуы; шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы; нәтиженің жаңалығы, сонылығы.

Ал бастауыш сынып оқушысының шығармашылығы тек өзіне ғана жаңалық болып табылатын, субъективті- жаңалық.

Белгілі психолог И.С.Конның пікірі бойынша "Шығармашылық тұлға жас ерекшелігіне, қызығушылығына қарамастан, өзгелерден даралығымен, шұғыл шешімділігімен, өз күшіне сенімділігімен, сезім ұшқырлығымен, табандылығымен, асқан шабытымен ерекшеленеді",- деген. Біз ғалымның пікіріне қосыла отырып, бастауыш сынып мұғалімі әрбір сабақты ұйымдастыруда оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік туғызатындай жағдай жасауы тиіс деп санаймыз.

Ол үшін мұғалімнің өзі әрбір сабаққа үлкен ізденіспен, шығармашылықпен дайындалып, оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын сабақта тиімді пайдаланудың жолдарын қарастыруы керек. Баланың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру бүгінгі оқыту процесінің алдында тұрған міндеттердің бірінен саналады. Осы міндетті шешу барысында мұғалім арнайы дамытушылық тапсырмаларды ойластырып, оқушылардың танымдық шығармашылық іс-әрекетінің дамуына жағдай жасайды. Психолог - педагогтардың ғылыми ой-тұжырымдарын қорыта келе, біз оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың төмендегідей жағдайларын бөліп алдық.

- оқу материалдарының дамытушылық мүмкіндіктерін баса көрсету;
- мазмұндас, ұқсас тапсырмалардың басымдығы;
- білімді игеруде өзіндік зерттеу практикасының басымдылығы;
- тапсырманы орындауда балама шешімді таба алу, ой-өрісінің кеңдігі;
- проблеманы тыңғылықты шешуге, зерттеуге ұмтылу;
- оқу іс-әрекетінің дербестігі, өздігінен білім алуға, ізденуге проблеманы зерттей білуі;
- даралап, саралап оқыту, жеке бас мүмкіншіліктерін дамыту;
- проблемалық оқыту, балалар алдына проблемалық ситуациялар қою.

Шығармашылық қабілеттің қалыптасу, дамуы туралы бұдан басқа оның қоршаған орта мен тәрбиеге тәуелділігін (О.Гельвеций, У.Эшби) сондай-ақ қабілеттіліктің дамуында іс-әрекеттің құрал ретіндегі рөлін (П.Я.Гальперин, А.Н.Леонтьев т.б.) көрсетуге арналған зерттеулері бастауыш сынып оқушыларын шығармашылық іс әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Ал мұның өзі бүгінгі мектептің алдына үлкен міндеттер жүктейді. Бұдан бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру қажеттігі туындайды. Осы қажеттілікті өтеу үшін оның жолдарын қарастырған жөн. Сонымен, шығармашылық әрекет дегеніміз - оқушының өзі жеке шығармашылық бағытын таңдау қажеттігін және шығармашылық өнім, нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын әрекет деп санаймыз. Мұндай әрекет оқушының жеке білім аумағын қалыптастыруға бағытталады. Оқушыда осындай жеке білім аумағы мен шығармашылық іс-әрекеттің қалыптасуы сабақ

арқылы іске асады. Ол үшін оқу процесін дұрыс ұйымдастыра білу қажет. Оқыту барысында оқушы мен мұғалімнің біріккен әрекет нәтижесінде алға қойған мақсатқа қол жеткізіледі. Шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру үшін оқушы өз тарапынан білімді қабылдауға қызығушылық білдіріп, белсенділік танытып, дербес ізденуге талпынса, мұғалім өз кезегінде оқушының қызығушылығын туғызуға, белсенділігін арттыруға, дербестік дамытуға мүмкіндік туғызуы керек. Олай болса, ол оқу әрекетінің мазмұны оқушының танымдық қызығушылық, ақыл-ой белсенділігі, дербестік және оның шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыратын сабақ деңгейіне көтеру қажет. Шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру жолдарын анықтауға байланысты шығармашылық тапсырмаларды күрделендірудің үш кезеңі анықталды.

I кезең. Оқушыларға шығармашылық іс-әрекетте алғашқы бағыт-бағдар беретін тапсырмалар. Олар мұғаліммен бірігіп әрекет етеді, шығармашылық әрекеттің кейбір элементтерін ғана пайдаланады. Мысалы: тап, өзгерт, ойлан тап, құрастыр деген сияқты.

II кезең. Оқушылардан мақсатты әрекетті шешімін табуды талап ететін тапсырмалар. Мұғаліммен немесе ересек адаммен біріккен шығармашылық әрекет, оқушы ескінің орнына жаңаны табуға, бұрынғыны жақсартуға, өзгертуге болатыны жөнінде түсінік алады.

III кезең. Оқушылардан дербестікті қажет ететін тапсырмалар.

Олар ертегінің, әңгіменің, ойынның, өлеңнің желісін ойлап табады, өз әрекеттерін жоспарлайды, мәнерлік құралдарды таңдайды. Мұндай тапсырмалар әр оқушының қабілетін ашады, бала өз шығармашылығының өмірде қажет екендігін сезінеді. Мысалы: өлең, ертегі, әңгіме құрастыру, суреттер көрмелері, әндер мен өлеңдер концертті, уйірмелер және т.б. шығармашылықпен орындайды.

Оқыту аясында оқушыларда қоршаған ортаны сезімталдықпен көре білу, дүниетанымын көркем жеткізе білу, шығармашылыққа деген талпыныс енеді. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың тағы бір жолы әдіс- тәсілдер мен оқытудың жаңа технологияларын кешенді әрі жүйелі түрде пайдалана білу. Оқушылардың іс-әрекеттері ойын, оқу, еңбек түрлері болса, біз осыған шығармашылық іс-әрекетті қоспақпыз. Мысалы: ойын сәттері оқушылардың шығармашылығын ұштайды десек, оның қалыптасуына өнердің де түрлері ықпал етеді. Сурет салу, музыка тыңдау, оқушыда басқаша көңіл-күй тудырып, образды жандандырады. Әрбір шығармашылық тапсырмада оқу элементі бар. Қорыта келгенде, оқушылардың танымдық іс-әрекетін мақсатты ұйымдастырып, бірте-бірте күрделендіре, олардың тапсырманы дербестікте шығармашылықпен орындауына мүмкіндік туғызу қажет, - деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймағамбетова Қ.А. Дүниетануды оқытудың теориясы мен технологиясы Алматы, 2015. 220-221б.
2. Рахметова С.Р. Қазақ тілін оқыту әдісгемесі. - Алматы, 2016.- 56-58 б.
3. Павленко В.К. Интегративно-дифференцированная система обучения грамоте школах. - Алматы, 2015.- 172-175С.
4. Аренова А.Х. Методика развития познавательных навыков в учебной деятельности школьников. - Алматы, 2009. - 80-128 б.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Архабаева А.К.

Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының магистр аға оқытушысы, Ж.А.Тәшенев университеті

Рсымбетова Ақмарал – ПиК 20к1 тобының білім алушысы

Аңдатпа. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі – қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады.

Кілт сөздер: отан, рухани жаңғыру, тәрбие

Аннотация. Одной из основных задач государственной программы развития образования Республики Казахстан является воспитание казахстанского патриотизма, толерантности, высокой культуры, уважения прав и свобод человека. Это программа, направленная на воспитание патриотизма и воспитания молодежи на этнопедагогической основе.

Ключевые слова: Родина, духовное возрождение, воспитание

Annotation. One of the main tasks of the state program for the development of education in the Republic of Kazakhstan is the education of Kazakhstan's patriotism, tolerance, high culture, respect for Human Rights and freedoms. This is a program that provides young people with ethnopedagogical education, instructs them in patriotic education and determines their needs.

Key words: motherland, spiritual revival, education

Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отансүйгіштік тәлім-тәрбие дәстүрлерін, озық әдістерді жинақтап, оны бүгінгі оқушы, ертеңгі ұрпақ тұлғасын тәрбиелеуде оқу-тәрбие үдерісінде қолдану уақыт талабы. Тарихтың қатпар беттерінен қазақ патриотизмі ерте кезден бастап қалыптасқан. Патриотизмнің бастауы, қайнар көзі-отан десек, оның мазмұны – туған жер, ұлттық тіл, салт-дәстүр, тарихи орындар мен ескерткіштер. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына біздің жаңаша дамудың жаңа кезеңі өтіп жатыр. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 27 жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Сондықтан да болар, Қазақстан қазіргі кезде әлемдік өркениетте орны бар әлеуетті мемлекет ретінде қалыптасты. Еліміз қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті, ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды сәтті жүзеге асырған, өзіндік қазақстандық даму жолын таңдаған қуатты мемлекеттердің біріне айналып отыр. Елімізде білім беру саласы да өркениетті әлемнен өзіне лайық орын алу үшін адамзат тәжірибесіндегі озық үлгі, тиімді үрдістерді өз білім беру жүйесіне енгізе отырып, дамудың жаңа сатыларына көтеріліп келеді

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады. Сол сияқты тәрбие тұжырымдамасында тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қағидаларында этникалық қағида этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім жөнінде атап көрсеткен. Біз тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының бағыттарының ішінде мынадай бағыт айқындалғанын білеміз: Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы

мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс.

Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру белгіленген. Ондай әрекеттестікті біздің ұлы ойшылдарымыз ертеден -ақ ескеріп, өз ойларын қосқан. Осындай адамның еркін әрекеттесетін мінез-құлқын тәрбиелеуде әл-Фараби «Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез – құлыққа жеткізетін әрекеттер жақсы әрекеттер болып табылады. Ол адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне сайма-сай келеді» деген ойы арқылы қазіргі кезде тұлғаның жеке қасиетін, мінез-құлқын қалыптастыруда жақсы әрекеттер қалыптастыру керектігі туралы ой айтады. Бүгінгі күндегі Еліміздің егемендікке жетуі халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады. Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған. Оны Қазыбек би өз сөзінде былай келтіреді: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз; асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» дей отырып, қазақ халқының өз елін, жерін қорғаудағы қажырлығын, жанын аямайтын патриоттығын, тақапарлығын көрсетеді. Олай болса, біз жастарға осындай ұлағатты сөздерді санасына сіңіру арқылы, оның өз ата-тегін, ұлтын, халқын силауға, Отанын сүюге, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға бағыт береміз. Қазақ халқының өз елін шапқыншылықтан қорғауда ерлігі аңыз болып өлең-жырға қосылған Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қабанбай т.б. батырлар жастайынан халық тәрбиесінің бесігінде тербеліп өскен, елін, жерін сүйген батырлар. Мұндай батырларға арналған батырлар жыры да қазақтың елін, жерін, Отанын сүюінің негізі болып табылады. Қазақтың ұлтжандылығы, отансүйгіштігі ертеден қалыптасқан. Оған қазақтың мақал- мәтелдері де дәлел.

Мәселен, туған жер-отан туралы мақалдар-мәтелдерде: “Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас” т.б. болып кете береді. Мұндай мақал-мәтелдердің өзі қазақтың елін, жерін, Отанын сүюіне негізделіп, өз елін, туған жерін құрметтеуге табиғатын сүюге жастарды тәрбиелеу көне заманнан өзімен бірге дамып келе жатқанын есімізде ұстағанымыз жөн... Бүгінгі күндегі патриоттық сана-сезімнің әлсіреуі, адамдардың өз елі мен оның жетістіктері үшін ұлттық мақтаныш сезімінің өзгеруі – бұл қоғамның өнегесізденуінің, халықтың тұрақсыздануы мен ыдыраушылығының ажырамас сипаты. Қазірде Қазақстанда Отанға деген сүйіспеншілік қоғамдық қатынастарды демократияландыру және гуманизмдендіру негізінде патриотизмге тәрбиелеу қажет.

Ұлы дала ұландарының кемел болашағы, «Мәңгілік Ел» ертеңі ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениетіне, саналы ойлау, бәсекелік қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету мақсатындағы әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, терең білімді, ізденімпаз, шығармашылық қағиданы ұстанатын тұлғаны тәрбиелеу ісінде «жаңа қазақстандық патриоттық тәрбие беру» мәселесінің маңыздылығы ерекшелініп тұр. «Қазақстандық патриотизм» арқылы

Отан, мемлекет, атамекен (сакралді география), туған жер, туған ел, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сезімдерін қалыптастыру жүзеге асырылады.

Елбасымыз, Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында ең басты қағидалардың бірі «Ұлттық бірегейлікті сақтау» деп анықталған: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу». Ұлттық сана-сезім, ұлтқа жанашырлық – патриоттық тәрбие берудің, саналы, парасаты мол азаматты тәрбиелеудің негізгі діңгегі, өзегі. Қазақстан жағдайындағы патриоттық тәрбие беру мәселесінің ерекшелігін де күн тәртібінен тыс қарастыруға болмайды. Себебі көпұлтты мемлекетіміздің халқы этносаралық қарым-қатынас орнатуда патриоттық қағидалардан тыс кемелдене алмайды. Ұлтаралық, этносаралық татулық – қазақстандық патриотизмнің бөлінбес құндылығы деп қарастырамыз. Осы құндылық арқылы бағдарламада негізгі бағыттардың бірі «Сананың ашықтығы» жүзеге асырылады. Бұл бағыт пен «қазақстандық патриотизм» мәні тығыз байланыста екенін елін, жерін көркейту ісінде қазақ жерін Отаным деп таныған ұлттар мен этностардың, әлемнің озық тәжірибесін есепке алу үрдісі айқындап береді. «Татулық», «бірлік» ұғымдары «қазақстандық патриотизмнің» құндылықтары ретінде әр қазақстандықтың бойына туғаннан сіңірілетіні белгілі.

Өскелең ұрпақ тәрбиесінде «қазақстандық патриотизм» білімге құштарлық пен әлемнің жаңашылдыққа бағытталған сандық технологияларын (цифровизация) игерусіз түпкі мақсатына жетпейтіні анық. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде өзегі өзгермейтін мәселенің бірегейі – «Білімнің салтанат құруы» бағыты. Бұл орайда өскелең ұрпақтың бойына саналы түрде ес білгеннен бастап «білім» категориясының адам өміріндегі басты құндылық екенін сіңірту, дәріптеу ісі дұрыс жолға қойылуы керек. Білімі таяз адам саналы түрде патриот болуы екіталай. Сондықтан «Саналы азамат» тәрбиелеуде білім алудың, алған білімі арқылы еліне қызмет жасау қағидалары негізгі діңгек болып табылады. Көкірегі ояу, зердесі ашық, білімі кемел, біліктілігі жоғары, санасы биік тұлға ғана еліне еңбегін риясыз сіңіруге дайын болады.

Өз халқының тарихының өнегелі жақтарын білу, өз елінің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, оларға сай болу патриотизмнің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тұрғыда алғанда, республикамыздың оқу-тәрбие мекемелерінде белгілі деңгейде әр түрлі шаралар жүргізілуде. Қазақстан тарихы мектептерде, орта арнаулы және жоғары білім беру мекемелерінде оқытылуда, тарихтың жарқын беттері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихатталуда, қаһармандарымыздың есімдері ұлықталып, олардың аттары елді мекендерге, көшелерге, мектептерге, түрлі мекемелерге берілуде. Алайда тарихтың ақтаңдақтарын жеткіліксіз оқып-үйрену, түрлі тарихи және ғылыми теориялардың арасындағы келіспеушіліктер мен айырмашылықтар, жастардың төл тарихына деген қызығушылығының айтарлықтай аз болуы, өзге, әсіресе батыстық идеология мен теориялардың басымдық ықпалы бұған көп кедергі жасауда. Көп ретте жастардың бұқаралық, тіпті кейде арзан мәдениетке елтіп, этномәдени, дәстүрлі, ұлттық бастаулардан алыстап кетуі, өкінішке қарай, қалыпты және кеңінен тараған үрдіске айналды. Біздің ойымызша, одан шығудың басты жолы – қазіргі білім беру мекемелерінде этномәдени білім мен тәрбие беруге ерекше көңіл бөлу.

Патриоттық сезім отбасынан басталады. Өкінішке қарай, нарықтық қатынастардың кеңінен орын алуы, ересектердің тәрбиеге жеткіліксіз көңіл бөлуі, ата-аналардың уақытының жетіспеушілігі мен қолдарының тимеуі отбасындағы жастар тәрбиесінің ролін түсірді. Әрине, мұндай жағдайларда өзінің ескі арнасын жоғалтқан патриоттық, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру мен оған тәрбиелеудің жаңа жолға оңайлықпен түсіп кете алмасы анық.

Патриоттық сананы қоғамдық өмірде бекітетін бірден-бір институт – жоғары оқу орындары мен басқа да білім мен тәрбие беру мекемелері. Олардың көмегімен патриоттық

сана қоғамдық өмірге бекітіліп, мемлекет тарапынан қолдауға және бағдарлауға ие болады. Студент жастар қоғамның әлеуметтік құрылымында ерекше орын алады. Ендеше, қазіргі студент жастар өздерінің тұлғалық-кәсіби нығаюға бет алуының жоғары деңгейімен, шығармашылық потенциалымен, Қазақстанның әлеуметтік жаңғыру процесіне шынайы іс жүзінде қатысуға деген белсенді қызығушылығымен, қоғамдық өмірдің түрліше жақтарына, өзінің әлеуметтік бағдарларына деген даралық көзқарастарымен ерекшеленуі тиіс. Олар еліміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуының анықтаушы күші де болып табылады. Олай болса, студент жастардың тұрмысы мен болмысына, тәлімі мен тағылымына үстірт қарауға болмайды. Бұл туралы Президент Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуына қатысты жақында жазылған Бағдарламалық тапсырмалық мақаласында ерекше ескерте келіп: «Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды» — деген болатын. Осы ұстанымды басшылыққа алатын болсақ, бізге, жоғары оқу орындары ұстаздарына, тек оқу және оқыту процестерін төңіректемей, жастар болмысына әсер ететін құбылыстарды тұтастыра қарағанымыз жөн.

Тәуелсіздік – елдің биік те қасиетті ұғымдарының бірі, ал отансүйгіштік – біздің халықты біріктіретін Қазақстанның бірлігі мен жалпыұлттық идеясының негізі болып табылады. Ол аса маңызды стратегиялық, ұлттық, мәдени және т.б. проблемаларды шешуге бағытталған қоғамның маңызды мобилизациялық ресурстарының формасы. Мемлекеттің саяси құжаттарында нақты белгіленген патриотизмнің ықтималды нәтижесі ел азаматтарының нақты іс-әрекеттерінен көрінуі тиіс. Себебі, азамат, патриот болу үшін батыр немесе асқан ерекше адам болудың қажеті жоқ. Тек өз Отанынды жеткілікті дәрежеде сүйюің, ол үшін қам жеуің, оның барлық қиындығы мен қуанышын бірге бөлісуің қажет. Жақындағы Бағдарламалық мақаласында Мемлекет басшысы сынға алған, «мен қоғам ішіндемін» деген масылдық психологиядан, «қоғам, немесе, көпшілік солай болса мен қайтем» деген әрекетсіздікке, бойкүйездікке бастайтын ойдан «Отан менде жатыр» деген ойға көшу абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Раритет, 2010. — 448 б. 3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. — Астана: Елорда, 2005. — 608 б.
2. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. — Алматы: Атамұра, 2006. — 392 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — № 21 — 18—қаңтар. — 2008.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДУЛЬДЕУ НЕГІЗІН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ә.Т. Нурсейт

Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының магистр оқытушысы, Ж.А.Тәшенев университеті

А. Орынбасар – ПиК 20к2 тобының білім алушысы

Аңдатпа. Математика мен бізді қоршаған нақты өмірді байланыстырушы арнайы звеноның түрі – модель болады. Сонымен, модель бір жағынан зерттелетін объектіге тиісті бай информацияны қамтыса, екінші жағынан математикалық стандартты формула таңбаларынан тұрады. Сөйтіп, математикалық аппаратты қолдануға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз – зерттелінетін құбылыстың математикалық моделі. Ол нақты ғылыми заңдылықтардың негізінде математикалық тілге аударып қызмет істейді, танымның дамуына жол ашады. Жалпы математикалық модель принципті түрде әртүрлі екі дүниені қосатын ұлы көпір. Біреуі - қоршаған объективтік шындық. Ол біздің сана-сезімізге әсер етеді. Екіншісі – жеке адамзаттың идеясына сүйенген, құдіретті математика заңына бағынған абстрактік дүние.

Кілт сөздер: әдістеме, таным, құбылыс

Аннотация. Связующим звеном между математикой и реальной жизнью, которая нас окружает, будет модель – тип специального звена. Таким образом, модель содержит, с одной стороны, соответствующую богатую информацию об изучаемом объекте, а с другой – символы математической стандартной формулы. Таким образом, позволяет использовать математический аппарат. Это математическая модель изучаемого явления. Он переводит на математический язык на основе реальных научных закономерностей, открывает путь к развитию познания. Общая математическая модель принципа же великий мост, соединяющий два разных мира. Один из них – окружающая объективная реальность. Это влияет на наше сознание. Второй – абстрактный мир, основанный на идее отдельного человечества, подчиненный всемогущему закону математики.

Ключевые слова: методология, познание, явление

Abstract. The connection between mathematics and the real life around us will be a kind of special link – a model. Thus, the model contains, on the one hand, the rich information corresponding to the object under study, and on the other hand, it consists of mathematical standard formula characters. In this way, it allows the use of a mathematical apparatus. This is a mathematical model of the phenomenon under study. It works on the basis of specific scientific laws, translating them into mathematical language, opening the way for the development of cognition. The general mathematical model is principled the great bridge connecting two different worlds. One is the surrounding objective reality. It affects our consciousness. The second is an abstract world, based on the idea of individual humanity, subject to the powerful law of mathematics.

Keywords: methodology, cognition, phenomenon

Қоршаған ортамен араласып, қарым-қатынас жасаудың нәтижесінде адам өз танымына қарай модель құрайды. Танымдық процесс зерттелінетін (танылатын) объектіге және зерттеуші (танушы) субъектіге байланысты. Зерттелетін объектіде болып жатқан оқиғаны бақылап, керек болса оқиғаға кірісіп, қойған сұрақтарына жауап алумен қатар, объектіге қатысты информацияларды жинақтап, қорытып, субъект пен объектіге тән құбылысты түсініп, өзінің көзқарасын белгілі бір формада бекітеді. Осы затқа тән нақтылы аппараттарға негізделген зерттеушінің субъективтік танымы – объектінің моделі болып есептелінеді.

Сөйтіп, танымдық процесстің негізгі қызметі – ақпаратты жинау, сақтау және қорыту болса, осылар модельдеудің негізі сипаттамасын береді деуге болады.

Есептер және математикалық модель (есепті сызба, сурет, қысқаша жазба, кесте, сызықтық/бағандық диаграмма, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу; есеп түрлері; есептерді модельдеу және шығару; есептерді шешудің арифметикалық және алгебралық тәсілдері).

Математикалық тіл (цифра, сан, санның графикалық моделі, жай бөлшектерді құру, салыстыру, қосу және азайту; математикалық таңбаларды, латын алфавитінің бас әріптерін қолдану; бос жиын; сан сәулесі; арифметикалық амалдардың компоненттері; деректерді жинақтау және ақпаратты түсіндіру).

Физика мен химияның, биология мен психологияның, социология мен археологияның қолданылуы толық айқындалып, әрі қарай дамуда. Лазерлік шашырау және ацетиленді синтездеу, клеткалардың құрылысы және жеке меншіктің өмір сүру принциптері, жер қабатының эрозиясы және Рим империясының құлдырауы нақтылы объектілерге байланысты жүрді. Бұларды ұғу, зерттеу адамзат үшін міндетті болды. Себебі бұның бәрі бізді қоршаған өмірде болған оқиғалар. Ал математика болса тек қана абстрактылы ұғымдардан, яғни сандардан, функциялардан, жиындардан, қисындардан тұрады. Бұның бәрі, негізінде, табиғатта жоқ, адам миының ойлау қабілетінің нәтижесі. Сөйтіп, математика операциялық жұмысты идеалдық дүниемен адам идеясы бойынша атқарады.

Өмірде кездесетін ғылымдардың көбі бір-бірімен байланысты болғанмен, қолдану шекарасы айқындалған. Физикамен айналысатын таза физик жекеменшік формаларының өзара қатынасын түсіндіре алмайды. Тарихшыға химиялық реакцияны зерттеу қиын. Дәрігер ядролық ұсақ бөлшектердің өзара әсерлесу заңдылығын медицина ғылымында қолданып, түсіндіре алмайды. Ал, өзінің қадірін білетін математиктің алдында ешқандай кедергі тұрмайды. Әртүрлі ғылыми пәндердің жасанды шекарасы математика моделін қолдануға бөгет болмайды. Таза математик бола тұрып, адамзаттың әртүрлі формадағы қызметіне батыл кірісіп, айтарлықтай жетістіктерге жетеді. Осыдан математика өзіне тән қасиеттер арқылы, барлық саланы қамтуға тырысатындығы және нақты не бере алады деген ой туады. Физика, социология немесе географияға қолданған 'ғылым'- деген термин Математикада өзін ақтай ала ма? Әлде дүниетанудың логикалық басқа формасы болуы мүмкін бе? Нақты қойылған кәделі есептерді шығарудағы абстрактілі математикалық әдістердің табысын қалай түсіндіреміз деген табиғи сұрақ туады. Қоршаған ортада кездеспейтін сандар, функциялар, теңдеулер, операторлар планеталардың қозғалысын, химиялық элементтердің өзара әсерлесуін, генетикалық информацияның берілуін, еркін нарықта бағаның алмасу механизмін т.б. процесстердің сырын түсіндіріп, анықтайды. Қалайша болды деп тығырыққа тірелген НӨРСЕ математикалық танымның арқасында санамызға жетіп, нақты нәрсеге айналады.

Математика мен бізді қоршаған нақты өмірді байланыстырушы арнайы звеноның түрі - модель болады. Сонымен, модель бір жағынан зерттелетін объектіге тиісті бай информацияны қамтыса, екінші жағынан математикалық стандартты формула таңбаларынан тұрады. Сөйтіп, математикалық аппаратты қолдануға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз - зерттелінетін құбылыстың Математикалық моделі. Ол нақты ғылыми заңдылықтардың негізінде математикалық тілге аударып қызмет істейді, танымның дамуына жол ашады. Жалпы математикалық модель принципті түрде әртүрлі екі дүниені қосатын ұлы көпір. Біреуі - қоршаған объективтік шындық. Ол біздің сана-сезімізге әсер етеді. Екіншісі - жеке адамзаттың идеясына сүйенген, құдіретті математика заңына бағынған абстрактік дүние.

Біздің мақсатымыз – әртүрлі процеске қолданылатын математикалық модельдерді бағалау және зерттеу методтарымен таныстыру, яғни дүние танымына қажетті математикалық көпір құруды үйрету.

Әдебиетте және мәдениетте кейбір шығарманы талдау үшін оның мазмұнын әрі формасын бағалаймыз. Шығарманың мазмұны туралы сөз болса, жазушы қандай сюжетті мақсат қылғанын, ойын оқырман қауымға қалай жеткізгенін анықтау керек. Форма - автордың айтайын деген ойын жеткізу құралы. Сөйтіп, мазмұн зерттелінетін құбылыс немесе зат жөнінде объективтік ақпараттан тұрады. Форма – авторға тән жеке басының көзқарасы, сондықтан субъективтік шама.

Мақсат, идея, ой-форманың табиғи құралы десек, зерттеушінің субъективтік көзқарасы қарастырылатын құбылыстың табиғи бейнесін бүркемеуге тиісті. Көркемөнерде және әдебиетте шығарманың формасы мазмұнына адекватты болса, онда қолданған құралымыз қойған мақсатымызға жеткізгені.

Осыған байланысты Опоста Роденнің сөзін келтірейік: «Шындықты дәл бейнелеуге тырысқан суретші болымсыз детальдардың көшірмесін бұлжытпай беріп, үлкен шебер иесі бола алмайды». Мысалы: жазушы уоқиғаны құжаттық дәлдікпен берсе, шығарманың тартымдылығы азаяды; үлкен қалам иесінің жазбасы соттағы эксперттік дәл жазбаға қарағанда көп әсер етеді. Жүздеген, миллиондаған адамдар библиядағы немесе құрандағы логикаға қарсы бола тұра, атеист атағына ілінбейді.

Енді ғылыми зерттеуде мазмұн мен форманың байланысы туралы, оның ішінде математикалық модельдеудің мәні қандай? Кез-келген модельдің мақсаты-қарастырылатын объект туралы ақпаратты жеткізу болғандықтан, мазмұнын модельдеу, формаға қарағанда басым болады. Ал, математикалық модель бейнелейтін нақтылы дүниеге адекватты болады, сондықтан формаға және мазмұнға қойылатын талап бірдей. Математикалық таным процесінің алдындағы кейбір қадамдарды қарастырайық. Зерттелетін құбылысқа қойылған модельмен зерттеуші қандай проблеманы шешпек, қандай математикалық аппаратты, әдісті және техниканы қолданбақ, жетілген құрал жабдықтарға, білімге байланысты нақтылы шындыққа барынша жақындап, нақты ақпарат алуға болады десек артық бола ма? Әрине, бұдан математикалық аппараттың негізінде абсолютті дәл немесе ықтималдылығы басым эталондық модель аламыз деген ой тумады.

Математикалық модельдеуде қолданылатын математикалық модель түсінігінің нақты бір ресми анықтамасы жоқ. Сонда да бұл түсінікті математиканың инженерлік практикадағы қолданысының мазмұнымен түсіндіреді. Сондай-ақ, механика, физика және тағы басқа ғылыми пәндер математикалық модельдің реттелген жиыны болып келеді және олардың құрылымы қарастырылатын процестер мен құбылыстар қасиеттерінің модельдерінің бірдей бейнелерінің теориялық дәлелдеулерімен сипатталады. Математикалық модель арқылы ғылыми пәндер математикамен бірлесіп әрекет жасайды. Осы жерде Карл Маркстың ескертпесін айта кеткен орынды болады: «Кез келген ғылым өз шыңына математиканы қолданатын болса ғана жетеді».

Шынайылыққа жауап беретін математикалық модельдер өте үлкен ғылыми жетістік болып табылады. Ол қарастырылатын объектіні толық зерттеуге мүмкіндік береді және әртүрлі шарттарда оның өзгерісін тура болжауға көмектеседі. Бірақ, адекватты математикалық модельдер көбінесе күрделі болып келеді, ал ол болса оны қолдану кезінде қиындықтарға әкеліп соғады. Бұл жағдайда математикаға қазіргі кездегі есептеуіш техника көмекке келеді.

Математикалық модельдердің нақтылығы техникалық объектінің шығу параметрлерінің математикалық моделінің көмегімен табылған және нақты мәндердің тиімді үйлесімдерімен қамтамасыз етеді және төмендегі вектордың құраушысы болып табылады:

1. Тапсырма. Топпен жұмыс: сызба арқылы орындайды: «Ойлан, тап»

1. Бұтақта 12 торғай отырды. Оларға таңы 5 торғай ұшып келіп қонды. Бұтақта барлығы қанша құс болды?

Оқушылардың жауабы:

1 топ: Барлығы 8 құс

2 топ: Барлығы 18 құс

3 топ: Барлығы 17 құс

- Біз есепті неге сүйеніп орындадық?
- Бізге не белгілі?
- Нені таптық?

Топтар өз жұмысын қортындылайды.

«Топ-топты бағалау» әдісі арқылы бағаланады.«тамаша», «жарайсың», «керемет»

2. Тапсырма. Өзіндік жұмыс.

Есептің моделін сызба түрінде көрсет және оны шығар. Тапсырма оқушылардың жеке қабілеттерін анықтау үшін жүргізіледі.

Мараттың анасы ыдысқа 3 алмұрт,

4 апельсин және 2 лимон салды. Ол ыдысқа барлығы қанша жеміс салды?

Оқушылар сызба бойынша есепті орындайды.

- Сызба ерекшелігін байқадық па?
- Жеміс түрлері нешеу?
- Жолы нешеу болады?

Оқушылардың сызба бойынша шығарған есебінің дұрыс жауабы бағаланады.

Оқушылардың жауабы: Барлығы 9 жеміс. «Бас бармақ» әдісін қолдану арқылы өзін-өзі бағалайды.

3. Тапсырма: Дәптермен жұмыс: Оқушының жауабы:

- Сызықтармен сәйкестендіреді
- «Жетістік баспалдағы»
- Өте жақсы! – Тамаша!
- Бүгінгі сабақта нені меңгердік?
- Есеп модельдеу кезінде, тірек сызба арқылы қалай шешіледі?

Сабақты «Бағдаршам» әдісімен бағалау.

4 тапсырма: Орындап көр.

Есепті сызба сурет түрінде модельдейді,есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдап орындайды.

Ағашта 4 шиі және 6 қара өрік бар. Барлығы қанша жеміс бар?

Топтардың орындаған тапсырмасына «жарайсың», «тамаша», «керемет» сөздерімен қолдау көрсетемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Математика пәні бойынша оқу бағдарламасы (12 жылдық білім беру мазмұнын жаңарту аясында). Бастауыш мектеп 1-5 сыныптар. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Ү.Алтынсарин атындағы ҰБА бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлесіп құрастырған. Астана, 2014 ж.

2. Ш.Жақыпова, Н.В.Орехова, Н.В.Лебедева, С.И.УАқбаева, Ә.О.Мәдхалықова, Н.З.Иманбаева. Математика. Жалпы білім беретін 1 сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімнен тұрады. Астана, Назарбаев зияткерлік мектептері, ДББҰ, 2016.

3. Актуальные проблемы методики обучения математике в начальных классах/ Под ред.М.И. Моро, А.М. Пышкало - М., 2014 г.

4. Т.Қ.Оспанов. Бастауыш мектепте математиканы оқытудың теориясы мен технологиясы. Алматы, 2013 ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жапбарова Г.А., Керімбек А.Ә.

Ж.Тәшенев университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Бастауыш сыныптарда көркем шығармаларды оқыту әдістемесі

Кілт сөздер: көркем шығарма, бастауыш сынып, әдебиетті оқыту, сөйлесуге үйрету.

Аннотация. Методика обучения художественным произведениям в начальных классах

Ключевые слова: художественное произведение, начальный класс, преподавание литературы, обучение разговору.

Abstract. Methods of teaching works of art in primary school

Keywords: artwork, elementary class, teaching literature, teaching conversation.

Жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбие берудің сапасын түбегейлі жақсартуды іске асыруда мұғалімдерге зор жауапкершілік жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдіс, тәсілдерін талмай іздестіруден, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруден көрінеді. Жас ұрпақтың рухани дүниесі мен ой-қиялын бірінші болып білім жарығымен нұрландыратын адам – бастауыш сынып мұғалімі. Кішкентай шәкірттер бірінші мұғалімнің көмегімен оқудың, жазудың, ойлаудың дағдыларын игере бастайды. Сөйтіп олардың дамуына кең мүмкіндіктер ашылады.

Мектепте өтілген көптеген пәндердің ішінде оқушыларға терең білім, жан-жақты тәрбие берерде әдебиеттің алар орны өлшеусіз. Әдебиет адамды рухани биіктетеді, жан сұлулығына тәрбиелейді, ізгілікке, адамгершілікке баулиды. Адамды асыл армандарға бастайды. Онда адамзаттың ілгері жарық сәулеге, жақсы өмірге ұмтылған ұшқын қиялы, сол жолдағы күрес-тартысты, ел басынан кешірген қилы-қилы оқиғалар, халқымыздың елдік қасиеті, бүгінгі жазира өмірі бейнеленген көркем әдебиетте адамдар тағдыры бар тіршілік болмысымен көрінеді. Оқырман алдынан талай тағдырлар өтіп жатады. Олардың әрқайсысы өзіндік тіршілігімен, қайталанбас мінезімен, өкініш-опығымен, қуаныш-қызығымен, арпалыс-тартысымен көрінген. Көркем әдебиет ойын сөздің күші арқылы жеткізеді де, оқушыларға өзінше әсер етеді. Балаларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Балалардың ой-санасын дамытуға, мінез-құлқын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекеттері үлкен әсер етеді. Әсіресе, бастауыш сыныптың оқушылары өздерінің жас шамасына қарай суретті кітапшаларды, ертегі, аңыз-әңгімелерді, батырлар туралы шығармаларды сүйіп оқиды. Ондағы басты кейіпкерлердің іс-әрекетіне еліктейді, тәтті қиялдарға беріледі, өзінше қорытынды жасауға тырысады.

Бұл сыныптағы оқушылар көбінесе оқу техникасына жаттығады. Әріптен сөз, сөзден сөйлем құрап оқи бастасымен-ақ, оқушыларда өзін қоршаған орта, жаратылыс, табиғаттың сырларын, көпті білуге деген ынта, көркем шығарманы оқу, мұғалім әңгімесін зейін қоя тыңдау, білмегенін сұрап алу белсенділігі басым болады. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларында танымдық мақала, іс-қағаздардың жеке түрлері, өлең, әңгіме, ертегі, мысал өлең, мақалдар мен мәтелдер берілген. Осы тұста көркем шығарма, оның түрлері мен жанры туралы мәлімет беруді міндеттеу дұрыс болмас еді.

Олар туралы алғашқы ұғым беруді бастауыш сынып бағдарламасы талап етеді. Бастауыш сыныптан бастап оқушыларға әдебиеттік білім беру, әдебиеттің білімдік, өмір танығыштық қасиетін, оның тарихы мен бүгінгінің байланысын таныту әдебиет сабағының басты нысанына айналды.

Оқушыларға әдебиеттен білім берудің алғашқы сатысында мұғалімді ойландырарлық мәселелер баршылық, мәселен, 11 жасар бала ұғымына көркем шығарманы қай тұрғыда

танытқан жөн, әдеби шығарманы оқудан, онымен жалпы таныстықтан талдаудың қандай айырмашылығы бар: көркем шығарманы талдау, әдеби теориялық ұғымды қалыптастыру қажеттілігінің сыры неде, әдеби білім мен шеберлік дағдыларының арасындағы қарым-қатынасты байланысты ұғындырудың тиімді жолы қайсы деген сұрақтар өзінен-өзі туындайды.

Әдебиеттік оқу сабағының негізгі материалы – көркем шығарма. Көркем шығарманы талдау принципінде орта буын мен жоғары буында ұқсастық бар. Бірақ әр сынып оқушыларының жас ерекшелігіне және іскерлік, шеберлік дағдыларының сапасына қарай талдаудың әр буында өзіндік салмағы бар.

Енді оқушыларға әдеби білім берудің сол кезеңдерін, онда қалыптастырылатын іскерлік пен шеберлік дағдыларын байқап көрейік.

Сөзбен жұмыс істеу – сөзіндік қорын молайту – тіл көркемдігін, сөз өнерін меңгеру деген сөз. Ал сөз өнері – әдебиет.

Көркем шығарманы оқу, талдау барысында оқушы жазушының әр сөзін таңдап, талғап қолданатындығында көзі жетеді, ана тілінің көп қырлылығын меңгертеді.

Неғұрлым осындай жұмысқа тереңдеп барған сайын оқушылардың көркем әдебиетке деген ынтасы артады.

Бастауыш мектептегі оқу сабағы аса маңызды рөл атқарады. Бастауыш сыныпта ана тілінде қоғам және ондағы адамдар туралы, сүйікті отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты, сондай-ақ жануарлар дүниесі туралы деректерді оқып, үйренеді, өмірге қажетті сан алуан машықтарды меңгереді.

Соның нәтижесінде оқушылардың келешекте жоғары сыныптарда жақсы оқуға, белгілі бір мамандыққа деген құмарлығы артады.

Әдебиеттік оқу сабағы арқылы оқушының рухани дүниесі байиды, жай білім беріп қана қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Бұл пәннің әр сабағын – адам бойындағы асқақ арман, берік сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сенімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десе де жарасады.

Қазақтың көрнекті қайраткері, ірі тіл маманы Ахмет Байтұрсынов: «Кішілік болмас үшін әр ұлт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін өзге тілді оқыта бастайды», — деген еді.

Бастауыш сынып оқушылары көптеген әдебиет жанрларымен көбінесе әдебиеттік оқу сабақтарында таныса алады. Сондықтан заман талабына сай әрбір сабақ беру әдісін жетілдіру арқылы сабақтың сапасы мен тәрбиелік маңызын арттыру бағытында мұғалімге шығармашылық ізденісті қажет етеді.

Жас буынды төл мәдениет мәйегі мен тәрбиелеу барысында бастауыш мектеп мұғалімдерінің мүмкіндігі де, міндеттілігі де жоғары. Ендігі қажеттілік – тынымсыз шығармашылық ізденіс. Шығармашылықпен жұмыс жасауға талаптанған мұғалімге мектеп бағдарламасындағы әдебиет пәнінің әрбір тақырыбын, әрбір көркем мәтінді ұлттық тәрбиемен өзектестіре оқытуға жол ашық. Сол себепті мәтін аясында көркем образдарды талдап тану арқылы оқушының өмірлік көзқарасын қалыптастыруға, дүниетанымын дамытуға ықпал ететін әдебиеттік оқу сабақтарында халықтық мұраларды оқыту барысында білімділік, дамытушылық мақсаттарға қоса, тәрбиелік сипатына баса назар аударылған абзал.

2. Бастауыш сыныптарда әңгімелерді оқыту.

Бастауыш мектеп балалары өте қарапайым түрде әңгімелейді және тек жай сөйлемдермен немесе көмекші сұраққа бір сөзбен ғана жауап береді. Сондықтан мұғалімнің бұл мәселеге ерекше көңіл бөлгені жөн. Әңгімелеуге үйретуде мыналарды ескеру қажет:

1. Балалардың қойылған сұраққа дұрыс, толық жауап беруі.
2. Мұғалім қолданған күрделі сөйлемдерді қайталапқызу.
3. Өздеріне сөйлемдер құрату.

4. Сөйлемге қажетті сөздерді ойлап тауып айтуға үйрету.
5. Сөз жасау, сөзге түрлі жалғау-жұрнақтар қосып айтуға үйрету.
6. Суретті көрсете отырып және суретсіз (белгілі оқиға) әңгіме құрату.

Оқылған шығарма мазмұнын бір рет қана әңгімелету жеткіліксіз, оны бір-екі аптадан қайталаған жөн. Алғашқыда шығармаға арналған суреттер бойынша, ал келесі сабақта оны әңгімелету керек.

Әңгімелесу сабақтарында бала әңгімесінің мазмұнын бақылап, оның қандай сөздерді, сөйлемдерді қолданғанын бақылау керек. Оның лексикалық қатесін түзетіп, сөйлеуінің даму ерекшелігіне қарай дұрыс әңгімелеуге бағыт беріп отыру қажет.

Бастауыш мектеп оқушыларының есту қабілеті біркелкі жетілмейді, өсе келе дамиды. Олардың естуін дамытудың, тілін ширатудың бір жолы кітап оқу арқылы болмақ. Мұғалім баланың сөзді ұғу қабілетін де әңгіме кезінде белгілі бір мерзімге дейін сөзге зейін қоюын да ескеруі қажет.

Мұғалім шығарманы өзінің қалай орындауына ғана көңіл бөліп балалардың зейінін назарынан тыс қалдырмауы керек. Егер балалардың көңілі алаңдай бастаса тәсілді дереу өзгертіп сұрақ беріп оқып отырған затты не бейнесін көрсетіп образды нақтылап балалардың көңілін аудару шарасын жасау қажет.

Мұғалім әңгімені оқығанда балалардың алдында тұруы керек. Олар оқығанда естумен қатар мұғалімнің бет пішіні мен мимикасын, ым-ишарасын да байқайтын болсын. Әрине мимика мен ым-ишара сөз мәнеріне жатпайды, дегенмен, сөйлеген сөзге қосымша ажар береді, әр түрлі сезім күйін көрсетеді.

Мимика көркем сөз оқушының ой сезімімен байланысты көрінетін бет құбылысы оны сөздің сырттай көрінісінің мәнері ретінде ерекше қолданады.

Сөйтіп ым-ишара қосымша мәнерлеу тәсілі болып саналады, көркем сөз орындаушы бұны сөз сөйлеп тұрған кезде оқиғаның мәнді жерін айқындау үшін пайдаланады. Бірақ ым ишараны орынсыз жерде көп қолданудан аулақ болу керек. Ең қажеттісі көркем сөз орындаушының суреттеліп отырған оқиғаға өз көзқарасын білдіретін көңіл күйін сездіретін психологиялық ишыратты жасау.

Бұл мәтінің қосалқы сырын ашуға себебін тигізеді, оны психологиялық кідірістің орнына да қолдануға болады, оның мақсаты тыңдаушылардың назарын аударып айтылған ойдың мән мағынасын көрсету, иландыру, зердесін жеткізу.

Мимика мен ым-ишара ауызекі сөйлегенде әсерлі шығады. Шығарманы оқып болған соң балалардың алған әсері жөнінде әңгіме жүргізу – сабаққа қойылатын талаптардың негізгі бір бөлігі. Өйткені әңгімені ықыласымен тыңдаған балалардың алған әсері іштеріне сақталмайды. Әдетте олар әңгіме аяқталысымен ойларын бірден айтатыны белгілі. Мұғалім балалардың ойын тыңдап алған соң, өз пікірін қосады, қорытындылайды. Әңгіме не туралы айтылғанын балаларға нақтылап береді.

Мұғалім әңгімесінің ерекшелігі:

Бала есейген сайын оның танымы, тәжірибесі молая бастайды, соған орай мұғалімнің әңгімесі мазмұны жағынан күрделеніп көлемі ұлғаяды. Әңгіме айту шығармашылық жұмыс. Мұғалім жақсы әңгімеші болу үшін оны бақылап, көрген-білгенінен түйгені, білімі мол болу керек, сөйлеу мәдениетін игерген болуы тиіс. Әңгімені айтуда тек айналадағы болып жатқан өмір жаңалықтарын хабарлап қоюы жеткіліксіз. Әңгімеші тыңдаушыларына эмоциялық әсер етуі керек. Әңгімедегі іс-әрекетке оқиғаға өз көз қарасын, көңіл-күйінді білдірумен тынбай тыңдаушыларды да бірге еліктіріп әңгімеге араластырып отыруды көздеу керек. Әңгімеші хабарлап отырған жайтқа өз көзқарасын дәл тауып айтқан сөзімен, сөз саптауымен, интонациясымен білдіреді. Баланың түсінігіне сай мазмұнды және еліктіретін қызықты әңгіме құрау үшін жалпы мәдениеттілікпен қатар мұғалімнің ой-өрісі кең, еңбекқор, тапқырлығы да болуы шарт.

Балаларға әңгіме айтып беру.

Әңгіме айту алдында балалардың зейінін аудару қажет. Оның бірнеше тәсілі бар. Ең алдымен, балалардың өздерінің көргендеріне көңіл аударту (мұғалімнің айтайын деп тұрған әңгімесіне ұқсас оқиғаны естеріне түсіру) жөн. Бұдан соң балалардың біліміне қарай (мұғалімнің әңгімесінде айтылатын оқиғаға байланысты қысқаша әңгіме жүргізу) сурет немесе кітаптың ашық бояулы мұқабасын көрсету, әңгіме тақырыбын хабарлау сияқтыларды жүргізуге болады.

Әңгіме айтып тұрған кезінде мұғалім әлсін-әлсін әр балаға бір көз қиығын тастап отыруы керек. Сонда мұғалімнің олармен тікелей қарым-қатынас жасап отырғаны сезіледі. Алайда балалардың назарын аударып, оны аяғына дейін сақтау үшін, ең әсерлі құрал әңгімешінің шеберлігі болмақ. Оған лайықты тақырып таңдап алу, тартымды образдарды жасау, қызықты сюжет құру, хабарламаны қорытындылау, тілінің жатық бейнелі болып келуі жатады. Қай әңгіме болмасын бір ғана мақсатты көздеуі тиіс. Ол, жеткіншектерге – рухани тәрбие беру, балалардың ой-қиялын ояту, мейірімділік, адамгершілік сезімін, отанды сүйеге тәрбиелеу.

Шығармашылық әңгіменің түрлері. Мұғалім балаларға әңгіме айтудың бірнеше түрін қолданады. Оларға өмірден көргендерін (есте қалғанын, бақылағанын) айтып беру, көркем шығарманы түсіндіріп әңгімелеу, сурет бойынша әңгіме жүргізу, ұлы адамдардың өмірбаяндарымен таныстыру, көркем шығарма мәтіні бойынша дайындау барысында оны қысқартып әңгімелеу, бөгде біреудің атынан айтып беру, көпшілікке арналған ғылыми мақала негізінде құралған хабарлама әңгімеге сюжет құрып айтып беру сияқтылар жатады. Осылардың барлығы шығармашылық әңгіме.

Өмірден көргендерін (есте қалғанын, алған әсерін) әңгімелеу. Әңгіменің бұл түрі оңайлау, өйткені бұған тікелей сезіну, көру фактілері арқау болады. Мұғалім әңгіменің бұл түрінің ең қызықтысын, балалардың жас ерекшелігіне сай келетінін, тәрбиелік мәні, маңыздысын ғана таңдайды.

Сөйлеуге үйретудің негізгі әдістерінің бірі — мұғалімнің балаларды жетекші сөздер арқылы әңгіме қатыстыра білуі.

Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеп беруге үйретуде мұғалім шығарма мазмұнына сай сұрақтар бере білуі керек.

Мұғалім балалардың әңгімелеріндегі кейбір фактілерді толықтырып отыруға тиісті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т. Ақшолақов, Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
2. А. Байтұрсынұлы, Тіл тағылымы, А., «Жазушы», 1992.
3. Р. Сыздықова, Б. Шалабаев, Көркем тексті лингвистикалық талдау, А., «Мектеп», 1889.
4. Қ. Бітібаева. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «Жазушы», 1990.

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯМЕН БІЛІМНІ ДАМУ

Ирметов О.А.

Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., Ж.А.Тәшенев университеті
Оразбекова Маржан – ПИК 20к3 тобының білім алушысы

Андатпа. Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Оқыту үрдісін басқарудың педагогикалық-психологиялық мәселелерін анықтауда педагог пен оқушылардың арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру мұғалімінің теориялық білімінің болуын қажет етеді. Осыған орай, бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі бөлімдерінде жаңа мазмұн, оны оқыту әдістемесін студенттерге игертудің түрлі жолдарын іздестірілуде.

Кілт сөздер: оқыту үрдісі, ғылым, оқу сапасы

Аннотация. Сегодняшний студент-завтрашний специалист. Организация отношений между педагогом и учащимися при решении педагогико-психологических проблем управления процессом обучения требует наличия теоретических знаний учителя. В связи с этим в разделах педагогики и методики начального обучения ведется поиск нового содержания, различных путей освоения студентами методики его обучения.

Ключевые слова: процесс обучения, наука, качество обучения

Abstract. Today's student is tomorrow's specialist. In the study of pedagogical and psychological problems of managing the learning process, the organization of relations between the teacher and students requires the presence of theoretical knowledge of the teacher. In this regard, the sections of pedagogy and methods of primary education are looking for new content, various ways to assimilate the methodology of its teaching to students.

Keywords: teaching process, Science, Learning quality

Жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдардың бірі- білім берудің жүйесінің жасалуы. Бұл педагогикадағы, тұтас педагогикалық үрдістегі өзгертулермен тығыз байланысты. Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым- қатынас (білім мазмұнын жетілдіру, жаңа базистік оқу жоспарына көшу, жаңа буын оқулықтары мен оқу- әдістемелік кешендерге көшу, т.б.) жаңаша ойлау қалыптасуда.

Жастарға білім мен тәрбие берудің негізі болып саналатын жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық үрдісін жақсарту бірінші кезектегі мәселе болса, бастауыш мектеп – мұның түп қазіргі, бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты және оны мектеп тәжірибесіне енгізуге шешуші орынды мұғалім қызметі алатыны анық.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Оқыту үрдісін басқарудың педагогикалық-психологиялық мәселелерін анықтауда педагог пен оқушылардың арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру мұғалімінің теориялық білімінің болуын қажет етеді. Осыған орай, бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі бөлімдерінде жаңа мазмұн, оны оқыту әдістемесін студенттерге игертудің түрлі жолдарын іздестірілуде.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу мұғалімнің иновациялық іс-әрекетіне байланысты мәселелер жан-жақты қарастырылғанын көруге мүмкіндік тудырып отыр. Жүйелері бағыттылық зерттеулерде иновациялық іс-әрекет креативті парадигманың жеке бас, регулятивтік-коммуникативтік және қорытынды жүйе бөлшегін талдауда анық айқын қарастырылады.

Соңғы он жылдықта «инновация» ұғымы кеңінен таралды. Инновациялық қозғалыстар білім беру жүйесінің жаңартуының маңызды айғағына айналды. Инновациялар бірнеше проблемалар тоғысында пайда болады және ауытқымай, жаңа мәселерді шешеді, білім беру үрдісінің үздіксіз жаңарып тұруына әкеледі.

Педагогикалық инновация – тұтас білім беру жүйесінің оның жеке бөлімдерінің компоненттерінің сипаттамасын жақсартатын және жаңалықтардан тұратын, мақсатты өзгерістер. Бұл- жаңалықты меңгеру үрдісі.

Бүгінгі күндегі инновациялық білім беру-оқу және әлеуметтік-тәрбиелік іс-әрекеттің үрдісі мен нәтижесі, ол жеке адамның және жалпы қоғамның іс-әрекетінің жаңа түрін жоспарлайды және ынталандырады.

«Инновация» термині латынның іппоуагіоп – инновацияларды енгізу дегеннен пайда болған. Инноватика философия, психология, әлеуметтану, басқару теориясы, экономика және мәдениеттану пәндерінің тоғысуында жүргізілген зерттеулердің пәнаралық саласы ретінде қалыптасты. Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда да педагогикалық инноватиканың дамуы көпшіліктің қоғамдық-педагогикалық қозғалыстарымен, мектептерді жылдам дамыту қажеттілікке байланысты қайшылықпен және мұғалімдердің оны іс-жүзіне асыра алмауымен байланысты. Жаңалықтарды қолдаушылардың жалпы сипаттары да өсе бастады. Осыған байланысты жаңа білімге деген, «инновация», «инновациялық үрдіс» деген жаңа ұғымдарды түсініп- білу қажеттілігі ұлғая түсті. «Жаңалықты енгізу» (инновация) ұғымы жаңалық ретінде де, және осы жаңалықты тәжірибеге енгізу үрдісі ретінде анықталады. Бүгінгі кезде инновациялық педагогикалық үрдістер білім берудің дамуын анықтайтын айғағы бола отырып, өзінің нақты теориялық базасы да бар.

Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекеті құрылымын қарастырған кезде, «инновация» және «педагогикалық іс-әрекет» деген негізгі түсініктердің мәнінің мағынасын талдауды қолдану керек деген ғалымдардың (В.А.Сластенин мен Л.С.Подымова) ой-пікіріне қосыламыз. Белгілі зерттеушілердің (А.А. Бодалев, ф.Н. Гоноболин, В.А. Кан-Калик, С.В. Кондратьева, Н.В. Кузин және т.б.) еңбектерінде педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы туралы түсінік жан-жақты қарастырылған. Олар мұндай қасиеттерге жатқызатындары: жалпы және кәсіби мәдениет, педагогикалық бағдарлылық, моральдық қасиеттер, дидактикалық қасиеттері. Сөйлеу қабілеттері, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, педагогикалық елестету. Бұл ғылымдардың еңбектерінде іскерліктің екі үлкен тобы жіктеліп көрсетілген; операциялық және жеке бас. Бірінші топ білім беру үрдісіне жататын болса, екінші балалармен, ата-аналармен, мектеп оқушысымен нәтижелі қарым-қатынас құруға қажетті әлеуметтің жеке бас және операциялық және жеке бас. Бірінші топ білім үрдісіне жататын болса, екінші балалармен, ата-аналармен, мектеп оқушысымен нәтижелі қарым-қатынас құруға қажетті әлеуметтің және жеке бас іскерліктері жатады.

Инновациялық іс-әрекет сонымен қатар, жаңашылдықты іздеп шешуге дайын болу қасиетімен де тығыз байланысты.

Ал іс-әрекеттің «негізгі құрастырушысы» ретінде Б.Фломов мыналарды бөліп көрсетеді; мотивті, мақсатты, жоспарлауды, күнделікті мағлұматты, өндеуді, оперативті бейнелеуді, шешім қабылдауды, іс- әрекеттерді, қортындыны тексеру және әрекеттерді түзету.

Біздің ойымызша жалпы іс-әрекеттің осы құралы бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетіне тән. Автордың айтуы бойынша, мұғалімнің инновациялық іс-әректің диагностикасында ескерлетін бірнеше ережелер бар;

1. Өз қызметін және әріптестерінің қызметінің қызметін оның жоғарыда сөз болғандай тиімділігін бірізді талаптар бойынша жан- жақты бағалауға үйрету.

2. Ұжымдық істі ұжымдық талдау жасауға, өз жұмысының өзіндік талдауына үйрету маңызды.

3. Өзінің кәсіби қасиеттерін өзіндік бағалау мен өзіндік тануға көшу, өзіне және басқаға талап қоя білуге үйрету.

4. Мұғалімдердің инновациялық қызметін бағалау белгілеріне сүйеніп, педагогикалық қызметті сараптау бағалауға тарту.

Осы жұмыстардың барлығында диагностика өзіндік мақсат емес, педагогикалық қалыптасудың алғы шарттары мен шығармашылықпен еңбек ететін мұғалімдерді тәрбиелеу тәсілдері. Инновациялық іс-әрекет педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгеретін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен құру үрдісі.

Педагогтың инновациялық іс-әрекеті келесі белгілермен сипатталады:

- өзінің жеке касеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілеті;
- жаңа ғылыми идеалар мен басқалардың тәжірибесінен хабардар бола отырып, жұмысының нәтижесін ұғыну қажеттілігінен;
- жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзеге асуын үздіксіз тәжірибеге енгізумен;
- педагогикалық инновацияның жаңа әдістері мен тәсілдері өз бетінше жасаумен;
- педагогикалық кертартпалықпен, догмамен, артта қалушылықпен белсенді күрес жүргізумен.

Айтылғандарды есепке алғанда, педагогтың өнімді инновациялық іс-әрекеттінің көрсеткіштері мыналар:

- педагогикалық еңбектің тиімділігі;
- оқу- тәрбие үрдісіне қатысушылардың педагогикалық талаптары мен бағыттарының бірлігі;
- жеке тұлғаның шығармашылық тұлғасының қалыптасуы;
- мұғалім беделінің өсуі;
- оқушылардың істі талдау әдіс- тәсіліне, диактикалық ойларға үйренуі;
- оқу және үрдісінде зерттеу тәсілінің педагогикалық қызмет үлгісіндегі ашулары.

Қазіргі кезде әрбір қоғам мамандарының алдына қойған талаптарына сәйкес «маман моделін» маман профессиограмасын жасау міндеті-жұртшылықтың назарын өзіне аударуда.

Бұл міндетті шешуге байланысты ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген ғалымдар, педагогтар, психологтар, бар (Н. В. Кузьмина, Ф. Н. Гоноволін, В. А. Слостенин, А. И. Щербакoв, Н.А. Сорoкин). В.А. Слостениннің пікірі бойынша, мұғалім профессиограммасы мыналарды қамтиды:

- 1) қоғамның саяси сапалары;
- 2) әлуметтік- психология этикалық- педагогикалық және ұстаздық жеке басының сапалары;
- 3) психологиялық және педагогикалық даярлық.;
- 4) мамандық бойынша даярлық;
- 5) пән бойынша даярлайды.

Бұл сапалар мұғалімдік қызметке қойылатын жалпы талаптардан туады. Инновацияның мазмұндық құрлымына кіретіндер – білім беру – тәрбиелеу үрдісінде, оқу- тәрбие жұмысын және оларды меңгеріп алу, зерттеу, мектептегі оқу- тәрбие үрдісіне енгізу.

Болашақ ұстаздың инновациялық іс-әрекеті төрт түрлі өлшеммен сипатталады:

- инновациялық іс-әрекеттің қажеттілігін сезінуі;
- оқу үрдісіне жаңалық енгізуде шығармашылық пен қызмет етуге даярлығының болуы;
- енгізілетін жаңалықтардың бағытының дұрыстығына тиімді нәтиже әкелетініне сенімді болуы;
- белгілі проблеманы шешудегі қолданылатын инновациялық іс-әрекетті толық өзіне қабылдап, оны енгізе білуі.

Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекеттің негізгі міндеттері:

*жаңалықты тұтастай және жекелеген кезеңдерінің нәтижелерін болжау;

*жаңалықтың жетімсіз жақатарын анықтап, оны енгізуді ұйымдастыру кезеңді толықтыру мақсатын көздеу;

*жаңалықтарды басқа жаңалықтармен салыстырып, олардың тиімдісін таңдап алу, мәні мен зерттелуін анықтау;

*жаңалық еңгізілетін ұйымның инновациялық қабілетін бағалау.

Бұл міндетті шешу үшін (зерттеу проблемасы бойынша) мынадай қосымша міндеттер қажет:

*арнайы әдістемелік әдебиеттерді, қосымша газет – журнал материалдарынан, жекелеген әдіскерлер еңбектерінен инновациялық іс-әрекет түрлерімен танысып, оларға талдау жасау, қолдану мүмкіндіктерін айқындау:

*өз іс-әрекетіне үнемі әдістемелік талдау жасап отыру.

1. Болашақ маманның кәсіби педагогикалық функциялары конструктивтік ұйымдастырышылық, қарым-қатынастық, дамытушылық, ақпараттық, зерттеушілік.

Бұл функцияларды іске асыруда мұғалім іс-әрекетінің түрлері бөлініп көрсетілген:

•өзін оқушының іс-әрекеті жоспарлауда оны дамыту мен қалыптастыру үрдісінде құрылымдық тұрғыда іске асыру іс-әректің міндеттерін шешу үшін, мұғалім оқу-тәрбие жұмысының бастауыш білім берудегі білім мазмұны мен кезеңдерінің әдістемесінің бірлігін сақтау;

•оқушы іс-әрекетінің құрлысын жоспарлау және оған педагогикалық жетекшілік жасау;

•негізделген инновациялық іс-әрекетерді таңдау, анықтау;

•ұжымдағы оқушыларды жеке бас ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмаларды ұйымдастыруы қажет.

Бұл құрылымдылық тұрғыны іске асыруда мұғалім ғылымның, әдістеменің соңғы жаңалықтарын, инновациялық іс-әрекетті пайдаланып құрылған сабақтар жүйесін жасайды. Сабақтың әр кезеңі шығармашылықпен өткізіп, оқушы іс-әрекетін ұйымдастыруда инновациялық іс-әрекетті тиімді қолдану жоспарын жасайды. Ұйымдастырушылық іс-әрекет міндеттерін шешу үшін:

• оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасын ұйымдастыру;

• оқушының оқудағы психологиялық және практикалық даярлығын ұйымдастыруға жағдай жасау

• оқушыларды әртүрлі оқу-тәрбие жұмыстарына баулу;

• шығармашылықтарын дамытуға бағытталған жұмыстары ұйымдастыру;

• сабақты тыңдауға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру;

• сабақты тыңдауға, білімді қабылдауға оқушыларды дайындай білуі. Қарым-қатынас тұрғысындағы әрекеті іске асыру:

• оқушы мен мұғалім арасында іскер қарым-қатынас орнықтыру;

• оқу үрдісіндегі ұжымдағы оқушылар қарым-қатынасын жақсарту; Дамытушы тұрғыдағы іске асыру қызметі:

• инновациялық іс-әрекетті оқушының жас өспірім физиологиясына, педагогикалық, психологиялық ерекшелігіне сәйкес қолдану;

• оқу үрдісіне оқушының ақыл-ой еңбегін ұйымдастыру;

• оқу үрдісінде педагогикалық жағдай тудыру арқылы, оқушының өздігінен ойлауымен оқылатын пәнмен шындық болмыс арасындағы байланысты білу;

• оқушының білімге қызығушылығын арттыру;

• алдыңғы қатарлы озық тәжірибелердің оқушы білімін дамытушы әдіс-тәсілдерін қолдану.

Ақпараттық функцияны іске асыру қызметі;

• оқу материалдарын еркін меңгеріп, оны жеткізе білу әдістемесімен тәсілдерін қолдана білу;

• пән мазмұнына ғылыми-дидактикалық талдау енгізу;

• оқытуда жаңа технологиялар элементтерін қолдану. Зерттеу функциясы қызметін іске асыруда:

- проблема бойынша зерттеу жұмысын жүргізу;
- педагогикалық қызмет түрлерін қайта құру мен бағалау;
- инновациялық іс- әрекетті тиімді пайдалану мақсатында оқып үйрену.

Біз ғалымдардың мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін нәтижелі атқаруға мұғалімнің жеке бас қасиеттеріне авторлардың көбі білімді, дағды мен іскерлікті және бас сапаларды жатқызады. Жұмысымызда жеке бас қасиеттерінің әр көрсеткіштеріне жеке тоқтап, талқылауды жөн көрдік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. Алматы, 2007ж.
2. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технология. Қазақстан мектебі-2012.
3. Сабауова Э.Ф. Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру әдістері// Қазақстан мектебі. – 2004. - № 10.
4. Рысбаева А. Болашақ мұғалімдердің мәдениетін қалыптастыру // Білім.

ИНТЕНСИВТИ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жапбарова Г.А. , Мамасерік Г.Қ.

Ж.Тәшенев университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Бастауыш мектепте қарқынды оқытудың әдістемелік жүйесін қолдану
Түйінді сөздер: бастауыш сынып, қарқынды оқыту, әдістемелік жүйе, тірек-схемалық технология

Аннотация. Использование методической системы интенсивного обучения в начальной школе

Ключевые слова: начальный класс, интенсивное обучение, методическая система, опорно-схематическая технология.

Abstract. Using the methodical system of intensive education in primary school

Keywords: primary class, intensive training, methodical system, support-schematic technology.

Қазіргі кезде оқушылардың санасында, ой-өрісінде жалпы азаматтық, адам-заттық рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, болашақ кәсіп иелері тұлғасының даму барысын психологиялық жан-жақты және үздіксіз зерттеу, оның даралық ерекшеліктерін танып, дұрыс бағытта дамыту, әр түрлі әлеуметтік және моралдық психологиялық жағдайларда қолдау көрсету және қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында жаңа азаматты қазақтың ұлттық өнері арқылы қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы мен көкейкестілігі күннен күнге артып отыр. Сондықтан білім беру жүйесін реформалау саясатын, ең біріншіден, кәсіптік білім беру сияқты өмір талабына қойылатын сұранысқа сәйкес жүргізу, екіншіден, оқу үрдісіндегі білім беру мен ұлттық тәрбие бірлігін сабақтастыра отырып, білімнің үйлесімділігімен қатар әрбір оқушының ерекшеліктерін ескеріп, қабілетіне, белсенділігіне сәйкес бағдар ұстау керек.

Қазақ тілін оқытып-үйретуде қазақ тілі тек өзара қарым-қатынас құралы ғана болып қоймай, ол оқушының шығармашылық қабілетін көрсететін, пәндік және жалпы мәдениеттен хабарлығын жеткізе алатын құрал да болуы тиіс. Осыған орай қазақ тілін оқытып-үйретуде соңғы кездерде оқытудың әртүрлі жаңа технологиялары пайдаланып, тәжірибеде қолданылып жүр. Мысалы, дамыта оқыту, қарқынды оқыту технологиясы, модульдік оқыту, саралап оқыту, ынтымақтастық технологиясы сияқты көптеген оқыту технологияларын атап өтуге болады.

Осылардың ішіндегі қарқынды оқыту технологиясы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сондай-ақ, бұл оқыту технологиясы тілдерді оқытып-үйретуде алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейді. Яғни, қарқынды оқыту технологиясы берілген уақыт мөлшерінде үлкен табыстарға қол жеткізе отырып, оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіруге, кәсіби шеберлігін шындалуға негізделген оқыту технологиясының бірі.

Қазақ тілін оқыту – уақыт талабынан туындап отырған жүйе. Сондықтан қарқынды оқыту технологиясы өзіне ғана тән оқыту жүйесіне негізделіп, оқу материалдарын ұйымдастырудың жаңа ұстанымы мен тілді оқытудың жаңа моделін құрайды.

Қарқынды оқыту технологиясы төмен дегідей 4 түрлі ерекшеліктерді ескертуді талап етеді:

- 1) меңгерілетін материалдар көлемі;
- 2) қолданылатын әдіс-тәсілдердің әртүрлілігі;
- 3) үйретілген тілдік қатынастың үнемі жүргізілуі ұстанымы;

4) жеке тұлғаның психологиялық жай-күйі.

Осы жерде қарқынды оқыту технологиясының өзге оқыту технологияларынан айырмашылығын көрсететін негізгі белгілерін де атап өткен жөн.

Бірінші белгі – оқушылар мүмкіндіктері мен мамандықтарын ескеру белгісі. Осыған сәйкес оқытудың негізгі ұйымдастыру түрлері де, өткізу тәсілдері де өзгереді.

Екінші белгісі – оның мерзімімен байланысты. Бұл жерде қарқынды оқыту технологиясын қысқа мерзімді жеделдетіп оқытумен шатастырмау керек. Өйткені қысқа мерзімді жеделдетіп оқытуда көбіне сандық көрсеткішпен бірге сапа, мазмұн сияқты көрсеткіштер қатар жүреді. Яғни, бұл жерде негізгі көзделетін мақсат – берілген уақыт көлемінде игеруге тиісті материалды сапалы меңгерумен ғана шектелмей, пәндік білімін тереңдету, белсендіру, жан-жақты білім беру. Бірақ ол үшін қосымша уақыт берілмейді.

Қарқынды оқыту технологиясының негізін ашу үшін «оқуды белсендіру» ұғымын енгізуге тура келеді. Педагогиканың маңызды мәселелерінің бірі: оқушылардың оқу іс-әрекетін белсендіру және оқу үрдісін белсендіретін әдістерді қолдану болса, «оқудың белсендіру» ұғымы осы мәселелерді шешудің негізі болып табылады. Бұл ұғым біріншіден, қарқынды оқыту технологиясын белгілі бір бағыт ретінде көрсетсе, екіншіден, ол оқу – тәрбие үрдісін жетілдірудің көзі болып табылады. Қарқынды оқыту технологиясының өзіне тән әдістерінің бірі – оқушымен ұжымның резервті мүмкіншіліктерін белсендіру әдісі. Белсендіру әдісі, ең алдымен, үйренетін тілде еркін тілдік қарым-қатынас жасау міндетін іске асырады. Сондай-ақ, тілдік іс-әретке қажетті білік пен дағдыны қалыптастырып, дамуын қамтамасыз етеді. Жеке тұлға мен ұжымның мүмкіншіліктерін белсендіру әдісінің ерекшелігі: жұмысты бірігіп атқаратын оқу тобын уақытша ұжым ретінде құру арқылы оқушылардың резервті мүмкіндіктерін ояту. Сол арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге болады.

XX ғасырдың болмысы адам баласының түрлі тілдерді оқып-үйренуге деген ынта-ықыласының оянуымен, ана тілін терең танып-білу арқылы дүниетаным картинасының жаңа деңгейде қалыптасуымен есте қалады. Сол ізгі желінің жалғасы XXI ғасырға да аяқ басып, оның жалғасы тілдерді сапалы оқытатын әдістемелік жүйелердің туындауына алып келді.

Жалпы, «интенсив», «интенсификация» деген ұғымдардың «тез», «жылдам» деген ұғымға қатысы аздау екенін көп ескере бермейміз. Шындығында, тілдерді интенсивтілікпен оқыту – қоғамның берген тапсырысына тіл үйретушілер мен оқытушылардың берген жауабы іспетті пайда болған. Тілдерді интенсивтілікпен оқыту – адамның тіл үйренудегі барлық пәрменділігі мен қарқынын актуалдандырып, биік нәтижелерге аз уақытта бірақ көп күш жұмсау арқылы қол жеткізетін әдістерді қолдану дегенді білдіреді.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғаннан бергі кезеңде тілді үйретудің тиімді әдістемелерін жасау мәселесі күннен күнге терең танылып келеді. Бұл ретте осы мәселені арнайы зерттеген ғалымдардың еңбектері мен практик оқытушылардың тәжірибелері де молынан жинақталғанын мақтанышпен айта аламыз.

Қазақ тілін Қазақстан Республикасында қажеттілікпен қолданатын тілге айналдыру көп ретте мемлекеттің жүргізіп тілдік саясатына байланысты. Бірақ қазақ тілін оқыту әдістемесін жаңа технологиялармен қамтамасыз етіп, қаруландырмайынша, мемлекеттік саясатты қолдай алуымыз да қиын болады. Сондықтан мемлекеттік тілді үйретуші оқытушылардың барлығының дерлік жаңа технологиялардан хабардар болуы және оны меңгеруі міндетті деп саналады.

Қандай да бір мәселені шешуде оқушылардың қалай ойлайтындығын, олардың ой-өрісін біліп отырудың маңызы зор. Өйткені бұл — оқушылардың қаншалықты пайымдай білетіндігін, олардың оқылған материалды қаншалықты жақсы меңгергендігін анықтауға мүмкіндік береді. Мен жұмысымда оқытудың жаңа педагогикалық технологиялық негізі қарқынды оқытуды алдым. Ол бойынша дамыта оқыту жүзеге асырылады, сондықтан ол оқушының ойлауын, еске сақтауын, белсенділігін, ынтасын, дағдысын, білім сапасының

артуын қамтамасыз етеді. Қарқындата оқыту технологиясы оқушының белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. Жаңа технологияға сәйкес барлық оқушы өз қызметін ең төменгі деңгейдегі тапсырманы орындаудан бастайды да, тапсырманы орындауына байланысты келесі деңгейге көшіп отырады. Мұндай жағдайда оқушылар арасында өзара жарысумен қатар, әр оқушының өзіндік деңгейіне сай білім алуы қамтамасыз етіледі. Оқушы өзі үлгіре алмаған оқу материалын алдын ала оқытушы дайындаған интенсивті оқу методикалық материалын пайдаланып жетілдіреді. Бұл процеске үйде ата-анасы оқушымен бірге интенсивті методикалық материалды көріп талдап оқушының үлгіру деңгейін артуына көмектеседі. Міне сондықтан: оқушының өзіне деген сенімі артып, білімі шындалады. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың» мемлекеттік бағдарламасында, «Бастауыш және орта кәсіптік білімді ақпараттандырудың» бағдарламасында білім беру жүйесін ақпараттарды жүзеге асыру, интенсивті оқытуға қатысты мынадай мәселелерге ерекше зейін аударылған:

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту үдерісіне енгізу жөніндегі қалыптық-құқықтық базаны жетілдіру;

- компьютер техникасымен қамтамасыз етілудің әлемдік көрсеткіштеріне (1 компьютерге келетін оқушылардың саны-10-15) жету үшін орта білім беру ұйымдарын одан әрі компьютерлендіру;

- орта білім беру ұйымдарын интернет желісіне қосу;

- білім берудің барлық деңгейлерінде қашықтан оқыту технологияларын әзірлеу және енгізу;

- жаңа ақпараттық технологияларды оқыту үдерісіне енгізуді қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарды жүргізу;

- оқу үдерісінде интенсивті оқытуға қатысты жаңа технологияларды сараптау арқылы байқаулар жасау негізінде жетілдіріп ендіру;

- оқытудың инновациялық технологиясын қалыптастыру арқылы интенсивті оқыту т.б.

Оқыту үдерісінде интенсивті оқыту үшін мультимедиялық технологияларды білім беру саласына ендіру маңызды. Сабақты өткізу

1. Мұғалім сабақты баяндауда-жаңа сабақты түсіндіруде ең негізгісі себебін тәжірибеде көрсетуден бастайды, көкейтестілігін айтады, проблеманы қоя біледі. Мультимедиялық технологияны пайдаланады.

2. Зерделенетін тақырыпқа шәкірттердің қызығушылығын арттырады. Пәнге қатысты әдістемелік, электронды әдістемелік оқулықтарды пайдаланады, ұсыныстарды, тәжірибені ескереді, кейде арнаулы есептерді-жаттығуларды, хрестоматияны бастапқы күйге алады.

3. Оқу материалдарын бірнеше рет талдаулар, нұсқаларын жасап, түсінікті баяндау басты мақсаттарының бірі.

4. Мұғалім оқушыларға түсініктеме жасау барысында анық, түсінікті, нақты айтуы, жазуы мәнді.

5. Интенсивті оқытудың бірнеше артықшылықтары бар, атап айтқанда:

- оқытудың түрлі әдістерін пайдалану;

- сезім талдаушыларын іске қосу, кезекпен алмастыру, іс-әрекет, таным қызметтерінде алмастыру;

- аудио және видео-оқыту техникаларында жүйелі алмастыру, тақтаны ретімен пайдалану, баннәрді қолдану;

- мұғалім іс-тәжірибелік көрсетулер жасауды өзі бастап көрсетіп, оны шәкірттердің кезекпен көрсетуіне алмастыру;

- сынақ-тәжірибелер-қысқа мерзімді жаппай формада, қатар-қатар болып т.б. формаларда;

- бір оқу қызметінен екіншісіне өту: жаттығу, іс-тәжірибелік, зертханалық, амалдар қолдану т.б.;

- дидактикалық кеспе материалдарын пайдалану, арнайы матрицалық тренинг жүргізу;

- қарым-қатынас, сұрақтар тақырыпқа сай және сынып оқушыларына кейде нақты оқушыға бағытталады;

- мұғалім оқушының әрқайсысының жауаптарына мұқият қарап, зейін қойып, қажет болған-күрделі жағдайларда сынып оқушыларымен талдау жасайды;

- интенсивті оқытуды жүзеге асыру үшін “шәкірт уақытын аяла, өз уақытыңды аяма” (Ж.Ж.Руссо) ұстанымына сай алдын-ала болжамдап, шәкірттермен бірлесіп даярлап, байқаулар жасау ұтымды;

- иновациялық - қарқынды оқытуда мұғалім сынып оқушыларымен тұрақты байланыста болып, оларды түсініп, кезегімен сұрақ-жауапқа, түсінуін, зейінін, пайымдауын, қорытынды шығаруын, заңдылықтарын ұғуға, кестелерді толықтыруға үн қостыру қажет, маңызды.

6. Мұғалім бүкіл сынып оқушыларын тұтас және әрбір оқушыны жеке байқап, оларды сұрақтармен, жауаптарды толықтыруларымен белсенділіктерін арттыру.

7. Жеке оқушыларда тәртіптілік төмендесе оларға жеке тапсырмалар беріп, сөзден іске өту маңызды. Мүмкін болғанынша, бәріне лайықты тапсырмалар беру, жауаптарын тыңдау бірлесіп, ынтымақтасып бағалаулар жасау.

Қазіргі заман талаптарына қатысты ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, ұлттық бірыңғай тесті, мемлекеттік аралық бақылау үлкен жауапкершілікті алға қояды, сапалы оқыту және қосымша жұмыс істеуді қажет етеді.

Сынақ тәжірибе жұмыстарында мұғалімнің сабақтағы қызметінің орны ерекше болуын уақыт міндеттейді, сонымен сабақтың басталуы:

1. Мұғалім сабақты тақырыпқа қатысты оқу-әдістемелік нұсқауларға сай мақсатын нақты алға қояды.

2. Оқушылардың сабаққа даярлығын анықтап, жұмысшы ахуал жасайды.

3. Сабақты мүмкін болғанынша түрлендіріп, элементтер орнын алмастыру мәнді.

4. Әрбір сабаққа мұғалім теориялық, әдістемелік, дидактикалық тұрғыдан даярлануы қажет. Сабақта көрсетілетін иллюстрация, көрсетулерге ретімен бірнеше оқушыларды-ассистент ретінде қатыстыру, бірге жасау, жаттыққан, дағдыланған жағдайларда түсінік беру маңызды.

1-ден, сыныптағы барлық оқушыларды жұмыспен қамтамасыз етеді, әрбір оқушының белсенді түрде қатысуын қадағалайды, белсенділігін оятуға түрткі болады.

2-ден, әр оқушы өзіне тән қарқынмен, өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізеді.

3-ден, оқушылар өз еңбектерінің нәтижесін көріп, өзін-өзі бағалайды. Өз бетімен жұмыс істеу оқушы-лардың біліміне ғана әсер етпей, сонымен қатар тәртібі мен мінез-құлқына да тигізер ықпалы зор. Жауапкершілікті сезіне отырып, оқушының ізденімпаздығы, шығармашылығы дамиды. Сөз соңында айтарым, жалпы жаңа педагогикалық технологияны қолдану сабақтың сапасын көтеруге, оқушылардың білімге деген оқу-танымдық қызығушы-лығын арттыруға, қазіргі қоғам талабына сай білім алуына көп әсерін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялар.
2. «Қазақстан мектебі» журналы 2010ж.06.
3. «Бастауыш мектеп» журналы 2010ж.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛДАУ

Ж.Ж. Темирова – э.ғ.к., аға оқытушы, Ж.А.Тәшенев атындағы университет,
Шымкент қаласы, Қазақстан
e-mail: zhannat_temirova@mail.ru

С.Б. Аширбаева – магистр, аға оқытушы,

Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қаласы, Қазақстан

Г.Т. Онгарова – магистр, аға-оқытушы, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ жанындағы
Ж.Аймауытұлы атындағы көпсалалы колледжі, Шымкент қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Соңғы уақытта көптеген елдер үшін сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болуда, өйткені миллиардтаған адамдар үшін азық-түлікке қол жеткізу қиынға соғып, бұл әлемдік азық-түлік қауіпсіздігінің әлсіреуімен тікелей байланысты. Осы жағдайға экономикалық дағдарыс, климаттық өзгерістер, табиғи апаттар, саяси тұрақсыздық пен халықаралық саудадағы қиындықтар ықпал етіп отыр. Сондықтан, болашақта сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету басты мәселе ретінде ерекше талқыланып, қарастырылу үстінде болып жатыр.

Әлеуметтік және экономикалық дағдарыстардың өршуі көптеген елдерде азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп тудырады. Бұл жағдай ішкі және сыртқы саясатты қайта қарауды қажет етеді. Дағдарыстардың салдарынан ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныс артып, бағалары тұрақсыздануы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, азық-түлік саудасының шектелуіне, импорттық тауарлардың бағасының көтерілуіне және ішкі өндірістің төмендеуіне алып келуі ықтимал.

Кілт сөздер: әлемдік агроэкономикалық саясат, ауыл шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігі, аграрлық азық-түлік нарығы

Аннотация. В последнее время проблема обеспечения качественными продуктами питания становится все более актуальной для многих стран, поскольку миллиарды людей испытывают трудности с доступом к продуктам питания, что напрямую связано с ослаблением мировой продовольственной безопасности. Этому обстоятельству способствуют экономический кризис, климатические изменения, стихийные бедствия, политическая нестабильность и трудности в международной торговле. Поэтому обеспечение баланса между спросом и предложением в будущем особенно обсуждается и рассматривается как главный вопрос.

Вспышки социальных и экономических кризисов угрожают продовольственной безопасности во многих странах. Эта ситуация требует пересмотра внутренней и внешней политики. Из-за кризисов спрос на сельскохозяйственную продукцию может возрасти, а цены могут дестабилизироваться. Это, в свою очередь, может привести к ограничению торговли продуктами питания, повышению цен на импортные товары и снижению внутреннего производства.

Ключевые слова: мировая агроэкономическая политика, сельское хозяйство, продовольственная безопасность, Агропродовольственный рынок

Abstract. Recently, the issue of providing high-quality food for many countries is becoming more and more urgent, as it is becoming more and more difficult for billions of people to access food, which is directly related to the weakening of World Food Security. The economic crisis, climate change, natural disasters, political instability and difficulties in international trade contribute to this situation. Therefore, ensuring a balance between supply and demand in the future is under Special Discussion and consideration as the main issue.

The escalation of social and economic crises poses a threat to food security in many countries. This situation requires a review of domestic and foreign policy. As a result of crises, demand for agricultural products may increase, and prices may be destabilized. This, in turn, will

lead to restrictions on food trade, an increase in prices for imported goods and a decrease in domestic production.

Keywords: world agro-economic policy, agriculture, food security, agricultural food market

Ауыл шаруашылығы мен ауылдық аймақтар арасындағы тығыз байланыс тарихи тұрғыда қалыптасқан, себебі ауылдық жерлердің дамуы көбінесе ауыл шаруашылығы қызметіне байланысты болған. Бұл үрдіс тарихи деректермен расталады, сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласындағы дағдарыс халықтың көшуіне және ауылдық жерлердің тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің әлсіреуіне ықпал әкеліп отырғаны айқын дәлелдеме бола алады [1].

XX ғасырдың соңында және XXI ғасырдың басында әлемде агроэкономикалық саясаттың ең өзекті мәселелерінің бірі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. Жаңа ғасырға қадам басқан әлем азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесімен бетпе-бет келді [1].

ФАО деректеріне сүйенсек, 2030 жылға қарай астық өндірісі 20-21%-ға артатын болса, оның көлемі 2150 миллион тоннаға жетеді, ал ет өндірісі 50-80 миллион тоннаға өсіп, 230-268 миллион тоннаға жетуі мүмкін. Сонымен бірге, теңіз өнімдерін тұтыну қажеттілігі 168 миллион тоннаға жететін болса да, оның көлемі 100 миллион тонна деңгейінде қалмақ. Азық-түлік өндіру қарқыны бұрынғыдай болмайды, себебі 1950-1985 жылдары жыл сайын 30 миллион тоннаға өсіп келген азық-түлік көлемі 1996-2030 жылдар аралығында тек 9 миллион тоннаға артпақ [2].

Бұл өсім азық-түлікке сұраныстың өсуін толық қанағаттандыра алмайды, өйткені әлем халқының саны артып, 2030 жылы 8 миллиардқа жетуі мүмкін деп болжануда. Әлемнің әртүрлі аймақтарында халық санының өсуі әрқалай болса да, жыл сайын 90 миллион адамға дейін артуы күтілуде. Қазіргі уақытта әлемде сапалы азық-түлікке қолжетімділіктің қиындап жатқанын байқауға болады, бұл миллиардтаған адамдар үшін азық-түлік тапшылығы мәселесін туындатуда. Өндірістік қуаттардың жеткіліксіздігі мен экономикалық дамудың жетіспеушілігі астық өндірісінің 629 миллион тоннаға дейін артпауына әкеліп отыр. Бұл жағдай әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін одан әрі қиындатуда [3].

ФАО мамандары азық-түлік жағдайының нашарлауының жалғаса беретініне сенімді. Бұл үрдіс, өз кезегінде, келесі 20-30 жыл ішінде сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдік мәселесінің әлі де маңызды болатынын көрсетеді. Әлемнің көптеген мемлекеттері өздерінің ішкі және сыртқы саясатын әлеуметтік-экономикалық қиындықтар мен тұрақсыздықтардың күшеюі, сондай-ақ мүмкін болатын қауіп-қатерлерді ескере отырып қалыптастыруда.

Жоғарыда келтірілген болжамдар мен қазіргі жаһандық дағдарыс Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласындағы проблемаларды одан әрі тереңдететінін айқындайды. Сондықтан ауыл шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту үшін нақты шаралар қабылдануы қажет. Бұл шаралар, ең алдымен, адам ресурстарын тиімді пайдалану, олардың қолжетімділігін арттыру және баға саясатын тұрақтандыруды қамтиды.

Қазақстанның еркін нарықтық қатынастарға көшуі, мемлекеттік құрылымдарды тиімді басқару, заңнамалық жүйені оңтайландыру және барлық экономикалық салаларда адами ресурстардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету тұрақты экономикалық өсудің негізі болып табылады [4]. Экономикалық тұрақтылық қазіргі уақыттағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталғанымен, болашақ ұрпақтардың сұраныстарын қамтамасыз ету мүмкіндігі белгісіз.

Тұрақты даму екі негізгі ұғымды қамтиды:

1. Адамзаттың қажеттіліктері, оның ішінде ең алдымен, халықтың ең аз қорғалған топтарының қажеттіліктеріне басымдық берілуі керек;

2. Қоршаған ортаның шектеулерін ескере отырып, адамзаттың қазіргі және болашақтағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға қойылатын шектеулер (технологиялар мен қоғамның ұйымдастырылуының әсерін ескерумен).

Тұрақты даму барлық адамдардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруды және әрбір адамның жақсы өмір сүруге деген ұмтылысына тең мүмкіндіктер беруді білдіреді. Алайда, экономиканың тұрақты дамуына қатысты экономикалық субъектілердің толық қалыптаспағандығы және бұл мәселелердің практикалық қолданылуы әлі де толық зерттелмеген. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығының дамуына әсер ететін бірнеше маңызды факторлар бар: экономикалық және экологиялық жағдайлар, табиғи-климаттық ерекшеліктер, ғылыми-техникалық жаңалықтар, құқықтық саясат, саяси ықпалар, халықаралық ахуал, әлеуметтік-демократиялық мемлекет және мәдени ықпалдар [5].

Ауыл шаруашылығы еліміздің экономикасының басқа салалары үшін әрқашан негізгі донорлық рөл атқарып, елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу үшін маңызды табыс көзі болды. Халық шаруашылығының тұрақты жұмыс істеуі мен ел экономикасының өсуі көбінесе агроөнеркәсіптік сектордың жағдайы мен дамуына байланысты. Аграрлық сектор елдің негізгі материалдық ресурстарына басты тұтынушы болып табылады: техникалар, жанар-жағармай, тыңайтқыштар және басқа да ресурстар.

Қазақстан үшін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бірқатар өзекті мәселелерді шешуді қажет етеді. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін ең алдымен отандық ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру, тамақ өнімдерін қайта өңдеу саласын дамыту, аграрлық азық-түлік нарығын мемлекеттік реттеу механизмдерін жетілдіру және сыртқы сауда саясатын ұлттық өндірушілердің мүдделеріне сәйкес бағыттау қажет [6].

Азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі тек экономикалық тұрғыда ғана емес, құқықтық тұрғыдан да өте маңызды. Мемлекеттің басты міндеті – халықтың денсаулығына қамқорлық жасау болғандықтан, мемлекеттік реттеудің мақсаты азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау, өнім сапасын жақсартуға ынталандыру және сапасыз өнімдерді нарықтан шығару болып табылады. Бұл міндетті орындау үшін сапа стандарттарын енгізу және олардың сақталуын қадағалау жүйесін құру қажет. Қазақстанның сыртқы сауда қатынастарын ырықтандыру ішкі нарыққа жоғары сапалы және қауіпсіз импорттық өнімдердің жеткізілуін қамтамасыз етеді. Азық-түлік қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың басты мақсаты – тұтынушыларға дұрыс әрі толық ақпаратсыз өнімдердің нарыққа шығуына жол бермеу механизмін үнемі жетілдіріп отыру.

Мемлекетке азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін бірнеше негізгі шараларды жүзеге асыру қажет:

1. Азық-түлік және тамақ өнімдерінің сапасына бақылау жүргізудің тиімді жүйесін енгізу: Бұл жүйе азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

2. Отандық өндірушілердің халықаралық сапа стандарттарына сәйкестігін арттыру: Осы мақсатта сапа сертификаттарын сақтау мен ерікті сертификаттау процесін дамыту қажет. Халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істейтін өндірушілерге арналған арнайы марапаттар мен артықшылық белгілерін енгізу маңызды.

3. Сапалы өнімдер шығаратын кәсіпорындар үшін жеңілдікті салық саясатын енгізу: Бұл шара отандық кәсіпорындарды қолдап, олардың сапалы өнім өндірісін дамытуға ынталандырады.

4. Сапасыз тауарлар туралы ақпаратты ашық жариялау: Бұл үшін тәуелсіз сараптама нәтижелерін негізге алып, отандық және шетелдік өнімдер туралы ақпаратты жариялайтын арнайы басылымдарды шығаруға көңіл бөлу қажет.

Бұл шараларды іске асыру үшін арнайы «Қазақстан Республикасындағы азық-түлік қауіпсіздігі» туралы заңды қабылдау ұсынылады. Алайда, бұл заңды азық-түлік нарығының қоғамдық қатынастарын реттейтін жеке бөлімге енгізу қажет [7].

Азық-түлік қауіпсіздігі жүйесін мемлекеттік деңгейде реттеудің негізгі бағыттары келесідей:

1. АӨК кәсіпорындары мен азық-түлік нарығына мониторинг жүргізу: Бұл халықтың денсаулығы мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қажетті қадам болып табылады.

2. Кәсіпорындардың қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу: Бұл шара өнімдер сапасын бақылау үшін құқықтық және нормативті базаны жетілдіруге бағытталады.

3. Азық-түлік қауіпсіздігін басқару жүйесінің қаржылық-экономикалық механизмдерін жақсарту: Бұл бағыт азық-түлік қауіпсіздігін басқаруды тиімді ету үшін қаржы және экономика салаларындағы жаңартуларды енгізуді қажет етеді.

4. Ақпараттық жүйелер арқылы азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау: Бұл жүйелер азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өте маңызды рөл атқарады.

5. Өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қайта өңдеу саласын дамыту және инновацияларды енгізу: Бұл шара өнімдер сапасын арттырып, олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға септігін тигізеді.

6. Халықаралық сапа менеджменті жүйелерін енгізу: Бұл қадам халықаралық стандарттарға сай өнімдер өндірісін қамтамасыз ету үшін қажет.

7. Азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыру: Азық-түлік тауарларының барлық сатыларында тексеру жүйесін жетілдіру мен тек сапалы өнімдердің нарыққа шығуына жол ашу керек.

8. Кадрлар даярлау және қайта даярлау жүйесін енгізу: Ауыл шаруашылығы саласында сапалы жұмыс күшін қалыптастыру үшін адам ресурстарын дамыту қажет.

Ауыл шаруашылығы мен өңдеуші өнеркәсіптің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бойынша арнайы шаралар жүйесі құрылуда, бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономикасының тұрақты дамуына әсер етеді [8].

Аграрлық сектордың шаруашылық құрылымын жетілдіру мақсатында төмендегідей іс-шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

1. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сату және өңдеу саласындағы экономикалық қатынастарды жетілдіру: Агроөнеркәсіптің әрбір кезеңін тиімді басқару жүйесін орнату қажет.

2. Ұсақ тауарлы өндірісті ірі және орта тауарлы өндіріс деңгейіне көтеру, сондай-ақ мал және өсімдік шаруашылығы өнімдерін индустриалды негізде өндіруді дамыту: Бұл қадам ауыл шаруашылығының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталады.

3. Ішкі нарықтағы сұранысты қолдап, мемлекеттік және нарықтық реттеу шараларын үйлестіре отырып, агроөнеркәсіптік өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату: Бұл механизм агроөнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін мемлекеттік және нарықтық реттеу жүйелерін тиімді түрде біріктіреді.

4. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің табысын қамтамасыз ету мақсатында баға тұрақтылығын сақтайтын мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру: Бұл әдіс ауыл шаруашылығының дамуына әсер етіп, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады.

5. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің тұрақты табысын қамтамасыз ету үшін кепілдендірілген минималды баға жүйесін енгізу: Ауыл шаруашылығындағы өндірістік тұрақтылықты қолдау үшін бұл қадам қажет.

6. Қазақстандық нарықта әділетсіз бәсекелестікті шектеу мақсатында демпингке қарсы шараларды жүзеге асыру: Отандық өндірістің мүдделерін қорғап, шетелдік бәсекелестіктің теріс әсерін азайту үшін маңызды іс-шара.

7. Өңдеуші кәсіпорындар үшін құрал-жабдықтарды лизингке беру жүйесін енгізу: Бұл шара агроөнеркәсіптік кәсіпорындардың техникалық жанаруын қамтамасыз ету үшін өте тиімді.

8. Агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарын кадрлық, ғылыми және ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру: Бұл шаралар сектордың тиімді жұмысын қамтамасыз етіп, оны тұрақты дамытуға мүмкіндік береді.

9. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты түрде бақылау және импорттық азық-түлік өнімдерінің сапасын тексеруді күшейту: Бұл механизм елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды болып, импорттық өнімдердің сапасын бақылауды қамтамасыз етеді [9].

Мемлекетке агроөнеркәсіптік кешеннің тиімді жұмысын қамтамасыз ету және ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін нығайту үшін бірнеше негізгі шараларды қабылдау қажет. Бұл шаралар кешені Қазақстанның ауыл шаруашылығын және өңдеуші өнеркәсіпті тұрақты әрі тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік реттеуді жетілдіру үшін төмендегідей басты шаралар ұсынылады:

- Азық-түлік өндірісінің тұрақтылығы мен жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету: Бұл шара елдің азық-түлік қауіпсіздігін сақтауда маңызды рөл атқарады. Өндіріс көлемі ішкі сұранысты толық қанағаттандыруға мүмкіндік беруі керек.

- Азық-түлік өнімдерінің физикалық және экономикалық қолжетімділігін арттыру: Азық-түлік қауіпсіздігі тек өнімдердің қолжетімділігінен ғана емес, сонымен қатар оларды халықтың сатып алу қабілетімен қамтамасыз етуден де байланысты. Бұл тұрғыда тұрғындардың табысын арттыру және азық-түлік бағасын тұрақтандыру маңызды.

- Ауыл шаруашылығы өнімдерін әлемдік нарықтарға жеткізу: Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерінің халықаралық саудада бәсекеге қабілеттілігі арттыру үшін, экспорттың көлемі мен сапасын қамтамасыз ету керек.

- Қауіпсіз және сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету: Өнімдер халықтың денсаулығына зиян келтірмейтіндей сапалы болуы керек. Бұл мақсатты іске асыру үшін өнімдердің сапасына бақылау орнату және стандарттарды қатаң сақтау қажет.

Мемлекеттік реттеу бойынша төмендегідей шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

- Тамақ өнімдерінің жеткізілім тұрақтылығын бағалау: Азық-түлікке тәуелді аймақтарда жеткізілімдердің тұрақтылығын анықтап, оны қолдауға бағытталған шаралар қабылдау.

- Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту: Агроөнеркәсіптің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығында кооперацияларды дамыту маңызды. Бұл өнім өндіру мен оның таратуын оңтайландырып, сапа мен көлемді арттыруға септігін тигізеді.

- Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мен әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу: Агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігін арттыру үшін аграрлық кооперация мен әлеуметтік қолдауды жақсарту қажет.

- Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қалыптастыру: Өндіріс кезеңдерінде және нарықтағы жағдайларды бақылау үшін тиімді ақпараттық жүйелерді дамыту қажет. Мұндай жүйелер арқылы тұтынушылар мен өндірушілерге дұрыс әрі толық ақпаратты ұсыну мүмкіндігі артады.

Осы шараларды іске асыру Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын қолдайды.

Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері өңірлер бойынша әртүрлі болып келеді, бірақ жалпы жағдай орташа деңгейде қалып отыр. Алайда, кейбір азық-түлік түрлерінің мезгіл-мезгіл жетіспеушілігі мен баға ауытқулары байқалады. Мұндай жағдайлар көбіне ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі арасындағы даму деңгейінің айырмашылығынан туындайды. Аймақтар арасындағы инфрақұрылымның әркелкі дамуы,

жоғары көлік шығындары, мамандандырылған көліктердің жетіспеушілігі және нарықтағы монополиялардың болуы да бұл жағдайға өз әсерін тигізеді.

Монополиялардың көптігі мен көптеген делдалдардың болуы, сонымен қатар жоғары транзакциялық шығындар агроөнеркәсіп кешенінің тиімді жұмыс істеуін қиындатуда. Бұл проблемаларды шешу үшін аграрлық нарықтарды дамыту мен инфрақұрылымды жетілдіру маңызды қадам болып табылады. Соңғы бес жыл ішінде азық-түлік тұтыну құрылымында өзгерістер байқалып, оның сапасы төмендеген, бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіреді. Қазақстандағы азық-түлік нарығындағы импорт үлесінің жоғары болуы да жағдайды күрделендіреді. Мысалы, сүт өнімдерінің 40%-ы, еттің 29%-ы және жеміс-көкөністің 43%-ы сырттан әкелінеді, бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикалық тәуелділігін көрсетеді.

Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінің физикалық қолжетімділігін арттыру қажет. Сонымен қатар, өңірлік азық-түлік ресурстарын дұрыс пайдалану мен оларды тиімді бөлу мәселелерін шешу керек. Бұл міндетті орындау үшін әртүрлі әлеуметтік топтар мен өңірлерде халықтың қажеттілігін толық қамтамасыз ету үшін азық-түлік өнімдерінің қолжетімділігін арттыруға назар аудару қажет. Осы мақсатқа жету үшін отандық өндірушілерді қолдауды күшейтіп, елде өндірілмейтін немесе аз өндірілетін азық-түлік өнімдері импортына бақылау шараларын енгізу маңызды. Сонымен қатар, өндірістің тиімділігі жоғары өнімдерді экспортқа шығару арқылы ішкі нарықтағы теңгерімді қамтамасыз ету ұсынылады.

Азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі факторлар ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау көрсету, агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігі, өндірістік инфрақұрылымның дамуы, отандық өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі мен сапа бақылауы болып табылады. Сыртқы факторлар әлемдік нарықтағы баға өзгерістері, шетелдік импорт пен экспорт саясаты, халықаралық сауда шарттарымен байланысты. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде осы факторларды ескере отырып, жүйелі түрде реттеу өте маңызды.

Азық-түлік қауіпсіздігі – динамикалық және уақыт өте келе өзгертін жүйе, ол экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және климаттық факторларға тәуелді. Алғашқы кезеңдерде азық-түлік қауіпсіздігін бағалау үшін тек негізгі көрсеткіштер ғана қолданылса, қазіргі таңда бұл көрсеткіштерді кеңейту және жетілдіру қажеттілігі туындады. Осыған байланысты жаңа критерийлер мен көрсеткіштер жүйесін ұсыну агроөнеркәсіп кешенінің жағдайын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай жүйе азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін тек экономикалық қана емес, әлеуметтік, экологиялық және саяси тұрғыдан да қарастыруды талап етеді.

Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі елдің экономикасында маңызды рөл атқарады. Жемістер мен жидектер, көкөністер, сүт өнімдері, ет және балық өнімдеріне байланысты елдің импортқа тәуелділігі айтарлықтай жоғары. Мысалы, елімізде жемістер мен жидектердің 81,2%-ы шетелден әкелінеді, ал басқа да көптеген азық-түлік түрлері импортқа тәуелді. Бұл көрсеткіштер отандық өндірістің осы өнімдерге қатысты қажетті деңгейде болмай отырғанын көрсетеді, сондықтан елдің азық-түлік қауіпсіздігіне үлкен тәуекелдер төндіреді.

Импортқа тәуелділіктің артуы ішкі өндірістің дамуына қажеттілік туындатады. Әсіресе жемістер мен көкөністер, өсімдік майы сияқты салаларда отандық өндірісті көбейту, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту үшін маңызды қадам болып табылады. Егер Қазақстанның ішкі өндірісі артса, ол елдің сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып, экспортты ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Тұтыну құрылымындағы өзгерістер мен өңірлік ерекшеліктер де назарға алынуы тиіс. Атап айтқанда, әртүрлі өңірлердегі азық-түлік тұтыну деңгейінің айырмашылығы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, мәдени ерекшеліктер мен тұрмыс деңгейіне байланысты болуы мүмкін. Мысалы, Шымкент қаласы нан өнімдерін ең көп тұтынатын

өңір болса, Астана қаласы ең аз тұтынады. Осындай айырмашылықтар елдің азық-түлік тұтыну саясатын реттеуде маңызды көрсеткіш бола алады.

Қазақстандағы азық-түлікке экономикалық қолжетімділік мәселесі де өзекті болып отыр. Елдегі аз қамтамасыз етілген тұрғындардың азық-түлікке жұмсайтын табысының үлесі дамыған елдермен салыстырғанда жоғары. Мәселен, Қазақстанның ең аз қамтамасыз етілген 10% халқы азық-түлікке табысының 52,3% жұмсайды, бұл көрсеткіш Ресейде – 44,8%, Беларусьте – 49,1%, ал АҚШ-та – 22% құрайды. Бұл мәліметтер елдегі азық-түлікке деген экономикалық қолжетімділіктің дамыған елдермен салыстырғанда төмен екенін көрсетеді.

Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігін арттыру үшін өндірісті дамыту және импортқа тәуелділікті азайту қажет. Бұл мақсатқа жету үшін ішкі өндірісті күшейту, халықтың азық-түлік өнімдеріне қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ экономикалық қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар қабылдау қажет.

Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері қазіргі таңда маңызды және күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мәселеге бірнеше факторлар әсер етеді, оның ішінде халықтың табысы, әлеуметтік теңсіздік, макроэкономикалық және экологиялық тәуекелдер, ауыл шаруашылығының даму деңгейі сияқты мәселелер ерекше назар аударуды талап етеді.

1. Табыстың теңсіздігі және әлеуметтік қиындықтар: Қазақстанда көпшілік халықтың табысы күнкөріс деңгейінен жоғары болғанымен, табыс теңсіздігі әлі де айтарлықтай үлкен. Әрбір оныншы адам күнкөріс деңгейінен төмен табыс табады, бұл әлеуметтік теңсіздікті көрсетеді. Осы жағдай, әсіресе ауылды жерлердегі халықтың азық-түлікке қажетті көлемде қолжетімділігінің шектеулі болуына әкеледі, себебі олардың кірістері өмір сүру үшін қажет деңгейден көп жағдайда төмен болып келеді.

2. Азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін қауіптер:

Макроэкономикалық қауіптер: Әлемдік нарықтағы баға өзгерістері мен импорттық азық-түлік бағасының өсуі еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін. Бұл әсіресе халықаралық нарықта экспорттық бағалар төмендеген кезде өзекті болады.

Табиғи және техногендік тәуекелдер: Климаттың өзгеруі, табиғи апаттар (мысалы, су тасқыны мен құрғақшылық) және техногендік апаттар, оның ішінде экологиялық дағдарыстар ауыл шаруашылығының өнімділігіне және азық-түлік өндірісіне теріс әсер етуі ықтимал.

Технологиялық тәуекелдер: Ауыл шаруашылығында жаңа технологиялардың енгізілуі және оларды тиімді пайдалану маңызды мәселе болып табылады. Ескі технологияларды қолдану өнімділіктің төмендеуіне және шығындардың ұлғаюына алып келеді.

Агроэкологиялық тәуекелдер: Жер ресурстарының тозуы, су тапшылығы және тыңайтқыштарды тиімсіз қолдану ауыл шаруашылығының тұрақтылығына қауіп төндіреді.

Әлеуметтік тәуекелдер: Қалалық және ауылдық жерлер арасындағы өмір сүру деңгейінің айырмашылығы азық-түлікке тең қолжетімділікті қиындатады. Ауылдық жерлерде тұратын халықтың азық-түлік сатып алу мүмкіндігі шектеулі, бұл әлеуметтік теңсіздіктің одан әрі күшеюіне әкеледі.

Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономикалық қолжетімділікті арттыру, табыстарды теңестіру, өндірісті дамыту және әлеуметтік теңсіздіктерді азайту бағытында бірқатар шаралар қабылдануы қажет. Сонымен қатар, макроэкономикалық, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару, жаңа технологияларды енгізу және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанбекова, З. Х. Внутренние и внешние угрозы продовольственной безопасности Казахстана / З.Х.Жанбекова // Вестник КазНУ.Серия экономическая. - 2003. - №3. – С. 23-27. – ISSN 1563-0358
 2. Кайгородцев, А.А. Экономическая и продовольственная безопасность Казахстана. Вопросы теории, методологии, практики / А.А. Кайгородцев. – Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2006. – 384 с.
 3. Бимендиева, Л.А. Азық-тулик қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әлемдік нарықтағы Қазақстанның мүмкіндіктері/Л.А.Бимендиева// Вестник КазНУ.Серия экономическая. - 2010.-5.-С.21-23
 4. Султанбекова Г. және т.б. Продовольственная безопасность Казахстана: современное состояние и направления обеспечения // Экономика және статистика. – 2001. – № 1. – Б. 42-45.
 5. Токобаев Н. К. Экономика Казахстана Продовольственная безопасность // Вестник КазЭУ//Серия Пищевая промышленность. - 2015. - №3. - С. 23-27. - ISSN 1563-0358
 6. Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2013-2020 годы (Агробизнес - 2020). - Астана, 2012 г.
 7. Калиева А.Е. Развитие АПК как главного фактора обеспечения продовольственной безопасности страны // материалы XIX междунар. науч.-практ. конф. для студентов, аспирантов и молодых ученых «Тенденции развития экономической науки на просторах стран СНГ и зарубежья в XXI веке». - СПб., 2014. - С. 14-17.
 8. Кенжеболатова М. Ш., Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі кейбір өзекті мәселелер // Вестник науки Казахского агротехнического университета им С. Сейфуллина 2014. № 1 (80). С. 153-163.
 9. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша жасалды // <http://stat.gov.kz>
 10. Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 годы г. Астана, 2017 год.
- Список использованной литературы:
11. Жанбекова, З. Х. Внутренние и внешние угрозы продовольственной безопасности Казахстана / З.Х.Жанбекова // Вестник КазНУ.Серия экономическая. - 2003. - №3. – С. 23-27. – ISSN 1563-0358
 12. Кайгородцев, А.А. Экономическая и продовольственная безопасность Казахстана. Вопросы теории, методологии, практики / А.А. Кайгородцев. – Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2006. – 384 с.
 13. Бимендиева, Л.А. Азық-тулик қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әлемдік нарықтағы Қазақстанның мүмкіндіктері/Л.А.Бимендиева// Вестник КазНУ.Серия экономическая. - 2010.-5.-С.21-23
 14. Султанбекова Г. және т.б. Продовольственная безопасность Казахстана: современное состояние и направления обеспечения // Экономика және статистика. – 2001. – № 1. – Б. 42-45.
 15. Токобаев Н. К. Экономика Казахстана Продовольственная безопасность // Вестник КазЭУ//Серия Пищевая промышленность. – 2015. – №3. – С. 23-27. - ISSN 1563-0358
 16. Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2013-2020 годы (Агробизнес - 2020). – Астана, 2012 г.
 17. Калиева А.Е. Развитие АПК как главного фактора обеспечения продовольственной безопасности страны // материалы XIX междунар. науч.-практ. конф. для студентов, аспирантов и молодых ученых «Тенденции развития экономической науки на просторах стран СНГ и зарубежья в XXI веке». – СПб., 2014. - С. 14-17.

18. Кенжеболатова М. Ш., Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін камтамасыз етудегі кейбір өзекті мәселелер // Вестник науки Казахского агротехнического университета им С. Сейфуллина 2014. № 1 (80). С. 153-163.

19. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша жасалды // <http://stat.gov.kz>

20. Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 годы г. Астана, 2017 год.

Студенттерді кәсіби әлеуметтендіру жолдары
А.Е. Исмайлова, М.Е. Исмайлова

«Ж.А. Тәшенев атындағы университеті» АҚ, Шымкент қаласы,
Ismaylova_akerke@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада студенттердің әлеуметтенуі қарастырылады. Студенттердің кәсіби әлеуметтенуінің негізгі аспектілері мен кезеңдері талданады.

Кілт сөздер: әлеуметтендіру, маман, білім, тәсіл

Аннотация. В статье рассматривается социализация студентов. Анализируются главные аспекты и периоды профессиональной социализации студентов.

Ключевые слова: социализация, специалист, образование, подход

Abstract. This article is about the professional socialization of students. Analyzes the main aspects and stages of professional socialization of students. As direct participants (subjects) of professional socialization of students are: the students themselves, teachers, employers.

Keywords: socialization, specialist, education, approach

Жоғары мектепте білікті мамандарды қалыптастыруда кәсіби әлеуметтену сияқты маңызды әлеуметтік процеске маңызды рөл беріледі. Кең әлеуметтік контексте кәсіби әлеуметтену, бір жағынан, жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуын, екінші жағынан, жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасу процесін, оның әлеуметтік тәжірибесін, құндылықтарын, нормаларын, мінез-құлық үлгілерін игеруін, содан кейін олардың еңбек қызметі барысында көбеюін қамтиды. Сондықтан тереңірек талдау үшін "кәсіби әлеуметтену" ұғымын екі компонентіне бөлу керек: "кәсіби қалыптасу" және "әлеуметтену".

Әлеуметтену құбылысын түсіндірудің әртүрлі тәсілдерін теориялық талдау ондағы келесі төрт тарапты ажыратуға мүмкіндік береді: әлеуметтену мәдениеттану процесі ретінде, яғни мәдени құндылықтарды, моральдық-этикалық нормалар мен мінез-құлықты аудару; әлеуметтену ассимиляция ретінде, әлеуметтік тәжірибені интернализациялау; әлеуметтену бейімделу ретінде (әлеуметтенудің мүмкін нәтижелері); әлеуметтену адамның үйренген нәрсені құру, көбейту процесі ретінде әлеуметтік тәжірибе. Әлеуметтену адамның қоғаммен тұрақты қарым-қатынасында жүзеге асырылады. Бұл адамның өмірі мен іс-әрекетінің нақты жағдайларына тән материалдық және рухани мәдениетті, Әлеуметтік және жеке қатынастарды игеру арқылы адамның жеке басының қалыптасуы мен дамуының үздіксіз процесі. Қоғамның жеке адамға мақсатты әсер етуі арқылы оны әлеуметтік нормалар, ережелер, функциялар, құндылықтар, жалпы әлеуметтік тәжірибе игереді. Сонымен қатар, адамға айтарлықтай әсер етеді.

Сондықтан әлеуметтену сипатын анықтайтын негізгі факторларға мыналар жатады: 1) қоғамның жеке тұлғаға мақсатты әсері, яғни. сөздің кең мағынасында тәрбиелеу; 2) адам үнемі болатын, тәрбиеленетін және қалыптасатын әлеуметтік орта; 3) жеке тұлғаның белсенділігі, оның білімді таңдау мен игерудегі тәуелсіздігі және оларды түсіну; 4) әртүрлі көзқарастарды салыстыра білу, оларды сыни тұрғыдан бағалау; 5) практикалық, трансформациялық қызметке белсенді қатысу. Әлеуметтенудің маңызды өлшемдерінің бірі-кәсіби әлеуметтену.

Кәсіби әлеуметтендіру – студенттердің болашақ мамандықтарына дайындалуындағы маңызды әлеуметтік процесс. Бұл процесс екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады: кәсіби қалыптасу және әлеуметтену. Әлеуметтену – бұл адамның қоғаммен өзара әрекеттесу арқылы әлеуметтік тәжірибені, құндылықтарды, нормаларды және мінез-құлық үлгілерін меңгеру процесі. Бұл процесс адамның мәдени құндылықтарды, моральдық-этикалық нормаларды және мінез-құлық үлгілерін игеруін қамтиды. Сонымен қатар, әлеуметтену адамның әлеуметтік тәжірибені интернализациялауын, бейімделуін және меңгерген әлеуметтік тәжірибені қайта өндіруін білдіреді. Кәсіби әлеуметтендіру – бұл тұлғаның

кәсіби қызметке интеграциялану процесі, ол кәсіби білім алу, дағдыларды меңгеру, кәсіби нормалар мен құндылықтарды игеруді қамтиды. Бұл процесс студенттердің кәсіби ортаға бейімделуін, кәсіби мәдениетті меңгеруін және болашақ кәсіби рөлдерге дайындалуын қамтамасыз етеді.

Жалпы, кәсіби әлеуметтенудің келесі маңызды аспектілерін бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, кәсіби әлеуметтену жеке тұлғаны әлеуметтендірудің ажырамас бөлігі болып табылады. Екіншіден, кәсіби әлеуметтену жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуының ажырамас кезеңі болып табылады. Үшіншіден, кәсіби әлеуметтену жеке тұлғаны кәсіби оқыту мен тәрбиелеумен тығыз байланысты.

Кәсіби әлеуметтену сияқты әлеуметтенудің құрамдас бөлігін қарастыра отырып, оның мәнін, мазмұнын, факторларын, механизмдерін түсінудің әртүрлі тәсілдерін талдай және қорытындылай отырып, біз жастардың, студенттердің кәсіби әлеуметтенуі болып табылатын осындай күрделі көп қырлы құбылысты тұтас, жан-жақты қарастыру қажеттілігі туралы негізделген қорытындыға келеміз. Бұл өзекті болып көрінеді, өйткені бұл әлеуметтік-демографиялық топ қоғамның әлеуетті резерві болып табылады, бұл экономиканың әртүрлі салаларының, елдің мәдениет және ғылым салаларының болашақтағы өндірістік күші.

Әр түрлі тәсілдерді жинақтай отырып, студент жастардың кәсіби әлеуметтенуін кәсіби-еңбек ортасына тиімді енгізу, әлеуметтік рөлдер мен кәсіби функцияларды сәтті орындау үшін қажетті әлеуетті тудыратын бейімделу-интегративті сипаттамаларды дамыту мақсатында жеке тұлғаның арнайы білімді, Әлеуметтік және кәсіби дағдыларды, кәсіби нормаларды, құндылықтарды, кәсіби мәдениетті игеруінің көп факторлы және көп деңгейлі процесі ретінде қарастыру керек, адамның бүкіл өмір жолындағы жоғары әлеуметтік және кәсіби ұтқырлық.

Студент жастар өздерінің психикалық және жеке даму ерекшеліктеріне сүйене отырып, 14-17 жастан басталып, 27-28 жаста аяқталатын жастар сияқты жас тобына жатады. Бұл ретте 14-21 жас кезеңі ерте Жастық шақ болып табылады, 21 жастан бастап кеш Жастық шақ басталып, 27-35 жасқа дейін аяқталады. Жеке тұлғаның бұл өмірлік кезеңі оның басқа қажеттіліктермен бірге өзін-өзі жүзеге асыру қажеттіліктерін дамытуымен сипатталады, бірақ болашақта. Психикалық дамудағы жетекші қызмет-бұл оқу және кәсіби қызмет. Өздеріңіз білетіндей, "ақыл - ой дамуындағы жетекші қызмет-бұл жас қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыратын, жасына байланысты психикалық ісіктерді көрсететін және дамытатын, психиканың сезімтал саласын қалыптастыратын және оның ішінде келесі жас кезеңіне жетелейтін жаңа қызмет түрі пайда болатын түрі (А. Н.Леонтьев).

– Жедел-тергеу тобын құру: киберқауіпсіздік жөніндегі мамандарды, криминалистер мен сарапшыларды, жедел қызметкерлерді қоса алғанда, мамандар тобын қалыптастыру.

2. Жабдықтарды дайындау:

– Деректерді жинау және талдау үшін қажетті құралдар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы.

3. Оқиға орнын қорғау:

– Оқшаулау: оқиға орнын айғақтардың сақталуы үшін бөгде адамдардың кіруінен қорғау.

– Құжаттама: уақытты, күнді және жағдайларды қоса алғанда, қылмыс орны туралы бастапқы деректерді тіркеу.

4. Айғақтарды жинау:

– Деректерді шығарып алу: компьютерлік жүйелерден, мобильді құрылғылардан және желілік жабдықтан ақпарат жинау.

– Қатты дискілер мен басқа да деректер тасымалдағыштарды олардың бүлінуін болдырмайтын әдістерді пайдалана отырып көшіру.

– Егер бұл мүмкін және заңды түрде негізделген болса, бұлт қоймаларынан деректерді алу.

– Логи және метадеректер: жәбірленушінің әрекеттерін талдау үшін жүйелер мен қосымшалардың логын (журналдарын) жинау.

– Желілік белсенділік: IP-мекенжайларды, уақытша белгілер мен хаттамаларды қоса алғанда, желілік белсенділік туралы деректерді жинау.

5. Жиналған деректерді талдау:

– Зиянды бағдарламалық қамтамасыз етілуінің болуын тексеру.

– Кибер-алаяқтық үшін пайдаланылған вирустарды немесе бағдарламаларды анықтау және талдау.

– Жиналған деректерді талдау және алаяқтың әрекеттерінің бірізділігін қалпына келтіру үшін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану.

6. Құжаттама және есептілік:

– Қарап-тексеру процесін және барлық жиналған айғақтарды, оның ішінде олардың жағдайын фото-бейне жазу.

– Жүргізілген іс-әрекеттер, жиналған айғақтар және талдау нәтижелері туралы егжей-тегжейлі хаттаманы дайындау.

– Қылмыстық процестің келесі сатысы үшін жиналған дәлелдемелердің қауіпсіз сақталуын қамтамасыз ету.

Кибер-алаяқтық жағдайында оқиға болған жерге қарап-тексеру жүргізу қылмыстық әрекетті анықтау және жолын кесу үшін қажет. Бұл заңдық және техникалық стандарттардың сақталуын, сондай-ақ құқық қорғау органдарымен және басқа да мүдделі тараптармен тығыз өзара іс-қимылды талап етеді.

III. Сондай-ақ, кибер-алаяқтықты тергеу кезіндегі негізгі әдістердің бірі кибер-алаяқтық істері бойынша қылмыс туралы ақпаратты қамтуы мүмкін серверлердің, мобильді құрылғылардың және басқа да электрондық құрылғылардың логтарын талдау болып табылады.

Бұл үшін сандық тергеудің түрлі әдістері мен құралдарын пайдалануға болады. Электрондық іздерді талдау процесіне әдетте мынадай негізгі қадамдар келтіріледі:

1. Электрондық деректерді жинау (алдымен аутентификация журналдары, транзакция журналдары, электрондық хабарламалар және т.б. сияқты кибер-алаяқтық ісімен байланысты барлық қолжетімді электрондық деректерді жинау қажет).

2. Метадеректерді талдау (метадеректер электрондық деректерді жасау уақыты, орны және тәсілі туралы ақпаратты қамтиды. Метадеректерді талдау кибер алаяқтыққа байланысты оқиғалардың себептері мен салдарын анықтауға көмектеседі).

3. Желілік трафикті талдау: желілік трафикті зерттеу хакерлік, фишинг және DDoS шабуылдары сияқты кибер алаяқтыққа байланысты күдікті әрекеттерді анықтауға көмектеседі.

4. Цифрлық құралдарды пайдалану: электрондық іздерді талдау үшін деректерді қалпына келтіруге, метадеректерді талдауға және оқиғаларды қайта жаңартуға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету сияқты мамандандырылған цифрлық құралдар жиі пайдаланылады.

5. Сарапшылармен ынтымақтастық: электрондық іздерді дұрыс түсіндіру және оларға талдау жасау үшін киберқауіпсіздік саласындағы сарапшылардың қолдауына ие болу маңызды.

Тұтастай алғанда, кибер-алаяқтық істері бойынша электрондық іздерді талдау мұқият және жүйелі тәсілді, сондай-ақ мамандандырылған құралдар мен сараптамалық пікірлерді пайдалануды талап етеді.

IV. Тергеушінің IP-мекенжайларын анықтау және күдіктілерді идентификациялау үшін интернет-қызметтер провайдерлерімен жұмысы.

Тергеушінің интернет-қызметтер провайдерлерімен жұмысы кибер-алаяқтықты тергеудегі негізгі кезең болып табылады. Интернет-қызметтер провайдерлері олардың желісіне қосылған құрылғылар, IP-мекенжайлары, қосылу уақыты мен орны туралы ақпаратты, сондай-ақ күдіктілердің жеке басын анықтау үшін пайдалы болуы мүмкін басқа да деректерді сақтайды.

1. Алдымен тергеуші провайдерлерге күдікті әрекеттер жүзеге асырылған IP-мекенжайлар туралы ақпарат беру туралы сұрау салады. Бұл ретте тергеу әрекеттерін жүргізу туралы қаулы сияқты сұрау салудың ресми негіздемесін ұсыну қажет.

2. Провайдерден қажетті ақпаратты алғаннан кейін тергеуші күдіктінің жеке басын анықтау үшін деректерді талдайды. Бұл үшін қосылымның, байланыс провайдерінің географиялық орналасуын және басқа да сипаттамаларды анықтауға мүмкіндік беретін IP-мекенжайларды қадағалаудың және талдаудың арнайы бағдарламалары пайдаланылуы мүмкін.

3. Бұдан басқа, тергеуші провайдерден интернет-қызметтерді пайдалану уақыты туралы деректер, қызметтер үшін төлемдер туралы ақпарат, сондай-ақ тергеуге көмектесетін кез келген ақпарат сияқты қосымша ақпаратты сұрата алады.

Интернет-қызметтер провайдерлерімен жұмыс заңнамалар шеңберінде және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс екенін атап өту маңызды. Провайдерлер өз клиенттерінің дербес деректерінің құпиялылығын сақтауға және құқық қорғау органдарынан ресми сұрау салу болған кезде ғана ақпарат беруге міндетті.

V. Алдын ала тергеудің келесі маңызды кезеңі – бұл кибер-алаяқтық істері бойынша күдікті туралы ақпарат жинау.

ҚР ҚІЖК 64-бабының 1-тармағына сәйкес, өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы прокурормен келісілген қаулы шығарылған адам күдікті болып табылады.

Кибер-алаяқтық істері бойынша күдікті туралы ақпарат жинау ерекше тәсілді және арнайы дағдыларды талап етеді. Тергеуші ақпарат жинау үшін қолдана алатын бірнеше кадам:

1. Сандық іздерді зерттеу: тергеуші күдіктінің желіде қалдырған сандық іздерін талдауы тиіс. Бұлар интернеттегі белсенділік журналдары, сеанс журналдары және т.б. болуы мүмкін.

2. Электрондық пошта мен хабарларды зерттеу: тергеуші байланыстар мен іс-қимыл жоспарларын анықтау үшін күдіктінің электрондық поштасын, мессенджерлерін және әлеуметтік желілерін зерттей алады.

3. Қаржылық операцияларды талдау: тергеуші күдіктінің алаяқтық әрекеттерді қалай жасағанын түсіну үшін оның барлық қаржылық операцияларын зерделеуі тиіс.

4. Күдіктіден жауап алу: тергеуші кибер-алаяқтықтың себептерін, құралдарын және ықтимал қатысушыларын анықтау үшін күдіктіден егжей-тегжейлі жауап алуды жүргізуі тиіс.

Ақпарат жинау заңды әдістерге және күдіктінің құқықтарын сақтауға негізделуі тиіс екенін есте сақтау маңызды. Тергеушінің барлық іс-әрекеттері заңнамаға және тергеу рәсімдеріне сәйкес келуге тиіс.

Қорыта келгенде, кибер-алаяқтықты тергеу бойынша барлық аталған қадамдар алдын ала тергеуге қылмысты толық зерттеуге және уақытында анықтауға, алаяқтық тізбегіне қатысушылардың барлық буындарын анықтауға және олардың қатыстылығына дәлел жинауға көмектеседі. Бұл құқық қорғау органдарына киберқылмыстардың қызметін тиімді түрде тоқтатуға және болашақта осындай қылмыстардың алдын алуға мүмкіндік береді. Қылмыскерлерді табу және жазалау интернеттегі қауіпсіздік деңгейін арттыруға және азаматтар мен ұйымдардың мүдделерін киберқауіптерден қорғауға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен нормативтік-құқықтық актілердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 14 шілде 2014ж.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 3 шілде 2014 ж.
4. Авчаров И.В. Борьба с киберпреступностью. Информатизация и информационная безопасность правоохранительных органов. XI межд. конф. - М., 2012, Стр. 191-194
5. Айков Д.В. Компьютерные преступления. Руководство по борьбе с компьютерными преступлениями. М.: Мир, 2014. Стр. – 351
6. Вехов В.Б. Компьютерные преступления: способы совершения и раскрытия. М.: Право и закон, 2014. Стр. – 182
7. Карабеков К.О. Состояние и тенденции киберпреступности в Российской Федерации и Республике Казахстан // Научный вестник Омской академии МВД России. 2024. Т. 30, № 2 (93). Стр. 106-112.

ПРИМЕНЕНИЕ ИНТЕРНЕТА И ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ПРИ МОДЕЛИРОВАНИИ ЛОГИСТИЧЕСКИХ СИСТЕМ

Х.Н. Зайнидинов – т.ғ.д, профессор, Ташкент ақпараттық технологиялар университеті, Ташкент/Өзбекстан

С.Б. Ботаева – доцент, университет им. Ж.А.Ташенева, Шымкент/Казахстан,
e-mail: Saule_bb@mail.ru

У.Е. Кенжебаева – старший преподаватель, университет им. Ж.А.Ташенева,
Шымкент/Казахстан
e-mail:makusa62@mail.ru

Аннотация. В статье говорится о важной роли Интернета и искусственного интеллекта в отрасли логистики, говорится о логистике как об очень важной сфере деятельности человека, дается понятие интеллектуальной логистики, о том, что очень важно использовать в логистике Интернет и искусственный интеллект.

Логистика претерпевает серьезные изменения благодаря использованию искусственного интеллекта. Благодаря искусственному интеллекту многие работы, ранее выполняемые вручную стали автоматизированными. Искусственный интеллект помогает управлять запасами товаров, выбирает маршруты для грузов, работает на опережение, то есть может прогнозировать спрос на продукцию, предотвращать выход из строя транспортных средств. В результате этого повышается эффективность и понижаются издержки.

В статье затрагиваются и проблемы в логистических системах. К ним относятся нехватка специалистов, низкий уровень развития сельской логистики, невозможность использования в некоторых ситуациях потенциала искусственного интеллекта.

Еще одним из вопросов, которые были затронуты в статье, является интеграция искусственного интеллекта с робототехникой, процессы автоматизации складских помещений, а также возможностей систем искусственного интеллекта предотвращать риски и делать прогнозы на будущее.

Ключевые слова: компания, логистика, система, искусственный интеллект, машинное обучение, интеграция, автоматизация

Аңдатпа. Мақалада логистика саласындағы интернет пен жасанды интеллекттің маңызды рөлі туралы айтылады, логистика адам қызметінің өте маңызды саласы ретінде айтылады, интеллектуалды логистика ұғымы берілген, логистикада Интернет пен жасанды интеллектті қолдану өте маңызды.

Логистика жасанды интеллектті қолдану арқылы үлкен өзгерістерге ұшырайды. Жасанды интеллекттің арқасында бұрын қолдан жасалған көптеген жұмыстар автоматтандырылды. Жасанды интеллект тауарлардың қорларын басқаруға көмектеседі, жүктерге арналған маршруттарды таңдайды, озық жұмыс істейді, яғни өнімге деген сұранысты болжай алады, көлік құралдарының істен шығуына жол бермейді. Нәтижесінде тиімділік артып, шығындар азаяды.

Мақалада логистикалық жүйелердегі мәселелер де қарастырылады. Оларға мамандардың жетіспеушілігі, ауылдық логистиканың даму деңгейінің төмендігі, кейбір жағдайларда жасанды интеллект әлеуетін пайдалану мүмкін .стігі жатады.

Мақалада қарастырылған тағы бір мәселе – жасанды интеллектті робототехникамен біріктіру, қоймаларды автоматтандыру процестері, сондай-ақ жасанды интеллект жүйелерінің тәуекелдерді болдырмау және болашаққа болжам жасау мүмкіндіктері.

Кілт сөздер: компания, логистика, жүйе, жасанды интеллект, Машиналық оқыту, интеграция, автоматтандыру

Abstract. The article talks about the important role of the Internet and artificial intelligence in the logistics industry, talks about logistics as a very important area of human activity, gives the

concept of intelligent logistics, that it is very important to use the Internet and artificial intelligence in logistics.

Logistics is undergoing major changes due to the use of artificial intelligence. Thanks to artificial intelligence, many jobs previously performed manually have become automated. Artificial intelligence helps to manage stocks of goods, selects routes for goods, works ahead of schedule, that is, it can predict demand for products and prevent vehicles from failing. As a result, efficiency increases and costs decrease.

The article also touches upon the problems in logistics systems. These include a shortage of specialists, a low level of rural logistics development, and the inability to use the potential of artificial intelligence in some situations.

Another of the issues raised in the article is the integration of artificial intelligence with robotics, warehouse automation processes, as well as the capabilities of artificial intelligence systems to prevent risks and make predictions for the future.

Keywords: company, logistics, system, artificial intelligence, machine learning, integration, automation

Введение

С конца XX века и по сей день на место аналоговых технологий приходят цифровые. Этот переход влияет на многие сферы жизнедеятельности людей. Отрасль логистики тоже не является исключением. В настоящее время во многих странах вопросы, касающиеся использования цифровых технологий в логистических системах являются очень важными.

Чтобы остаться конкурентоспособными, компании строят свою работу таким образом, чтобы максимально удовлетворять потребности клиентов при постоянном снижении расходов компании.

Большой вклад в помощь логистическим системам оказывает искусственный интеллект. Компания Gartner утверждает, что в 2024 году уже 50% логистических компаний используют в своих проектах искусственный интеллект.

Время также требует использовать в полной мере возможности Интернета. Интернет влияет на различные области экономики и на общество в целом. Все это позволяет применять интеллектуальные логистические информационные технологии уже во многих странах.

У большинства логистических компаний есть возможность управлять только небольшими по размеру территориями. В такой ситуации нет возможности объединить всю логистическую карту. В этой отрасли очень много возможностей, которые позволят интегрировать интеллектуальную логистику и осваивать новые модели развития логистики в рамках интернета.

Методы и материалы исследования

Рассмотрим, что в настоящее время называют интеллектуальной логистикой. В нее входят, во первых, все инновации, которые появились в области логистических информационных технологий. Во-вторых, сюда входят интеллектуальные цепочки поставок.

Интернет является обязательной составляющей логистической системы. Эта интеграция приводит к тому, что изменяются логистические, транспортные и складские связи. Интеллектуальная логистика в свою очередь способствует информатизации и стандартизации логистических сетей. Это приводит к интенсивному обмену информацией и взаимосвязанному общению [1].

В интеллектуальной логистике необходим баланс логистических звеньев. При этом постоянно должна проводиться оптимизация логистических затрат и услуг. Огромную роль при этом современные информационные технологии и функциональное оборудование.

Во многих странах, и особенно в Китае, Германии, Франции стремительно развиваются интеллектуальные логистические системы. Логистические предприятия

благодаря информационным технологиям в настоящее время находятся на этапе модернизации и интеллекта.

Развитие искусственного интеллекта сильно влияет на конкурентоспособность логистических компаний. В свою очередь на развитие искусственного интеллекта влияют три аспекта: капитал, человеческие ресурсы и управление знаниями [2].

Интеллектуальные технологии оказывают сильное влияние на работу логистических предприятий, так как их работа в настоящее время основывается на технологиях искусственного интеллекта. Одним из важных задач здесь является обработка больших, которая является одним из главных факторов, который влияет на конкурентоспособность предприятий. Кроме этого фактора на конкурентоспособность сильно влияет управление человеческими ресурсами и знаниями.

Мы знаем, что основная часть людей в мире используют возможности интернет-технологий. К интернету с каждым годом подключаются все больше и больше людей. Используя различные возможности интернета они осуществляют различные действия для своих целей. Одними из них являются покупки в интернете. Интернет покупки позволяют осуществлять покупки прямо из дома. Для того, чтобы осуществлять это нужны экспресс доставки и развитые логистические системы [3].

Международная логистика обеспечивает перевозки различных товаров между странами, при этом она должна снижать временные и финансовые издержки на доставку товаров при передвижении от производителей к потребителю. Для этого в логистике решаются ряд задач, к которым относятся гарантирование качества товаров и оптимизация цен, определение видов транспортных средств и экспедиторов, подбор маршрутов и логистических услуг, планирование сроков доставки, нахождение складских помещений и т.д.

Развитие науки сильно влияет на возможности логистической индустрии. За счет разработки новых структур интеллектуальной логистики повышается эффективность логистических систем.

Но в логистической системе существуют и свои проблемы. Связаны с законами и различными спорами, возникающими из-за отсутствия стандартов планирования для интеллектуальной статистики на различных предприятиях.

Иногда возникают проблемы со сроками поставок товаров из-за выхода из строя транспортных средств. И здесь искусственный интеллект опять идет на помощь. Искусственный интеллект прослеживает сроки безопасной эксплуатации транспорта, заранее определяет даты профилактических и ремонтных работ транспортных средств. Тем самым транспортные средства постоянно находятся в рабочем состоянии, а это напрямую связано со сроками поставок.

Еще одной проблемой является то, что в этой отрасли не хватает опытных специалистов, которые владеют знаниями в логистике. Особенно эта проблема остро стоит в малых и средних компаниях, в которых отсутствуют инвестиции и интеллектуальные логистические технологии. Кроме этого, многие логистические компании, которые намерены применять приемы интеллектуальной логистики, находятся на стадиях исследования.

В сельской логистике существуют много проблем. Из-за того, что многие сельские районы, горные села не достигли покрытия сети, а при этом логистическая и транспортная системы еще не полностью развиты, использовать преимущества информационных технологий в некоторых случаях невозможно [4,5].

Сельская логистика развивается медленно. Причиной этому является то, что информационные платформы в сельской логистике или не созданы вообще или не усовершенствованы. Иногда отсутствуют специалисты по логистике в сельской местности. Некоторые из специалистов не знают достаточно сетевую информацию. Последствием этого является отсутствие современной обработки информации в сельской логистике.

За последние несколько лет в логистике произошли очень большие изменения. Они связаны со сбоями, которые происходят в этой отрасли, а также появлением современных технологий. К ним можно отнести и искусственный интеллект. Он в буквальном смысле слова поменял все и стал революционным способом в управлении и оптимизации поставок в компаниях. Одной из самых больших достоинств искусственного интеллекта является его способность обрабатывать огромные объемы данных. Также искусственный интеллект помогает принимать решения, делать прогнозы на будущее и т.д. Искусственный интеллект и машинное обучение являются в настоящее время одними из перспективных технологий, проникшими и в логистическую индустрию [6,7].

Не смотря на то, что искусственный интеллект очень часто применяется и имеет преимущества в логистике, все-же многие предприятия не могут в полной мере использовать потенциал искусственного интеллекта, так как не изменили свое мышление и поведение в соответствии с требованиями времени.

Кроме этого происходит интеграция искусственного интеллекта с робототехникой. Это позволяет автоматизировать работу на складах, заниматься сортировкой, упаковкой, сборкой инвентаря. А это, в свою очередь, дает возможность выполнять заказы с очень большой скоростью.

В логистике необходимо постоянно отслеживать и контролировать товары в реальном режиме времени для того, чтобы управлять запасами и сокращать потери. Для этого используются различные датчики и камеры, разработанные на базе искусственного интеллекта.

Процесс автоматизации складских помещений на основе искусственного интеллекта привела к тому, что простые склады превратились в эффективные распределительные центры, которые используют самые новейшие технологии. Все это приводит к своевременному выполнению запасов и улучшает качество обслуживания.

Процесс автоматизации складов очень важна тогда, когда не хватает рабочих рук, растет стоимость человеческого труда. Поэтому использование искусственного интеллекта и робототехники стало большой необходимостью [8].

Применение искусственного интеллекта в логистических компаниях важно и с точки зрения привлечения грамотных, талантливых специалистов, так как искусственный интеллект помогает работать с большими объемами информации, выполнять работу качественно и быстро, и как следствие, получать хорошие результаты. В результате человеку, работающему в такой атмосфере начинает нравиться его работа.

Еще одним важным моментом является то, что цепочки поставок приводят к минимальным рискам, заинтересованные стороны активно общаются, а это в свою очередь приводит компании к долгосрочному сотрудничеству и инвестициям.

У систем искусственного интеллекта есть способность предвидеть риски, которые могут быть связаны с различными причинами. К ним относятся: нехватка рабочей силы, сбои, стихийные бедствия и т.д. В этом случае системы искусственного интеллекта проработают различные мероприятия для предотвращения рисков в чрезвычайных ситуациях.

Прогнозная аналитика является еще одной возможностью искусственного интеллекта в логистику. Сейчас говорят о том, что в 2025 году объем данных составит 181 зеттабайт, а это, в свою очередь, даст возможность в разработке моделей, способных выполнять очень сложные задачи, разрабатываются более крупные модели, способные выполнять более сложные задачи.

Вводя в систему искусственного интеллекта данные из истории в реальном времени, можно прогнозировать спрос на те или иные товары. Это позволит проводить регулирование уровня запасов, устранить дефициты и управлять цепочками поставок. Это приведет к тому, что нужные товары привезут в нужное место в указанное время, это приведет к удовлетворенности клиентов.

Не смотря на то, что новые технологические решения позволяют добиться очень хороших результатов в логистике, немаловажную роль здесь играет наличие хороших специалистов, так как именно они корректируют бизнес - модели и процессы.

Искусственный интеллект меняет логистику, делает ее прогнозируемой, работает на опережение, использует систему распознавания для того, чтобы отслеживать отправления и активы, делает процесс полностью автономным, следит за объемами отгрузок. Искусственный интеллект помогает человеку, освобождает его от рутинной работы, а сотрудников логистики заняться творческим трудом, важными и продуктивными задачами.

Заключение

За последние годы искусственный интеллект стал оказывать огромное влияние на развитие логистики и является ее важной частью. Искусственный интеллект позволяет обеспечивать компании различными инструментами для решения сложных проблем.

Искусственный интеллект помогает компаниям избежать ошибки в работе, а качество обслуживания переходит на более высокий уровень. Также искусственный интеллект позволяет обрабатывать очень большие объемы данных и искать наиболее эффективные решения в различных задачах логистики.

Список использованной литературы:

1. Алейникова, Д. В. К проблеме общения человека с искусственным интеллектом / Д. В. Алейникова // Вестник Московского государственного лингвистического университета. Образование и педагогические науки. – 2023. – Вып. 3 (848). – С. 9-15. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-problemeobscheniya-cheloveka-s-iskusstvennym-intellektom>
2. Бекоева, Д. Д. Нейропсихология мышления и искусственный интеллект / Д. Д. Бекоева // Педагогика и психология образования. – 2022. – № 3. – С. 175-184. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/neypsihologiya-myshleniya-iiskusstvennyy-intellekt>
3. Баканов, Б. А. Нейросети и брендинг. Искусственный интеллект как тест на человечность / Б. А. Баканов // Бренд-менеджмент. – 2023. – № 3. – С.170-177. – URL: <https://grebennikon.ru/article-x6u4.html>
4. Беликова, Е. К. Основные вопросы философии искусственного интеллекта / Е. К. Беликова // Философия и культура. – 2024. – № 1. – С. 1-11. – DOI 10.7256/2454-0757.2024.1.69543. – https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=69543 URL
5. Беликова, Е. К. Проблема отнесения искусственного интеллекта к числу современных феноменов культуры / Е. К. Беликова // Общество: философия, история, культура. – 2024. – № 2(118). – С. 60-65. – DOI 10.24158/fik.2024.2.7. – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=60785965>
6. Баррат, Д. Последнее изобретение человечества: Искусственный интеллект и конец эры Homo sapiens : Научно-популярное / Баррат Д., Лисова Н. – Москва : Альпина нон-фикшн, 2016. – 304 с. – ISBN 978-5-91671-436-4. – URL: <https://znanium.com/catalog/product/916060>
7. Бескова, И. А. Естественный и искусственный интеллект: точки соприкосновения / И. А. Бескова // Вопросы философии. – 2023. – № 9. – С. 8392. – URL: <https://eivis.ru/browse/doc/87705357>
8. Бессмертный, И. А. Интеллектуальные системы : учебник и практикум для вузов / И. А. Бессмертный, А. Б. Нугуманова, А. В. Платонов. – Москва : Юрайт, 2024. – 243 с. – (Высшее образование). – ISBN 978-5-534-01042-8. – URL: <https://urait.ru/bcode/537001>
9. Барышников, П. Н. Человек и системы искусственного интеллекта / П. Н. Барышников. – Вопросы философии. – 2023. – № 7. – С. 214-218. – URL: <https://eivis.ru/browse/doc/86692595>
10. Амму Бишкис Сознание человека и искусственный интеллект машин / Амму Бишкис // Научный журнал. – 2022. – № 2 (64). – С. 31-39. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/soznanie-cheloveka-i-iskusstvennyy-intellekt-mashin>

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ӘЛЕМ ЭКОЛОГИЯСЫНА ӘСЕРІ

Момынқұл Нұрай Маратқызы

«Тарих және география» кафедрасы, ғылым магистры, оқытушы
Tashenev University, Шымкент қ.
nuraimomynkulova@gmail.com

Әлайдар Фариза Қожахметқызы

«Тарих және география» кафедрасы, ғылым магистры, оқытушы
Tashenev University, Шымкент қ.
fariza.96koja@mail.ru

Аңдатпа. Жасанды интеллект (ЖИ) біздің өміріміздің көптеген салаларын, соның ішінде қоршаған ортаны өзгертуге әсерін тигізеді. Мақалада қоршаған ортаны қорғау мәселелерін, яғни қоршаған ортаны бақылау, өндірісті оңтайландыру, апаттарды болжау мен шешу үшін жасанды интеллектті қолданудың мүмкіндіктері мен тәуекелдерін зерттей отырып, осы екіжақтылыққа терең енеді. Мақалада соңғы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік әзірлемелерді қадағалау арқылы қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешу үшін ЖИ әлеуеті зерттеледі. Тұрақты даму жағдайында ЖИ дамуының ағымдағы тенденциялары мен перспективалары талданады.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, жаһандану, экология, тұрақты даму, экологиялық өзекті мәселелер, табиғат ресурстары, цифрландыру.

Аннотация. Искусственный интеллект (ИИ) потенциально может изменить многие сферы нашей жизни, включая окружающую среду. Статья углубляется в эту двойственность, исследуя возможности и риски использования искусственного интеллекта для решения задач охраны окружающей среды, то есть экологического мониторинга, оптимизации производства, прогнозирования и устранения стихийных бедствий. В статье исследуются возможности ИИ для решения экологических проблем путем отслеживания новейших научных исследований и практических разработок. Анализируются современные тенденции и перспективы развития ИИ в контексте устойчивого развития.

Ключевые слова: искусственный интеллект, глобализация, экология, устойчивое развитие, проблемы окружающей среды, природные ресурсы, цифровизация.

Abstract. Artificial intelligence (AI) has the potential to change many areas of our lives, including the environment. This article delves into this duality by exploring the opportunities and risks of using AI to solve environmental problems, such as environmental monitoring, production optimization, and disaster forecasting and management. The article explores the potential of AI to solve environmental problems by tracking the latest scientific research and practical developments. It analyzes current trends and prospects for AI development in the context of sustainable development.

Key words: artificial intelligence, globalization, ecology, sustainable development, environmental issues, natural resources, digitalization.

Ғылыми әдебиеттерде ғаламдық мәселерді үш топқа бөледі, соның бірегейі «Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасқа байланысты мәселелері» бөлімі экологиялық, шикізаттық, энергетикалық, және ауа райының күрт өзгеруін ғаламдық қоршаған ортаны қорғаудың басты мәселелеріне жатқызған. Экология бұл организмдердің қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынасының тізбегі. Экологияның өзгеруі организмдердің көптеген апаттармен кезігуіне алып келеді. Қазіргі ХХІ ғасырда адамзат баласының өмір кешуіне көптеген проблемалар өз әсерін тигізуде. Қазіргі ғасырдың ең басты мәселелеріне жаһандану негізінде жүріп жатқан технологиялардың күрт дамуы мен антропогендік әсерлердің табиғатқа жағымсыз әсері. Әрине технологиялардың, адамдардың аз уақыт ішінде жылдам прогрессиясының жақсы тұстары да жетерлік, бірақ жағымсыз тұстардың әсер ету қарқынын төмендету басты экологиялық мәселелерге айналып отыр.

Экология ғылымы – кеңістік пен уақыт бойынша биотикалық және абиотикалық өзара әрекеттесулердің жалпы принциптерін ашуға тырысатын пән [7].

Соңғы он жылдағы табиғи және техногендік апаттардан келген орташа жаһандық экономикалық шығын жылына шамамен 220 млрд долларды немесе әлемдік ЖІӨ-нің 0,28%-ын құрады [9]. Техногендік апаттар санын азайту немесе алдын алу жанартылған технологиялармен тығыз байланысты. Сондай технологиялардың біріне жасанды интеллектті жатқызсақ болады.

Қазіргі уақытта жасанды интеллект (ЖИ) ақпараттық технологияның ең озық бағыттарының бірі болып табылады [10].

Оксфорд ағылшын тіліндегі сөздікте ЖИ әдетте адам интеллектін қажет ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті компьютерлік жүйелердің теориясы мен дамуы ретінде қарастырылады [6]. Жасанды интеллекттің адамзат тарихындағы алатын орны жылдан жылға артып келеді. Жалпы маңыздылықтың артуы мен интеллекттің қолданысқа тез еніп кетуінің бірден-бір себебі адамдарға өздігінен ойланып, жауап қайтаратын, қажетті ақпаратты жылдам тауып бере алатын, мыңдаған ақпараттар ағынымен жұмыс жасай алатын көмекші құралдың қажеттілігінде.

«Интеллект» сөзі латынның «intelligentie» сөзінен шыққан, ол өз кезегінде түсіну, мағынаны анықтау қабілетін білдіретін «intellgere» етістігінен жасалған [10]. Жасанды интеллекттің ғылым саласына енуінің негізгі қозғаушы күші ретінде индивид жүзеге асырады. Жасанды интеллекттің басқа алгоритмдерден айырмашылығы мәліметті тез әрі жылдам шешу мерзімі мен келешектегі жұмыс жасау барысы уақыт өте келе жақсартылады.

Жасанды интеллект (ЖИ) және онымен байланысты машиналық оқыту саласындағы пионер – Артур Сэмюэль (1901-1990). Ол ЖИ мәселелерін шешуге көмектесетін тактиканы әзірлеудің тиімді тәсілдерінің бірі компьютерлерді ойын ойнауға үйрету деп есептеді [10]. Артур Сэмюэль зерттеу жұмысының негізінде ЖИ дойбы ойынында пайдаланды. Келешекте компьютерлік ойындарда ғана емес көптеген жаңа салаларға пайдасы тиетінін анықтады. Осылайша бұл идеялар қазіргі уақытта көптеген ақылды үйлер мен құрылғылардың көптеп жасалынып, сонымен қатар барлық салаларда білім-беру, география, экологияда да қолданылуда. Сонымен қатар табиғи жағдайлар, апаттардың пайда болуы мен өзгеру динамикасын бақылауға үлкен көмек беруде.

Жасанды интеллект сипаттамалары әртүрлі болғанымен, АИ-нің негізі зерттеу теориялары, әдістері, технологиялары және адам интеллектін модельдеуге, кеңейтуге және жақсартуға арналған қолданбалар болып табылады деп кең таралған [5]. Жасанды интеллект (ЖИ) - медицинадан қаржыға дейін көптеген салаларды өзгертетін қуатты құрал. Дегенмен, кез келген технология сияқты, ЖИ да ықтимал теріс салдары бар, соның ішінде қоршаған орта үшін әсерінің оң немесе теріс ықпалы артып келеді. Оны қолдану экологиялық проблемаларды шешу мен тұрақты дамудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. ЖИ қоршаған ортаның тұрақтылығында деректерді бақылайды және талдайды; спутниктерден және басқа көздерден алынған үлкен көлемдегі деректерді сапалы әрі аз уақыт ішінде өңдеуге мүмкіндік береді. ЖИ нақты уақытта климаттың, ауа-райының өзгеруін, қоршаған орта (табиғи-техногендік, антропогендік ландшафт) ластануын, ормандар мен мұхиттарды бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар апаттарды алдын алу мен болжауда орман өрттері, су тасқыны мен жыл сайын көлемі артып келе жатқан құрғақшылық сияқты табиғи апаттарды болжауға қабілетті. Яғни осындай техникалар жаһандық өзекті мәселелерді алдын алу және зақымдануды азайту үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Өнеркәсіп саласында өндіріс пен тұтынуды оңтайландыру бойынша энергия мен шикізатты пайдалануды азайта отырып, өндірістік процестерді оңтайландыруға, сондай-ақ тұтынушылардың қажеттіліктерін талдау негізінде, экологиялық тиімді шешімдерді ұсына алады. Глобализм негізінде жаңа материалдар мен технологияларды дамыту саласында техникаларды әзірлеуді тездетеді. Мысалы, су мен ауаны тазарту құралдарын, күн радиациясын тиімді қолдануда панельдерді жасау және т.б. Қалдықтарды басқару мен дұрыс қайта өңдеу бойынша ЖИ қалдықтарды жинау мен қайта өңдеуді оңтайландырып, аймақтардағы қоқыс, қалдықтардың мөлшерін азайтады. Сондай-ақ тек техникалық, климаттық тұрғыдан ғана емес биоәртүрлілікті сақтауға, тіршіліктің өмір сүру динамикасын, жануарлар мен өсімдіктер популяциясын қадағалауға және оларды сақтау стратегиясын жасауға көмектеседі.

ЖИ әдістері қаншалықты тиімді болса да, олар сапалы түсінік беру үшін сапалы деректерге сүйенеді. Осылайша, өнеркәсіптік экологиядағы ЖИ әлеуетін, идеяны қалыптастыру үшін өңделген деректермен бірге талқылау өте маңызды [4]. ЖИ - адамзаттың болашағын түбегейлі өзгертуге мүмкіндігі бар технология. Пайданы барынша арттыру және экожүйеге тигізетін кері әсерді азайту үшін әрқайсымыз жауапкершілікпен әрекет ету керектігі туындайды. Жасанды интеллект (ЖИ) біздің өмірімізді түбегейлі өзгертетін және әртүрлі салаларда инновациялар әкелетін бірден-бір жаңа құрал. Дегенмен, келешек ұрпақ ретінде біз ЖИ негізінде экожүйелерге төнетін ықтимал қауіптерді мұқият қарастыруымыз керек.

ЖИ экологтарға ауа сапасын бақылауға, өзгермелі экожүйе іздерін өлшеуге және түрлердің таралуындағы өзгерістерді бақылауға көмектеседі [8].

Ғаламдық экология – жердің экожүйелері, құрлық, атмосфера және мұхиттар арасындағы өзара әрекеттесуді қарастырады. Бұл кең ауқымды өзара әрекеттесулерді және олардың планетаға әсерін түсінуге көмектеседі. Ландшафттық экология энергияның, материалдардың, организмдердің және экожүйелердің басқа өнімдерінің алмасуымен айналысады. Экожүйе экологиясы бүкіл экожүйені, соның ішінде тірі және жансыз компоненттерді және олардың қоршаған ортамен байланысын зерттеумен айналысады. Қоғамдастық экологиясы тірі организмдер арасындағы өзара әрекеттесу арқылы қауымдастықтың құрылымының қалай өзгертетінін қарастырады. Биологияда популяцияны белгілі бір жерде белгілі бір уақытта өмір сүретін бір түрдегі даралар жиынтығы ретінде анықтауға болады. Туу мен иммиграция халық санын көбейтетін негізгі факторлар, ал өлім мен эмиграция халық санын азайтатын негізгі факторлар болып табылады.

Экология біздің әрекеттеріміздің қоршаған ортаға қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар жеке адамдарға қоршаған ортаға келтіретін зиянымыздың көлемін көрсетеді.

Экологияны тиімсіз қолдану, түсініспеушілік жердің және қоршаған ортаның нашарлауына әкелді. Сондай-ақ белгілі бір түрлердің жойылып кету қаупіне әкелді. Мысалы, динозаврлар, ақ акулалар, мамонттар және т.б. Осылайша, қоршаған ортаны және ағзаларды зерттеу оларды кез келген зиян мен қауіптен қорғауға көмектеседі.

Салауатты экожүйені қамтамасыз ету үшін оны мұқият басқару керек. Жабайы табиғатты қадағалау және бақылау саналы басқару шешімдерін қабылдау және оңтайлы шаралар қабылдау үшін маңызды бөлігі болып табылады [1].

Экологияның барлық тұстарын білу арқылы біз әртүрлі организмдердің тіршілігі үшін қандай ресурстар қажет екенін біле аламыз. Экологиялық білімнің жоқтығы осы ресурстардың тапшылығына және жоқ болуына, бәсекелестікке әкеліп соқтырды. Адам экологиясын қоршаған орта арасындағы қарым-қатынасқа бағытталған. Ол адамның қоршаған ортаға тигізетін әсеріне баса назар аударады және адамдар мен қоршаған ортаны жақсарту үшін өзімізді қалай жетілдіре алатынымыз туралы білім береді. Экологияға жасанды интеллекттың кері әсері келешекте өзекті мәселеге айналу қаупі төніп тұр.

ЖИ-нің қоршаған ортаға теріс әсері: бірінші кезекте энергияны жоғары тұтынуды айта аламыз. Яғни күрделі ЖИ үлгілерін оқыту және іске қосу айтарлықтай есептеу ресурстарын талап етеді, нәтижесінде энергия тұтыну және парниктік газдар шығарындылары жоғарылығының өсуі. Электрондық қалдықтарды өндіру бойынша басқаратын құрылғыларды әзірлеу және жою электрондық қалдықтарды тудырады. Сонымен қатар тиімсіз пайдалану қаупі жағандық мәселелердің біріне айналып ЖИ дұрыс пайдаланбау қоршаған орта үшін жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Бұған қоса, жұмыс істеп тұрған деректер орталықтарымен байланысты қуат тұтынуы мен шығарындыларын, сондай-ақ машиналық оқытудың үлкен үлгілері үшін қажетті қуат пен инфрақұрылымды ескеру қажет [3]. Жасанды интеллекттың экожүйеге төндіретін қауіптерінің тағыда біреуіне деректердің құпиялығы мен қауіпсіздік мәселесі, яғни жасанды интеллекттың экожүйелер туралы құнды ақпаратты, үлкен көлемдегі деректерді кибершабуыл нәтижесінде немесе дұрыс қолданылмау нәтижесінде экожүйе тепе-теңдігіне төнетін қауіп. Сондай-ақ жойылып кету қаупі төнген түрлердің мекендеу ортасы туралы ақпараттарды заңсыз пайдаланылуы мүмкіндігі, бұл браконьерлердің көбеюіне әкеліп

соғуы мүмкін. Екіншіден автономды қаруды жасауда жасанды интеллектпен жабдықталған автономды қарулардың дұрыс жұмыс жасай алмау қауіпі мен күтпеген нысанаға шабуыл жасау және экожүйеге айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Яғни қорықтар мен биоәртүрлілікке бай аймақтарда пайдалану экожүйелердің жойылу қауіпін тудырады. Қоршаған ортаны бақылау бойынша ақаулықта қолданатын қоршаған ортаны бақылау жүйелері дұрыс емес деректерді жинақтау немесе тарату арқылы, ауытқуларды анығатай алмау мен экожүйедегі өзгерістерге жауап бере алмау мүмкіндігі. Мысалы, климаттың өзгеруіне байланысты экожүйелердегі өзгерістер дәл түсірілмеуі мүмкін, соның салдарынан тиісті шараларды қабылдау бойынша кешігу. Үшіншіден автоматтандыру және жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша жасанды интеллект автоматтандыруды дамытып, көптеген жұмысшылар жұмысынан айырылғандықтан, адамдар өмір сүру үшін табиғатты қорғаудан гөрі экономикалық қызметті таңдауға мәжбүр болады, бұл экожүйелердің мәселелерімен айналысатын қызметкерлер санының қысқаруымен сипатталады.

Болашақ перспективалар бойынша экожүйеге ЖИ үлкен әсер ету мүмкіндігіне ие. Бірақтан жасанды интеллект пен экожүйе арасындағы қарым-қатынастағы тәуекелдерді этикалық аспектілерді қарастыру және тиісті ережелерді орнату арқылы азайтуға болады. Соның біріне халықаралық ынтымақтастықты жатқызуға болады, яғни ЖИ экологияны дамытудың халықаралық негізін құру және ортақ қағидаттарды белгілеу үшін маңыздылығын арттыру. Сондай-ақ білім беру және хабардарлық бойынша жасанды интеллектті дұрыс әрі тиімді қолдану әлеуетін арттыру мақсаты тұр.

Экология үлкен деректер саласына енген сайын деректерді талдау үшін жасанды интеллектке тәуелділік жиілеп барады. Экологтар жақсы бағдарламалау және/немесе математика дағдылары мен құралдарын алуы немесе оларға қол жеткізуі керек [2]. Жалпы жасанды интеллект экологияға қарқынды әсер етуші күштердің біріне айналуға болады. Пайдасы мен зияны жаһандық тұрғыдан қарағанда үлкен көлемді болмаса да келешекте техникалар мен адамдардың ЖИ қолдану аясының одан ары жоғарылау нәтижесінде өзекті мәселеге айналу қауіпі бар. Қазіргі іс-әрекет нәтижесінде туындайтын қалпына келместей әрекетті алдын алуымыз қажет. Яғни дұрыс, әрі тиімді қолдану мен жоспарлау біздің, әрі келешек ұрпақтың басты мақсатына айналуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Buchelt A. et al. Exploring artificial intelligence for applications of drones in forest ecology and management //Forest Ecology and Management. – 2024. – Т. 551. – С. 121530.
2. Christin S., Hervet É., Lecomte N. Applications for deep learning in ecology //Methods in Ecology and Evolution. – 2019. – Т. 10. – №. 10. – С. 1632-1644.
3. Dhar, Payal. "The carbon impact of artificial intelligence." Nat. Mach. Intell. 2.8 (2020): 423-425.
4. Donati F. et al. The future of artificial intelligence in the context of industrial ecology //Journal of Industrial Ecology. – 2022. – Т. 26. – №. 4. – С. 1175-1181.
5. Jiang, Yuchen, et al. "Quo vadis artificial intelligence?." Discover Artificial Intelligence 2.1 (2022): 4.
6. Ryo M. Ecology with artificial intelligence and machine learning in Asia: A historical perspective and emerging trends //Ecological Research. – 2024. – Т. 39. – №. 1. – С. 5-14.
7. Ryo, Masahiro, et al. "Basic principles of temporal dynamics." Trends in ecology & evolution 34.8 (2019): 723-733.
8. Wilson N. Artificial intelligence helps drive new frontiers in ecology //BioScience. – 2024. – Т. 74. – №. 5. – С. 306-311.
9. Мейтова А.Н. Мониторинг экономической безопасности предприятия // Ростовский научный вестник. 2021. № 3. С. 77–80.
10. Студеникина м. а. применение искусственного интеллекта и измерений в агросекторе и экологии //ББК 60 В 74. – 2022. – С. 193.



TASHENEV
UNIVERSITY

**ЖҰМАБЕК
АХМЕТҰЛЫ
ТАШЕНЕВ
АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТИ**

**УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ ЖУМАБЕКА
АХМЕТОВИЧА
ТАШЕНЕВА**

**ZHUMABEK
AKHMETOVICH
TASHENEV UNIVERSITY**

ТӘШЕНЕВ ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК ТАШЕНЕВА

BULLETIN OF TASHENEV

Ғылыми журналы

№2 (2) 2024

ISBN 978-601-06-8389-1



9 786010 683891